

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

ӘОЖ: 811.512.122”42

Қолжазба құқығында

ЕЛШИБАЕВА КАЛИМА ЗАКИРОВНА

Шаршысөз дискурсының лингвопрагматикалық аспектісі

6D020500 – Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
ф.ғ.д., проф. Тымболова А.О.

Шетелдік ғылыми кеңесші
PhD, проф. Гүрер Гүлсевин.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
КІРІСПЕ	6
1 ШАРШЫСӨЗ ДИСКУРСЫНЫҢ КОГНИТИВТІ ЖӘНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ	12
1.1 Шаршысөз – әлеуметтік-мәдени танымды қалыптастырушы құрал	12
1.2 Лингвомәдени зерттеулердегі әлем бейнесі және тілдік тұлға	18
1.3 Қазіргі шаршысөздің коммуникативтік және жанрлық ерекшеліктері	41
Бірінші бөлім бойынша тұжырым	46
2 ШАРШЫСӨЗ ДИСКУРСЫНДАҒЫ АДРЕСАТ ФАКТОРЫ	48
2.1 Шаршысөз дискурсының функционалдық ерекшеліктері	48
2.2 Шешендік монологтың құрылымы, адресатқа әсері	56
2.3 Шаршысөз дискурсындағы коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар	62
2.4 Шаршысөз дискурсының түрлері, ұлттық коммуникативтік мәдениетке тән ерекшеліктері	69
2.5 Елбасы дискурсы, оның өзіндік сипаты	92
2.6 Инаугурациялық дискурстың қоғам өміріндегі рөлі	99
Екінші бөлім бойынша тұжырым	104
3 ҚАЗІРГІ ШАРШЫСӨЗ ДИСКУРСЫНЫҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ-СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПРОСОДИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	107
3.1 Шешен имиджі және стилі	107
3.2 Шаршысөздің адресатқа әсер етуіндегі просодикалық, кинесикалық құралдардың рөлі	114
3.3 Шаршытоптағы таныстырылым прагматикасы	134
3.4 Шаршысөз дискурсындағы қалжыңның рөлі	139
Үшінші бөлім бойынша тұжырым	143
ҚОРЫТЫНДЫ	146
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ	149
ҚОСЫМША А	157
ҚОСЫМША Ә	165

АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Адресант (ағылш. speaker) – коммуникативтік жағдаятта немесе код алмасу кезіндегі сөйлеуші, ақпарат жіберуші субъекті.

Адресат (ағылш. addressee) – коммуникативтік жағдаятта немесе код алмасу кезіндегі тыңдаушы, ақпарат қабылдаушы объекті.

Айрықша белгі (ағылш. marker) – тілдік байланыстарды қамтамасыз ететін лингвистикалық (семантикалық, лексикалық, синтаксистік, стильдік, интонациялық) таңба.

Айтылым – тілдік қатысымның, сөйлеу әрекетінің вербалды түрі.

Акцент (ағылш. accent) – әр тілдің ерекшелігіне сәйкес тілдің фонетикалық деңгейіндегі суперсегментті құралдарды пайдалана отырып, буынды, сөзді, фразаны ажыратушы екпін түріндегі белгісі.

Дискурс (фр. discours – сөйлеу) – белгілі бір экстралингвистикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық факторлардың жиынтығымен берілетін мәтіннің дыбысталған түрі.

Дискурстың макроқұрылымы (глобалды) – дискурстың тақырыптық тұтастығын айқындайды. Дискурстың микроқұрылымы (локалды) – дискурс бірліктерінің мүшеленуі мен иерархиялы сипатының көрінісімен айқындалады.

Диалог (грек. dialogos – әңгіме, екі адамның сөйлесуі) – екі немесе бірнеше адамның тілдік қатысымдық әрекеті.

Интонация – (лат. intonatio – қатты айтылатын) – әуен, үдемелік, ұзақтық, айтылу қарқыны, кідіріс, дауыс реңкі сияқты бір-бірімен байланысты компоненттер жиынтығынан тұратын күрделі құбылыс.

Интонология – интонацияны, интонациялық құбылыстарды зерттейтін тіл саласы.

Иерархия – семантикалық тұрғыдан мәтін бірліктерінің бірізділігі.

Реплика (ағылш. turn) – вербалды және бейвербалды түрде көрініс табатын тілдік әрекеттің сөз алмасу бірлігі.

Риторикалық байланыстардың гипотактикалық түрі – синтактикалық тұрғыдан тең емес дискурс бірліктерінің өзара бір-біріне бағына байланысуы.

Риторикалық байланыстардың паратактикалық түрі – синтактикалық тұрғыдан маңыздылығы бірдей дискурс бірліктерінің байланысы.

Прагматика (ағылш. pragmatics) – коммуникативтік жағдаятқа қатысушылар үшін (сөйлеуші / адресант тыңдаушы / адресат) сөйленістің айқын не жасырын мақсат-мүдделерін білдіруде тілдік белгілер қызметін атқаратын тілдік сала.

Предикация (лат. praedicatio – айтылған сөз) – сөйлеудің негізгі қызметінің бірі бола отырып, элементарлы тілдік сөйлемдердің мағынасын білдіреді.

Пресуппозиция (лат. praesuppositio – алдыңғы және supposition – болжам) – сөйлемнің мағыналық тұрғыдан дұрыс құрылып, мәнмәтінмен сәйкес келуі және оның шынайылық үзiгiн сипаттайтын семантикалық ұғым.

Пропозиция – тiл бiлiмiнде сөйлем мағынасында, логикада ой-тұжырымды бiлдiретiн, сөйлемнен туындайтын құрылыстардың модальдi және коммуникативтi парадигмаларына ортақ болатын семантикалық ұғым.

Просодия (грек. prosodia – екпiн) – дыбысталған мәтiн сегменттерiнiң жiгiн ажыратушы, бiрiктiрушi, мағына ажыратушы фонетикалық белгi, сөйлеудiң суперсегменттiк-фонетикалық көрiнiсi.

Кинесика – адамдардың эмоциялық рефлексдерiн бейнелейтiн дене мүшелерiнiң қимыл-әрекетi. Кинесикаға ым-ишара, қимыл, қозғалыс, кейiп, жүрiс-тұрыс жатады.

Коммуникация (ағыл. communication) – коммуникативтiк жағдаятта коммуниканттар (сөйлеушi / адресант, тыңдаушы / адресат, процедурент / реципиент) арасындағы әңгiме, сұхбат түрiндегi ақпарат алмасу.

Коммуникант (ағылш. communicant) – коммуникативтiк жағдаятқа қатысушы (сөйлеушi / адресант, тыңдаушы / адресат).

Код (ағылш. code) – коммуникативтiк жағдаятқа қатысушылардың (сөйлеушi / адресант, тыңдаушы / адресат) ұлттық, мәдени, тарихи, әлеуметтiк т.б. аялық бiлiмiн көрсететiн таңбалық жүйе.

Риторикалық құрылым теориясы – дискурс бiрлiктерiнiң өзара семантикалық байланысын қарастыратын әмбебап теория.

Риторикалық байланыс – семантикалық тұрғыдан өзара байланысқан тiл бiрлiктерi.

Такесика – коммуниканттар арасындағы қарым-қатынас кезiндегi дене мүшелерiнiң түйiсуiн қарастырады.

Саяси дискурс – лингвосаясаттанудың пәнi және ең негiзгi ұғымы.

Саяси коммуникация – лингвосаясаттанудың зерттеу нысаны.

Саяси қатысым – қоғамдағы алуан түрлi көзқарастар арасынан билiк қабылдаған әлеуметтiк саяси шешiмдердi негiздеу үшiн және ел азаматтарын түрлi саяси әрекеттерге тарту мақсаты мен қандай да белгiлi бiр идеяларды насихаттауға, сол арқылы қоғамдық санаға әсер ету, жекелеген субъектiлерге эмоционалдық тұрғыдан ықпал ету, сөйтiп қажеттi қоғамдық келiсiмдi қажеттi ыңғайда қалыптастыруға бағдарланған сөйлеу әрекетi.

Саяси лингвистика – антропоэлектi парадигмадағы жаңа бағыт. Ол тiл, ойлау, қатысым, саясат саласындағы субъектiлердiң және қоғамдағы саяси ахуалдың алуан сипатты өзара арақатынастарын зерттейдi.

Саяси лингвопрагмема – саяси мәтiндерден жиналған, көпшiлiкке әсер етуге бағытталған айшықты қолданыстар.

Саяси мәтiндер – медиа кеңiстiкте, құқықтық-нормативтiк құжаттарда, мемлекеттiк бағдарламаларда жиi қолданылатын, саясат саласына қатысты ақпаратқа құрылған күрделi тiлдiк бiрлiктер.

Саяси тiлдiк тұлға – саяси дискурстың негiзгi ұғымы, ұйытқысы.

Сөйленiс (ағылш. utterance) – тiлдiк қатысымдық бiрлiк (реплика).

Сөйлеу (ағылш. speech) – тілдік іс-әрекеттің (тілдік қатысымның) тілдік құралдар арқылы жүзеге асатын дәстүрлі қалыптасқан түрі.

Сөйлеу актілері – жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынас формасы ретінде қарастырылатын сөйлеу актісінің қарапайым бірлігінің құрылысы, яғни сөйлемнің актуалдануы туралы ілім.

Сөйлеу оқиғасы (ағылш. speech event) – қатысымдық жағдаяттағы тілдік әрекет түрі.

Синтагма (грек. syntagma – қосылған, бірге қаланған) – бір сөзден, сөздер тобынан тұратын, просодикалық компоненттер арқылы айқындалатын ең кіші мағыналық бірлік.

Проксемика – адамдардың коммуникация процесіндегі ара қашықтықты (дистанция) және коммуникацияға түсушілердің бір-біріне қатысты кеңістіктегі бағдарын (ориентация) қарастырады.

Шаршысөз – шаршытоп алдындағы сөз.

Шаршытоп – көпке арналып сөз айтылатын жер, сол сөзді тыңдайтын адамдар тобы.

ағылш. – ағылшын тілі

грек. – грек тілі

лат. – латын тілі

фр. – француз тілі

РҚТ – риторикалық құрылым теориясы

РБ – риторикалық байланыс

СА – сөйлеу актісі

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазіргі кезде адамдар арасындағы қарым-қатынастың типтері мен түрлері, бұқаралық коммуникация, ресми қатысым барысындағы сөзжұмсам, бейресми қарым-қатынастағы сөзжұмсам, шаршысөз мәдениетін меңгеру қоғамдағы аса маңызды мәселелер қатарынан орын алып отыр. Сөз мәдениеті және оның әлеуметтік маңызы деген проблема тілдің өз заңдылықтары мен қызметі, қоғамдық рөлі мен жұмсалыу ерекшеліктері арқылы анықталады. Тілдің даму деңгейі – қоғамның материалдық және рухани мәдениетінің де көрсеткіші. Осыдан келіп сөз мәдениетінің тілді қарым-қатынастың әр түрлі жағдаятына сай қолдана білуге қатысты маңыздылығы шығады.

Тіл – мәні жағынан – әлеуметтік, ал жұмсалыу тәсілі бойынша – индивидуалды құбылыс. Өйткені тілдің әлеуетін әрбір сөйлеуші дара сипатта, яғни өзінше қолданады. Тіл – қарым-қатынас құралы болғандықтан, кез келген құрал-жабдықты пайдалана білу сияқты, оны да қолдана білу керек. Мұның негізгі алғышарты – тілді меңгеру, сөзді дұрыс жұмсап, қолдануды үйрену. Біз тілді өмір бойы үйренеміз, осыдан индивидтің сөйлеу мәдениеті проблемасы шығады. Тілдік ұжымның әрбір мүшесі тілді жақсы білуге, сөзді шебер қолдануға мүдделі. Өйткені, біріншіден, сөз мәдениеті – оқу мен ойлау мәдениеті, қарым-қатынас жасау және мінез-құлық мәдениетінен бастау алады, көп жағдайда бұл – адамның кәсіби қызметінің ажырамас бір қыры ретінде танылады. Екіншіден, тіл – тек ұлттық мәдениет көрсеткіші, жеткізушісі емес, сол мәдениеттің аса маңызды құбылыстарының бірі. Әрбір ұлт өз тілін этномәдениетінің бірегей феномені ретінде сақтауы және дамытуы тиіс. Ал тілдің күй-ахуалы, тазалығы, жетіліп-толығып отыруы қоғам дамуының әр кезеңіндегі сөз мәдениетінің деңгейімен анықталады. Сондықтан жалпы қоғамның сөз мәдениетін жетілдірудің маңыздылығы даусыз, оған тілдік ұжым мүшелерінің сөзжұмсамдық ерекшеліктерін, сөйлеу дағдысын сөз мәдениеті талаптарына сай қалыптастыру арқылы қол жеткізуге болады. Осыған орай, қазақ тілінің қолданыс аясын мемлекеттік тіл ретінде кеңейту, оның ішкі, сыртқы заңдылықтарын заман талабына сай оңтайлы пайдалана білу қажеттілігі туындайды. Бұл, әлбетте, жеке бір адамның құзырындағы жайт емес, тұтас халық болып жұмылу арқылы шешілетін күрделі мәселе. Осыған орай қоғам өмірінің әр алуан саласындағы тіл ұстанушы маманның сөз мәдениетін қалыптастыруға, тікелей халықпен жұмыс істейтін кісілердің шаршытоп алдында дұрыс, мәнерлі, сауатты сөйлей білуіне оның кәсіби біліктілігі тұрғысынан басымдық берілуі тиіс. Осымен байланысты, ел алдында жүрген, қандай да бір жауапты қызмет атқаратын лауазымды тұлғалардың, саясаткерлердің, елшілердің, мемлекеттік қызметшілердің, БАҚ қызметкерлерінің, бизнес өкілдерінің, ғылым мен білім беру саласындағы азаматтардың сөз мәдениеті деңгейін, тілдік біліктілігін, тиімді қарым-қатынас жасау дағдысын, шешендік өнерді меңгеру арқылы шаршысөз талаптарына дағдылануы мәселелерін дискурс теориясы шеңберінде прагмалингвистикалық

қырынан зерттеу аса өзекті проблема екені күмән тудырмайды. Аталған жайттарды арнайы зерделеп, жүйелеу арқылы заманауи тілдік тұлғаның шаршысөзін аксиологиялық тұрғыдан бағалау жолымен қазіргі социумда өткір қойылып отырған тіл экологиясы проблемасының да оң шешімін табуына өзіндік үлесімізді қосуға болатыны бұл тақырыптың бүгінгі таңдағы зәрулігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Жалпы адамзат баласына тән құндылықтар жүйесі бар десек, күллі саналы жаратылысты бір бірімен байланыстыратын, түпсіз терең екі нәрсе – өнер мен ғылым. Екеуінің де ауқымы кең және өзара сабақтас. Тіпті екеуін ажыратуға келмейтін құбылыс деуге де болады. Бұл екеуінің тоғысар тұсы – тіл. Ал тіл – сөз өнері. Сөз өнерінің ішіндегі ең күрделісі және ауқымдысы – шешендік өнер. Шешендік – түрлі халықтарға ортақ өнер. Әр ұлттың шешендігі өзіндік бедерлілігімен, бейнелілігімен ерекшеленеді. Шешендік өнерді ғылыми әдебиетте «риторика» деп те атайды.

Осы уақытқа дейін сан ғасырлық тарихы бар қазақ шешендік өнері, би-шешендер мұрасы көркем сөз ретінде жоғары бағаланды, алайда оның әлеуметтік-қоғамдық мәнін, мемлекет тағдырын шешудегі орасан зор қызметін тиісті дәрежеде бағамдау мәселесі біршама кенжелеу қалған тәрізді.

Қазіргі тіл білімінде шаршытопта сөйлеуді риторикалық және тілдік құбылыс ретінде зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сондай-ақ тілдік құралдардың қолданылуы мен оның тыңдарман қауымға тигізетін ықпалына да жіті назар аудару қажет. Жалпы өзара түбірлес «шаршытоп» және «шаршысөз» қолданыстарын ресми сөзжұмсамның басты көрсеткіші деуге болады. Қазақ әдеби тілінің он бес томдық сөздігінде «Шаршытоп – көпшілік жиналған жер, дүйім жұрт» деген анықтама берілген. Ал «шаршысөз» атауының термин ретінде ғылыми әдебиетте қолданыла бастағанына көп бола қойған жоқ, мағынасы көпшілік алдында, арнайы дайындықпен келген жеке тұлғаның белгілі бір тақырыпқа қатысты ой қозғауы, мақсатты түрде бір мәселені көтеріп, соның шешімін табуға бағытталған сөзі деуге болады. Сөйлеуші мәселенің өзектілігіне, халық үшін маңыздылығына адамдар тобының назарын аудару үшін қатынас құралы тілді өз прагматикалық дiттеміне сай икемдеп, вербалды/бейвербалды құралдарды түрлі ыңғайда қолдана отырып, жұмсайды. Мұндағы басты шарттардың бірі – сөйлеу жағдаятының ресмилік/бейресмилік сипаты, бұл шаршысөздің әлеуметтік психологиялық сипатын да ашады. Шаршытопта сөйлеудің прагматикалық аспектісін зерттеуде лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды ескеріп, вербалды және бейвербалды құралдарды орынды, шебер пайдаланудағы шешеннің рөлі ерекше маңызды болып саналады.

Соңғы жылдары лингвистикалық зерттеулер саны көбеюінің бірден-бір себебі – прагматикаға қатысты мәселелердің оң шешімін табу. Басқаша айтқанда, бұл – тыңдаушыға әсер етудің тиімді жолдарын іздестіру. Кез келген тұлғаның кәсіби немесе қоғамдық қызметте жетістікке жетуінің басты межелеуіші (критерийі) – сөз өнерін қаншалықты меңгергендігімен өлшенеді.

Бұл мәселе мемлекеттің даму дәрежесіне тікелей әсер ететін түрлі реформалар көрініс табатын негізгі сала саяси дискурсқа қатысты алғанда айқындала түседі.

Елімізде тәуелсіздік жылдары орын алған түбегейлі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени жаңалықтар сөзжұмсамда, жалпы ресми қатысымда елеулі өзгерістердің орын алуына себеп болды. Осыған орай, *зерттеу тақырыбының өзектілігі* оның қазіргі лингвистиканың басым және қажетті бағыттарының бірі болуымен байланысты XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы орасан зор тілдік инновацияларды зерттеуге арналғандығынан көрінеді.

Зерттеу нысаны. Заманауи шаршысөз дискурсының лингвопрагматикалық қыры.

Зерттеу пәні. Шаршытопта сөйлеудің прагматикалық, композициялық, стилистикалық және лексика-грамматикалық ерекшеліктері.

Зерттеу мақсаты. Шаршысөз дискурсының лингвопрагматикалық аспектісін, яғни қазіргі сөзжұмсамдағы шаршытопта сөйлеудің дұрыс ұйымдастырылуы мен қызметін, композициялық ерекшеліктерін анықтау. Осы мақсатқа сәйкес төменгідей міндеттер туындайды.

– шаршысөз дискурсындағы негізгі ұғымдарды, олардың мағыналық шеңберін нақтылау;

– шаршысөзді әлеуметтік-мәдени танымды қалыптастырушы құрал ретінде қарастыру;

– тұлғатану бағытындағы зерттеулердегі тілдік тұлғаның рөлін анықтау;

– шаршысөздің коммуникативтік және жанрлық ерекшеліктерін айқындау;

– шаршысөз дискурсындағы стратегия мен тактика түрлерін, қызметін саралау;

– шешендік монологтың құрылымы мен адресатқа әсер ету күшін анықтау;

– қазақы танымға сәйкес шаршытоптағы сөз мәдениетінің даму жолдарын, ерекшеліктерін қарастыру;

– шаршысөзге тән просодикалық және кинесикалық құралдар қолданысын бағамдау;

– инаугурациялық дискурстың негізгі ерекшеліктерін саралау.

Зерттеудің дереккөзі. Зерттеу материалы ретінде қазақ шешендерінің сөздері, ел тарихындағы беделді тұлғалардың, қоғам қайраткерлері мен саяси тұлғалардың шаршысөздері, президенттің сөзжұмсамдық ерекшелігін көрсететін саяси дискурс, мерейтойға арналған тілектер, жалпы бұқаралық ресми сөзжұмсамдағы мәтіндер пайдаланылды.

Зерттеудің әдістері. Диссертациялық жұмыста дискурстық, прагмалингвистикалық, коммуникативтік, контекстуалды және компонентті талдау әдістері, сондай-ақ құрылымдық және мағыналық талдау принциптеріне сүйенетін риторикалық, стилистикалық және интертекстуалдық талдау түрлері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері. Зерттеу нысаны шаршысөз дискурсының лингвопрагматикалық аспектісі болғандықтан, тіл біліміндегі когнитивті лингвистика, прагмалингвистика, стилистикаға байланысты жүргізілген зерттеу жұмыстарындағы теориялық тұжырымдар басшылыққа алынды. Отандық және шетелдік көрнекті ғалымдардың еңбектері жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізін құрады. Атап айтқанда, қазақ сөз өнерін зерттеген ғалымдар А.Байтұрсынұлы, С. Негимов, Н.Төреқұлұлы, Б.Адамбаев, С.Садырбаев, М.Балақаев, Н.Уәли, Р.Сыздық, Г.Қосымова, Д.Әлкебаева, Б.Момынова, А.Қыдыршаев, С.А.Алпатина, М.А.Дуанбекова, З.Ш.Ерназарова, А.М.Жұмағұлова, Т.Т.Аяпова, Ф.Ш.Оразбаева, А.Тымболова; орыс ғалымдары: И.А.Зимняя, Л.С.Чикилева, О.В.Анцифирова, Г.З.Апресян, Р.К.Дроздов, Е.А.Козлова, О.И.Марченко, Е.Л.Фрейдина, Ю.В.Ковалев, Н.П.Вольфак, Н.Л.Проконова, О.П.Шевченко; шетел ғалымдары: Дж.Остин, Дж.Серль, Д.Вундерлих, Р.Харниш, Т. ван Дейк, Дж.Версурен т.б. зерттеулері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы

- шаршысөз дискурсы аясында «шешендік сөз», «шешендік өнер», «шаршысөз» ұғымдарының шеңбері, ортақ белгілері айқындалды;
- шаршытопта сөйлеудің кез келген түрі белгілі бір тұлғаның тілдік құзыреттілігінің маңызды көрсеткіші екендігі нақтыланды;
- шаршытопта сөйлеудің өзіне тән қатысымдық шарттарын сақтауда айтылымның иллокутивті, перлокутивті әсері анықталды;
- шаршысөз дискурсында шешен көздеген мақсатына жету үшін белгілі бір стратегияларды прагматикалық, композициялық, стилистикалық және лексика-грамматикалық ережелерге сәйкес түрлендіре қолданатыны айқындалды;
- қазіргі қоғамдағы спичрайтерлердің алатын орны, шаршытопта ұтымды сөйлеу мақсатымен просодикалық және кинесикалық құралдарды пайдаланудың шешен имиджін қалыптастырудағы маңызы анықталды;
- Елбасы шаршысөзі дискурсының тілдік репрезентациясы қарастырылып, инаугурациялық дискурс ерекшеліктері бағамдалды;
- риторикалық дискурс мәдени элементтерді жүзеге асырудың бір жолы ретінде анықталды;
- дәстүрлі қазақ шешендік өнерінің бүгінгі шешендерге тигізген ықпалы қарастырылып, нақты мысалдармен дәйектелді.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы мен практикалық мәні. Зерттеу барысында жасалған теориялық тұжырымдар тіл білімінің стилистика, мәтін лингвистикасы, лингвосаясаттану, медиалингвистика, прагмалингвистика салаларында зерттеу жүргізуге, дискурс теориясын тереңдетуге септігін тигізеді. Жұмыста қолданылған практикалық материалдар, зерттеу нәтижелері мен талдау қорытындыларын шешендік өнерден, қазақ тілін оқыту әдістемесінен, БАҚ тілінен арнаулы курстар оқуда, жоғары және арнаулы орта оқу орындарына арналған оқу бағдарламалары мен оқу құралдарын құрастыруда, дипломдық және курстық жұмыстар жазуда кеңінен пайдалануға

болады. Сонымен қатар зерттеу материалын ресми тілдік қатысымға қатысатын кез келген коммуникант практикалық нұсқаулық ретінде қолдануына болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар

1. Шаршытопта сөйлеудің кез келген түрі нақты бір тілдік тұлғаны қалыптастырады. Шаршысөздің аудиторияға ықпал етуі тікелей белгілі бір қоғамның мәдениетін тасымалдаушы әрі сол мәдениеттің тілдік ресурсын қолданушы тілдік тұлғаға байланысты анықталады. Көпшілік алдында шешен сөйлей білу шеберлігінің болуы – тұлғаның тілдік құзыреттілігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі.

2. Шаршытопта сөйлеудің өзіне тән шарттарын сақтауда айтылымның перлокутивті әсері зор. Иллокутивтік акт қандай да бір конвенцияға сәйкес, әңгімелесушілердің өзара келісімімен жүзеге асырылады, олардың әрқайсысының қатысымдық мақсаты серіктесінің коммуникативтік ниетіне кедергі келтірмейді.

3. Заманауи шешендердің имиджі, стилі, спичрайтерлердің қоғамда алатын орны, просодикалық және кинесикалық құралдар шаршысөз әсерін күшейте түседі. Шешен қоғамдық санаға барынша күшті ықпал ету үшін аудиторияның ақпаратты жағымды қабылдауына себеп бола алатын өзіндік имиджін қалыптастыруы тиіс.

4. Ел тарихындағы көрнекті саяси тұлға Н.Ә.Назарбаевтың шаршысөзіне жасалған лингвопрагматикалық талдау оған тән тұрақты ұғымдарды рухани, материалдық және әлеуметтік құндылықтар деп негізгі үш топқа жіктеуге болатынын көрсетті.

5. Қазақ халқының этникалық сарасанасын танытатын діл ерекшеліктері оның коммуникативтік, рухани мәдениетінен көрініс табады. Тілек айту, бата беру сияқты сөзжұмсам үлгілерін қатысым тұрғысынан әлеуметтік және ұлттық прецедентті феномен ретінде қарастыруға болады.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы мен мақұлданыуы. Зерттеу жұмысы нәтижелерінің негізгі мазмұны мен тұжырымдары 14 мақала түрінде жарияланды. Оның ішінде **6 мақала** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда:

1. Саясаткер имиджі және оны қалыптастыруға қажетті мінездер // ҚазҰПУ Хабаршысы. №1(59) 2017. Филология ғылымдары сериясы. -Б.35-41.

2. Саяси тұлғалар тіліндегі аксиологиялық кілт сөздер // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2019. №1.-Б.92-95.

3. Политический дикурс: структура и признаки // Ш.Уәлиханов атындағы КМПУ Хабаршы. 2017. №4.-Б.73-76.

4. Шешен сөйлеудегі просодикалық құралдардың тиімді әсері. // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2018. №2.-Б.68-73.

5. Шешендік дискурстың функционалдық қызметі // әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы. Филология сериясы. №1. (173), 2019. - Б.118-122.

6. Елбасы дискурсы. Елбасы шешендік дискурсының ерекшелігі // әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршысы. Филология сериясы. №2. (178), 2020.-Б.174-179.

Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинақтарында 6 мақала жарияланды:

1. Саяси дискурстың прагматикалық әлеуеті // «Қазақ елі – мәңгілік ел» атты VII Құрышжанов оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. ҚазМемҚызПУ. қараша 2016.-Б.161-164.

2. Саяси дискурстағы стратегиялық коммуникация // Tokyo Summit – 5th ICSSCA. Vol.2. – Japan, 2017. -P. 4-8.

3. Ұлттық-мәдени фитостереотиптердің лингвистикалық сипаты // Tokyo Summit – 5th ICSSCA. Vol.2. – Japan, 2017. -P. 8-15.

4. Шаршытопта сөйлеудің прагматикалық әсері. Қазан, Татарстан. 2018.-Б.267-271.

5. Иллокутивті актілердің классификациясы, айтылымның перлокутивті әсері. «Қазақ тіл білімі: Жаңа ғылыми бағыттар және заманауи әдістері». Халықаралық ғылыми-теориялық конференция. Алматы.2018.15 мамыр.-Б.146-149.

6. Шаршытопта сөйлеудің тілдік нормалары // V Халықаралық түркі әлемі зерттеудері симпозиумы,11-13 қазан 2018ж., Алматы.-Б.206-211.

2 мақала SCOPUS базасында тіркелген журналда жарияланды:

1. Prosodical means applied in communicative relations. *Orpición*, Año 34, No. 85-2 (2018): 61-96

2. The national and cultural peculiarities of stereotyped precedent names (a case study of the Kazakh, Russian, and English languages) // *XLinguae*. European Scientific Language Journal, 2018. – Vol. 11, Issue 2. – P.703-717.

Диссертация құрылымы. Диссертация кіріспе, үш тарау, қорытынды, қосымшадан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ШАРШЫСӨЗ ДИСКУРСЫНЫҢ КОГНИТИВТІ ЖӘНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

1.1 Шаршысөз – әлеуметтік-мәдени танымды қалыптастырушы құрал

Адамзат баласының бітім-болмысының универсалды сипатын айқындау тіл мен танымның да жалпыға ортақ өзгеше мүмкіндіктерін сұрыптауға көмектесті. Барша адам баласына тән биоанатомиялық негіз оның ми мен жүйке, сана мен жады құрылыстарының жұмыс істеу принциптерін айқындауға, адамзат атаулының ерекше қабілеттерін жүйелі зерттеуге әрі табиғи болмыс-бітімнің әлеуметтік-мәдени ұстанымдар негізінде даму, өзгеру, толығу бағыттарын талдап көрсетуге себепкер болар маңызды факторлардың қатарына жатады. Сол себептен де жалпы тіл білімі көлемінде ғалымдар адамның ерекше жаратылысын оған қызмет ететін тіл, сана, таным, қоғам ұғымдары арқылы зерделеуді, олардың ішкі-сыртқы сабақтастығын әрқайсысының динамикалы қозғалысынан өрбітуді, сол арқылы жеке мен жалпының байланысы мен диалектиканың даму заңдарын сұрыптауды мақсат еткендігін де аңғаруға болады. Бүгінгі жер бетіндегі қоғамдық құбылыстардағы интеграция үдерісі тіл ғылымы ғылымдар тоғысында, олардың аса маңызды жетістіктері негізінде күрделі ғылыми мәселелерді шешуге талпыныс жасауда, ең бастысы, лингвистика адамның барша әрекетінің көзі ретінде тіл мен оның құралдарын қарастыру қажеттігін дәйектеп көрсетуде. Тіл адамның сыртқы ортамен байланысынан туындайтын, соған ұқсастыра әрекет еткен адам қабылдауынан сусындайтын өзгеше құбылыс екенін ғалымдар ерте кезден байқағандығын бүгінгі күні тарихи еңбектерден көруге болады. Негізінен, олар сөз табиғатын зерттей отырып, оның номинативтік қызметін түсіндіруде тіл пәлсапасының маңызды тұжырымдарын басшылыққа алған болатын. Осы аталған проблемаларға қатысты Э. Оразалиева «ат қою мен ұқсату арқылы да жаңа ұғым, жаңа сөз жасала отырып, адамның танымдық қорына енген үлгілер мен бейнелер, мағыналар мен типтік формалар саны көбейе түседі» деп қорытындылайды [1,б. 57].

Адам әрекетінің когнитивті аясы екі категорияға:

- интеллектуалы «жоғары» категорияларға немесе білім, сана, ойлау, ақыл, шығармашылық, қиял, арман, символ секілді ұғымдардың ерекше ұштасқан әлеміне;

- «күнделікті тіршілік» категорияларына, яғни практикалық әрекет, естелік, көңіл бөлу, тану, қабылдау ұстанымдарын басшылыққа алар іс қимылдар тізбегіне байланысты болады.

Когнитивті лингвистика ғылымының негізгі тұжырымдарын: «1) когнитивті лингвистика – тіл білімінің маңызды саласы; 2) тіл мен таным арақатынасы-танымдық лингвистика нысаны; 3) тілдік заңдылықтар мен танымдық ұстанымдардың адам санасында, жадында көрініс табуы; 4) когнитивті лингвистиканың өзге ғылымдармен байланысы», – деген ой-пікірге жинақтайды [2,с. 92].

«Адам және тіл» мәселесін антропоэектілік бағытта зерттеу соңғы

уақытта өзекті болып отыр, өйткені тілді адекватты зерттеу ісі оның өз шеңберінен шығып, табиғат пен қоғамдағы белгілі бір ортада өмір сүретіндердің тобына жүгінгенде ғана толық мүмкіндікке ие болмақ, себебі, тіл адамды адам ететін айрықша белгі, ерекше нышан қасиетімен танылады.

Әрине, тіл пайда болған күннен бастап адамзаттың өз ойын басқаға жеткізу үшін тәжірибесі жинақталып, қалыптасады. Осымен байланысты оған қатысты тілдік бірліктердің табиғатын тануда тілдің когнитивтік, танымдық қызметі ерекше. Бұл – тілдік ойды жарыққа шығару құралы. Когнитивтік қызметтен тілдің танымдық, затдеректік (денотаттық), референция қызметтері бірге танылады. Яғни тіл – тек заттың, ұғымның аты ғана емес, ол халықтың белгілі бір кезеңдегі таным-түсінігі, өмір салтының жемісі, сол себепті тіл әлеуметтік құбылыстардан тыс өмір сүрмейді. Адам баласының таным-түсінігі толысқан сайын өзіне дейінгі ұрпақтар жасаған мұраларды зерттеп, игеруге деген қажеттілігі арта түспек. Бүгінгі таңдағы ғылыми түсінік ғылымды да, әдебиет пен өнерді де, ел-жұрттың білім өрісі мен сауатын да, ойдың оралымдылығы мен тілдің құнарын да «адам және тіл» аясына сыйғызады. Сондықтан да «адам және тіл» когнитивтік лингвистиканың өзекті мәселесіне айналып отыр. «Когнитивтік лингвистика лингвистикалық зерттеулердің шеңберін маңызды түрде күшейте түсетін қазіргі антропоцентристік парадигмалар шегіндегі когнитивизм негізінде туындайды» [3, с. 9].

Когнитивтік лингвистика, метафораның когнитивтік теориясы – ғаламның тілдік бейнесінің концепциялары тұрғысынан тіл білімін жүйелеу мен құрудың құралы. Жеке бір сөздің толық концептісі оның семантикалық және ассоциациялық өрісі арқылы айқындалады. Сөздің семантикалық және ассоциациялық өрісінде пайда болған ақпараттың құрамында когнитивтік және прагматикалық мағыналардың элементтері бейнеленеді. «Когнитивистикада адам когнициясына басты назар аударылады, көзге түскен іс-әрекеттер ғана емес, олардың ментальдік репрезентациялары, ішкі көріністері, модельдері, тілдегі когнитивтік модель ретіндегі символдың түрлері, адамның стратегиялары да зерттеледі, олар білім негізінде іс-әрекеттерді туындатады, яғни адамның когнитивтік дүниесі, оның жүріс-тұрысы мен қызметі бойынша белсенді түрде қатысуымен жүргізіледі, адам қызметінің мотивтері мен қондырғыларын қалыптастырады, нәтижесін болжайды» [3, с. 7].

Когнитивтік лингвистикаға ғалым А.А.Тахо-Гади мынадай анықтама береді: «тілдегі жалпы когнитивтік механизм ретіндегі когнитивтік құрал, яғни ақпаратты репрезентациялау, кодтау және трансформациялауда маңызды рөл атқаратын таңбалар жүйесі ретінде қарастырылатын лингвистикалық бағыт» [3, с. 7].

Когнитивизм туралы В.А.Маслова өз пікірін төмендегіше көрсетеді: «Когнитивистикада басты назар адамның танымына аударылады, яғни олардың бақылайтын әрекеттері ғана емес, олардың ділдік ерекшеліктері зерттеледі. Адамның танымдық әлемі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетімен зерттеледі, ол тілдің белсенді қатысуымен жүреді» [4, с. 58]. Когнитивизмнің басты зерттеу нысаны – адамзаттық когниция. Оны тек байқау, бақылау әдістері арқылы

зерттеп қоймай, ментальді репрезентациясын (ішкі танымын), білімнің негізін қалыптастырған символдар мен адамның стратегиялық таңбаларын айқындау керек. Демек, адамның когнитивтік әлемі оның ойлау әрекеті мен тәжірибесі арқылы анықталады. Адамның бұл әрекетін танытатын негізгі белгі – оның тілі. Себебі тіл – адамның қабылдаған ақпаратын өңдеп, санада реттеген нәтижесін көрсететін құрал.

Тілді когнитивтік тұрғыдан қарастыратын болсақ, тіл – объективтік дүниені танушы, оны тілдік формада бекітуші, оның репрезентациясын (ішкі танымын) көрсетуші және сонымен бір уақытта дүниені тану мен игерудің құндылық, тәжірибесін қабылдаушы ретінде қарастырылады. Тілдің осындай когнитивтік ерекшеліктері негізінде когнитивтік тізбектегі тәуелділік пен арақатынастарды орнату мәселелері «ақыл-ой (сана) – тіл – ішкі таным (репрезентация) – концептуалдау (концептуализация) – категориялау – қабылдау түрінде танылады» [5, с. 31].

Тіл когнитивтік құрылымдардың ментальдік көрінісі көмегімен дүние туралы білімдерді концептілеу мен категориялау процесінде дүниенің ғаламдық бейнесін көрсетіп, түсіндіріп береді. Концептілер жүйесі немесе концептілік жүйе дүниенің концептілік, тілдік суретінің негізгі бөлігі, рубрикатор болып табылады. Тілдік таңбалар мен оның ішіндегі бейнеленген мәдени, әлеуметтік шындық құбылыстар арасындағы қатынас когнитивтік семантика мен вербалдану тәсілдерінің мазмұнын құрайды. Сөйтіп, тіл мен тілдік бірліктерді зерттеуде когнитивтік лингвистика тілдік шеңбер аумағынан шығып, жеке когнитивизмнің адам санасындағы ментальдік үдерістерді басқаратын жалпы қағидалары туралы ғылымның мәселелерімен, сондай-ақ лингвомәдениеттану, этнолингвистика, психология, философия пәндерімен байланысады [6, с. 89].

Лингвистикадағы танымдық бағыт тілдегі концептуалды құрылымдарды көрсететін вербалды ойлау формаларын анықтауға мүмкіндік береді.

Е.Ф.Тарасов тілдік сананы сана бейнелерімен байланыстырады, ол адамның ақыл-ойы үшін сыртқы бақылаушы үшін қолжетімді қарым-қатынасты қажет ететін нақты әлем объектісі туралы перцептивті және тұжырымдамалық білім жиынтығы ретінде түсіндіреді. Сана бейнелерінің интерсубъектілік формасы ретінде сана бейнелерін бір ұрпақтан екінші ұрпаққа «беру» үшін қажет заттар, әрекеттер, сөздер түрінде әрекет ете алады [7, с. 17].

Адамның барлық қарым-қатынасы нәтижесінде, оның әртүрлі іс-әрекеттері барысында қалыптасатын әлемнің тұжырымдамалық бейнесі бар екені белгілі.

Концептуалды сурет – бұл адамның дүниетанымының негізін құрайтын және символдық түрде анықталатын жаһандық тұтас образ. Әлемнің жаһандық бейнесінің негізгі семиотикасы – бұл тіл жүйесі және оның негізінде құрылған синтаксистік құрылымдар мен мәтіндер. Тіл – нақты бейнеленген шындық туралы білімді жалпылаудың әмбебап құралы және белгілі бір құрылымның доминанттарына сәйкестігі. Әр адамның шындықтың көрінісі болып табылатын белгілі бір аялық білімі бар. Бұдан шығатын қорытынды; әрбір тұлға белгілі бір тіл мен мәдени ортада қалыптасады және оның өсуіне осы тіл мен мәдени

фактор әсер етеді. Белгілі бір тілдегі сөз бен түсінік басқаларда болмауы мүмкін. Бұл әртүрлі тілдік топтардың болатындығын білдіреді [8,с. 53].

Бүгінгі таңда танымдық, яғни когнитивтік ғылым – кешенді ғылым, ал когнитивтік лингвистика – тілге жалпы танымдық тетіктерді пайдалануға жол беретін бағыт болып табылады. Осыған сәйкес қазіргі тіл туралы ғылымда тіл арқылы орнайтын адам мен әлем арасындағы қатынас және танымдық көрініс кешенді мәселе ретінде қарастырылады. Тілді коммуникацияның нақты үдерістерінде пайдалану туралы ғылымды когнитивті-прагматикалық бағыт деп атай бастады [9,с. 78].

Тіл білімі ғылымындағы семиотиканың бір саласы болып табылатын прагматика таңба және интерпретатор арасындағы қатынасты қарастырады, яғни сөйлеуші-субъект, адресат және олардың сөйлеу актісі үдерісіндегі тілдік әрекетіне байланысты мәселелерді зерттейді, бұл орайда прагматиканы тілдік бірліктерді адамға ықпал етуші таңба ретінде қарастыратын тіл білімінің саласы деп тануға болады. Прагматика тілдік таңбаның қарым-қатынастық жағдайындағы қолданысын қарастырады. Тіл, сөйлеу – субъектінің жеке әлеуметтік мақсаттарына жетудегі құралы. Прагматика әрекет үстіндегі, адамдар арасындағы қолданыстағы тілдік заңдылықтарды зерттейді. Қазақ халқы сөз арқылы ықпал етуге, мақсатына жетуге, сөйлеу өнеріне ерекше көңіл бөлген. Ал прагматикалық бағыт тілдің коммуникациялық қызметін, сөздің қолданыс үстінде жаңа мәнге ие болуының табиғатын түсінумен байланысты қалыптасты.

Прагматика – бүгінде қазақ тіл білімінде өрісі кеңейіп келе жатқан салалардың бірі. Қазіргі таңда қолданыс тіліндегі стиль мәселесін стилистиканың прагмастистика саласы зерттесе, коммуникация бағытында тілдің субстанциялық және функционалдық қасиеттерін зерттеумен прагмалингвистика саласы шұғылданады.

Реалды ақиқатқа құралған өмір ситуацияларында адам қандай жағдайда таңбалар арқылы өзінің ой-пікірін тыңдаушыларына немесе оқырманына жеткізе алатындығын үйретуді мақсат етеді. Прагмалингвистиканың зерттеу нысанын толық тану үшін сөйлеу тіліндегі дискурс пен мәтіннің мазмұндық-ақпараттық мәнін ашу керек.

Халық тілінің байлығын және көркем құралдарды пайдалану арқылы кез келген жазушы дүниеге көркем туынды әкелуімен қатар, ол өзінің суреткерлік шеберлігі әрі шығармада қолданған көркем сөздің эмоциялық бояуының басымдығы арқылы кез келген оқырманға түрліше әсер ете алады. «Адресант адресатқа мәтіннің мағыналық-ақпараттық мазмұнын толық жеткізіп, мәнін ашып беруде оның жан-дүниесіне әсер етіп, сезімін ояту үшін, белгілі прагматикалық мақсатын қанағаттандыру үшін стилистика ғылымның «еншісіне» тиесілі тілдік стилистикалық амал-тәсілдерді пайдаланады» [10,б. 17]. Қазақ халқының тұла бойы табиғатына тән қасиет – адамға сөз арқылы ықпал ету. Сол себепті де қазақ тіл білімінде прагматикалық бағыттың пайда болуы кездейсоқ құбылыс емес.

Қазақ тілінде прагматикалық бағыт кешеуілдеп пайда болғанымен, осы уақытқа дейін бұл бағытты «прагматика» деп нақты атамағанмен, қазақ тіл білімінде бұл туралы пікірлер болмаған деуге болмайды. Бұл туралы алғашқы пікірді қазақ тілі мен әдебиетінің теориялық негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыс сөйлемді тізе білу тиіс», – дейді [11, б. 178].

Тіл бірліктері хабарды жеткізуші құралдар қызметін атқарып қана қоймай, тыңдаушыны әрекетке итеруші құралдар ретінде де жұмсалады. Оның құрылымы ықпал ету күшінің сипаты жағынан ерекшеленеді: бұйыру, өтініш, тілек мақсаттары т.б.

Ықпал етуші қызметін атқарушы элементтерді тілдік (вербалды) және тілдік емес (бейвербалды) деп бөлеміз. Ықпал етуші қызметін атқарушы элементтер сөйлеушінің мақсатын дұрыс жеткізуге және оны дұрыс қабылдауға мүмкіндік береді. Тілдік материалды қолдануда міндетті, барлығы да білетін қалыптасқан заң-ереже, әдет-дағдылар болуы қажет. Ол узус деп аталады. Узус ([лат.](#) usus) – әдеби тілдегідей норма емес, бір тілде сөйлейтін адамдардың басым көпшілігі қабылдаған сөйлеу үлгісі, сөз қолданудағы әдет, дағды. Әдеби нормалар әр дәуір талабына сай үрдіс ретінде өзгеріп отыруы мүмкін, ал узус тұрақты, оны халық үнемі қолданады. Узус тілдік дәстүрмен ұштасып жатыр. Тілдік норманың негізгі сипатын ашуда тілдік жүйе – тілдік норма параллеліне сүйену, әрине, жеткіліксіз, сондықтан проф. Р.Сыздық тілдік жүйе – тілдік норма – узусты бірлікте ала отырып, «узус» деген ұғымды тілдік жүйеден ауытқып кеткен, бірақ дағдыға айналған құбылыс» деп таниды [12, б. 11]. Узус контекстерде не жеке адамдардың тілінде кездесетін, уақытша қолданылатын сөз формаларына қарама-қарсы құбылыс. Оны окказионал сөздер деп атайды. Окказионализмдер – белгілі бір шығармада пайдаланылып, контекст арқылы анықталатын, әдеби тілімізге кіру қабілеті шектеулі сөздер немесе Р.Сыздық «тосын сөздер» десе, ғалым Х.Нұрмұханов «Сөз және шеберлік» атты зерттеу еңбегінде потенциалды сөздер мен окказионалды сөздердің ара жігін ажыратып, окказионализмдер контекст қалауына орай тек «бір ғана қолданымдық» болып қызмет атқаратын сөздер деп сипаттама береді [13, б. 78], Л.Еспекова «окказионализм» деп қолданған [14, б. 5].

Сөйлесімнің прагматикалық мағынасы коммуниканттардың қарым-қатынас үрдісінде ашылады. Прагмалингвистика – тілді қолданушы мен қабылдаушысына қатысты зерттейтін тіл білімінің саласы. Прагматикалық теорияның зерттеу нысанына өзек болатын мәселелердің ауқымы кең – ол әрі мәтін, әрі дискурс, сөйлеу актісі және тілдік бірліктер мен сөздер де болуы мүмкін. Прагмалингвистика фонемадан сөйлемге дейін тілдік деңгейлердің барлық бірліктерін қарастыра алады. Ғалым Қ.Есенова: «прагматика міндеті дегеніміз – тікелей адресатқа ықпал етуге бағытталған тілдік қатынас коммуникациясын қолдану заңдылықтарын реттеу, осы арқылы адамды иландыру болып табылады. Мәтіннің прагматикалық әлеуеті онда қамтылатын

сөздердің санына емес, семантикалық аясының кеңдігіне, фразеологизмдер мен метафоралық қолданыстардың түрленуге, трансформациялануға бейімділігіне және экспрессивтік мәнінің жоғарылығына тікелей тәуелді», – деп көрсетеді [15,б. 116].

Прагматика сөйлесімнің мазмұнын, сөйлесім авторының коммуникативтік мақсатқа сай тілдік құралдарды таңдау мәнін, сондай-ақ, тыңдаушының айтылған ой мен тіл арқылы берілген бағаны дұрыс түсінуін анықтайтын нақты қатысым жағдаятын зерттейді. Прагматиканың нақты белгіленген шекарасы жоқ, оған сөйлеуші субъекті мен адресаттың ара қатынасынан туындайтын мәселелер кіреді. Қатысымның қалыптасуы сөйлеу әрекеті арқылы жүзеге асады. Қарым-қатынас пен сөйлеу әрекеті – прагматиканың ажырамас бөлігі. Прагматикалық сөйлеу әрекетінің негізінде адамдардың бір-біріне тілдік бірліктер арқылы ықпал ету, әсер ету, әрекетке **итермелеу** ұғымдары жатыр. Бұл ұғымдар қатысымға қатысушы коммуниканттардың мақсатынан туындайды. Демек, сөйлеу әрекетін тудыратын сөйлеуші мақсаты екені анық. Прагматиканы коммуникациядан, сонымен байланысты тіл, сөйлеу бірліктерінің жұмсалымы – функционалды қызметінен бөлуге, ажыратуға болмайды. Прагматика мақсатты әрекетті белгілесе, қарым-қатынаста адамның бір-біріне әсер етуін, ықпал етуін, әрекетке итеруін көздейді. Демек сөйлеу мақсаты мен оны жүзеге асырушы тіл бірліктерінің қызметі арасында өзара байланыс бар. Сөйлеушінің өз мақсатына қарай сөздерді дұрыс пайдалануы оның субъективті факторлармен: біліммен, тәжірибемен, эстетикалық талғаммен, таным белсенділігімен, тыңдаушының сөзді қабылдауын ескерумен байланысты. Өйткені тыңдаушымен үндестік таба білу қатысымда шешуші роль атқарады. Тыңдаушының қабылдауына қарай сөйлеуші өзін сарапқа салып, сөзін өзгертеді [16,б. 142]. Көркем мәтінді зерттеуде прагматикалық мазмұны бар шағын компоненттерді, ең кіші прагматикалық мағынасы бар механизмді тауып, олардың жалпы семантикалық-прагматикалық құрылымға кіруін қарастыру қажет. Соңғы онжылдықта әлемді танудың «оқиғалы-мезгілдік сипаттамасы» (Н.Д.Арутюнова) және тілдік әрекетке байланысты антропоэзеттік, адам және оның ниеті (интенциясы) арқылы тілді зерттеу, прагматикалық тілді түсіну теориясы (Т.А. ван. Дейк) негізгі мәселеге ие болып отыр. Прагматикалық шарттарға коммуникативтік мақсат, коммуникативтік қызмет, мәтіннің кімге бағытталғаны, адресатқа ықпал ету тактикасы мен стратегиясы, іс-әрекет, оқиғадағы кейіпкердің эмоционалдық жағдайы мен қатысы жатады.

Сонымен, кең тараған көзқарас бойынша прагматика - ұғымы адамның тіл бірліктеріне деген қатынасын зерттейтін сала, сондай-ақ, коммуниканттардың қатысым актісінде тілді қолдану шарттарын зерттейтін ғылым. Ал тіл бірліктерін де адам қолданатын болғандықтан, қатысым прагматикасын тіл бірліктерінің өзара қарым-қатынасынан іздемеу керек, оны коммуникацияға қатысушы адамдардың қарым-қатынасынан іздеген жөн. Себебі, прагматиканың негізгі категориясы – субъекті, әлеуметтік жағдаят категориясы,

Яғни адресат факторы. Сөйлесімнің прагматикалық мағынасы коммуниканттардың қарым-қатынас үрдісінде ашылады.

Прагмалингвистика – тілді қолданушы мен қабылдаушысына қатысты зерттейтін тіл білімінің саласы. Прагматикалық теорияның зерттеу нысанына өзек болатын мәселелердің ауқымы кең – ол әрі мәтін, әрі дискурс, сөйлеу актісі және тілдік бірліктер мен сөздер де болуы мүмкін. Прагмалингвистика фонемадан сөйлемге дейін тілдік деңгейлердің барлық бірліктерін қарастыра алады. Прагматика сөйлесімнің мазмұнын, сөйлесім авторының коммуникативтік мақсатқа сай тілдік құралдарды таңдау мәнін, сондай-ақ, тыңдаушының айтылған ой мен тіл арқылы берілген бағаны дұрыс түсінуін анықтайтын нақты қатысым жағдаятын зерттейді.

Тілді халық арқылы, халықты тілі арқылы, сондай-ақ адамды сөзі арқылы адамды тану идеясы әр дәуірдегі ұлы ойшылдарда да айтылған. “*Kicige қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал*” дейтін Абайдың философиялық ойы субъектінің сөзі арқылы оның әлеуметтік, білім қорын, психологиялық тұлғасын тану жөніндегі антропоөзектік идеямен үндес екені айқын аңғарылып тұрады.

1.2 Лингвомәдени зерттеулердегі әлем бейнесі және тілдік тұлға

Соңғы ширек ғасыр мөлшерінде отандық және шетелдік зерттеушілер мен тілші ғалымдардың жеке тұлғаның тілдік қатынасына деген қызығушылықтарының арқасында коммуникация философиясына, сөйлеу қатынасы теориясына, сөйлеудің өзара байланыстарына көңіл аударыла бастады.

Тіл білімінің антропоөзекті парадигмасы, яғни әлеуметтік лингвистика, қолданбалы лингвистика, гендерлік лингвистика, психолингвистика, когнитивті лингвистика, когнитивті психология, этнография т.б. салаларының қарқынды дамуы, Б.Палектың гиперсинтаксис мәселесі, Т. Ван Дейктің макросинтаксисі, В.Дресслердің мәтін синтаксисі, П.Хартман, П.Вундерлих көзқарастары негізінде ұсынылған тіл прагматикасы, Г.Загс пен Э.Щегловтың т.б. еңбектерінде көрініс тапқан әлеуметтік тіл білімінің қарқынды дамуы, А.Греймас пен Е.Ландовскийдің мәтін түрлерінің логикалық-семиотикалық талдауларына берген сипаттамалары, гуманитарлық пәндердің интеграциялық зерттелу мәселелері дискурс теориясының қолданысқа енуін және қалыптасуын тездетті [17, с. 136-137].

Сөйлеу қызметі – сөйлеуді немесе ойлауды жүзеге асыра алатын адамның әлемді тануы, білім игеруінің белгілі бір әдісі ретінде қарастырылады.

Лингвистикалық зерттеулер тарихында тілді зерттеуде үлкен абстракция болғандықтан, ол өзінің ізденіс нысанына сөйлеу қызметі мен сөйлеудің өзара әрекеттестік аспектісін қоса отырып зерттеу шекарасын кеңейте бастады.

Тілдің ең кішкентай бірліктерінен (фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем) басталған қызығушылық тілдің ең үлкен бірліктері – мәтін және дискурсты прагматикалық фактор ретінде зерттеуге ұласты. Мұндай

зерттеулерге ерекше назар аударуға экстралингвистикалық факторлар, нақтырақ айтқанда, тұлғалардың вербалды сөйлеу әрекеті мұрындық болды.

Тілдің болмысы мен табиғатын толыққанды тану үшін сол тілді жасайтын адаммен бірлікте қарау керек. Осы талап лингвистикада антропоцентристік бағытты дүниеге әкелді.

Когнитивтік ғылымның негізгі ерекшеліктеріне, зерттеу нысанына, бағыттары мен ұғымына алғаш рет көңіл бөлген шетелдік ғалымдар болатын. Дж. Миллер когнитивтік ғылымды «XX ғасырдың 50-жылдарында дүниеге келген ақпараттар теориясының симпозиумы» деп бағалаған. 1960 жылы Гарвард университетінде американдық профессор Дж.Бруннер Дж. Миллермен бірге когнитивтік зерттеу орталығын ашады. Аталған орталық когнитивтік лингвистика ғылымының негізін қалауға айтарлықтай үлес қосты [18,б. 7].

Еуропада когнитивтік ғылымның теориялық негізі XX ғасырдың ортасына қарай дами бастады. Бұдан әрі бұл саланың барлық бағыттары жетіліп, қанатын кеңге жая түсті. Бұл саланы зерттеуде Дж.Лакофф, Р.Лагакер, Т.Ван Дейк, Дж.Хэйман, Х.И.Шмидт, М.Джонсон, М.Витгенштейн, Г.Н.Кент сияқты ғалымдардың еңбектері зор болды. Бұл ғалымдар когнитивтік ғылымдағы «әлемнің тілдік бейнесіне» баса назар аударды.

Когнитивтік бағыт орыс ғалымдарының да назарынан тыс қалған жоқ. Бұл ретте Ю.А. Сорокин, Е.С. Яковлева, Е.С. Кубрякова, В.Н. Телия, Д.О. Добровольский, Н.Д. Арутюнова, Н.Н. Болдырев, Э.Д. Попова, И.А. Стернин, Ю.Н. Караулов, В.А. Маслова сияқты зерттеушілердің еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Қазақ тіл білімінде соңғы кездері когнитивті лингвистика саласына ерекше көңіл бөлініп, тілші ғалымдар тарапынан түрлі тұжырымдар жасалды. Атап айтсақ, Р.Сыздық, Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Г.Гиздатов, Қ.Жаманбаева, Ж.Манкеева, Э.Сүлейменова, Г.Смағұлова, Б.Момынова, А.Салқынбай, А.Ислам, Ш.Елемесова, Г.Әзімжанова, К.Күркебаев, Г.Спанасова, Ф.Қожахметова, Н.Аитова, А.Әмірбекова, Э.Оразалиева, А.Тымболова, Ж.Саткенова, Г.Әбікенова сияқты зерттеушілер бұл мәселені лексикология, этнолингвистика, когнитология, лингвомәдениеттану салалары тұрғысынан қарастырып зерттеуде.

Адамзат тіршілігінің ең басты құралы деп танылатын тіл болмысына зер салу, сөз мағынасын халықтық таным тұңғығынан өрбіту, тіл тарихын адамның қабылдау, пайымдау, ойлау тарихымен ұштастыру, дәстүр мен жаңашылдық үдерістерін танымның динамикалық табиғатымен үйлестіру, сол арқылы универсалды, яғни барша жұртқа ортақ ұстанымдарға қол жеткізу қазақ тілінің өрісін кеңейтуге, өркениетті мемлекеттің қоғамдық-әлеуметтік мүмкіндігін арттыруға әсер етері хақ [1,б. 4].

Лингвистика ғылымының қазіргі кезеңдегі дамуы антропоэзектік бағытпен сипатталатын семантикалық зерттеулердің тереңдігімен ерекшеленеді. Антропоэзектік бағыттағы лингвистиканың алға қойған мақсаты – тілдік субъектінің дүниетаным ерекшеліктерінің тілдің барлық деңгейлерінде көрініс табуын зерттеу болып табылады. Сондықтан қазіргі таңдағы тіл ғылымының

басты мақсаты – тілдік құбылыстардың сырын тану жолында күрделі де кешенді үрдісті дамыту. Осымен байланысты тіл білімінің тылсым құпиялары басқа да ғылым салаларымен – психология, философия, логика, мифология, этнография т.б. тығыз қарым-қатынастың нәтижесінде танылып, ашылып отыр. Өйткені ұлттық мәдениет, болмыс, таным, дін сияқты ұғымдарды тоғыстыратын ұлттық тілдің табиғатын тілдің өзінің ішкі заңдылықтары негізінде ғана танып білу жеткіліксіз. Бүкіл рухани қазынаны жинақтап, сақтайтын ұлттық тілді халықтың тарихымен, мәдениетімен, ой танымымен, жан ілімімен бірлікте қарау мәселесі тіл білімінде өзіндік өріс алып келе жатқан этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, психолінгвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану ғылымдарының пайда болуына негіз болды. Бұл ғылымдардың тығыз қарым-қатынаста болуы тілдің құрылымдық, функционалдық жүйесінің кешенді үлгілерін айқындауды мақсат етеді. Мысалы, когнитивтік лингвистикада тіл мен таным бірлікте қаралады. Яғни тіл мен таным сабақтастығы адамға қатысты біртұтастықта қаралады [19,б. 5].

Когнитивті лингвистика тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білудің ғылыми-теориялық негіздерін қарастырады. Сондықтан когнитивті лингвистика тіл білімінің танымдық бағыттары мен аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми негіздейді және адамның таным процесіне қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтады.

Тілдік тұлға – тек тілдің ғана субъектісі емес, адресант және адресат ретінде сөздің де субъектісі. Дәстүрлі парадигмада сөз мәдениеттің түп қазығы, орталық ұғым тілдік норма болса, ендігі жерде, жаңа парадигмада сөз мәдениетінің түпқазығы тілдік тұлға болуға тиіс.

Адамдар ақиқаттағы заттар мен құбылыстардың, оқиғалардың, қысқасы, денотаттар әлемінің ортасында өмір сүреді. Санада сәулеленген ақиқат өмір үзіктері адамның ой елегінен өтіп, білім дүниесіне, яғни зияткерлік, рухани, мәдени-әлеуметтік қажеттілікті өтейтін концептілерге айналады. Сөйтіп, адамдар тек ақиқат дүние ортасында ғана емес, өздері жасаған идеалды дүние әлемінде де өмір сүреді.

Дүниелік білім когнитивтік санада бір-бірімен ұштасып жатады. Мысалы, қауіп-қатер таянғанда жылқының әлгіндей жер тарпитын қылығы, қазақы қазанаттың тарпаң, құланмен туыстығымен байланысты көрінеді. Мысалы, құлан үйірін шақырғанда, үйіріне қауіп төнгенде алдын ала сезіп, ащы дауыс шығарады екен. Міне, осындай дүниелік білімдер оқырман-тілдік тұлғаның санасында болғанда, Махамбеттің “Құландай ащы дауыстым” деп Исатай батырды жоқтағандағы жан дүниесін тереңірек ұғынуға болады [20,б. 18].

Тілдік тұлға ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы. Осы тұрғыдан қарағанда белгілі бір тілдік концептінің құрылымдық түзіліміне мәдениеттің де қатысуы, «араласуы» кәдік. Олай болса, тілдік таңба мағынасының қай бөлігінде, қай тұсында мәдени мән болатынын айқындау қажет. Сөйлеуші я болмаса тыңдаушының сөз стратегиясында мәдени мәнді сезіне алатынын/алмайтынын анықтаудың сөз мәдениеті үшін мәні ерекше.

Мәдени семантиканы айқындауда тілдік тұлға үшін қиындықтар да болады. Кейбір тілдік таңбаларда мәдени ақпараттар тілдік мағынаның тасасында тұрады да, имплицитті сипатта болады.

Тіл ұстанушыда *лингвистикалық құзірет, коммуникативтік құзірет*, сондай-ақ *мәдени-тілдік құзірет* болады. Ал тілдік-мәдени құзірет дегеніміз – тілдік тұлғаның сөйлеу (жазу) мен айтылған (жазылған) сөзді қабылдау кезінде тиісті мәдени семантиканы, мәнділікті қоса меңгеруі.

Тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығы, әсері негізінде тілдік таңбаның мазмұн межесінде мәдени семантика қалыптасады. Аударма, тіл үйрету, көркем мәтінге талдау жасауда, сөздіктер құрастыруда тілдік таңбаның грамматика, лексика-стилистикалық мағыналарымен бірге ондағы мәдени ақпараттарды да ескеру аса қажет.

Этностың ақиқат дүние туралы көзқарасы, салт-дәстүрі, жол-жоралғылары әдет-ғұрпы, моралі, әдебі, тұрмыс-тіршілігімен байланысты ақпараттар жинақтаған тұрақты сөз орамдарының мазмұндық құрылымында ақиқат дүниенің тілдік бейнесін көрсететін, ұлттық ділді танытатын компоненттер болады. Осыларды айқын аңғара білмеген жағдайда сөйлеуші/жазушы коммуникативтік сәтсіздікке ұшырауы ықтимал. Соңғы жылдары, әсіресе, радиохабарларда жылы лебізді құттықтау сөз айта келіп, мерейтой иесіне “қартаймаңыз!” деп тілек білдіреді. Қазақ мәдени қоғамдастығы “қартаймаңыз” деген тілекті қабылдай қоймайды, мұндай тілек “кәрілік жасқа жетпеңіз” дегендей сезіледі. “Адам қартаймайтын шайтан емес қой” деп қайсыбір кісілер мұндай тілекті қош алмайды. Қазақ салтында қарттық – үлкен құрмет, адамның қызметі, атақ-дәрежесінен гөрі жасын сыйлау, жасына қарай жол беру жағы ерекше ескеріледі. Үлкендердің байырғы кезде *кәрілікке жеткізсін, жағың түспей, жамандық көрме; ақ сақалды сары тісті бол* дейтіні сол этикалық норманы айқын аңғартады.

Сонымен, тілдік тұлғаның коммуникативтік сәтсіздікке ұшырау қаупі жиі кездесетін аймақтың бірі, негізінен, мазмұн межесі этномәдени семантикаға ие тұрақты сөз орамдарымен, яғни фразеологизмдер мен паремологизмдердің мәдени-ұлттық семантикасымен байланысты деуге болады.

Адам – таным субъектісі, іс-әрекет субъектісі, өмір жолының субъектісі. Адам өмірінің мәні – стратегиялық бағыты, тәсілі, ұстанған бағыты, болашақ бағдарлары, келешек дамуы. Ал «Мен» дегеніміз – «Біз» атты психологиялық мәртебеге ие тұлғаның әлеуметтік сапасы. Адам тұлға ретінде мәдениетті қалыптастырады және сонымен өмір сүреді. Адамның адам болып өмір сүруі үшін мәдениет шегінде қалыптасқан мәдени-антропологиялық прототип қажет.

Мәдениет концептілері – кеңістік, уақыт, тағдыр, өмір, құқық, байлық, еңбек, бақыт, сенім, ар, тәртіп, күнә, жұмақ, тозақ, өлім, тағы басқалар құндылықтар жүйесінің өзіндік белгілерін білдіреді және әлеуметтік мінез-құлық пен әлемді қабылдаудың үлгілерін көрсетеді. Бұл – тілдік тұлғаны қалыптастыратын ерекше координаттар жүйесі. Тұлға дегеніміз – ең алдымен адамның әлеуметтік табиғаты, ал адамның өзі әлеуметтік-мәдени өмірдің субъектісі ретінде қарастырылады. Атақты американ психологы А.Маслов

адамды сыртқы өмірге ешқандай бағынбайтын ішкі табиғаттың болмысы ретінде таниды. Оның айтуынша: «непрерывный процесс развития изначально рассчитан на то, чтобы доставлять удовольствие» [21, с. 87].

Жалпы алғанда, құрылымдық тіл білімінде тіл – дүниетанымның құралы, ойлаудың ұғым, түсінік, пайымдау тәрізді түрлерінің объектіленуі деп сипатталатыны белгілі. Осыған орай тілдік жүйенің құрылымына тереңдеп барудың, ұлттық тілдің табиғатын шынайы танудың бір жолы тілдік таңбаларды, оны құрайтын элементтерді, олардың мазмұндық жағы мен тұлғалық жағын тілдің өз заңдылықтары негізінде қарау болса, екінші жолы оларды тілдік емес мәнділіктермен, яғни ақиқат өмір, ойлау танымдық тұрғыда бір-бірімен тығыз байланыста қарау болмақ [22, б. 16]. Кез келген автордың шығармашылық табиғатын тану қазақ тіл білімінде соңғы жылдары қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттың бірі «тілдік тұлға» ұғымымен тығыз байланысты. Аталған ұғым өз кезегінде лингвистиканың бір саласы ретінде танылған «ғаламның тілдік бейнесі» теориясымен сабақтасады.

«Тілдік тұлға» ұғымының тарихына тоқталып өтсек, В. фон Гумбольдттің еңбектері тілдік тұлға ұғымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Тіл мен ойлауды саралай келе, ол ойлауды белгілі бір тілге байланысты болады деген қорытындыға келеді. В. фон Гумбольдт теориясының маңыздылығы ұлттық танымда және ол өз еңбектерінде «Weltbild» терминін («әлемнің бейнесі») қолданады.

Әлемнің тілдік бейнесін зерттеуде Л.Вайсгербер есімімен тығыз байланысты тағы бір жаңа ұғым – «тілдік тұлға» ұғымы қалыптасты. Г.И.Богин «sprachliche Personlichkeit», «сөйлеуші тұлға» термині Л.Вайсгербер еңбектерінде ең алғаш қарастырыла бастады десе, Ю.Н.Караулов болса, тілдік тұлғаны А.А.Шахматов алғаш болып синтаксистік құбылыс пен құрылымды психологиялық тұрғыдан зерттеді дейді. В.В.Виноградов болса, К.Фосслер тілдік тұлғаны стилистикалық аспектіде зерттеді дейді. Сондай-ақ В.Виноградов тілдік тұлғаны «автор тұлғасы» және «кейіпкер тұлғасы» ретінде қарастырып, екі түрлі ұғымды қалыптастырды [23, с. 183]. А.Леонтьев оны «сөйлеуші тілдік тұлға» ретінде сипаттайды [24, с. 86]. Г. Богин «сөзді өзі шығарып, айтуға және қабылдауға дайын адамды тұлға» деп қарастырып, оған өзінше анықтама берді. Ол тілдік тұлғаның лингводидактика үшін актуалды моделін ұсынды.

Г.И.Богиннің тілдік тұлға моделі тілді меңгеру деңгейіне қарай жіктелген. «Лингводидактикалық модель» деп аталатын бұл деңгейлер былайша сипатталады:

1) жеткілікті лексикалық қоры бар, тілдің негізгі құрылымдық заңдылығын білу, белгілі бір нормаға сәйкес білдіре алатын, мәтінді қабылдай алатын деңгейі анықталатын – **түзулік (дұрыстық) деңгейі;**

2) сөйлеу әрекетінің ішкі жоспарына (ойша жасалған) сәйкес сөйлесе алатын, естігенін түсініп, қабылдай алатындай, білік-дағдыны анықтайтын – **интериорлану деңгейі (қоршаған орта әсері);**

3) фонетикалық, грамматикалық, лексикалық нормаларын сақтап, тілдің көркемдегіш құралдарын шебер пайдаланатын **қанықтық деңгейі (уровень насыщенности)**;

4) сөйлесу барысында (айтылымда, пікір білдіруде) қолданылатын тілдік құралдардың қызметіне қарай бағаланатын – **адекватты (сәйкес) таңдау деңгейі**;

5) тілдік тұлға туғызған мәтіннің мазмұнына және коммуникативті міндеттің барлық кешеніне сәйкестігі ескерілген – **сәйкес синтездеу деңгейі** [25,с. 31].

Қазақ тіл білімінде тілдік тұлға мәселесін көтерген келелі зерттеулерде жоғарыда аталған мәселелер өзекті болды. Ғалым Г. Мұратова «Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі» атты зерттеу еңбегінде: «Қазақ тіл біліміндегі тілдік тұлғаның классикалық үлгісін ұлы Абайдың қазақ әдеби тіліндегі орнын саралау арқылы айқын көруге болады. Тілдік тұлға дегеніміз – ұлт тілі мен мәдениетінен толық ақпарат менгерген тілдік мәдени күзірет иесі. Ол ұлттық, аймақтық, әлемдік мәдениет ақпаратын менгеруіне байланысты деңгейлерден тұрады», – дейді [26,б. 158].

Тілші-ғалым Ж.Ермекова «М.Жұмабаевтың тілдік тұлғасы» зерттеу еңбегінде М.Жұмабаевтың тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік және прагматикалық ерекшеліктерін көрсететін концептілерді, тілдік құралдарды, жеке дүниетанымындағы көркемдік-эстетикалық, рухани құндылықтарды көркем дискурсы арқылы көрсетуді мақсат етеді [27,б. 89].

Тілдік тұлғаның қалыптасуына мынадай алғышарттар болуы тиіс:

- ұлттық тәрбие (отбасылық тәрбие);
- ұлттық тілдегі өлшемдер (қабылданған, қабылданбаған құндылықтар);
- мәдени ақпарат (салт-дәстүр, әдет-ғұрып);
- рухани сана (дін қағидалары);
- үлгі тұтатын тұлғалар (Абай, Шоқан т.б.);
- озық білім жүйесі;
- тектілік интеллектісі.

Міне, осы қасиеттерді бойына жинаған индивид, саналы адам дәрежесінен тұлға, одан әрі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады. Тілдік тұлғаның өзінің болмысына сәйкес қалыптастырған, енгізген сөз саптауы, көзқарасы эталондық сипат дәрежесіне көшеді де, оның тілі зерттеу арқауы бола бастайды. Бұл көбіне тілдік тұлғаның вербалды-семантикалық деңгейінде байқалады [28,б. 185].

«Толық адам» тақырыбын көтерген ұлы Абай: «Әлдебіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дауғасына кіреді», – деп жазады өзінің қара сөзінде (Абайдың қара сөздері). Атақты ақын М.Жұмабаев та: «...адамның толық мағынасымен адам аталуы тіл арқасында», – деп, толық адамның дара тұлғасын қалыптастырудағы тілдің маңызын баса көрсетеді [29,б. 102] Р.Сыздық: «Тіл – адамды тұлға ретінде тәрбиелейтін күш, ана тілі – адамды белгілі бір ұлттың, халықтың өкілі етіп шығаратын құрал», – деп жазады [30, б. 142].

Мәтінде де, дискурста да тілдік тұлға мәселесі басты орын алатыны сөзсіз. Кез келген мәтінді тілдік тұлға жазады. Дискурста да тілдік тұлға түседі. Кейінгі кездері зерттеу жұмыстарына негіз болып келген тілдік тұлға ұғымы кейіпкер мен жазушы тілдік тұлғасы, автор мен аудармашы тілдік тұлғасы арасындағы айырмашылығы мен толық шешілмеген мәселелері бар қарама-қайшылықты құбылыс. Антропоэекті бағытта ұлттық мәдени құндылық ретіндегі ұлттық ділді, ұлттық тілдік мұраны, ұлттық психологияны терең меңгерген жеке тұлғаны зерттеу арқылы әлемнің тілдік бейнесін ашуда түрлі тұжырым жасауға мүмкіндік туады.

Тілдік тұлға дегеніміз – мәтіндерді тудыру және қабылдай алу қабілетін иеленген адам. Ол қабілеті құрылымдық-тілдік күрделілік деңгейімен, шындықты бейнелеудің тереңдігі және дәлдігімен, нақты мақсатқа бағытталушылығымен ерекшеленеді. Тілдік тұлға ұғымына кең ғылыми мағына берген Ю.Н.Карауловтың пікірінше: «Тілдік тұлға – тілді зерттеудің барлық аспектілерін қамти отырып, адамды оның тілінен тыс қарастыратын пәндер арасындағы шекараны бұзып өтетін, ауыспайтын, алмаспайтын идея» [31,с. 48].

Тілдік тұлғаның анализі түрлі деңгейлерде жасалуы мүмкін: қарапайым тілді меңгеру деңгейін көрсететін құрылымдық-тілдік деңгей және оның дамуын, мінез-құлығын басқаратын уәждемелер мен мақсаттарды айқындайтын, оның мәтін тудырушылығын басқаратын және әлемнің тілдік моделіндегі мәндер мен құндылықтар йерархиясын анықтайтын лингво-когнитивтік деңгей. Тілдік тұлға дегеніміз – тілде (мәтіндерде), тіл арқылы көрініс табатын және өзінің негізгі белгілері тілдік құралдар базасында қайта құрылған тұлға. «Тілдік тұлға» ұғымы – адамның сапалық айқындылығын құрайтын физикалық және рухани ерекшеліктері философиялық, әлеуметтанымдық және психологиялық көзқарастар тұрғысынан айқындалатын қоғамдық мәні бар тұтастық ретіндегі пәнаралық термин [32,с. 34]. Жеке тұлғаға сөйлесім туындыларын тудыруға және қабылдауға мүмкіндік беретін тұлғаның психофизиологиялық ерекшеліктерінің кешені сөйлесім тұлғасы болып табылады. Тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолданушы қатысымдық тұлғаның вербалды мінез-құлық ерекшеліктерінің жиынтығы да «тілдік тұлға» ретінде танылады [33,с. 163].

Адамды тілден тысқары зерттеу мүмкін болмайды, тілді жасаушы, қолданушы, пайдаланушы адамға назар аудармай, тілдің шегінен аспай, тілдің өзін тану мүмкін емес. Себебі, адамның бір ауыз сөзін естімейінше, оның қандай адам екені жайлы мәлімет алу мүмкін емес.

Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейінгі дәуірде қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілуіне орай саясат шешен сөзі жаңа бір белеске көтерілді. Бұл кезеңнің саясат сахнасындағы айтулы шешені ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевты, оның тілдік тұлғасын айрықша айтуға болады. Н.Назарбаевтың Жолдауларынан, жоғары деңгейдегі ресми кездесулердегі сөйлеген сөздерінен, тікелей эфир арқылы берілген сауалдарға жауаптарынан оның шешендік өнердің қыр-сырын терең меңгерген, халқының салт-дәстүрін жетік білетін тәжірибелі саясаткер екендігін көруге болады.

Қауымды басқару, елдің сөзін ұстап, жол көрсету қай заманда да жаратылысы бөлек, елден ерек тұлғалардың ғана қолынан келетін маңызды әрі бекзат өнер. Осындай маңызды міндетті атқаруға мүмкіндік беретін саясат шешен сөзі – адамдардың қауымдасып тіршілік кешуімен, мемлекеттің қалыптасу тарихымен тікелей байланысты алқасөздің ерекше түрі. Ел басшысы немесе қоғам қайраткерлері өз мақсаттарын, өзінің көзі жеткен шындығын көпшілікке насихаттауда, пікірлерін халыққа түсіндіруде атақты шешендердің көмегіне, беделі мен өнеріне, олардың жалынды сөздеріне мұқтаж болған немесе көбіне өздері шешендік өнерді меңгеруге ұмтылған. «Сөзің – өзін» дейді халық даналығы.

Сан-салалы қауым тіршілігін басқару, мемлекеттік жүйені құру, мемлекеттік сана қалыптастыру, оның басты қағидаттарын негіздеп, қоғам мүшелеріне түсіндіру үлкен табандылықты, жауапкершілік пен интеллектуалдық әлеуетті, ең бастысы, шешендік қабілетті талап етеді. Миллиондардың мүддесін бір арнаға тоғыстыру, білімі, ұлты мен нәсілі, діни наным-сенімі, тұрмыс деңгейі, әлеуметтік дәрежесі сан алуан мемлекет азаматтарының арман-тілегін баршаға ортақ мұраттарға жұмылдыру, сол ортақ мұраттарды табу талантты да тәжірибелі, беделі көпшілік тарапынан мойындалған көсемнің – тілдік тұлғаның ғана қолынан келеді.

«Сөйлей алмаған адам, мансап жасай алмайды» деген Наполеон сөзінің астарында даусыз ақиқат жатыр. Ойлай білу, сол ойын дәйекті жеткізе білу – саясаткерге қойылатын ең басты кәсіби талаптың бірі. «Алмас қылыш – майданда серік, Асыл сөз – майданда да, сайранда да серік» деп келетін қисын өмірлік тәжірибеден, шынайы болмыстан алынған.

Мемлекеттік деңгейдегі аса күрделі елдің ішкі-сыртқы саясатына, экономикасына қатысты мәселелерді талқылауда қазақ тілін жетік меңгерген Елбасы өзге саяси қайраткерлерге үлгі-өнеге көрсетті.

Нұрсұлтан Әбішұлының саясаттағы сенімді серіктерінің бірі Қ.Тоқаев: «Табиғат Н.Назарбаевқа көптеген маңызды қасиеттерді бере отырып, мырзалық танытқан. Оның ішінде әртүрлі адамдармен тіл табыса білуі де бар... қайран қалдыратын қасиеті – әзілді орнымен айтуы және қабылдай білуі. Кездесулерде әрқашан үлкен саясат әлеміне жақсы танымал екі-үш әзілі табылады. Шетелдік саясаткерлер арасында жоғары бағаланатыны – оның суырыпсалма шешендігі» дейді (<http://anatili.kazgazeta.kz/news/48855>).

Бұл нақты мысалдарға негізделген, сөздің қыр-сырын жетік меңгерген замандасының Н.Назарбаевтың көпшілікті иландыра білу қасиетіне берген әділ бағасы. Елбасының әлемдік саясатта атқарған тағы да бір тарихи миссиясы – БҰҰ мінберінен 2015 жылдың 28 қыркүйегі күні қазақ тілінде сөз сөйлеуі. Бұл төрткүл дүние көз тіккен айтулы саяси шарада қазақ сөзінің тұңғыш рет сөйленуі еді. Тұңғыш Елбасымыздың осы айтулы жиындағы сөйлеген сөзі, күллі әлем жұртшылығын аузына қаратты десек болады. Анық, жарқын дауысы, еш кедергісіз, дірілсіз, сөз қолданысы, тілдік бірліктерді ұтымды қолдануы, ұлтымыздың асыл қазынасы болып табылатын – ана тіліміздің мол байлығын, мақал-мәтелдерді барынша орын-орынымен кірістіре отырып,

майын тамыза сөйлеген сөзі Н. Назарбаевтың саяси тілдік тұлғасын одан әрі айқындай түскендей. Мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, саяси тұлғалардың өзгелерден айырмашылығы – белгілі бір мәселеге қатысты олар тек өздерінің жеке пікірін ғана білдіріп қоймайды, сонымен қатар қалыптасқан жағдайға байланысты ұжымның, мекеменің, мемлекеттік органның немесе тұтастай мемлекеттің көзқарасын, ұстанымын көпшілікке жария етеді.

М.Әуезов айтқандай: «Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» болатын жақсылардың сөзі көптің көзінде мінсіз, толық болуы шарт. Көлденең кісі мін таба алмайтындай, қорғасындай ауыр, оқтай жұмыр, өтімді болуы керек» - деп келетін талабы саяси тұлғаларға тікелей қатысты. Сол себепті, мейлі мемлекеттік шара, мерекелік жиын, жұмыс бабына қатысты жиналыс, саяси мәлімдеме немесе жеке адамдардың той-томалағы, асы болсын лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметшілердің босаңсуына, артық-ауыс сөз айтуына қақысы жоқ. Қандай жағдай болса да, жан-жақты дайын болуы қажет. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекеттік қызметте қазақ сөзінің қадір-қасиетін тереңінен білетін С.Зиманов, Ә.Кекілбаев, М.Жолдасбеков, С.Қасқабасов, Т.Әбдіков, Қ.Сұлтанов, Ә.Асқаров сынды азаматтардың болуы ұлттық идеологияның дұрыс арнаға түсуіне оң ықпал етті.

Осы тұлғалардың арасынан Парламент депутаты, Мәжіліс төрағасы, Мемлекеттік хатшы қызметтерін абыроймен атқарған көрнекті қаламгер Ә.Кекілбаевтың тілдік тұлғасы қазақ саясат шешен сөзінің ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында жаңаша жарқырай көрінді. Түрлі саяси жиындарда, Парламент мінберінде қоғамның көптеген салаларына қатысты айтқан сөздері тарихи танымға, терең талдауға құрылуымен ерекшеленді. Қазақ тілінің ішкі иірімдерін, ырғақты әуезін, бейнелеу мүмкіндіктерін терең меңгерген айтулы сөз зергері өзінің бұлтартпас логикаға, ғылыми қисынға құрылған эпикалық стильдегі сөздерімен кейінгі буынға үлгі-өнеге көрсетті. Кеңінен алып, молынан пішетін Ә.Кекілбаевтың сол кезеңдердегі сөйлеген сөздерінен берілген тарихи мүмкіндікті, келешек алдындағы жауапкершілікті, тәуелсіздік деген ұлы ұғымды терең түйсінген қалпы мен соны айналасына ұғындырсам деген алғаусыз көңілі аңғарылады. Сөздерінен тынымсыз ізденісті, телегей білімді, өткеннің өнегесі мен қажырлы еңбек еткен тілдік тұлғаны жазбай тануға болар еді.

Әбіш Кекілбаевтың 10.12.2015 жылғы Сенатта сөйлеген соңғы сөзі, яғни аузы дуалы, сөзі уәлі қайраткер бақиға аттанардан бір күн бұрын Сенатта болып, әріптестерімен бір жүздесіп, үзенгілес інісі Мұхтар Алтынбаевтың 70 жылдық мерейтой салтанатына қатысқан еді. Абыз аға тұтқиылдан о дүниеге аттанып кететінін ешкімге білдірмеген күйі мінбеге шығып, құттықтауын жолдаған еді. «Қадірлі бауырлар! Біз соғыс тұсын көрген ұрпақпыз. Біз ұшақтан қатты қорқушы ек. «Ұшақ келе жатыр» дегенде бауырына болмысын құшақтап, Әзірейілдің өзі түсіп келе жатқандай қорқатынбыз. Сол үлкен қорқыныштан әліге дейін, біразға дейін арыла алмай жүріп, қазір бәріміз оны ұмыттық. Осы үлкен жолда, үлкен тарихтың әрбір белестері менің көз алдымда жатқан сияқты. 1954 жылы Красноводскіге бардым. Қаланың сыртында

сарыкемік таулар бар екен. Сол таулардан зымырандар ұшып шығып, біраздан кейін барып Каспий жыртылып бара жатқандай жер күңіренеді екен. Бұл қазіргі мына Мұхтарлар отырып жүрген реактивтердің алғаш шыққан кезі болуы керек. Сол кезде қалада шұбырып бара жатқан армяндар, түркімендер, қазақтар тоқтай қалып көкке қарайтын. Одан кейін мен 60-жылдары сол Түркіменияға тағы бардым. Сонда, Байрам Әлидің тұсында «Москва» дейтін совхоз бар екен. Сол совхозға келе жатсақ, алдымызда бір сеңсең бөркі селкілдеп мотоциклге мініп түркімен келе жатыр. Бір уақытта көк төбеден жаңағыдай қырғи құстар құсап күміс қанат самолеттер шыға келді. Сүйтсем, әлгі түрікмен машинасынан тоқтай қалып, біразға дейін қарап тұрды да, басын шайқап-шайқап жіберіп, құйғытып ала жөнелді. Ал одан беріде, тіпті беріде Мары қаласында қазақ прокурорының үйінде отырғанда тағы да сондай күр-күр шықты. Сонда қорадағы балалардың бәрі «Ағалар кетіп барады, біздің ағалар кетіп барады! Ура! Ура!» деп аспанға қарап айқай салды.

Сүйтсем, бір кездегі халыққа қорқыныш болған мамандық үлкен мақтанышқа айналған екен. Және сол күні жаңағы үй иесі кеңкілдеп тұрып күлді: «Біздің мына балалар, осында Түрік ВО-ның үлкен әскери құрамасы бар, дивизиясы бар, сол дивизияның командирі өрімдей жап-жас қазақ жігіті еді. Соны біледі екен. Мыналардың айқайлап тұрғаны, сол кетіп бара жатыр деп қуанып айқайлап жүр» деді. Сол кезде бүкіл Түркіменияны шулатқан, бүкіл Орта Азия әскерлерінде мақтанышқа айналған қазақтың даңқты офицерлері болатын: Сағадат Нұрмағанбетов басқарған, соған Мұхтар ілескен. Солар көп ұзамай өзіміздің ортамызға келді. Сағадат қазақ әскерінің атасына айналды, Мұхтар қазақ аспанының қожасына айналды. Сүйтіп, бірін-бірі толықтырып өсіп келе жатқан екі жігітіміз кейін Қарулы Күштеріміздің үлкен панасына айналды. Сағадат кетті, орнында Мұхтар қалды. Мұхтар бір емес екі рет үлкен министрлікте қызмет істеді. Оның артынан өзінің төл мамандығы – әскери ұшқыштығын әлі тастаған жоқ. Екеуі де Армия генералы атанды. Сүйтіп, қазақ әскерінің қатарға қосылуы, қалыпқа түсуі, қазір енді жер бетіндегі тәуелсіз мемлекеттерінің ішінде әлеуетті үлкен елдердің біріне айналуы – осы Сағадат пен Мұхтардың атына тығыз байланысты деп есептеймін. Бұл ретте көзің тірі болғанымен, өзің жас болғаныңмен, Сенің еңбегінді халық та өлтірмейді, тарих та өлтірмейді. Тәуелсіз Қазақстанның ең үлкен мақтанышының бірі болады деп санаймын. Бір кездегі самолеттен қатты қорқатын халқың қазір сенімен бірге ту-у көкке ұшып жүр. Сен Жерді сонау Аспанға дейін биіктеттің, Аспанды Жерге дейін аласарттың. Екеуінің арасындағы үлкен айырмашылықты жойдың. Бұл халықтың көкейіндегі техникаға деген, самолетке деген үлкен таныс стихиялардың барлығына деген қуаныштарды орнықтырды. Жасың жас! «70 деген жігіттің жасы» дейді, сол өтірік болмады ғой, рас екен, көзіміз көріп келе жатыр! Тепсе темір үзетіндей тегеурінді қалпында тұрсың. Халықтың көз алдындасың. Парламент деген де майдан. Осы майданда нағыз офицердің сөзін сөйлеп, нағыз патриоттың сөзін сөйлеп, халықтың қамын жеп, Отанымыздың құдыретін, намысын ойлап, өмір сүре бер, жүре бер! Осыған тілектеспіз!»...

(https://www.inform.kz/kz/abyz-abish-abish-kekilbaevty-n-senatta-soylegen-songy-sozi-10-12-2015-zh-audio_a2849106/).

Ю.Н. Караулов көркем мәтінге сүйене отырып, тілдік тұлғаның деңгейлік моделін жасап, оның үш құрылымдық деңгейін анықтап көрсетеді: 1) вербалды-семантикалық деңгей (немесе құрылымдық-жүйелік); 2) когнитивтік деңгей (немесе тезаурустық); 3) прагматикалық деңгей (уәждемелік) [31, с. 49]. Тілдік тұлғаны тануда Ю.Н. Караулов жеке дара зияткерлік қасиетін қарастыруды ұсынады да, тілдік тұлғаның бірінші деңгейіне сәйкес тілдік нормадағы бірлігін «нөлдік деңгей» деп атайды. Бұл деңгей – вербалды-семантикалық (семантика-қатарлық, инварианттық) қарапайым сөйлеу тілін меңгеру дәрежесін көрсетеді, сөз тіркесі мен сөйлемнің тілдік жүйедегі қалыптасқан үлгісінен тұрады. Вербалдық-семантикалық деңгейде негізгі бірліктер ретінде сөздер қарастырылады, ал олардың арасындағы қатынас түрлі грамматикалық, парадигмалық және синтаксистік байланыстар арқылы көрініс табады, стереотиптері – стандартты фразалар мен сөйлемдер.

Тілдік тұлға мәселесі соңғы жылдары қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту мәселесіне қатысты зерттеулерде көтеріле бастады. Ересектерге, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді үйретудегі тілдік тұлға мәселесіне қатысты ғалым Б.Хасановтың «Мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасы және тілдік орта» атты еңбегін атауға болады. Ғалым «Мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасы – нақты білім мен түсінік жиынтығын меңгерген, мемлекеттік қызметте өзін сөйлеу іс-әрекетімен танытатын тұлға» деп атап көрсетеді [34, б. 65].

Тезаурустық деңгей – әр адамның танымында, шығармашылығында ұғым, идея, тұжырым бірліктерінен құралатын когнитивтік деңгей. Онда әлеуметке тән релеванттық білімдер мен түсініктердің өзектілігі мен бірегейленуі және ұжымдық немесе жеке когнитивтік кеңістік тудыруы жүзеге асады. Бұл деңгей тұлғаның білім, сана, танымын бейнелеген мәтіндері негізінде қалыптасқан, мәтін түзуші, мәтін және мәтін қабылдаушы тұтастығынан тұратын дискурсын танытады. Мәтіндер арқылы көрінетін тілдік тұлға феномені – психикалық, әлеуметтік және этикалық, эмоциялық компоненттерден тұратын күрделі құрылым. Тілдік тұлға болмысы оның дискурсы арқылы анықталады. Яғни қазақстандық тіл үйренушінің тілдік тұлғасының қарым-қатынас барысында таңдайтын коммуникативтік стратегиялары мен прагматикалық ниеті оның психологиялық, эмоциялық күйінен, сөзі бағытталған адресатпен достық қатынаста, пікірлес, мүдделес немесе керісінше болуынан байқалады.

Тілдік тұлғаның басым қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, идеалдарын бейнелейтін неғұрлым маңызды концептілері оның тезаурусында соғұрлым кеңірек көрініс табады. Тезаурус дегеніміз – біріншіден, жиілігі бойынша реттелген сөздік, екіншіден, осындай сөздіктің негізінде айқындалған тілдік тұлғаның өзіндік бір ғалам бейнесінің суреті. Ол сурет тілдік тұлғаға тән ғалам бейнесі үзіктерімен тікелей байланыста болатын концептуалдық құрылымға негізделеді. Концепт – көп компонентті, күрделі когнитивті құбылыс, тілдік тұлғаның тілдік-когнитивті деңгейлерінің негізгі бөлшегі, әлемнің шындық

немесе көркемдік негізін көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын айқындаушы бірлік. Адам санасындағы дүние бейнесі концептілердің көмегімен сөз арқылы таңбаланып, жарыққа шығады, вербалданады. Оның құрылымын орталық нүктесі, яғни өзегі бар және сол өзек маңына топтасқан білімдер, тұжырымдар, түсініктер мен ұғымдар, ойлар, қиялдар, болжамдар, ассоциациялардан тұратын өріс түрінде елестетуге болады. Осы бағыттағы адам танымының үдерісі оның сол әлемде қандай бағдар ұстанғанына байланысты. Концептілік өріс құру арқылы белгілі бір концепт шеңберіндегі ғаламның тілдік бейнесі сипатталады. Концепт ұғымын лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан ерекшеленетін ментальды көрініс ретінде айқындау гуманитарлық, оның ішінде лингвистикалық білімнің антропоэзектік парадигмасының қалыптасуындағы заңды қадам болып табылады.

Үшінші – жоғары прагматикалық деңгей – тілдік тұлғаның сөйлеу тілін, мәтін жасалымын түзуге себеп болатын мақсат, уәж, мүдде мен нұсқауын қамтыған уәждік деңгейі. Бұл деңгейде тілдік тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін уәждемелер мен мақсаттар прагматикалық болмыста іске асады. «Тұлғаның сөйлеу тілін, мәтін жасалымын түзуге себеп болып тұрған уәждер, мүдделер, мәндер мен құндылықтар сөйлеушінің тілдік моделінде көрініс табады [35,б. 42].

Жоғарыда айтылғандарды түйіндейтін болсақ, тілдік тұлғаның толыққанды қалыптасуы алдымен лингво-когнитивтік немесе тезаурустық деңгейден басталады. Осы деңгейде әлемнің тілдік бейнесі қайта жасалынуы, мәндер мен құндылықтардың иерархиясы білінуі мүмкін. Уәждемелік деңгей лингвистика шеңберінен тыс шығып кетеді, алайда, нақ осы деңгейде тілдік тұлғаның белгілері айқындала бастайды. Тілдік тұлғаның осы аспектісінің жүйе құрушылық әсерінің арқасында вербалды-семантикалық және тезаурустық аспектілер тұлғалық деңгейде әсер ете бастайды. Сонымен «Тезаурустық деңгейде тұлға «субъект» ретінде, ал вербалды-семантикалық деңгейде – «индивид немесе жеке адам» ретінде көрініс табады» [36,с. 31].

Тіл арқылы адамның ішкі жан-дүниесі, мәдениет деңгейі, білімі, сана-сезімі көрініс табады, яғни «Тіл – адам рухының айнасы десек, ең алдымен ол айнада концептісі мәдениет константы қатарын құрайтын адам тұлғасы көрініс табады» [37,с. 57]. Тілдік тұлға ұғымы тұлғаның жеке дара сана-сезімі және дүниеге көзқарасы мен тілдің өзара байланысын білдіреді. Кез келген тұлға өзін және өзінің субъектілігін заттық іс-әрекеті арқылы ғана емес, сонымен қатар тіл мен сөйлеусіз жүзеге асырылуы мүмкін болмайтын қарым-қатынас арқылы да көрсетеді. Адамның сөзі оның ішкі әлемін танытады, оның тұлғалық қасиетін танытатын мәлімет көзі қызметін атқарады. Сөзге құндылық сипат беру, бере алмау қабілеті тілді қолданушының ішкі дүниесінің дәрежесіне байланысты.

Прагматикалық деңгейде тілдік тұлға қоршаған ортамен тығыз байланысты және оған тәуелді болып келеді. Бұл объективті қажеттілік оның психикасында көрініс табады. Қажеттілік қызығушылыққа, ал қызығушылық идеалға айналады. Адам тұлға болып тұмайды, тұлға болып қалыптасады.

Тұлға өзге адамдармен, әлеуметтік институттармен қатынаста, әлеуметтік байланыстар жүйесінде танылады. Тілдік тұлғаның мәні қарым-қатынас құндылығы деңгейінде ашылады.

Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулерде қарастырылып жүрген жаңа бағыттың бірі тіл мен мәдениет байланысына арналған. Көптеген зерттеу еңбектерінде тілдегі ұлттық танымды, ұлттық рухты, ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған жұмыстар сөз болып келеді.

Тіл – мәдениетті танытушы құрал ғана емес, тілдің бойында оның (мәдениеттің) арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш. Ұлттық мәдениеттің тірегі тілде. Қазақ халқының этностық, ұлттық мәдениеті, негізінен, тілде көрініс тапқан. Осы орайда тіл – ұлттық болмысымен қалыптасқан төл мәдениетіміз сақталған негізгі көздердің бірі екенін айтады.

Тілді динамикалық құбылыс ретінде қарастыру, оның қоршаған әлеммен де, адамдық факторлармен де сабақтастығын зерделеу қазіргі қазақ лингвистикасының ұлттық сипатымен қатар, әлемдік лингвистика деңгейіне көтерілер биігін де айқындауға септігін тигізіп келеді. Осыған орай, қазақ тіл білімінің концептуалдық қоры мен әдіснамалық негізі де құнды зерттеулердің дүниеге келуін қамтамасыз етер алғышарттар қатарын құрауда. Қазақ топырағында қалыптасып, ғылымдар тоғысында шешімін тауып келе жатқан тілтаным теориясының ғылыми негізде дәйектелуі де сол үзілмес байланыстың белгісі болып табылады. Тіл табиғатын адам болмысымен, оның қимыл-әрекетімен ұштастыра талдаған қазақ тілшілерінің тіл мен таным ұғымдарына назар аударуын, олардың тоғысуынан бастау алатын ережелерге мән беруін де заңды сабақтастықтың нәтижесі деп бағалаған дұрыс, өйткені шынайы өмірді қабылдау, оның қыр-сырын ой таразысынан өткізе пайымдау, соның салдарынан жинақталар ақпараттар мен мәліметтерді жадыда сақталар қор ретінде жүйелеу – барлығы тілдік бірліктердің болмысын ішкі және сыртқы әсерлер тұрғысынан талдауға мүмкіндік береді. Сөйтіп, құрылымдық принциптер логикалық және танымдық қағидаларға ұласып, тіл ғылымының өрісі кеңейте түспек. Бұл күні қазақ тіл білімінің танымдық бағытын зерделеу, оның себеп-салдарын айғақтау, ғылыми-теориялық ұстанымдары мен ұғымдық бірліктерін жүйелеу әрі когнитивтік парадигма негіздерін анықтау өзекті тілдік мәселелер ретінде күн тәртібіне еніп келеді. Қазақ лингвистикасының тарихын тілтаным теориясының қалыптасуымен байланыстыру, соның негізінде жекеленген тұлғалардың тілтанымдық тұжырымдарымен танысу, сол арқылы қазақ халқының төл қазынасын құрайтын құндылықтарына зер салу, оларды зерттеу нысанына қарай арнайы бағыттарға топтап қарастыру – барлығы дерлік қазақ тіл біліміндегі когнитивтік ұстанымдардың бастамасын зерделеуге, олардың негізін әлемдік қордың бір бөлшегі есебінде бағалауға көмектеседі, яғни қазақ тіл білімінің тарихи негізінен бастау алатын тілтаным теориясы уақыт сұранысынан туындай келіп, қазіргі жалпы лингвистиканың өзекті мәселесіне айналғаны көпшілікке мәлім. Адамзат тіршілігінің ең басты құралы деп танылатын тіл болмысына зер салу, сөз мағынасын халықтық таным

тұңғышынан өрбіту, тіл тарихын адамның қабылдау, пайымдау, ойлау тарихымен ұштастыру, дәстүр мен жаңашылдық үдерістерін танымның динамикалық табиғатымен үйлестіру, сол арқылы универсалды, яғни барша жұртқа ортақ ұстанымдарға қол жеткізу қазақ тілінің өрісін кеңейтуге, өркениетті мемлекеттің қоғамдық-әлеуметтік мүмкіндігін арттыруға әсер етері хақ. Демек, бүгінгі тіл ғылымының атқарар қызметі де, жол бастар соқпағы да айрықша. Оған дәлел – тілтанымдық тұжырымдар, бір жүйеге келтірілген универсалды қағидалар, топталып берілген когнитивтік ұғымдар мен бағыттар парадигмасы.

Таным негіздерін, оның өзге құбылыстармен байланысын зерттейтін ғылымның өзі әр түрлі салаларға жіктелетіндіктен, аталмыш ұғымның аясы да ғылыми тұрғыдан әркелкі түсіндіріліп келеді. Когнитивтік лингвистика – ғаламның тілдік бейнесінің концепциялары тұрғысынан тіл білімін жүйелеу мен құрудың құралы. Когнитивтік қызметтен тілдің танымдық, затдеректік (денотаттық), референция қызметтері бірге танылады. Когнитивизмнің басты зерттеу нысанасы – адамзаттық когниция. Когниция – бұл танымның өзгеше сипаты, ол адамды қоршаған шынайы болмыс туралы жан-жақты мәлімет беретін, сезім, қиял, қабылдау, ақыл-парасат сияқты әрекеттермен бірлікте дамитын құбылыс ретінде айқындалады. Демек, адамның когнитивтік әлемі оның ойлау әрекеті мен тәжірибесі арқылы анықталады.

Когнитивті терминдер сөздігінде танымдық тіл ғылымында адамзат тілін жалпы хабарды ұсынуға, оны бір күйден екінші күйге ауыстыруға мүмкіндік беретін таңбалар жүйесі, таным механизмі әрі құралы ретінде қарастыратын лингвистика саласы деген анықтама берілген. Психолингвистикамен тығыз байланыста бола отырып, когнитивті лингвистика сана, қабылдау, сыртқы ортамен үздіксіз қатынаста болу, тану, бақылау, пайымдау секілді проблемаларды ұғым, семантика тұрғысынан талдап көрсетуге бағытталады.

Қазақ тілін когнитивтік зерттеуге арнаған алғашқы жұмыстардың бірі ретінде Қ.Ә.Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясын атауға болады. Бұл жұмыста тілдік сана құрылымы, гештальт теориясы, тілдік сана және мәтін құрылымы, тілдік модельдер, мұң концептісі т.б. когнитивтік мәселелер қарастырылған [35, б. 87].

Когнитивтік лингвистиканың негізі толық қаланып болмаса да, бүгінгі таңда бір жағынан онда көбінесе когнитивтік грамматика, когнитивтік лексикология айқындалса, екінші жағынан, семантика саласында когнитивтік фактілердің түрлі варианттары – прототиптік семантика, концептуалды семантика, фреймдік семантика, процедуралық семантика орын алады [38, б. 59].

Профессор Ж.Манкееваның «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты мақаласында М.Бирвиш, Хомский, Лакофф, Коок, Г.В.Колшанский, Ю.Д.Апресян және тағы басқалардың есімдерімен байланысты когнитивтік лингвистиканың пайда болуы мен дамуына қысқаша шолу жасалады [39, б. 28].

Өзіміз байқағандай, қазақ және салыстырмалы тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың түрлі мәселелері мен проблемаларын зерттеу белсенді түрде жүргізілуде, екі не одан да көп нәрселер мен құбылыстардың артық-кемдігі сарапқа салынууда, өйткені когнитивтік әдіс тілдің адаммен, оның ақыл-ой, рухани жағынан күшті дамуымен, барлық ойлау және ақиқат дүниені, өмірді танып білу жөніндегі білім процестерімен, сондай-ақ соның негізін құрайтын механизмдер және құрылымдармен алуан түрлі байланысындағы тілдің жарқын болашағын көре білуге жол ашады.

Әр адамның қоршаған орта, құбылыстар, іс-әрекеттер, мінез-құлық туралы түсініктері әртүрлі болады. Бұл жайында Б.Қасым: «Қоршаған ортаны түрлі адам бірдей қабылдап, таниды деп айту қиын. Әр адам өзінше танып, өзінше қабылдайды және ол сол адамның белгілі тәжірибесіне, қабілетіне, біліміне, ерекшелігіне байланысты», – деген еді [40,б. 78].

Әркім іс-әрекеттерге, мінез-құлыққа, құбылыстарға өзінің ойлау өресі жеткенше, өз түсінігі шеңберінде баға береді. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдар келтіре кетейік. Мәселен, «құралайды көзге атқан» деген тұрақты сөз тіркесі адамның мергендігін, яғни бағытталып айтылған адамға жағымды баға беріп, мақтау мәнінде қолданылады. Сол сияқты «төрт түлігі сай адам» немесе «мал біту» деген сөз тіркестері байлық, бай, баю мағыналарын береді. Бұдан қазақ халқы байлықты төрт түлік малмен өлшегендігін көруімізге болады.

Қазіргі лингвистикада когнитивті бағытқа сай нәтижеге жету үшін төмендегідей міндеттер қойылады:

1. Ғаламды тану мен пайымдау, іс-әрекеттің даму барысы.
2. Ғалам туралы ақпарат алу, қайта өңдеу және беру процесіндегі тілдік білімдер.
3. Білімді концептілеу мен категориялау процестері, мәдениет тұрақтылығын тілдік тұрғыдан категориялау мен концептілеудің құралдары мен тәсілдерін суреттеу.
4. Концептілік аймақты ұйымдастыратын және оның мүшеленуінің негізгі болып табылатын әмбебап концептілер жүйесін суреттеу.
5. Ғаламның тілдік бейнесі мәселелері.

Сонымен, когнитивтік тіл білімі тілдік құбылыстар арқылы концептуалдық жүйені де зерттейді. Концепт сөздерінің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады. А.Исламның айтуынша «әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Әр қоғамдық даму кезеңдерге сәйкес тіл және мәдениет иелерінің абстрактілі концептілерді танып-түсінуде өзгерістер болғанымен, негізгі дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады» [41,б.187].

Бағалаудың концептуалдық құрылымын анықтау барысында қазақстандық белгілі философ Д.С.Раевтың қазақ халқының дүниені танып білу әдіс-тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері, ұлттық дүниетанымы, әдеп және адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы туралы философиялық

пайымдауларын, С.К.Сәтенованың қазақ тіліндегі жануарлар атауларымен байланысты фразеологизмдердің сипаттамасы туралы айтқан тың ойларын негізге алдық. Д.С.Раев атап көрсеткендей, табиғат – көшпелі қазақ халқының дүниетанымының, адамгершілік, әдептік пайымдауларының түп негіз бастауларының бірі болып табылады, себебі қазақ ұлты мал шаруашылығымен айналысып, жаз жайлауға, күз күзеуге, қыс қыстауға, көктем көктеуге көшіп-қонып, табиғат аясында өмір сүргендіктен оның сырын жақсы біледі деп айта аламыз [42,б. 105]. Бұған дәлел – қазақ халқы адамның жағымды және жағымсыз мінез-құлықтарын табиғаттың алуан түрлі құбылыстары мен қоршаған ортаға баламалай отырып сипаттама беруі. Мысалы, бейқам адам - жағасы жайлау, төбесі қыстау; адал -судан таза, сүттен ақ; мақтаншақ -жел өкпе, көбік өкпе; қатал -тастан қатты; мейірімсіз - тас жүрек, тас бауыр; сұлулық - айдай аузы, күндей көзі бар; тез, шапшаңдық - жұлдыздай ағу; қара құйын т.б. «Қалжың құмар жел өкпе жігіттер өздерінің тілегін орындамай кетпейтіндерін айтып, тұрып алғаны» (І.Есенберлин). «Әрине, әкем бұл пәниден қателеспей, сүттен ақ, судан таза өмір кешуде десем, онда ол тіпті де адамнан гөрі періштеге ұқсар еді» (О.Бөкей). «Дос Керейден алған қызы ай мен күндей сұлу шығар, көрелік» деп алдынан шықса... (О.Бөкей).

Мына - жүрек, мына - көз, мына баста,

Ненің барын біледі мына қасқан...

Сезгіштігін білдіріп алам ба деп,

Тас жүрегін жасырар қына басқан (М.Мақатаев). Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай, қазақ халқы адамның жақсы мінездерін табиғаттың жанға жайлы құбылыстарымен салыстыра отырып бейнелесе, теріс мінез-құлықтарын табиғаттың сүрең құбылыстарымен сипаттаған.

Қазақ халқында бағалау барысында адамның мінез-құлқының жақсы-жаман жақтарын жан-жануарлар мен қазақтар үшін тіршілік көзі болған төрт түлік малдың жақсы-жаман мінездерімен салыстыра отырып сипаттау басым.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, адамның мінез-құлқының жақсы-жаман жақтары жан-жануарлармен салыстырыла отырып сипатталғанын байқауға болады. Яғни қазақ халқының төрт түлік малдың жағымды-жағымсыз мінездерін адамның жағымды-жағымсыз мінез-құлықтарымен баламалай отырып бағалау жүйесін қалыптастырғандығын, сонымен қатар ұлттық тәрбие жүйесін жасағандығын да көруімізге болады.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында ғылымда, оның ішінде тіл ғылымы саласында болған төңкеріс ғалымдардың назарын антропоцентристік бағытқа бұрғаны мәлім. Антропоэзектік бағыттағы соны ізденістер «Әлем көрінісін» тілмен байланыста қарау арқылы адам табиғатын тануды мақсат етеді. Кезінде В.фон Гумбольдт ілімдерінен бастау алған «Әлемнің тілдік көрінісі/моделі» ұғымы ресейлік және қазақстандық ғалымдардың зерттеу еңбектерінде кең қолданысқа түсті. «Әлем бейнесін» тілдік бірліктердің, Яғни атаулардың көмегімен түсіну адамның, сол арқылы этностың басқаға ұқсамайтын қасиеттерін ашу, таным дүниесінің қырларын анықтау арқылы дүниені тану ерекшеліктерін бағалау болып табылады. «Әлем бейнесі»

жалпыға ортақ болғанмен, әр халықтың қабылдау ерекшеліктері түрліше болады. Ол міндетті де. Ұлттық қалып, ұлттық шеңбер аясында әр ұлттың басқаға ұқсамайтын тілі мен ділі, ойлау жүйесі, тарихы мен мәдениеті, яғни дүниетанымы, бар. Өмір, қоршаған дүние туралы ой-пікір, көзқарас – халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінің жемісі. Санада әбден қорытылып, уақыт елегінен өткен ұғым-түсініктер, наным-сенімдер, әдет-ғұрып, салт-сана, тәлім-тәрбие «әлем бейнесін» қабылдаудағы басты сүзгі, ұстаным болмақ. Адам, оның санасы – ешбір ғылым түпкілікті зерттеп бола алмайтын күрделі де жұмбақ феномен. Адам санасы бір ғана сәтте заттың не құбылыстың барлық жақсылы-жаманды қасиеттерін сүзіп шығып, алуан түрлі қасиеттерінің ішінен біреуін ғана атауға негіз болады. Ол қасиет ұлттың ментальдық ерекшелігін көрсететін дүниетанымына, аялық біліміне байланысты.

«Тіл – ойлау – объективті шындық» ұштағаны субъективті шығармашылық қызметпен тікелей байланысты. Қазақ этносының «әлем бейнесін» қабылдаудағы ерекшеліктері ұлттық санамен тікелей байланысты. Ұлттық сананың құрылымы, мазмұны әлеуметтік жағдайдың ықпалымен қалыптасады, қоғамның әлеуметтік ұжымы мен нақты субъектілердің тұлғалық жеке санасының ара қатынасынан туындайды.

Қазақ халқының жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына кіретін асыл мұрасы – ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, ұлттық болмыс-бітімі.


Тіл тарихы мен тіл табиғатының мәдениетпен тығыз байланыстылығын, сабақтастығын зерттейтін лингвомәдениеттанудың қалыптасу кезеңі – ХХ ғасырдың орта шеніндегі ғылыми аренада пайда болған дәстүрлі дербес ғылымдар тоғысы үрдісімен байланыстырады.

ХХ ғасырдың соңғы он жылында қауырт қарқынмен дамып, дербес ғылым саласы деңгейіне көтеріле алған лингвомәдениеттану ғылымы жоқ жерден пайда бола салмағаны белгілі.

Бұл бағыттың іргетасы В.Гумбольдт, Я.Гримм, Ф.Соссюр, Р.Раск, Э.Сепир, Б.Уорф, А.Потебня, Г.Штейнталь, т.б. ғалымдар еңбектеріндегі ой-тұжырымдарымен қаланған еді.

Тіл мен мәдениет сабақтастығы мәселесі Ш. Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұбанов, М.Әуезов, т.б. белгілі қазақ ғалымдарының назарынан тыс қалмаған мәселе.

Лингвомәдениеттанудың басты нысаны – мәдени ақпараттарды өз бойына сақтаушы және келер ұрпаққа жеткізуші, жалғастырушы болып саналатын тіл мен тілді пайдалана отырып жасаған ұлт мәдениеті арасындағы өзара қарым-қатынас болып табылады.



Сурет 1 – Лингвомәдениеттанудың негізгі ерекшеліктері

Лингвомәдениеттанудың зерттеу объектісі – мифтік-танымдық және этномәдени мазмұнға ие тілдік бірліктер. Яғни тілде бекіген мифологемалар, архитептер, салттар мен дәстүрлер, рәсімдер мен жөн-жосындар – тілдің паремиологиялық және фразеологиялық қоры, сөз-символдар, сөз-эталондар, метафоралар мен сөз бейнелер.

Лингвомәдениеттанудың негізгі мақсаты ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін зерделей отырып, ұлттық тіл және тілдік процестер арқылы тіл иесінің материалдық және рухани мәдениетін таныту, әсіресе мәдениеттің тілдік жүйеге әсерін, яғни мәдени факторлар мен адам бойындағы тілдік факторлардың байланысын зерттеу болып табылады.

Тіл – адам баласының ой-санасында танылған әлемдік бейненің, болмыстың ұғымдық белгісі. Адамзат тіл арқылы табиғаттағы барлық заттар мен құбылыстарға атау береді. Ұлттық таным мен тілдің бірлігі, байланысы осы жерде тоғысады.

Мәдениет пен тілдің байланысы мазмұн мен форманың байланысы тәрізді. Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мазмұны. Осы тұрғыдан алғанда тіл мен мәдениетті бір-бірінен бөлінбейтін тұтас бір дүние деуге болады [43,б. 9].

Мәдениеттің алғашқы атауы ғылыми әдебиетте Э.Тейлорға қатысты, ол мәдениетті адамның қоғам мүшесі ретінде алған білім, діни таным, өнер, заңдар, мораль, әдеп және басқа қабілеттер мен дағдыларды ендіретін кешен ретінде бағалады.

Қазіргі таңда мәдениеттанушы ғалымдар мәдениет ұғымы мен анықтамасына көптеген тәсілдерді жатқызады:

1. Сипаттамалық
2. Құндылық
3. Әрекеттілік
4. Функционалдық
5. Герменевтік
6. Нормативтік
7. Рухани
8. Диалогтық
9. Ақпараттық
10. Рәміздік
11. Типологиялық

Мәдениет тілдік даралықтың мәнін қалыптастырып, ұйымдастырады [44,с. 85].

Жоғарыда айтылған ақпараттарға сүйене отырып мынадай анықтама шығаруға болады. Лингвомәдениеттану – этнос мәдениеті мен сол тілде сөйлеуші халықтың мәдени-тілдік деректерін сипаттайтын, ұлт мәдениетін өз лексикасы арқылы басқа этносқа танытатын, ұлттық рух пен ұлттық тілдің туын көтеретін, халықтың тіл байлығын тек болмысы арқылы өз тұғырына жеткізіп келешекке танытатын, этнолингвистикамен тығыз байланысты, ұлттық рух пен тіл арасында өзіндік жолы бар, тілді мәдениет арқылы танытудағы бітімімен басқа тіл ғылымдарынан ерекшеленетін, қоғамдық-әлеуметтік сипаты бар кешенді ғылым.

Адамзат тілі ежелгі дәуірден-ақ таным құралы ретінде дүниені танып білуге, санада сәулеленген ұғым-түсініктерді жарыққа шығаруға қызмет етіп келеді. Адамзаттың алуан түрлі танымдық ұғым-түсініктерін оның тілдік танымынан ажырата қарауға болмайтындығы жөнінде аз айтылып жүрген жоқ. «Адамзат дүниетаным, ең әуелі, саналы әрекетпен – ойлаумен тікелей байланысты ойлау әрекеті, оның сезімдік негіздерімен, адами бітім-болмысымен қоса, дүниетанымдық творчествосының бастау көзі» [45,б. 9]. В.Н.Топоров адамдар санасында тіл арқылы танылған дүние ғана мәңгі өмір сүретіндігін айтады: «Освоение – усвоение мира языком происходит таким образом, что в конечном счете считается то и только то, что освоено – усвоено себе языков» [46,с. 305].

Танымдық-философиялық ұғым-түсініктермен көбіне басқа ғылым салалары айналысатын да, ал тіл ғылымы таза тілдік құбылыстарды ғана қарастыратын.

Дүниетаным теориясында осыдан 2500 жылдай бұрын Аристотель негізін салған дәстүрлі логика зерттейтін дұрыс ойлау заңдары мен формаларының мәні зор. Бүкіл адамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі болып саналатын дұрыс ойлау мәдениеті – шешендік өнерде басты шарт.

Дүниені тіл арқылы танып білуде ең негізгі объекті болып табылатын, сөздердің жасалуына негіз болатын логикалық заңдар туралы айтыла бермейді.

Адамзат баласы дүниедегі барша зат, құбылыс атаулыны белгілі бір ұғымдар арқылы тани алатынын мойындасақ, оның ойлау процесі арқылы жүзеге асатынын ұмытпауымыз керек.

Ойлау дегеніміз, ең алдымен, шындық дүниенің адам миында бейнелденуі болып табылады. Ол, біріншіден, ұғым арқылы бейнеленген дүниетанудың нәтижесі болса, екіншіден, дүниені тереңірек, толығырақ танып білудің құралы. Өйткені заттар мен құбылыстардың сезім мүшелері арқылы танып білуге болмайтын ішкі қасиеттерін, мәні мен сырын тек ақыл ойға салып, ой қорытындылар жасау арқылы ғана танып біле аламыз.

Шындық дүниедегі көрнекі бейнелерді жалпылап, нәрселердің ішкі қасиеттерін, табиғат қоғамның заңдылықтарын абстрактылы ойлау арқылы танып біледі. Абстрактылы ойлау дүниетанудың екінші, жоғары сатысы болып табылады. Сезімдік танымға қарағанда ойлау дүниені тереңірек және толығырақ танып білуге мүмкіндік береді. Мысалы, әл-Фарабидің мына пікіріндегі:

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О жаратқан, көп күткен ақымағың,
Құм сияқты тез ысып, тез суынар [47,б. 32].

Құмның ысып, суынуы күннің жылуына байланысты болатыны сияқты, адамның да көңілі жанды толқытар сәттерге байланысты болатындығына ойлау арқылы көз жеткізген. Ойлау сезім мүшелерінің көмегімен алынған мәліметтерге сүйенеді. Сезімдік танымның нәтижесі логикалық танымға өтудің алғышарты болып табылады. Мысалы, Жиреншенің:

Ағын судың өлгені –
Алты ай қыста қатқаны.
Асқар таудың өлгені –
Басын бұлт жапқаны.
Ай мен күннің өлгені –
Еңкейіп барып батқаны.
Қара жердің өлгені –
Қар астында жатқаны.
Дүниеде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,

Ғалымның хаты өлмейді, – деген шешендік сөздерінде ақиқат туралы білім сезімдік танымның қабылдауына ағын судың қатуы, ай мен күннің батуы, таудың басын бұл басуы, т.б. негізделген абстрактылы ойлау жинақтаудың арқасында шындықты барынша тереңірек танып біледі. Ойлаудың нәтижесінде сезім мүшелерімен алынған белгілі ұғымдардан ой қорытындыларын жасау арқылы жаңа пікір қорытып шығарылады [48,б. 47].

Сезімдік танымның жоғары формасы болып табылатын елестету – бұрын қабылданған, ал дәл қазір сезім мүшелерінің алдында жоқ нәрселердің көркемдік бейнесін қайта жаңғырту процесі. Қазақ тіліндегі күрделі атаудың ішкі мағыналық құрылымы мен лексикалық мағынасының арасындағы

тәуелділікті зерттеген Б.Қасым: «Адам заттар мен құбылыстарды танып білу нәтижесінде жаңа атаудың өзіне ғана тән белгіні дүниетанымына байланысты белгілеуі атаудың ұғымдық белгісі болып саналады. Ұғымдық, танымдық белгі адам санасында қалыптасқан өмірде бар заттар мен құбылыстарды ұқсату, елестету арқылы таңдалынып, жаңа атау жасалуына арқау, өзек болады» [49,б. 32]. Шешендерге берілетін анықтамада «сөзі мірдің оғындай» тұрақты тіркесінің бойындағы ауыс мағына көздеген жерден дәл шаншылған садақтың оғын көзге елестетуден туындаған. Ә.Нұрмағамбетов «мір» сөзін арабтың «әмир (әкім, бастық мағынасындағы)» деген тұлғасынан қысқарған, – дейді [50, б. 124].

Адамның миында қандай ой пайда болмасын, ол тілдік материалдың негізінде ғана туындап, іске асады. Тіл – ойды білдіретін таңбалар жүйесі. Тілдегі кез келген сөз дыбыстардың қосындысы немесе таңбалардың жиынтығы ретінде материалдық нәрселерге қолданғанда ғана мағынаға ие болады. Тілдік белгі кез келген заттың, нәрсенің мазмұнын білдіретін болғандықтан ғана қатынас құралы ролін атқарады» [51,б. 3].

Тілдік белгінің заттық мәні оның мазмұнымен, яғни қандай ойды білдіретінімен тығыз байланысты. Белгінің мәні жайында сөз болғанда, ол белгінің белгілі бір затқа (объектіге) қатысын ғана айтып қою жеткіліксіз, ол заттың белгілі бір қасиеттерін іріктеп танып білуден туындаған семантикалық мәні өзара түсіністікке құрылған тілдік қатынасты құрайды.

Біздіңше, сонымен қатар тіл – мәдени мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырушы құрал. Тілші-ғалым Ә.Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі. Оның екінші қызметі – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне тікелей байланысты. Ал тілдің үшінші бір қызметі, ғылыми терминмен айтқанда, аккумулятивті қызметі деп аталады. Ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сөйтіп оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын қасиеті тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен содан іздеуіміз керек» дейді. Олай болса, мәдениет пен тілдің бір-бірімен байланысы күрделі, өте тығыз. Мәдениет адам қолымен жасалатын материалдық құндылық болғандықтан, ол таза табиғи үдеріс ретінде таныла алмайды. Себебі тіл адам баласына берілген рухани құндылық. Бір қырынан алғанда, мәдениет пен тілдің байланысы мазмұн мен пішіннің байланысы секілді. Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мазмұны. Сондықтан да, тіл мен мәдениетті бір-бірімен бөліп қарауға болмайтын құбылыс деуімізге болады.

Тіл қоғамдық үдеріс болғандықтан, антропонимия саласындағы сөздер де қоғамның өсу, дамуымен байланысты өзгеріп, мағыналық тұрғыдан жаңарып

отырады. Антропонимдердің құрамында көне дәуірден келе жатқан ескі атаулармен бірге жаңа кезеңде пайда болғандары да басым болып келеді. Антропонимдер бойында жеке сөздер тарихы ғана емес, халық тарихы, халық этнографиясының қат-қабат іздері, ұлттық мәдениет жатыр.

Ономаст-ғалым А.Жартыбаев: «Бүгінгі таңда тіл білімінің дамуы түрлі бағыттармен ерекшеленуде, яғни лингвистика бірнеше бағыттағы лингвистикалық зерттеулер ағымдарын біріктіретін антропоцентристік ұстаным арқылы өрісін кең жайып, даму үстінде. Тіл бірліктерінің сан салалы қызметін, лингвомәдени табиғатын, тілдің санамен, таным үрдістерімен байланысын, көрінісін адаммен, яғни белгілі бір этникалық қауым өкілімен қатысты қарастыру қазіргі тілтанымның басты, үстем бағыты, ұстанымы екендігі анық» деп жазады [52,с. 9].

Тілді ішкі жүйелік талдаудан антропоэлектік талдауға көшу ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы тіл білімінің ерекшеліктерінің бірі болып табылады, өйткені тілдік құбылыстарды зерттеуде лингвистика тек қана тілдік, атап айтқанда адамдардың бір-бірімен пікір алысып өзара түсінісуі, дыбыстық, сөз құрамы және грамматикалық тәсіл жүйесімен шектеліп қала алмайды. Қазіргі лингвистикалық зерттеулер объективтік шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға тән ең жоғарғы формасы оның ақыл-ойы, санасы, ойлауы, рухани ішкі дүниесімен тығыз байланыста зерттеуге бағытталады. «Адам және тіл» өзекті мәселе, өйткені тілді адекватты зерттеу ісі тілдің өз шеңберінен шығып, табиғат пен қоғамдағы белгілі бір ортада өмір сүретіндердің тобына жүгінгенде ғана толық мүмкіндікке ие болмақ» [53,б. 158].

Иә, әрбір атаудың мән-мағынасында халқымыздың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, ырымы, наным-сенімі, т.б. жатқандығын көреміз. Мұның өзі қазақ халқының «ғаламның тілдік бейнесін» жасаудағы танымдық ой-пікірін, дүниеге көзқарасын, болмыс-бітімін танытады. Ғаламның тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әртүрлі болуы этностың тәжірибесімен, білімімен байланысты екені сөзсіз. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады. Оның тілдік бейнесі, ұлттық рухани болмысы әр халықта әртүрлі.

Ғалам бейнесін салыстыра талдау арқылы этностың (халықтың) ұлттық мәдениетінің, ұлттық дүниетанымының айырым тұстары мен тоғысар арналары танылады. Тілдік ұжым мүшесі жеке адам өз тіршілігінің әр сәтін ой елегінен қайыра өткізіп, өзінше ой түйіп, қорытынды жасағанда өзі өкілі болып отырған тіл иесі халықтың (этностың) ғасырлар бойы сұрыптап жинаған білімін санасына өлшем етеді. Зерттеуші Г.Сағидолла ғаламның тілдік бейнесінде халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі, жөн-жосығы сияқты ұлттық-мәдени қазыналары да, адамның күллі әлем, дүние жайлы түсініктері және сол әлемнен адамның өз орнын табуға деген талпынысы да, адамдар арасындағы қарым-қатынас та көрініс тауып жататынын атап өткен. Осыған сәйкес кісі есімдерінің семантикасы адамға қатысты болғандықтан, сол кісі

есімдерін тудырған қазақ халқы «ғаламының тілдік бейнесінде» антропоэектілік қасиет болмай қоймайды.

Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы және сауаттылығы оның сөз мәдениетімен, сол сөздің қолданыс ауқымының кеңдігімен, орамдылығымен және ұтымдылығымен өлшенеді. Еліміз егемендік алғалы ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Белгілі бір тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оңай бола қалатын іс емес. Себебі, ол тіл сол мемлекеттің иесі болып отырған халықтың мүддесінен шығып, барлық саладағы мұқтаждықты өтей алатын дәрежеде болуы шарт. Өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидар, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, ресми іс қағаздар, т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның қажетті құралына айналуы керек. Есеп-қисап, қаржылық және техникалық құжаттамалар да осы тілде жүргізілуге тиіс. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары, Қарулы Күштер, ғылым және білім беру салалары, халықаралық қызмет те осы талаптарға толық жауап беруге міндетті. Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тіл мәселелерін оңтайлы шешу – ұлтаралық, қатынастар үйлесімділігінің, халықтардың топтасуы мен қоғамдық келісімді нығайтудың да алғышарты. Ұлтының тілін ұлықтаған ұрпақтың ұмтылысы ұдайы ұрандаудан тұрмайтыны хақ. Бұған сол жылдардағы жағдай мен қазіргі күйді салыстыра қарасақ, көзіміз жетеді. Әрине, әлі де алаңдатып отырған мәселе аз емес, алайда ауызды қу шөппен сүртуге де болмайды. Қоғамда тіл тағдырына деген түсіністік орныға бастады. Бұл осы уақытқа дейін барлық мүмкін болар оңды-солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі. Олай болса, тілді өзінің қарым-қатынас құралы ретінде қолданатын халық мәдениетінен бөлек үйрету дұрыс емес деп ойлаймыз.

Кез келген халық тілі – сол халықтың шынайы этникалық болмысының айнасы. Тілді жаңа ғасыр баспалдағында теориялық-танымдық үрдісте зерттеу қажеттігі туып отыр. Бұл үрдіс тіл мен адам санасын тұтастықта қарастырып, тілдік білімді адам миының жемісі, күрделі ассоциативті-вербалды құрылым, болмысты рух пен ой бірлестігінде танытушы жүйе ретінде кешенді сипаттауға негізделеді. Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстар мен олардың сана қасиетін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өндейді, қорытады, елеп-екшейді, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде ғаламның тілдік бейнесі жасалады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, біз өмір сүріп жатқан заманда тек тілді үйренумен шектеліп қалу мүмкін емес. Бүгінгі тіл үйрету әдістемесінде үйреніп отырған тілді сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетімен байланыстыра оқыту қажеттілігі туындап отыр. Әлемдік байланыста қарым-қатынасқа түсу үшін саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени тұрғыдағы таным-түсініктердің болуы маңызды рөл атқарады. Үйреніп отырған тілде сөйлеуші елдің тарихын, дәстүрін, мәдениетін үйрену – тіл үйретудегі маңызды элементтердің бірі.

Халық тарихын да, ұлттық мәдениеттің дамуын да, тіпті халықтық ойлаудың қалыптасуын да біз тек тіл арқылы анықтай аламыз.

Қорыта келгенде, ғылыми таным, дәстүр, сабақтастық секілді мәселелер байланысын құраған тіл білімі адамзат болмысымен ұштаса, өмірімен тоғыса дамидығандықтан, оның негізгі заңдылықтары да жеке тұлғалардың физио-анатомиялық, психологиялық белгілерін зерделеу арқылы әрі жалпыадамзаттық құндылықтардың қоғамдық-әлеуметтік, ұлттық-мәдени өзгешеліктерін жүйелеу негізінде қалыптасары сөзсіз.

1.3 Шаршысөздің коммуникативтік және жанрлық ерекшеліктері

Бүгінгі күні көпшілік алдында сөз сөйлеуде жанрларға бөлу жоқ, дегенмен, көпшілік алдына сөйлеудің тіл мамандары мен шешендер ұсынған жіктеуіші (классификторы) бар. Нәтижесінде, жалпыға танылған, қалыптасқан жіктеуіші ғана емес, сонымен қатар өңделген терминологиялық қолданыс та жоқ. Мысал ретінде көпшілік алдында сөйлеудің мынадай түрлерін айтуға болады:

- сендіру мақсатында айтылған «сендіре сөйлеу немесе уәждеме»; [54,с. 76]
- «демократиялық сөйлеу» [55,с. 104];
- «дәлелді сөйлеу» [56,с. 57].

Көпшілік алдында сөйлеудің заманауи типологиясы, негізінен, сөйлеушінің мақсатты қатынастарын ажыратуға негізделген. Мысалы, орыс ғалымы Е.Н. Зарецкая, көпшілік алдында сөйлеудің тыңдаушылар санасының әртүрлі аспектілеріне әсер етуіне сәйкес және сөйлеуде жүзеге асыру әдісіне сәйкес мақсатты қатынас ретінде үш үлкен топқа бөледі: авторитарлық сөйлеудің негізін құрайтын императив; демократиялық сөйлеудің негізін құрайтын сенім, либералды сөйлеудің негізін құрайтын арандатушылық. Ғалым Михальская көпшілік алдында сөйлеу біліктілігі көпшілік алдында сөйлеу түрінің тек сөйлеушінің мақсаты бойынша ғана емес, сөйлеу әрекетінің түрімен шартталуын көрсетеді:

- мақсаты – қарым-қатынас жасау, хабарлау,
- сөйлеу әрекетінің түрі – ақпарат беру;
- сөйлеу түрі – ақпараттық.

Сәйкесінше: іс-әрекетті ынталандыруға итермелеу; сөйлеу қарым-қатынас процесі арқылы өзіңізді және серіктесіңізді қуанту – ойындар арқылы сөйлеу әрекеттері-гедонистік және т.б. [56,с. 57]. Көпшілік алдында сөйлеуде саралауға әсер ететін жалғыз фактор бұл шешеннің ниеті ғана емес. Дәлелдеу түрлерін бөлу сөйлеу субъектісінің уақытқа қатынасына және мәселені шешудің дәйектілігіне негізделуі мүмкін. Көпшілік алдында сөйлеу түрлері стиль ерекшеліктеріне негізделуі мүмкін. Сонымен кейбір зерттеулерде көпшілік алдында сөйлеудің қандай стильге негізделгеніне байланысты төрт түрі ажыратылады:

- 1) көркем стиль басты болып табылатын көпшілік алдында сөйлеу түрлері – сценарий бойынша сөйлеу және мәнерлеп оқу;
- 2) негізі ғылыми стиль болып табылатын педагог пен лектор сөздері;

3) публицистикалық стиль болып табылатын көпшілік алдында сөйлеу түрі-үгіт-насихат;

4) негізі ақпараттық стиль боп табылатын диктор немесе хабарлама жүргізуші тілі.

Авторлар «шешендік сөйлеуді» сөйлеудің өзіндік түрі ретінде публицистикалық стиль нормаларына бағынатындығына қарай ажыратады. Ұсынылып отырған жіктеуіш – терминологиялық қолданыстың дұрыс еместігі және көпшілік алдында сөйлеу типологиясының негіздерінің сәйкес еместігі туралы тұжырымдарымыздың расталуы. Авторлар көпшілік алдында сөйлеу үшін де жетекші стильді үгіт-насихат пен шешендік сөйлеуді іріктеудің негізі ретінде публицистикалық стильді алады [57,с. 125].

Көпшілік алдында сөйлеу түрлерін жіктеудегі ең қиын нәрсе – бұл жіктеуді және сол жіктелген нысандардың маңызды қасиеттері мен тұрақты байланыстарын көрсете отырып, талаптары бойынша іріктеу керек.

Н.П. Вольвак бастаған бір топ орыс ғалымдары белгілі бір іс-әрекетке түрткі болатын сөйлеуді үгіт-насихат, императивтік, қозғағыш деп атайды. Көрсетілген нысандар туралы білім және олардың жіктелуі өзара байланысты жіктеу танымның ерекше әдісі болып саналады [58,с. 41].

Біз «көпшілік алдында сөйлеу» және «шешендік сөз» ұғымдарын синоним ретінде қараймыз. Ораторлық сөйлеудің түрлері мен пайда болуы коммуникация саласына байланысты – ғылыми, іскерлік, ақпараттық-насихаттық, әлеуметтік және тұрмыстық қатынастарға байланысты да ажыратылады. Ғылыми сөйлеуге, мысалы, университеттегі дәріс, ғылыми есеп жатса; іскери-дипломатиялық сөйлеуге – конгресстегі сөз ақпараттық-насихаттық-әскери-патриоттық сөзге – митингідегі сөз жатады [59,с. 98].

Қазақ шешендік сөздерін – **шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау** деп мазмұнына қарай үшке бөлдік. Осыған орай жинаққа енген сөз нұсқалары үш салаға бөлініп берілді. Шешендік арнау деген бөлімге біреу арнайы айтқан әңгіме, сын, әзіл сөздері; шешендік толғауға термемен айтылған тілек, өсиет, нақыл, толғау, тоқтау (естірту, көңіл айту) сөздер; ал шешендік дауға жер, жесір, құн, мал және ар-намыс дауларымен байланысты туған сөздер енді. Мысалы, Уәлихан қайтыс болғанда Байдалы бидің оның ханымы Айғанымға:

Қайрат деген қыран бар,

Қайғыға тізгін бермейтін.

Қайғы деген жылан бар

Өзекті шағып өрлейтін.

Мен қайғыңды қозғағалы келгенім жоқ,

Қайратыңды қолдағалы келдім, – деп көңіл айтуы шешендік арнауға жатады.

Бөлтірік шешеннің:

Үлкен алдында иіліп сөйле,

Кіші алдында сызылып сөйле.

Иіліп сөйлегеннен белің бүгілмейді,

Сызылып сөйлегеннен сөзің үзілмейді, –
Күншілдік деген бар, содан сақтан,
Кекшілдік деген бар, содан сақтан.
Астамшылық деген бар, одан алыс жүр.
Сараңдық деген бар, одан қалыс жүр.
Қараулық деген бар, одан таза бол,
Ынсапсыздық деген бар, содан аман бол! – деген сөздері де **шешендік арнау** үлгісі болып табылады.

Шешендік арнау сөздер мазмұны мен түрі жағынан алғанда аңыз әңгімелерге жақын. Бірақ әңгімеге қарағанда шешендік сөздің көлемі шағын келеді, мазмұны өсиет-насихатқа құрылады, баяндаудан гөрі мақал-нақыл сөздерге бейім болады. Құрамында қарасөз бен өлең сөз араласып, алмасып отырады.

Шешендік толғау сөздер тұрмыс-салт жырларына, ақындық толғау-термеге ұқсайды. Бірақ бұл ұқсастық форма жағынан ғана, ал мазмұнына көз салсақ, шешендік толғауларда бастан-аяқ өсиет, ақыл айтылады, сөйлемдері тапқырлық ойға құрылады. **Сондай-ақ, мақал-мәтел, сұрақ-жауап, шешендік нақыл, қанатты сөз, шешендік жұмбақ, шешендік мысал** түрінде келеді.

Шешендік толғауға Асан қайғының:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ

Құлан қайтіп күн көрер?

Аяғы жоқ, қолы жоқ

Жылан қайтіп күн көрер?

Жалаң аяқ балапан

Қаздар қайтіп күн көрер?

Шыбын шықса, жаз болып,

Таздар қайтіп күн көрер?

Көлде жүрген қоңыр қаз

Қыр қадірін не білсін?

Қырда жүрген дуадақ

Су қадірін не білсін?

Көшіп-қонып жүрмеген

Жер қадірін не білсін?! – деген толғаулары, Мөңке би айтқан:

Бұл заманда не ғаріп?

Қадірін біліп ұқпаса,

Дүррі гауһар сөз ғаріп.

Замандасы болмаса,

Қария болар тез ғаріп.

Қаз, үйрегі болмаса,

Айдын, шалқар көл ғаріп – ... деп келетін сөздері жатады.

Шешендік толғаудың бір түрі – ақыл-кеңес, тәлім-тәрбиеге бағытталған шешендік нақыл. Шешендік нақылға Малайсарының: «*Үйіңнің*

алдында төбе болса, ерттеулі атпен тең, ауылыңда ақылгөй қарт болса, жазып қойған хатпен тең» деген сөзі жатады.

Шешендік даулар көлемі шағын, оқиғалы әңгіме (новелла) сияқты. Бірақ мұнда оқиға мен кейіпкер сипатталмайды, сол оқиға тұсында туған «бір ауыз» тапқырлық ой, шешендік сөз айтылады. Шешендік дау мазмұнына қарай **жер дауы, жесір дауы, құн дауы, ар дауы** болып бөлінген.

Дау – қазақы ортада руаралық немесе тайпааралық егестерді және осының өршіген түрі – сан алуан тартыстарды білдіретін ұғым. Сондай-ақ, дауға ерекше өршіп ру-қауым деңгейіне жеткен тұлғааралық дау-дамай да жатқызылады. «Жеті жарғы» заңдар жинағында көрсетілгендей дауды шешу билер мен ақсақалдарға жүктелген.

Ертеде қазақы ортада даугерлер ел арасындағы құрметті, қадірменді ақсақалдарға жүгініп, дауларын халықтың жөн-жоралғысымен қарап, билік айтуын сұраған. Олардың билігіне разы болмаса, онда даудың әділ шешімін табу үшін халықтың әдет-ғұрыптық заңдарын жақсы білетін, елге танымал биге барып шағымданған.

Қазақтың тұрмысында, әлеуметтік өмірінде үлкен дау-жанжал көбінесе жерге, жесірге, малға, құнға қатысты болған. Жер дауы – жайылымдық және шабындық жерлерге қатысты руаралық немесе жеке адамдар арасындағы дау. Жесір дауы – отбасылық-некелік салттың бұзылуына қатысты дау. Құн дауы – кісі өліміне байланысты, мал дауы – дүние-мүлікке қатысты дау. Дауласушылардың, куәгерлердің қатысуымен өтетін дәстүрлі билер жиынында, негізінен, байырғы ортаның дау мұраты – бітім қағидасы бойынша, екі тарапты татуластыру, бәтуалы бітімге шақыру мақсаты көзделген, яғни қазақ қоғамындағы құқықтық мәдениеттің негізгі принципі басшылыққа алынған. Онда дауласушы жақтардың сөз ұстаған билері шығып, қамшы тастап, өздерінің дәлелдерін дәйекті түрде жеткізіп отырған. Дауда шешендік, тапқырлық, қарсы жақтың осал жақтарын дәл басатын біліктілік керек. Дауға төбе би төрелік айтады. Төбе бидің шешіміне даугерлер де тоқтауға тиіс.

Ертеректе шешімі қиын даумен би алдына жүгініске барған кісілер ақ және қара қылдан ескен жіп ала барған. Егер дауласқан екі жақ та би шешіміне тоқтаса, билік айтушы айттым – бітті, кестім – үзілді деп, даудың шешілгенін білдіреді де, жіпті қақ ортасынан қияды. Бұл – билік айтқан адамның «ақ» пен «қараны» ажыратып, қара қылды қақ жарған әділдігін білдіретін семиотикалық таңба. Кейбір деректерге қарағанда, жіпті қарала киінген кемпір кесетін болған. Қазақтар жайлы көптеген маңызды дерек қалдырған А.Янушкевич (1803-1857) осындай оқиғаның тікелей куәсі болғандығын баяндайды: «Екі қазақ бірденеге таласып, әділ төрелігін естуге биге келіп жүгінеді. Ол билік айтқан кезде дауласқандар жіптің екі басын ұстап биге береді. Даудың шешілгендігінің белгісі ретінде ол жіпті екіге бөледі». Бұл ғұрыптың орындалуы – даудың аяқталуын, қарсы жақтардың мәмілеге келуін, қазылыққа ризалығын аңғартады. Егер «ала жіп» кесілмей тарқаса, даугерлер билікке риза болмағанын, жанжалдың шешімі кейінге қалдырылғандығын білдіреді. Билік айтқаны үшін кесілген айыптың (малға есептеп) оннан бірін билерге береді.

Даулы мәселелер өш алу, есе қайтару мақсатымен емес, гуманистік құндылықтар аясында ел тыныштығын, ағайын татулығын сақтау тұрғысынан қаралған. Дау дұрыс шешімін тапқан жағдайда, айыпкер жасаған қылмысының көлеміне қарай ат-тон айыбын төлеп құтылған.

Қазақы ортада руаралық немесе тайпааралық арасындағы талас-тартысты туыстық-рулық қатынастардың шежірелік жолмен негізделген іргелі принциптері мен нормалары арқылы шешіп отырды. Мұндайда алдына келсе, атаңның құнын кеш деген мақалға негізделген принципке жүгінген.

Қазақ халқының тарихында көп кездесетін дау – жер дауы. Бұрындары жариялана қоймаған бір деректе Тройцкий қаласын салдыруға рұқсат берген ел иелері қатал сыналады: «Мөңке би Кіші жүз, Шекті елі екен. Орта жүзде бір Жәнібек, Ұлы жүзде бір Жәнібек болған екен. Екеуінің қайсысы салдырғанын білмейді, әйтеуір бір Жәнібек қажылардың барып жүрген орнына Тройцкий деген қала салдырғалы алғашқы қазықты шаныштырған екен. Мұны естіп Мөңке би бұл қай Жәнібек екен деп, Кіші жүз Шекті елінің Нұралы ханына келіп сұрайды. Бірнеше күн өткен соң Орта жүздің сәуегейі Жәнібекке кездесіп, сәлем бергесін: «Балам, қай ру, қай елсің»,– депті. Бала «Шектімін»,– дейді. – «Жылқым жоғалып,– сіздердей аталардан үміт етіп, қайдан іздесем табар екем деп келіп едім». Жәнібектің әдеті, бал ашарда атынан түсіп, ер-тоқымын басына жастап, орамалын бетіне жауып жатып ұйықтаса, түс көреді екен. Аз-мұз мызғып жатады да түрегеліп сөйлейді: «Жылқынды ешкім айтпай-ақ табасың. Үшеуі жатыр, төртеуі түрегеліп тұр екен», – дейді. Сонда Мөңке «Сіз сәуегейлікпен жылқының қайда екенін білдіңіз. Сөйте тұра сіз қазақ елінің қамын неге ойламайсыз. Тройцкийге көңіл бөлгенше, кейінгі қазақ нәсілінің келешегін неге болжамайсыз?», – деген екен. Мөңке би толғауларының негізі өзегі – отаршылдыққа қарсылық сарын. Мемлекеттің түзімнің құлауы, көшпелі өркениеттің дағдарысы, тұйыққа тірелген ел өмірінің әлеуметтік өткір арналары толғауда толық қамтылады:

Жақсыны алдар жезбенен,

Іріткі салар сөзбенен.

Өзен мен көлге атақты,

Толтыра салар қаланы.

<https://egemen.kz/article/158544-dala-danagoyleri-mayqydan-monhkege-deyin>

© egemen.kz

Мазмұны халыққа таныс, құрылысы қалыптасқан терең ойлы, көркем тілді, үлгілі сөздер ғана шешендік сөз бола алады. Әрине, белгілі бір шешеннің сөзінен халық шешендігінің айырмасы үлкен. Ең алдымен, халық шешендігі түгел сөз емес, тұтас сөздің түйіні, бір түйір дәні. Оның үстіне ондаған, жүздеген адамның өңдеуінен өтіп, халық арасына кең таралып, нақылға, тақпаққа айналып кеткен сөздер.

Шынайы шешендік қиялдан тумайды, өмірлік оқиғалардан, табиғи құбылыстардан туады, көп жылдық тәжірибе мен сан рет қайталау арқылы сыннан өтіп, халық қабылдаған қағидаға, даусыз ақиқатқа айналады. Оның үстіне әр дәуірдің, әртүрлі сөз шеберлерінің талғамынан, толғауынан өтіп,

шешендік сөз «тілге жеңіл, жүрекке жылы» тиетін сүйкімді үн мен ырғаққа ие болады. Мазмұны терең, тілі көркем, ақылға қонымды, сезімге әсерлі сөз ғана шешендік сөз немесе аталы сөз деп аталады.

Қазақ тарихында батыр-билердің, ақын-жазушылардың аталы, үлгілі сөздерден үйренбегені, үлгі алмағаны жоқ. Бұхар мен Махамбет жыраудың толғаулары, өлең-жырлары, шешендік сөзге, тапқырлық ойға толы. Белгілі ағартушыларымыз Ыбырай Алтынсариннің, Шоқан Уәлихановтың еңбектерінен, әсіресе хаттарынан қазақтың дәстүрлі шешендік өнерінің әсері «мен мұңдалап» тұрады. Әсіресе, қазақ әдебиетінің классиктері Абай Құнанбаев пен Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларына ежелгі шешендік өнердің ықпалы айқын сезіледі. Өлең, дастандарын айтпағанда, Абайдың мақал мәтелдерге, нақыл-насихатқа бай қарасөздерінде халық шешендерінің үлгі-нұсқасы мол. Дәстүрлі шешендік өнердің белгілі қазақ совет жазушыларына тигізген әсері де аз емес. Ондай әсерлерді біз ең алдымен Мұхтар Әуезовтің, Ғабит Мүсіреповтың алғашқы әңгімелері мен пьесаларынан көреміз. М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасынан, Ғ. Мүсіреповтің «Ана туралы аңызынан» шешендік сөздердің небір тамаша үлгілерін кездестіруге болады. Халық шешендік өнерінің осындай игі ықпалы Жамбыл Жабаевтың, Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің, Сәбит Мұқановтың, Ғабиден Мұстафиннің, Әбілда Тәжібаевтың, Иса Байзақовтың, Асқар Тоқмағанбетовтың, Қасым Аманжоловтың т. б. талантты ақын-жазушылардың шығармаларынан да табылады. Сонымен, көпшілік алдында сөйлеу типологиясы мәселесі әлі де арнайы зерттеуді және онымен терең айналысуды қажет етеді.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Лингвистика ғылымының қазіргі кезеңдегі дамуы антропоэзектік бағытпен сипатталатын семантикалық зерттеулердің тереңдігімен ерекшеленеді. Антропоэзектік бағыттағы лингвистиканың алға қойған мақсаты – тілдік субъектінің дүниетаным ерекшеліктерінің тілдің барлық деңгейлерінде көрініс табуын зерттеу болып табылады. Сондықтан қазіргі таңдағы тіл ғылымының басты мақсаты – тілдік құбылыстардың сырын тану жолында күрделі де кешенді үрдісті дамыту. Осымен байланысты тіл білімінің тылсым құпиялары басқа да ғылым салаларымен, атап айтқанда психология, философия, логика, мифология, этнография т.б. тығыз қарым-қатынастың нәтижесінде танылып, ашылып отыр.

Тілдік тұлға дегеніміз – мәтіндерді тудыру және қабылдай алуға қабілетті адам. Ол қабілеті құрылымдық-тілдік деңгейімен, шындықты бейнелеудің тереңдігі және дәлдігімен, нақты мақсатқа бағытталуымен ерекшеленеді.

Тілдік тұлғаның деңгейі әртүрлі жасалуы мүмкін: қарапайым тілді меңгеру деңгейін көрсететін құрылымдық-тілдік деңгей және оның дамуын, мінез-құлығын басқаратын уәждемелер мен мақсаттарды айқындайтын, оның мәтін тудырушылығын басқаратын және әлемнің тілдік моделіндегі мәндер мен құндылықтар йерархиясын анықтайтын лингво-когнитивтік деңгей. Тілдік

тұлға дегеніміз – тілде (мәтіндерде), тіл арқылы көрініс табатын және өзінің негізгі белгілері тілдік құралдар базасында қайта құрылған тұлға.

«Адам және тіл» мәселесі соңғы уақытта мол өзектілікке ие болуда, өйткені тілді адекватты зерттеу ісі оның өз шеңберінен шығып, табиғат пен қоғамдағы белгілі бір ортада өмір сүретіндердің тобына жүгінгенде ғана толық мүмкіндікке ие болмақ, себебі, тіл адамды адам ететін айрықша белгі, ерекше нышан қасиетімен танылады.

Тіл когнитивтік құрылымдардың ментальдік көрінісі көмегімен дүние туралы білімдерді концептілеу мен категориялау процесінде дүниенің ғаламдық бейнесін көрсетіп, түсіндіріп береді. Концептілер жүйесі немесе концептілік жүйе дүниенің концептілік, тілдік суретінің негізгі бөлігі, рубрикатор болып табылады. Тілдік таңбалар мен оның ішіндегі бейнеленген мәдени, әлеуметтік шындық құбылыстар арасындағы қатынас когнитивтік семантика мен вербалдану тәсілдерінің мазмұнын құрайды. Сөйтіп тіл мен тілдік бірліктерді зерттеуден когнитивтік лингвистика тілдік шеңбер аумағынан шығып, жеке когнитивизмнің адам санасындағы ментальдік процестерді басқаратын жалпы принциптері туралы ғылымның мәселелерімен, сондай-ақ лингвомәдениеттану, этнолингвистика, психология, философия пәндерімен байланысады.

Тілді динамикалық құбылыс ретінде қарастыру, оның қоршаған әлеммен де, адамдық факторлармен де сабақтастығын зерделеу қазіргі қазақ лингвистикасының ұлттық сипатымен қатар, әлемдік лингвистика деңгейіне көтерілер биігін де айқындауға септігін тигізіп келеді. Осыған орай, қазақ тіл білімінің концептуалдық қоры мен әдіснамалық негізі құнды зерттеулердің дүниеге келуін қамтамасыз етер алғышарттар қатарын құрауда. Қазақ топырағында қалыптасып, ғылымдар тоғысында шешімін тауып келе жатқан тілтаным теориясының ғылыми негізде дәйектелуі де сол үзілмес байланыстың белгісі болып табылады.

Билер мен бектердің халық арасындағы жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал дауындағы әділ шешімдері уақыт өте келе саралана түсті. Данышпан би бабалар түзіп өткен әдет-ғұрып заңдары нығайып, шындалып, кемелденіп, дала демократиясының негізін қалаған.

Қорыта келгенде, ғылыми таным, дәстүр, сабақтастық секілді мәселелер байланысын құраған тіл білімі адамзат болмысымен ұштаса, өмірімен тоғыса дамидындақтан, оның негізгі заңдылықтары жеке тұлғалардың физио-анатомиялық, психологиялық белгілерін зерделеу арқылы әрі жалпыадамзаттық құндылықтардың қоғамдық-әлеуметтік, ұлттық-мәдени өзгешеліктерін жүйелеу негізінде қалыптасары сөзсіз.

2 ШАРШЫСӨЗ ДИСКУРСЫНДАҒЫ АДРЕСАТ ФАКТОРЫ

2.1 Шаршысөз дискурсының функционалдық ерекшеліктері

Дискурсты сөйлеу тұрғысынан алып қарастырсақ та, сөйлеу, ең алдымен, ауызша формада жүзеге асырылатыны мәлім. Сол себепті сөйлеудің қайнар көзі, бұлағы шешендік сөздерде, шешендік өнерде деуге болады. Сөйлеу мәдениетінің озық үлгісі – шешендік өнер.

Шешендік өнерде прагматиканың орны ерекше. Коммуникацияға түсуші сөйлеуші мен тыңдаушы сөздерінің өн бойынан прагматика орын алады. Шешендік сөздердің прагматикасы жайлы ғалым Д.Әлкебаева былайша тұжырым жасайды: «Қазіргі шешендік сөздің прагматикасы иландыру мен дәлелдеу мақсатын көздейді, олардың басты мәні әртүрлі сұрақ төңірегінде стилистикалық әсер тудырады.

Шешеннің ақыл-ойы мен эрудициясы, білгірлігі, сұрақтарға дәлелді жауап қайтаруы, кәсіптік шеберлік әдіс-тәсілі шешеннің прагматикасын жүзеге асырады» [10,б. 138].

Прагматика адамның коммуникативтік іс-әрекетінің ауызша (дискурс), жазбаша (мәтін) екі формасында қарастырады. Дискурс пен мәтіннің негізгі мәселелерінің қатарынан прагматика да орын алады. Осыған орай ғалым З.Ш. Ерназарова: «Қазіргі сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері» атты еңбегінде мәтіннің ауызша, жазбаша формасында сөйлеуші мен тыңдаушының сұхбаттасуы, коммуникацияға түсуі, қандай мақсатта қолданылуы қарастырылады. Коммуникация бейвербалды, вербалды түрде екі немесе одан да көп тұлғаның бір-бірімен ақпарат алмасуы прагматикаға қатысы арқылы жүзеге асады. Прагматиканың негізгі зерттеу саласының бірі – дискурс. Прагматика – динамикадағы мәтін – дискурсты оны дүниеге келтіруші адаммен байланысты қарастыратын ғылым деп атауға болады, – деген тұжырым жасайды [16,б. 35].

Көпшілік алдында сөйлеу – дәстүрлі риторика нысаны. Ол тар мағынасында шешен сөйлеуді қарастыратын кешенді пән, ал кең мағынасында ғылыми түсініктерге сәйкес қарым қатынастың сенімді әрі әсер етуші формасы дегенге саяды.

Қажеттілікке деген талпыныс пен тартыста халықтың түрлі діттегені, сан алуан көзқарастары мен әлеуметтік бағдарлары бір-бірімен әрқалай табысады. Шешен әрбір көзқарасқа әлеуметтік сипаттама береді, оны зиялы ортамен байланыстыру жолы мен тәсілін қарастырып, өмірлік құндылықпен үйлестіреді. Шешендік әңгіме немесе ой жарыста байланыс тәсілі мен тәжірибесін толықтыру арқылы адамдардың қоғамдық болмысының түрлі сыры мен қырын, арқауы мен астарын ашады. Пікір таластырушы қайсысынан шындыққа апаратын жол, әділдікке жететін тәсіл тапса, тыңдармандар сол идеялар мен ұсыныстардың төңірегінде топтасады.

Шешендік өнердің тарихы тереңде, таралу түрі әрқалай. Оны танымдық қызметі жағынан, кейбір ғалымдар – пікірталас, ойжарыс, тойтарыс, үнқатыс деп, идеялық жағынан – сырласу, сұхбаттасу, рухани ілгерілеу деп, әлеуметтік-

құндылық жағынан – шешім табыс, қадым алыс, тұлғамен табысу деген кезеңдерге жіктеп қарастырады (сурет 2).



Сурет 2 – Шешендік дискурстың жұмсалымдық қызметі

Бұлар – сөз бен сөйлесу өнерінің сапасы мен олардың эволюциялық сабақтастығын білдіреді. Сөз бен сөйлемнің заттық аясы мен ондағы ойдың логикалық құрылымын анықтамасақ, онда шешендікті әлгі түрлерге бөлу шартты сипатта қалады. Оның үстіне, сөз өнерін анықтау дегеніміз онда қалыптасқан сөздің мағынасын анықтау немесе оған жаңадан енгізіп жатқан белгілердің мағынасын қалыптастыру мәселесін де қамтиды.

Нағыз шешендер қоғамдық мақсатты, мұратты, құндылықты қалыптастыруға, таратуға, қолдануға тікелей араласады.

Байыбына барсақ, би-шешендер – халықтық өмірдің, халықтық рухтың жемісі, ұлттық құбылыстың рухтық жеңісі. Халықтың өкілі ұлттық тілде сөйлеп қана қоймай, сол тілде ойланады, толғанады, түйінді тоқтам жасайды. Ана тілін, туған жерін жақсы көргендер ұлттық психология мен ұлттық болмыстың ерекшелігін дұрыс түсіндіре алды.

Би-шешендердің шығармашыл үдерістерінен, ел басқару мен ел бітімдестірудің әдет-ғұрыптық, сөз саптау және ой түйіндеу үлгісінен халықтың

зердесі жетілді, ұлттық идея нәрленді. Зерделі халық сөз иініне, ретті қисынға, шешімі айқын билікке тоқтады. Билік – сөз өнерінен басталады.

Риториканың теориялық және қолданбалы аспектісі үшін сөйлеу мазмұны және оның нәтижесі маңызды. Осылайша риторикалық көзқарас, бір жағынан, «ойдан сөзге дейінгі» (сөйленер сөз) аралықты байқай отырып, шешеннің ойын жеткізудегі просодияның қатысуын қамтамасыз етуге, екінші жағынан просодияның рөлін тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тілдің басқа деңгейлерінің әсер етуі риторикалық дискурстың тиімділігін арттырады. Бұдан риторикалық зерттеулердің екі маңызды принципі шығады: риторикалық дискурс және антропоэзектіліктің белсенді сипатын көрсету. Риторика, А.А.Волков, тұжырымы бойынша «сөздің жеке философиясы», сондықтан ол «сөйлейтін адам» мен «тыңдайтын адамның» арасындағы сөз және тілдің түрлі аспектілерін түсіну кілті болып табылады [60, с. 221].

Осы қағидаларға сәйкес, шаршытопта сөйлеудегі просодикалық қатардың ерекшелігі бір жағынан, шешеннің риторикалық қызметі мен өзін-өзі танытуға деген ұмтылысымен, ал екінші жағынан, аудиторияның осы іс-әрекетке қатысуымен байланысты. Сондай-ақ, бұл үдерісте «адресат» және «адресант» факторына ерекше назар аударылады, ал риторикалық тұрғыдан әсер ету мәселесі баяндамашы мен аудитория арасындағы өзара байланыспен бір мезгілде қарастырылады.

Риторикалық көзқарас сөйлеу қарым-қатынасының шығармашылық аспектісіне де ерекше қызығушылық тудырады. Шаршытопта сөйлеу – риторикалық дәстүрдің ғасырлар бойы сақталған ережелеріне сәйкес регламенттермен реттелген формасы болып табылады. Бұл автордың даралығын және әрбір коммуникациялық жағдайды көрсететін жаңа әрі бірегей «риторикалық оқиға».

Зерттеуші Е.Л.Фрейдина шешендік дискурстың қызметіне арналған зерттеу жұмысында қазіргі таңдағы шаршытопта сөйлеу формаларын риторикалық шығарма ретінде сипаттап, мәтіндегі просодияның негізгі қызметіне тоқталады. Британдық академиялық шаршытопта сөйлеу материалдары негізінде жазылған зерттеу барысында төмендегідей мақсаттарды алдына қояды:

- шаршытопта сөйлеудің ерекшеліктерін риторикалық мәтін-дискурс ретінде қарастыру;
- заманауи британдық академиялық шаршытопта сөйлеудің жанрлық және функционалды-стистикалық сипатын анықтау;
- академиялық шешендіктің стилдік сипатын анықтайтын факторларды айқындау;
- мәнмәтіндегі академиялық сөйлеу қатарының риторикалық бағытын анықтау;
- академиялық шаршытопта сөйлеудің экспрессивті аспектісін жүзеге асырудағы просодияның рөлін мен риторикалық бағытын айқындау;
- шешеннің дискурсивті стратегияларын және оны жүзеге асыратын интонациялық техникаларын жүйелендіру;

- шешеннің жеке стилін қалыптастырудағы просодикалық бірліктердің рөлін қарастыру;
- академиялық шаршытопта сөйлеу формасының фоностильдік мәртебесін анықтау.

Риторикалық көзқарастың тағы бір ерекшелігі – дискурстың мазмұны мен тіліне әсер ететін барлық экстралингвистикалық факторлардың жиынтығы (қоғамдық-тарихи, әлеуметтік-мәдени, психологиялық фактор) ғылыми талдаудың ауқымын қамтиды [61,с. 205].

Адам сөйлеген кезде өзіне керекті ақпаратты толығымен қайтадан бастап баяндамайды. Тыңдаушы үшін де, өзі үшін де бұрыннан таныс нәрсені мейлінше азайтып, көп болса екі-үш сөзбен жеткізуге тырысады. Сондықтан ықшам, қысқа сөйлеу арқылы коммуниканттар ауызша сөзге тән бірінші шарт үнемдеу заңын орындап отырады. Мұның бастауы, негізі қазақ шешендік сөздерінде жатыр. Осындай шешендік сөздер ерекше сипатқа ие. Шешендік дискурс:

- Белгілі бір кеңістікті қамтиды;
- Белсенді әрекетке құрылады;
- Интерактивтік қатынас болады;
- Ақпарат беруге негізделеді;
- Сөйлеушінің тыңдаушыға, тыңдаушының сөйлеушіге ықпалы басым;
- Эмоционалдық мазмұн басым;
- Үн, ырғақ, интонацияға да қатысты болады;
- Бейвербалды құбылыстар кездеседі;
- Салыстыру қасиеті көрсетіледі;
- Сөйлеудің еркінділігі басым;
- Сөйлеудің жылдамдығы айрықша көрінеді;
- Қайталамалар жиі қолданылады



Сурет 3 – Шешендік дискурстың жұмсалымдық қызметі

Шешендік сөздерді қолданылу сипатына қарай былайша топтап көрсетуге болады:

- Шешендік сөз – эгоцентристік сөз. Қарым-қатынас жағдайында шешен (сөйлеуші) өз сөзін үнемі тыңдаушысының білім қорын, қабілетін ескере отырып құрады.

- Шешендік сөз – әлеуметтік мәнділігіне шектеу жасалмайтын, жалпыхалыққа түсінікті сөз.

- Шешендік сөз – алдын-ала дайындалмаған арнайы сөз.

- Шешендік дискурс міндетті түрде ситуацияға, бізді қоршаған әлемде не менен, қалай байланысатындығын білдіретін білімдер құрылымына сүйену арқылы жүзеге асады. Бірнеше кезеңдерді қамтиды:

- 1-кезең – берілген сұрақ, хабарды сұрыптау;

2-кезең – аялық білім, қолданылатын амал-тәсілді таңдау;

3-кезең – келесі мүмкіндік;

4-кезең – қайтарылған жауап.

Жоғарыда берілгендей, шешендік сөздер дискурсында оқиға төрт кезең арқылы жүзеге асырылады.

Бірінші кезең берілген сұрақтың шешеннің санасында сұрыпталып, сыртқа шыққанға дейінгі аралығын қамтиды (*берілген сұрақ, хабарды сұрыптау*); екінші кезең оқиғаның жүзеге асырылуына орай қолданылатын амал-тәсілдер (*аялық білім, қолданылатын амал-тәсілді таңдау*); үшінші (*кезең келесі мүмкіндік*); төртінші кезең (*қайтарылған жауап*).

Шешендік сөздермен қатар қолданылатын классикалық риториканың инвенция, диспозиция, элокуция сынды бөлімдері жайлы да ерекше айтып өтуге болады. Бұл бөлімдерде ең алдымен шешендік ойдың жарыққа шыққанға дейінгі кезеңі ерекше назарда болады. Шешеннің санасында айтылатын ойдың берілуі, оның дұрыс шешімге ие болуы сынды мәселелер жүреді. Шешеннің санасында ойлану-толғану нәтижесінде біртұтас дүние, мәтін жарыққа шығады. Тыңдаушы шешеннің берген сұрақтарына толық, қанағаттанарлық жауап бергенде, мәселе шешімін тапқанда ғана қарым-қатынас сәтті аяқталады.

Ендігі ретте жоғарыда айтылған инвенция, диспозиция, элокуция бөлімдеріне жеке-жеке тоқталып, оны сызба арқылы былайша көрсете кетейік:

ҰҒЫМ диспозиция -----ЗАТ инвенция -----СӨЗ элокуция

Инвенция – болашақта жүзеге асатын коммуникацияның, берілетін ақпараттың ойда сұрыпталуы, сипатталуы.

Диспозиция – шешендік сөзге сөйлеуге дейінгі аралығын қамтиды.

Элокуция – шешендік сөздің санада қорытылған жиынтығы нәтижесінде сөзге айналып, сипаттау, баяндау, пайымдау сынды тәсілдер арқылы коммуникативтік процесс екі жақты диалог түрінде жүзеге асып аяқталады [62,б. 17-21].

Риторикалық талдау – дайын сөздің қалай құрылғанын түсінуге көмектеседі, ойдан сөзге дейінгі жолды көрсетеді. Ол үшін *риторикалық ереже* деген түсінік қолданылады.

Классикалық риторикалық канон кезеңдері:

1. Инвенция – жаңалық ашу (жасаушы) (айтылатын нәрсені табу).
2. Диспозиция – жаңалықтың орналасуы
3. Элокуция – ойдың ауызша көркемделуі
4. Меморио – есте сақтау
5. Actio hypocrisis – сөздің айтылуы (орындалуы)

Инвенция сөздің мағынасын түсінуді жобалайды, оларды бірнеше тақырыпшаларға бөлуді көздейді. Бірінші кезеңде (инвенцияның) ойдың болуы мен байлығы есепке алынады. Ол үшін «жалпы орындар» деп аталатындар бар. (топ – сөзді дамытудағы мағыналық моделдер).

Топ – түсініктер жүйесі, кез келген сөз туралы ойлар әдісін жобалайды.

Диспозиция идеяларды қайта топтау және олардың сөздің негізгі міндетін орындайтын тәртіпте орналастыру. Сөз келесі құрылымға ие:

1. кіріспе;
2. сөйлем;
3. мазмұндау (баяндау);
4. растау;
5. теріске шығару;
6. қорытынды.

Элокуция – бұл сөзді ауызша көркемдеу кезені. Сөздер мен сөз тіркестерін таңдау өте маңызды; сөздерді мағыналық, семантикалық, стилистикалық, дыбыстық таңдау. Осы жерде *троптар* мен *сөз фигураларын* таңдау қажет.

Инвенция – идеялар іздеу, болашақ сөздің мазмұны, мағынасы.

Қазіргі риторика – лингвоцентрлі. Ол риторикалық дискурстың тиімділігін арттыру үшін қолданылатын тілдік құралдарға аса мән береді. Алайда, риториканың классикалық түрі де, заманауи түрі де шаршытопта сөйлеудің фонетикалық аспектісіне келгенде біршама формалды.

«Ақпаратты ашудың» маңыздылығын сипаттайтын риторика көпшілік алдында сөйленетін сөздің «дұрыс және дұрыс емес», «орынды немесе орынсыз», «тиімді және тиімсіз» жақтарына ерекше мән беріп, шешеннің фонетикалық мінез-құлқына қойылатын талаптарын санаумен ғана шектеледі.

Шаршытопта сөйлеудің фонетикалық құрамдас бөлігі жеке деңгей ретінде қарастырылады. Шаршытопта сөйлеудің негізі болып табылатын шешеннің айтар ойымен де, жанрдың қатыстылығына да, семантикалық-синтаксистік ерекшелігіне де назар аударылады.

Шешендік дискурстың басты қызметі – деректер мен дәлелдерді келтіре отырып сенімді ақпарат беру. Дәлелдеме жұмысы әмбебап сипатқа ие. Дегенмен, дәлелдемелік стратегия, дәлелдеме түрін таңдау шешеннің өз құзырында.

Зерттеуіміздің нысаны болып отырған шаршытопта сөйлеу немесе риторика біздің қоғамдық өмірімізде маңызды рөл атқара бастады. Демократияландыруға қатысты жалпы үрдістер қоғамның әрбір мүшесіне көпшілік алдында сөйлеу қажеттілігін туындатты. Демократиялық қоғам – тең мүмкіндіктер қоғамы, яғни қоғамдық пікір қоғамның барлық мүшелерінің пікірлерінен тұрады. Сондықтан шешен сөз сөйлеуде барлық көзқарастарды алдын-ала ескеруі керек. Аудиторияға әсер ету тетіктерін тиімді қолданғанда ғана тыңдаушыны өзіңізге қарату мүмкін болады.

Шаршытопта сөйлеудің ерекшелігі – ол сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынасқа тән сипаттамаларды бұқаралық ақпарат құралдарына тән қасиеттермен біріктіреді. Бұл спикердің және адресаттың өзара әрекеттесу сипатында және сөйлеушінің сөйлеу тактикасында көрініс табады.

Орыс зерттеушісі Н.П.Вольвак «Фактор адресата в публичном аргументирующем дискурсе» атты кандидаттық диссертациясында шаршытоптағы дәлелдемелік дискурстың семантикалық және синтаксистік құрылымындағы адресат факторына назар аударады. Сондай-ақ, ол өз зерттеуінде жалпыға ортақ коммуникацияның түрі ретінде қоғамдық

пікірталастың ерекшеліктерін анықтай отырып, дәлелдемелік сөз адресатының ерекшеліктерін көрсетеді. Қоғамдық дискурс құрылымында адресат түрлерін ұсыну жолдарын талдау арқылы диалогтың маңызды сипаттамаларын қоғамдық пікірге қатысты коммуникативті сөйлеуді жүзеге асыру ретінде қарастырады [58,с. 6].

Аргументация немесе дәлелдеме – логикалық, эмоционалды-психологиялық әдістер мен сенімділік әдістерін пайдаланумен қатар, кез келген қорытындыларды, тәжірибелік пікірлер мен бағалауды дәлелдеу операциясы.

Аргумент екі аспектіде қарастырылады:

1) Логикалық аспекті – кейбір тезистерді дәлелдеу үшін дәлелдерді іздеу рәсімі

2) Коммуникативті әдіс – адресат тарапынан сендіру үдерісі:

а) қабылдау б) дәлелдеушінің тезисін қабылдау

Орыс ғалымдары А.В. Филиппов, Н.Н. Романова еңбектеріне сүйене отырып дәлелдеменің логикалық әдістерінің бірнеше түрін көрсетуге болады. Олар:

1. Істің дәлелі немесе іс аргументі – істің мән-жайларына негізделген дәлел, субъектінің мәні туралы мәселе.

2. Тәжірибеге сүйенген дәлел – жеке немесе басқалардың тәжірибесіне негізделген дәлелдемелер.

3. Қарама-қайшылықпен дәлелдеу – қарама-қарсы пікірді талдауға негізделген дәлел, ол кейде сәйкес келмеуі де мүмкін.

4. Аподиоис (грек тілінен «қашу») дәлелді немесе қарсылықты абсурд ретінде қабылдамау; маңызды емес заттарды қабылдамау.

5. Абсурдтық дәлелдеу – мүмкін емес нәрсені дәлелдеу,

6. Маневр жасау стратегиясы – спикердің позицияларын, көзқарасын, аудиторияның немесе қарсыластың көңіл-күйін тану; бұл ұстанымды кейбір дәлелдермен қолдау, бірақ кейіннен дәрменсіздік таныту және басқа пікірді сендіру әрекеті.

7. Антанагога (грекше - лақтыруға қарсы) – өз қарсыласының өзіне қарсы шағымдануы немесе айыптауы.

8. Қарама-қарсы мысалы келтіру – оған қайшы келетін оқшауланған істерді көрсете отырып, дәлелді жоққа шығару.

9. Парадиастрол (грекше: «Ұқсас нәрселерді жинау») - бұл бірдей мағынаға ие болып, олардың қаншалықты өзгеше екендігін көрсететін нәрселерді ажыратқанда сөйленер сөз [63,с. 67].

Шешен – ойлану мәдениетінің сенімді тірегі, оның өнері – өзара түсіністік пен тұлғаны елмен табыстыратын тетік.

Шешен сөзі өзара араласым, сыйласым, жарасым, сәйкесім, ұштасым үлгісі және олардың бітімге келуінің айғағы. Ол – толассыз және шашаусыз әрекеттің нәтижесі, іркілмес қарым-қатынастың түрі.

Шешен сөздерін әңгімедегі дәйек пен дәлелге сәйкестендіре жалғастырады және ойын ұштай түседі. Ол дегеніміз:

- Сауалды ережені бұзбай қойып немесе сұрақтарға этикетті сақтай

отырып жауап беріп, өз дәлелдерін орнымен ұсынады;

- Мағынасы ашылмаған немесе күдікті мәселелерге дер кезінде назар аударып, орынды дат айтады;

- Қажетсіз қайталама сөздерден аулақ болып, өз мәртебесін көтеретін және шындыққа жеткізетін мәселенің бетін ашады, датты негіздейді;

- Қорытынды сөзде өзін сенімді ұстайды және дәлелдерін, фактілерін нақты ұсынады.

Бәрі де адам мәртебесін қолдау, шындыққа жету, келісім мен бітім үшін керек. Сондай ұстанымды басшылыққа алған әңгімеші барлық фактілерді ескеруі тиіс, болып жатқан істі және бұрын-соңды көтерілмеген мәселені түсіне және басқаға түсіндіре білуі керек. Оған қоса сұхбаттасу жүріп жатқан кездегі оқиғаны бақылай алуы, қажет деген айғақтар мен сондағы дәйекті есте дәлме-дәл қалпына келтіріп, оларды түсінікті баяндай алуы шарт.

2.2 Шешендік монологтың құрылымы, адресатқа әсері

Жер бетінің әр бөлігінде мекен еткен адамдар басқа тіршілік иелерінен саналы ойымен, сол ойын сұхбаттасушысына тілі арқылы жеткізе алуымен ерекшеленеді.

Тілдің пайда болуы ерте заманнан бері, мыңдаған жыл бұрын басталып, алғашқы дыбыстарға еліктеу немесе ым-ишара арқылы күннен-күнге даму сатыларын артқа қалдыра отырып бүгінгі күнге дейін жетті. Жалпы тілдің қалыптасу процесін «глоттогенез» деп атайды. Тілдің пайда болуы туралы әртүрлі теория бар. Тіл адамдарға өзара қарым-қатынас жасау үшін, өзі айтпақ ойды келесі адамға жеткізу үшін керек.

Диалог – екі немесе бірнеше адамның кезектесіп сөйлесуі арқылы пікір алмасатын ауызекі сөйлеу формасы. Диалогта сұрақ қою арқылы сұхбаттасушы өзі күткен мәліметті ала алады. Мысалы, егер өзіне берілген мағлұмат толық болмаса, қарсы сұрақ қою арқылы күткен жауабын толықтырады. Диалог қысқа түрде екі немесе үш сөйлемнен тұрады, мазмұны жағынан көлемді келеді. Диалогта келесі айтылымдардың қолданылатынын байқаймыз: сөйлемде фразаларды кірістіріп қолдану, сөзге жауап күту т.б. Диалог барысында сөйлесуші сөз орнына ым-ишара мен ауыз екі сөйлеу түрлерін пайдаланады.

Диалогпен қатар тағы бір сөйлеу түрі бар. Ол «монолог» деп аталады. Монолог – кейіпкердің көпшілікке қарата немесе өзіне арнап айтқан сөзі, толғанысы, өсиет-уағызы. Сөз өнерінде жиі қолданылатын монологтар кейіпкердің ішкі жай-күйін, сырт ортаның өзіне әсер еткен жағдайына байланысты туған толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылады.

Монолог – (гр.*mōnos* - дара, гр.*logos* - сөйлеу) кейіпкердің көпшілікке қарата немесе өзіне арнап айтқан сөзі, толғанысы, өсиет-уағызы.

XX ғасырдың соңғы он жылдығында шешендік өнерге, оның ішінде шешендік монологқа, оны зерттеуге ғалымдардың қызығушылығы арта түсті. В.А. Андреев, В.И. Аннушкин, Г.З. Апресян т.б. ғалымдар зерттеудің үш тәсілін ұсынады:

- нормативтік-стилистикалық (тілдің барлық деңгейлерін нормативтік қолдану тұрғысынан шешендік сөйлеуді зерттеумен байланысты);

- функционалды-стилистикалық (шешендік сөйлеуде ойды тиімді білдірудің әртүрлі тілдік құралдарының қызметі және оны оңтайлы қолданылуын зерттеумен байланысты);

- психолингвистикалық – (оның мазмұны мен спикердің ниеті, сөйлеудің тыңдаушыларға әсері, оны тыңдаушылардың қабылдауы арасындағы байланыс тұрғысынан шешендік сөйлеуді зерттеуді білдіреді).

Қоғамдық сөйлеу – бұл ауызша сөйлеудің ерекше формасы ретінде анықтауға болатын монолог, ол семантикалық қатынас туралы аяқталған бір адамның егжей-тегжейлі тұжырымы, барлық тілдік және коммуникативті элементтері негізгі ойға және оның негізгі мақсатына бағынады [59,с. 105].

Шешендік монологтың ақпараттық қызмет, түсіндіру қызметі, апелляциялық қызмет, сөйлеу объектісін бағалау қызметі, шақыру қызметі, әрекетке шақыру, императивті қызмет сияқты қызметтері бар.

Шешендік өнерде маңыздысы – апелляциялық – сендіру және әсер ету қызметі.

Шешендік сөйлеудің міндеті – белгілі бір мақсатқа жету үшін адамдардың ерік-жігеріне сендіру, әсер ету. Бұл жағдайда ерікті-жеке функция ерекше рөл атқарады. Осыған байланысты тыңдаушылар арасында шешеннің (спикердің) беделінің рөлі өте зор. Айта кету керек, шешендік сөйлеудің түрі мен шығу тегінде стилистикалық сөйлеу құралдары мен қызметі басымдыққа ие. Аудитория алдында сәтті сөйлеу үшін шешен қарым-қатынас жағдайында тез және дұрыс бағдарлануы керек; сөйлеуді дұрыс жоспарлау, сөйлеу мазмұнын дұрыс таңдау, осы мазмұнды жеткізудің тиісті құралдарын табу, кері байланысты қамтамасыз ету.

Шешен аудиторияға тікелей әсер етеді, оны тікелей көреді, оның реакциясын сезінеді, осы реакцияны бағыттайды, аудиторияның назарын, қызығушылығын, сөйлеуді түсіну дәрежесін анықтайды. Демек, бұл жерде тыңдаушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, сөйлеуді қабылдау сипатына, тыңдаушылардың назарын аудару дәрежесіне тез жауап беруге және сіздің сөйлеуіңізді үйлестіруге мүмкіндік беретін қарқынды психологиялық инфекцияның мүмкіндігі зор. Ол тыңдаушылардың дайындығын, қызығушылықтарын, психологиялық көзқарастарын ескере отырып, ақпаратты сараланған түрде жинау мүмкіндігіне ие болады.

Шешен кейде алдын ала сөйлейтін өз аудиториямен танысып алады, осылайша анонимділік факторын жеңуге мүмкіндік алады. Қоғам алдында сөйлеудің оның композициялық-стилистикалық құрылымын анықтайтын өзіндік ерекшелігі бар. Ең алдымен, көпшілік алдында сөйлеу бір бағытта сипатталады, яғни шешен тыңдаушыларға жүгіне және олар үшін сөйлейді.

Шешендік монолог үлкен аудиторияға арналған, бұл оның кейбір ерекшеліктерін анықтайды. Ең алдымен, ол дамытылады, яғни мәлімдемелер логика талаптарына және ойдың толық сипаттамасына, ойдың толық көрсетілуіне сәйкес құрылады. Шешендік монолог ойластырылғандықтан, ол

әдеби тілдің нормалары мен сөйлеу мәдениетінің талаптарын ескере отырып, нормативті түрде жасалады. Шешендік монологтың мазмұны белгілі бір дербестігімен сипатталады, мағынасы еркін, ол диалог элементтері ретінде мәтінге тәуелді емес. Сөйлеу мәтіннің еркіндігі оның белгілі бір тілдік және композициялық ұйымдастырылуын талап етеді, ол шешендік сөйлеудің түрі мен тегіне байланысты көрінеді. Шешендік монолог сонымен қатар риясыздық пен қарым-қатынаспен сипатталады: шешен тыңдаушыларды көреді, бұл олардың реакциясын ескеруге және сөйлеуін реттеуге мүмкіндік береді. Шешендік монологтың тағы бір ерекшелігі-оның логикалық дамуы. Логика адам ойлауының заңдылықтары мен формалары туралы ғылым бола отырып, шешенге өзінің сөйлеуінде ұстануы керек уәждемелік пікірлердің әдістері мен тәсілдерін ұсынады.

Сөйлеудің қисындылығы – бұл негізгі ұғымдардың анықтығы, тұжырымдардың дұрыстығы, ондағы қайшылықтардың болмауы, бір ойдан екінші ойға дәйекті ауысулар, негізделген ұсыныстар. Шешендік монологтың жан-жақтылығын ескере отырып, сөйлеудің ұтымды және эмоционалды бейнелі жақтары болып табылатын бірнеше деңгейлерді бөліп көрсетуге болады, бұл ойлау, тыңдаушылардың сөйлеуді қабылдауымен байланысты. Бұл деңгейге келесілер жатады:

- мәселенің жеткізілуімен, негізгі ойлармен, тақырыпты ашу әдіснамасымен, оның философиялық интерпретациясымен және сөйлеудің ұтымды жағын көрсететін басқа да маңызды сәттермен байланысты идеялық сөйлеу орталығы (идеялық негізгі сөйлеу);

- логикалық-теориялық деңгей, ол сөйлеудің ұтымды жағы бола отырып, теориялық ұғымдарды, олардың логикалық қамтамасыз етілуін, шешен қолданатын дәлелдер жүйесін қамтиды. (шешен тезисін алға тартады, содан кейін ол өз сөзін егжей-тегжейлі ашып береді)

- түсіндіру үшін негіз болып табылатын және тыңдаушылардың көрнекі сезімталдық немесе практикалық ойлауына негіз болатын нақты материалдың деңгейі.

- шешендік сөйлеуді тыңдаушыларға эмоционалды бағалаумен байланысты эмоционалды-бағалау деңгейі.

- тыңдаушылардың сөйлеу қабылдауына әсер ететін ассоциативті-бейнелі деңгей. Бұл деңгейлер өзара ауысып отырады.

Шешендік монолог бағдарлаумен анықталады, яғни риторикалық дискурс белгілі бір әлеуметтік және кәсіби мәртебесі бар белгілі бір тыңдаушыларға арналған. Бұл шешендік монологтың мазмұны мен құрылымдық стилистикалық ерекшеліктерін анықтайды. Шешен аудиторияның білім деңгейін, оның демографиялық құрамын, тыңдаушылардың психологиялық ерекшеліктерін және сөйлеу жағдайының ерекшеліктерін ескеру қажет [8, с. 173-175].

Монологтың өзге сөйленістерден ерекшелігі – бір адамның ойы бір ғана көрініс табады. Мысалы, өзіміз күнделікті театрда тамашалайтын сахналық көріністе кейіпкер өзімен-өзі сырласқандай болып, тыңдаушы немесе көрерменнен ешқандай жауап күтпейді. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы «Болыс

болдым мінеки» өлені лирикалық монологқа, Алтай («Сұлушаш»), Қоңқай («Ақан сері – Ақтоқты») репликалары эпикалық, драмалық монологтарға мысал бола алады. Монологта кейіпкердің ой-тұжырымы айтылып, оның жай-күйі айқын аңғарылады. Монологтың ғылыми тұрғыдағы атауы – «интраперсоналды сөйлеу».

Ал қазіргі шешендікте сөйлеу монолог және диалог түрінде болады. Монологтық сөйлеу – қазақ шешендерінің толғау, ақыл, өсиет, бата, тілек, үндеу түрінде ертеден қолданылып келе жатқан сөйлеу түрі. Монолог бір кісінің сөйлеуі немесе ойы. Монологта белгілі бір тақырыпты баяндап, сипаттап, әңгімелеп айтып беру мақсаты көзделетіндіктен, көпшілік алдында сөйленген сөз, жасалған баяндамалар, оқыған лекциялар, айтылған пікірлер монологқа жатады. Онда адамның ойы, ғылыми, саяси, әлеуметтік көзқарасы, көңіл-күйі, психологиялық ішкі толғанысы, дүниетанымы – бәрі анық байқалады. Жұртшылыққа әсер етуді көздегендіктен және алдын-ала дайындалатындықтан монолог мағыналы болады және шешен тілде сөйленеді. Монологта автордың түйінді ой-тұжырымдары айтылып, көпшілікке талқыға ұсынылады. Сондықтан көп жағдайда монолог диалогқа айналады.

Тыңдаушы көпшіліктің ішінен шешенге сұрақ қоюшылар, қарсы пікір айтып келіспеушілік танытушылар немесе керісінше қолдап сөйлеушілер болуы мүмкін. Мұндай жағдайда тыңдаушылар шешеннің пікірлесушілеріне айналады да, монолог сөз пікірталасына айналады.

Пікірталас іскер адамдардың арасында өрбиді. Пікірталас істі алға бастырады, қоғамды дамытады, өркениетке қол жеткізеді. Пікірталас бар жерде ғана демократия өрістейді. Қазіргі іскер адамдарға шешендік керек, қоғамдық-әлеуметтік маңызды мәселелерді жете және жемісті талдай алу қабілеті қажет.

Сөйлеудегі ең басты талап – шешеннің өзін деген сенімділігі. Сенімділік сөйлеуге жақсы дайындалғанда, көпшілікке пайдалы материалдарды жинақтай білгенде, маңызды нәрселерді айтатынына көзі жеткенде туындайды.

Сөйлеуге дайындық шешеннің өз білімін көтеруден басталады. Кітапхана қорын жинақтау; маңызды әңгімелер мен сөйлесулерге қатысу; көрген-білгендерін, естігендерін жазып жүру; шешендердің сөйлеу үдерісіндегі тәсілдері мен тілдік шеберліктеріне көңіл аудару; аудиториямен қарым-қатынасына, өзін-өзі ұстауына мән беру; көпшілік алдында сөйлеу әдістемесін меңгеру.

Көпшілік алдына шығарда сөйленетін сөздің тақырыбын, мақсатын айқындап алып, сөйленетін сөздің кіріспесін, негізгі бөлімін, қорытындысын түзу – шешенді табысқа жеткізетін талаптар.

Монолог пен диалогтың түрлері бұрынғы шешендікте кеңінен орын алды. Қазіргі шешендікте бұлардың қолданылатын орындары молайып, түрлері көбейді. Монолог баяндама, мақала, саяси шолу сияқты түрлерімен толықса, диалог адамдардың белгілі бір топтарының арасында болатын ойбөліс, пікір алмасу, ойталқы, айтыс пікірталастың түрлерімен кеңейді [64,б. 76].

Монолог тек қана ауызша сөйлеу ыңғайында бола бермей, жазбаша түрде де кездеседі. Екі жағдайда да (ауызша және жазбаша) негізгі ерекшелігі - бір

адамның сөйлеуі немесе бір адамның ойы. Монологтың өзіне тән байымдау, синтаксистік құрылым, лексикалық бірліктерді (единицаларды) таңдап жұмсау, біршама жинақы пікір сияқты өзгешеліктері болады. Бұл аталған белгілердің сөйлеу немесе жазу жанрларына байланысты (көркем монолог, шешендік сөз, тұрмыстағы әңгіме т. б.), функционалдық-коммуникативтік қызметіне қарай (сипаттау, баяндау, әңгімелеу, сендіру т. б.) әртүрлі монологтар көрініс береді. Жанрішілік айырмашылықтар (автор сөзі, кейіпкерлер тілі, ғылымы баяндама, үгіт-насихат мақсатындағы сөз т.б.) монологтың стилистикалық ерекшеліктерін танытады. Кейбір ғалымдардың пікірінше, монологтың белсенді болуы (риторикалық сұрақтардың жиі ұшырасуы, аудиторияға тікелей қарата сөйлеу дәстүрі т.б.) оны «диалогтандыра түседі», яғни адресаттарды (тыңдаушылар мен оқырмандарды) сөйлеуші немесе жазушы өзінің ойына етене араластыра алады. Монологтың бір көрінісі ретінде көркем шығармада, әсіресе, прозалық дүниедегі авторлық баяндау, бір жағынан, әдеби тілді ауызекі сөйлеу тіліне біршама жақындатса, екінші жағынан, тыңдармандар мен оқырмандарды оқиғаға араластырып жіберетін ұлы сөз зергерлері де бар. Демек, монолог туралы сөз болғанда, тек көркем әдебиеттегі мысалдарды келтіру бір жақты болады. Ғылыми баяндамада да, көпшілік алдында сөйлегенде де, екеу, үшеуара сөйлескенде де, монологтың шебер құрылуы арқылы тыңдармандарымен диалог құрып кететін шешендер де болады [65,б. 92].

Монологтың құрылымы төмендегідей:

- **Кіріспе** – алда айтылар ойға немесе ақпарат туралы хабар ету;

- **негізгі бөлім** – түсініктемелер, [толықтырулар](#), [көрнекіліктер](#), [дәлелдермен](#) берілетін негізгі ой;

- **қорытынды** – негізгі бөлімде айтылғандармен сәйкес жасалған түйіндер.

Монологта сөйлеушінің басты мақсаты – тыңдаушыға хабарды мүмкіндігінше анық жеткізу.

Әрбір тыңдаушының келіп түскен хабарды қабылдау, түсіну, қорыту сапасы түрліше болғандықтан, сөйлеуші түрлі лингвистикалық құралдарды, тәсілдерді қолдана алады.

Оларға мыналар жатады:

- қаратпа сөз және т.б. толықтырылған жай және құрамалас сөйлемдер;

- риторикалық сұрақтар;

- етістіктің 1 жағы көпше түрі (оқимыз, қарастырамыз);

- байланыстыру құралдары (біріншіден, сонымен, Яғни қорыта айтқанда), сонымен қатар қайталаулар т.б.

Абайдың «Қара сөздерінде» монолог мол ұшырасады. «*Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір, бірталай өмірімізді өткіздік...*» (Бірінші сөз). «*Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады*» (Бесінші сөз). «Қазақтың бір мақалы: «*Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік*», – дейді, бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады - білмейді» (Алтыншы сөз). Жеке өз аузынан айтылған пікір болғанымен, Абайдың әр «қарасөзі» жалпы халықтың, қалың жұртшылықтың ойын білдіріп,

үлкен ғибратты түйін жасайды. Осындайда кейіпкер ойы мен автор ойының бір жерден шығып отыратынын байқау қиын емес. Автор ойы мен кейіпкер ойының тұтастығы Абай өлеңдерінде де ерекше көзге түседі: «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат, Екі түрлі нәрсе зой сыр мен сымбат...» «Ішім өлген, сыртым сау, Көрінгенге деймін-ау, Бүгінгі дос – ертең жау, Мен не қылдым, япырм-ау?!» Монологтың тек қана бірінші жақтан немесе үшінші жақтан айтылуы шарт емес, жақ түрлерінің қай-қайсысы да келе беруі әбден мүмкін. Ұлы ақынның өлеңдерінде екінші жақтан айтылатын монолог та аз орын алмайды: «Сен мені не етесің? Мені тастап, Өнер бастап, Жайыңа Және алдап, Арбап, Өз бетіңмен сен кетерсің..» Абай шығармаларында монолог елеулі стильдік қызмет атқарып, автор ойын оқырманға тиімді жеткізудің бір тәсілі ретінде қолданылған [66,б. 357].

Г.Пірәлиева ішкі монологтың екі түріне үлкен ғылыми тұрғыда талдау жасаған болатын. Оның біріншісі – шығарманың бейнелеу өрісіне монологқа айналған сана-сезімнің қаншалықты дәрежеде қатысы барын айқындауға байланысты көрінеді. Оның өзі үш түрлі жағдайда көрініс табады. Бірінші санадан, еркіннен мүлдем тыс ішкі монолог (безсознательность), екінші жарым-жартылай саналы, кейде санадан тыс сәттегі ішкі монолог, ол көбінесе, «ой ағысы» (поток сознание) тәсіліне ұласып жатады. Ал үшінші өзін бақылай, қадағалай алатын, жүйелі түрде бағыты айқындалған, шын мәніндегі ойлау үрдісін білдіретін ішкі монолог. Оның қосалқы бір түрі автор өзі тікелей оқиғаға, әрекетке талдау жасайтын монолог [67,б. 79].

В.Е.Хализев: «Кейіпкер монологтарында (әсіресе ішкі монологтарда), ортақ төл сөздерде лирикалық медитацияларда интеллект қызметімен байланысы жоқ және «ақыл-ес бақылауынан» тыс көңіл-күй әуендері қамтыла түседі. Айтылар ойлар адамның сол сәттегі толғанысынан көшірме емес, сөзсіз, пікірсіз жан қозғалыстарының шартты өрмегі ретінде көрінеді, – дейді [68,с. 105].

Автор өз ойын жеткізу үшін кейіпкердің белгілі бір нәрсе туралы ойына ішкі монологты кірістіреді. Сонымен бірге, кейіпкерін ұзақ толғандырып, сұрыптап айтқызу ішкі монологтың ең негізгі тұсы болып табылады.

Ішкі монологтың авторлық түрінің екінші бір түрі – бұл тура автордың өз атынан айтылатын ішкі монолог. Автор атынан айтылған ішкі монолог, кейіпкерлердің ішкі толғанысын, сонымен бірге олардың қоғам алдындағы беделі мен өз бойындағы мінездеріне талдау жасауға көмектесері хақ. Ішкі монологтың автор атынан берілуі, автордың сөз саптауымен және қай қоғамдағы кейіпкерді бейнелей алуына ерекше мән беруі ішкі монолог тәсілдерін аша түсетіндей. Ішкі монологтың автор атынан берілуіне, оның стильдік-көркемдік бейнелері автордың өз қалауы мен алынып отырады. Бірақ мұнда автор мен кейіпкер арасы айқын байқалып тұрады.

Монолог – бұл бір адамның айтар ойын нақты әрі толық тұжырымдайтын ауызша сөйлеудің ерекше формасы. Монологтың лингвистикалық және композициялық сипаты сөйлеудің негізгі идеясы мен мақсатына бағынады.

2.3 Шаршысөз дискурсындағы коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар

Шешендік өнер – әлеуметтік-мәдени сұраныстан туындайтын, қоғамдық қажеттілікке бейімделетін қатынас құралы; ортақ мақсатқа бағытталған мәдени қарым-қатынас түрі. Сондықтан оны өнегелі өмірдің, бедеді өнердің санатына жатқызады.

Сөйлеу барысында пайда болатын мәселелер ашық пікір алысу, жемісті диалог пен ынтымақтастық жағдайында ғана шешімін табуы мүмкін. Кез келген мәселені білгірлікпен және жемісті талқылау, дәлелдеу және үгіттеу, сендіру, өз көзқарасын дәлелді түрде қорғау, қарсы жақтың пікірін теріске шығару әрбір іскер адамның ажырамас қасиеті болуы керек. Қатынас барысында табысқа жету үшін үш анықтаушы категорияны меңгеру керек, олар: логика, психология және сөз. Соңғысы аса маңызды, себебі барлық ақпарат тыңдаушыға сөз, тіл арқылы жеткізіледі. Айтыс-тартыста барлық уақытта шындық жеңе бермейді, тез арада қарсыласының сөзіне талдау жасап, оған тез көңіл бөліп, өз сөзін тиімді құрастыра алған адам үстем болады. Екінші жағынан біреуді үгіттеу, сендіру үшін оған лайықты, нанымды, қонымды сөздер табуың керек. Мысалы, Сократ өзін-өзі қорғап, тамаша сөз сөйлегенімен, Афинаның теңізшілері мен саудагерлерін сендіре алмады, ал олар оны өлім жазасына кесті. Қатынастың әрбір жағдайына сай өз стратегиясын қолдану керек. Бұл жерде стратегия деп жағдайды толығымен түсініп, жалпы мақсатқа жету үшін іс-қимылдың ұйымдастырылуы мен дамуының жалпы бағытын анықтауды айтамыз.

Ең алдымен, сөзімізге арқау болып отырған стратегия ұғымына жан-жақты талдау жасап алайық.

1988 жылы жарық көрген «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» стратегия терминіне төмендегідей анықтама берілген:

1. Искусство ведения крупных военных операций и войны в целом. Напр. Стратегия молниеносного удара.
2. Искусство руководства общественной, политической борьбой [69, с. 283].

Түрлі деректерге сүйенер болсақ стратегия терминін көп жағдайда әскери басшылар қолданып келген. «Стратегия» гректің – «генерал өнері» деген сөзінен шыққан. «Стратегия» термині осы уақытқа дейін жарыс, бәсеке мағынасында қолданылып келгенімен, қазіргі кезде бұл атау кәсіпорын қызметінің жалпы концепциясын білдіреді.

Стратегия дегеніміз – міндетті істі орындауды және мақсатына жетуді қамтамасыз ететін жан-жақты жоспарлар жиынтығы болып саналады.

Стратегиялық жоспарлау дегеніміз – басшы қабылдаған шешімдер мен әрекеттер жиынтығы, сол арқылы мемлекетті (ұйымды) басқару кезінде өз мақсатына жету үшін басшы арнайы стратегияны іздейді. Стратегиялық жоспарлау мемлекеттің дамуы үшін шешім қабылдауға қажетті құрал болып

саналады. Оның басты міндеті – мемлекетте жаңадан енгізілген жоспарларды жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ету.

Стратегиялық жоспарлаудың өзіндік белгілері төмендегідей:

1) стратегияны көпшілік жағдайда жоғарғы басшылар тұжырымдайды және жасайды, алайда оны жүзеге асыруға басқарудың барлық деңгейлерінің қатысуы көзделеді;

2) стратегиялық жоспар жеке бір ұйымға ғана емес, бүкіл бір мемлекеттің даму болашағы үшін де жасалады;

3) стратегиялық жоспар көлемді зерттеулермен және нақты деректермен негізделуі тиіс;

4) стратегиялық жоспар мемлекеттің айқындылығын, дербестілігін білдіреді;

5) стратегиялық жоспарды жасағанда, ұзақ уақыт бойы тұтастығын сақтаумен қоса, қажет болған жағдайда жетілдіруді және қайта бағыттауды жүзеге асыратындай икемді болуы керек.

Қатынас стратегиясы сөз тактикаларының көмегімен іске асады. Сөз тактикасы дегеніміз – ол нақтылы жағдайда қойылған мақсаттарға жеткізетін сөздік тәсілдер болып табылады. Сөздік тактикалар тұрмыстық қатынастарда немесе іскерлік салада жүзеге асырылып жатады. Кейде әр түрлі деңгейдегі сөздік тактикалар бір-бірін толықтырып, кірігіп жатады. Сөздік тактикалар мен стратегиялардың жан-жақты болатындығын ескерсек, әр түрлі әлеуметтік топтарға сөз арқылы ықпал жасағанда әр түрлі сөздік тактика қолдану керек.

Әрбір маман үшін коммуникативті тактикаларды диалогтік әңгімелесу кезінде пайдалана алу дағдысы аса қажет. Бейтаныс адаммен, тапсырыс берушімен немесе әріптеспен әңгімеге кірісерде сіздің олар туралы ешқандай мәліметтеріңіз жоқ. Әңгімені қалай мағыналы ету керек? Біріншіден, әртүрлі және қажетті сөздік тактикаларды қолдану қажет, екіншіден әңгімелесуші адамның сөздік тактикаларын тез ұғынып, оған жауап қайтара білу керек. Мінез-құлық тактикасы көбірек нәтиже беретін іскерлік қатынас тәсілдері мен амалдарын қолдануды талап етеді.

Оларға мыналар жатады:

- іскерлік әңгімелер мен коммерциялық келіссөздер кезінде жағымды жағдайлар жасау;

- өзі туралы жағымды әсер туғызу;

- әдепсіз әңгімелесушілер мен әріптестеріңізден қорғану

- сұрақ қою және оған жауап беру;

- өз сөздерін негіздеп, дәлелдей алу;

- қарсы жақтың дәлелдерін теріске шығару;

- дау-дамайлы жағдайларда әрекет жасай алу біліктілігі.

Коммуникацияға қатысушыларының коммуникативтік білімі, біліктілігі мен дағдысы:

– коммуникативтік стратегияны тиімді құрастыра білу;

– коммуникацияның түрлі амал-тәсілдерін тиімді қолдана білу;

– коммуникативтік нормаларды және коммуникативтік байланысты

орната білу [70,с. 38-39].

Стратегия кооперативті және бейкооперативті болып бөлінеді: бейкооперативті стратегияның негізіне жанжал (конфликт), ұрыс-керіс, қорқыту-үркіту, алдау, өтірікке бару, тура жауаптан қашқақтау т.б. теріс құбылыстар, ал кооперативтік стратегияның негізіне сенім, ынтымақтастық, шынайылық, қайырымдылық т.б. тәрізді жағымды құбылыстар жатады.

Сөз тактикасы сөз стратегиясындағы амал-тәсілдердің орындалуын жүзеге асырады. Сөз тактикасы бағалау, ұнатпау, қуану, ренжу т.б. модальдық реңктерден тұрады. Мысалы, міндетіне алған нәрседен бас тарту стратегиясы қолынан келмейтіні, уақыт жоқтығы, тура жауаптан жалтару, кейінгі сілтеу, міндеттен бас тартатынан тікелей айту т.б.

Кооперативті стратегияда фатикалық қатынас ерекше орын алады. Байланыс жасауға, тілдік қарым-қатынас жасауға деген коммуникативтік мүдделілік коммуниканттардың бір-біріне деген назарын күшейтеді. Сөз тақырыбына, арқауына қызығушылық туғызады. Коммуниканттың назарын өзіне қарату мен сөзге тарту алдымен фатикалық қатынас арқылы жүзеге асып, әңгімеге қолайлы ахуал қалыптасады.

Ақиқаттағы белгілі бір мәнділікті тілдік амалдармен әртүрлі атауға болады. Мысалы, *жұмысқа кешікпей келсе керек еді; әркім өз міндетін орындаса керек еді* деген сөзді *сен жұмысқа кешігіп келдің; сен өз міндетіңді орындаған жоқсың* деп те айтуға болады. Бұдан ақиқаттағы белгілі бір мәнділік өзгерген жоқ, бірақ қарым-қатынас стратегиясы өзгерді. Біріншісінде сөйлеушінің стратегиясы кооперативті болса, екіншісінде бейкооперативті. Егер адресаттың тілдік құзыреті, сөз мәдениеті жоғары болса, диалогті әрі қарай жалғастыруға болатынын байқайды. Ал тіл құзыреті, сөз мәдениеті төмен адресат сөйлеушінің стратегиясын аңғара бермейді, сөз аяғы ушығуы мүмкін. *Кешікпей келсе керек еді, міндетін орындаса керек еді* дегендерді бейкооператив мазмұнда деп ұғады.

Кооперативті сөз стратегиясында сөйлеуші адресаттың реакциясына қарап, бақылап отырады, егер оған ауырлау, қиындау тиетін болса, сөз тактикасын дереу өзгерте қояды. Мысалы, *сен жұмысқа кешігіп келдің. Сәл-пәл кідірістен (паузадан) соң, – ыңғайсыз жағдайға қаласың ба дегенім ғой* деп реттеуіш репликасымен жуып-шайып отырады. *Сен өз міндетіңді орындаған жоқсың, ертең аттестация кезінде қиын болар ме екен.* Бұл айтылымның екінші бөлігі, адресатқа ауыр тиетін сөзді жеңілдетудің тактикасы. Мұндай тактика тілдегі әртүрлі реттеуіш құрылымдар арқылы жүзеге асып отырады [20,б. 27].

Шешендік сөздер көбіне диалог түрінде көрініс тауып, сөйлеуші мен тыңдаушының өзара тіл табысуын көздейді. Мұнда дау-дамай, түрлі жанжалдар, жер дауы, жесір дауына ұласып, соны ынтымақпен аяқталады. Демек, мұнда ғалым Н.Уәли айтқан ынтымақты стратегия көрініс табады. Мысал ретінде төмендегі шешендік сөзді ұсынайық: шешендік сөздердің ішінде саяси мәнді мәтіндерде сөйлеу стратегиялары мен тактикалары мейлінше көп қолданылады. Саясат пен жеке тұлғаның ұстанымын байланыстыратын да біз жоғарыда тоқталып өткен дискурс.

Дискурс жөніндегі теориямен тығыз байланысты ұғымдарға саяси ұстаным мен әлеуметтік ұстаным жатады. Мәселен, М. Фуконың тұжырымдамасында дискурс ұстанымның сыртқы ұйымдастырушысы болып табылса, ал Ю. Хабермастың тұжырымдамасына сәйкес дискурс агенттің саяси және әлеуметтік ұстанымдарының ерекшеліктерінде көрініс береді. Негізінде, дискурс ұғымын ғылыми айналымға лингвист Ролан Барт енгізді. Оның: «Болашақта біз сөйлеушілік шығармаларды дискурс, пікір айтушылық деп атаймыз және бұлар ауызша немесе визуальды екендігіне қарамастан барлығы да бір мағынада болады» [71,с. 74] – деген сөзінен кейін дискурс концептісі саяси сипатқа ие болды.

Саяси мәтінді жазушы адам дәл осы саяси көзқарастарға қатысты өзінің саяси пікірін білдіреді. Бұл саяси мәтін, бір жағынан, қоғамның белгілі бір мүшелеріне ғана әсер етуі мүмкін, ал екінші жағынан, кең түрде алып қарасақ мемлекет халқының барлығына әсер етуі де мүмкін.

Қазіргі таңда саяси сипаттағы мәтіндерді зерттеу шеңбері кеңейіп, өзінің түрлі бағыты белгіленген ғылым саласы болып табылады. Түрліше зерттеліп жүрген бұл саланың маңызды бөлшегін саяси тұлғалардың тілдік қолданыстары мен іс-әрекеттері құрайды.

Коммуникацияда стратегия мен тактика – табысқа жетуге көмектесетін сөйлеу әрекетін жоспарлау, ұстанымдарды, амал-тәсілдерді сұрыптау.

Ж.Қ. Ибраева өз еңбегінде шетел ғалымдарына сілтеме жасай отырып, саяси тұлғалардың когнитивті-сөйлеу стратегияларын төмендегідей көрсетеді. Олар:

1. **Қорыту.** Типтік сөйлемдер: «Әрдайым осылай», «Мұнымен қадам басқан сайын кезігесін», «Бұл үнемі қайталана береді».

2. **Мысал келтіру.** «Міне, мысалы», «Мысалы, өткен аптада», «Біздің саясаткерді алыңыз. Ол...».

3. **Түзету.** Бұл формулалық немесе риторикалық стратегия (жиі лексикалық). Индивидуалдық сөйлеуді бақылау мынадай болжамды тудырады, қайсыбір түйіндеме не референциалды тұрғыда «жалған», не қаламаған түсіндірмелерге және тыңдаушының терең импликация немесе ассоциацияларды бағалауына алып келеді.

4. **Күшейту.** Типтік сөйлемдер: «Бұл сұмдық, ... ұят, масқара...»

5. **(Айқын) көну, жол берулер.** Типтік сөйлемдер: «Олардың арасында жақсы адамдар да кездеседі», «Қорытудың қажеті жоқ, бірақ...», «Саясаткерлер де осылай жасай алады» (сондай-ақ салыстыру болып та табылады).

6. **Қайталау.** Формулалық қадам, оның функциясы күшейтуге жақын: назар аударту, ақпараттық құрылымдау, субъективтік бағаның, неғұрлым маңызды тақырыптардың астын сызып көрсету және т.б.

7. **Қарама-қарсылық.** Біршама когнитивтік қызметі бар қадам. Риторикалық: қатынасқа қатысушылардың назарын аударту (ақпаратты құрылымдау). Семантикалық: адамдардың жағымды және жағымсыз бағаларын, олардың әрекеттері немесе қасиеттерін астын сызып көрсету – жиі

БІЗ-тобы мен ОЛАР-тобын қарама-қарсы қою арқылы (типтік мысал: «Бізге көп жылдар бойы еңбек етуге тура келді, ал олар жәрдемақы алады және ештеңе істемейді») – және қақтығыс мүдделер кездесетін барлық жағдаяттар.

8. **Жұмсарту.** Бұл қадам жалпы жағдайда өзін-өзі таныстыру стратегиясына қызмет етеді, түсіністік пен төзімділікті, сонымен қатар негізделе алмайтын бағалау немесе қорытуды «жоққа шығаруды» көрсетеді.

9. **Жылжу.** Типтік мысал: «Маған жалпы алғанда бәрібір, бірақ басқа депутаттар біздің фракцияға наразылық білдіріп отыр».

10. **Ауытқу.** Типтік сөйлемдер: «Білмеймін», «Мен олармен араласпаймын», «Олардың не істеп жатқандығы маған бәрібір», «Менің уақытым жоқ...» [72,б. 75].

Мақсатына қарай тиімді және тиімсіз қарым-қатынасты ажыратуға болады. Адамдардың мақсаттары сәйкес келген жағдайда қарым-қатынас нәтижелі болмақ. Осы үдерісті психологтар кооперация деп атайды. А. Құдиярованың айтуы бойынша, ең ұтымсыз уәждер – индивидуализм және агрессия, ортақтасу серігінің қызығушылығы мүлдем назарға алынбағандықтан, оның да қорғану стратегиялары қоздырылады. Зерттеуші тұлғааралық өзара әрекет стратегияларының сипаттамасын бергенде, негізгі бес түрін ажыратады:

1. **Қарсыласу стратегиясы,** өз ұтысын көбейту уәжіне сәйкес. Адам тек қана өзінің мақсатына бағыттталып, өзгенің мақсатын есепке алмайды. «Саған емес, маған».

2. **Қашу стратегиясы,** өзгенің ұтысын азайту уәжіне сәйкес. Шынайы өзара әрекеттен қашу, байланыстан бой тарту, өзгенің ұтысын азайту үшін өзінің де мақсатына жетпеу. «Саған да жоқ, маған да жоқ».

3. **Жол беру стратегиясы,** өзгенің ұтысын көбейту уәжіне сәйкес. Ортақтасу серігі мақсатына жетуі үшін өз мақсатын құрбандыққа салу. «Маған емес, саған».

4. **Бімыра стратегиясы,** ұтыстарды азайту уәжін жүзеге асырады. Шартты теңдік үшін ортақтасу серіктері өз мақсаттарына толық жетпейді. «Саған қанша болса, маған да сонша».

5. **Бінтымақтастық стратегиясы,** кооперация мен бәсекелестік уәждерін жүзеге асырады. Бірлескен әрекетке қатысушылардың әлеуметтік қажеттіліктерін толыққанды өтеу. «Барлығы саған да, маған да» [73,б. 56].

Кей жағдайда жоғарыда атап көрсетілген стратегиялар саяси тұлғаларды, қоғам белсенділерін жарнамалау үшін қолданылады. Қажет жағдайларда даудамай, жанжал арқылы өз-өзін жарнамалайды. Ол кейде оң, кейде теріс нәтиже береді.

Бұл тұрғыдан келгенде қоғамның психологиялық ахуалына әсер ету жағынан PR-дың алар орны ерекше. PR (паблик рилейшнз) ғылыми жүйе ретінде негізгі міндеті коммуникациялық кеңістіктің, оның ішінде әлемдегі ұйымдастырылуы мен қолданылуының жай-күйін талдау болып табылады. Бұл оның дамуының әрбір кезеңінде социум мүшелерін өмірлік ортамен өзара байланысына ықпал ететін коммуникативті ағын үдерісінің бағытын

түсіндіруге мүмкіндік береді. Коммуникацияның практикалық жүйесі ретінде публік рилейшнз уақыт пен кеңістік талаптарына сәйкес қоғамның жаңа типінің қажеттіліктеріне жауап беретін барлық әлеуметтік және қоғамдық қатынастардың қалыптасуын, жасалуы мен түрленуін қамтамасыз ететін негізгі әлеуметтік механизм ретінде адамның сөйлеу әдебін басқару қызметінде қолданылады

XX ғ. ортасынан PR-технологиялар әртүрлі салаларда халықаралық деңгейде мемлекеттің имиджін қалыптастырып, көтеруге дейінгі аралықта қолданыла бастады. Экономиканың жаһандануы жағдайында елдің жағымды имиджін қалыптастыру экономикалық әріптестік пен экономикалық жағдайдың жақсаруына тікелей әсер етеді, өйткені, мемлекетке және оның агенттеріне сенімнің артуына және халықаралық қарыз-несие саласында елеулі жеңілдіктер алуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, PR-технологиялар әртүрлі елдермен өз құндылықтар жүйесі мен әлемдік қауымдастық саласында ықпалын (мәдени және экономикалық) арттыруда белсенді түрде қолданыла бастады.

PR жүргізудің стратегиясында RACE жүйесі қолданылады. R (research) – міндетті қою және талдау; A (action) – жалпы бағдарламаны және тұжырымдаманы жасау; C (communication) – алға қойылған мақсаттарға жету жолында коммуникативті байланыстар орнату; E (evolution) – кері байланысты қамтамасыз ету, нәтижелерді қорытындылау және түзетулер енгізу.

Символдық перформанстарды қалыптастыру – ғаламдық ауқымда ұйымдастырылатын (мысалы, жаһандануға қарсылар, жасылдар және т.б.) бұқаралық шерулер (қолдау немесе наразылық); халық алдында мәлімдеме жасау, спорт жарыстары.

Аудиторияны жіктеу (сегменттеу) – PR-технологиялардың, әртүрлі елдер тобына немесе халық жіктерінің діни, мәдени, білім, мүліктік, құндылықты бағдарларын есепке ала отырып, мақсатты бағыттарын анықтау.

Спин-докторинг (spin-doctoring) – ақпараттық кеңістікті басқару технологиясы, ақпараттық кеңістікті қайта кодтау және ақпараттық кеңістік арқылы әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени кеңістікке ену, сондай-ақ дағдарысты жағдайда ақпаратты қайта қалпына келтіру. Ғаламдық деңгейде әлемнің бейнесін қалыптастыруға шешуші ықпал ететін ғаламдық БАҚ-ты пайдалану және дамыту [74,б. 504].

Саяси коммуникация жүйесі белгілі бір саяси мақсатқа қол жеткізу үшін қоғамдық санаға әсер ету құралдарынан тұрады. Зерттеуші Б.С.Ахатованың айтуынша, саяси коммуникация мынадай құрамдас бөліктерден: 1) саяси PR; 2) саяси үгіт-насихат; 3) саяси жарнамадан тұрады. Саяси PR көпшіліктің белгілі бір саяси субъектіге (саяси партия немесе қайраткер) деген сенімін қалыптастыру мақсатымен ұзақ уақытқа жоспарланады; 2) ал саяси үгіт-насихат сол қалыптасқан сенім негізінде саяси мінез-құлықтың белгілі бір типін жасау үшін қоғамдық санаға нақты саяси идеяларды сіңіреді; 3) ал саяси жарнама электораттың сол үгіт-насихат ықпалына түскен бөлігін «дұрыс таңдау жасауға» шақырады, яғни нақты бір саяси партияға немесе оның көшбасшысына дауыс беруге үндейді [75,с. 110]. Осылардың ішінде көпшілікке

тікелей және күшті әсер ететін жарнама мен үгіт-насихатқа қарағанда PR-дың коммуникативтік ықпалы әлсіздеу болады. Бірақ жоғарыда аталған негатив PR материалдары туралы бұлай дей алмаймыз. Қандай да бір үміткердің кандидатурасына қарсы пікір туғызу үшін бейәдеп, заңға қайшы, лас технологияларды қолдана отырып мұндай «қара PR» жасау көпшілікке жарнамадан да қатты әсер етеді. Онда ақпарат бұрмаланады, кейде жалған мәліметтер беріледі, бәсекелес субъектіге әртүрлі жала жабылады, тіпті арандату әрекеттері де жоспарланады. Түптеп келгенде, мұның барлығы да «жұртшылықпен байланыс» деген ұғымды білдіретін PR-дың шынайы мән-мазмұнына қайшы әрекеттер болып табылады. Мәселені кеңірек аяда қарастырсақ, бұл тіптен ұлттық намысты қорлайтын келеңсіздіктер деп бағаланады [15,б. 42].

PR-технологиялардың түрлері көп. Бағытына, қолданылуына орай PR-технологиялар: үгіт-насихат; промоушн (promotion) – талап етілген бағытта қоғамдық пікір қалыптастыру; публицити (publicity) – сәйкес БАҚ-да жағымды ақпараттың пайда болуына жағдай жасау, жұртшылықты хабарландыру (public information), медиарилейшн (media relation) – саяси іс-әрекетті ақпараттық сүйемелдеу; басын айналдыру (brainwashing) – әсер етудің қарқынды түрлері; сыбыс тарату. Дағдарысты технологиялар – кейін шегінер жолды алдын ала ойластырып қойып, дағдарысты жағдайды әдейі ойдан шығару. Әсіресе, дәстүрлі мәдениеттегі елдерде тиімді. Дағдарыс нәтижесінде және ақпаратты қарқынды әрі жеделдетілген тәртіпте жүргізу барысында күйзелісті жағдай туады. Көптеген көзқарастар мен құндылықтар қайта қаралады, сананың қозғалмалылығы артады, дәстүрлі құндылықтарға сүйену жоғалады, нәтижесінде жаңа құндылықтар жүйесін енгізу оңайға түседі.

Когнитивті прагматика стратегиялық тәсілге құрылады, яғни тілдік тұлғаның мүдделері басымдық принципіне негізделеді. Стратегиялық көзқарас сөйлеу (коммуникативтік) стратегиясы, тактикасы, коммуникативті қадам сияқты ұғымдармен жұмыс істейді.

Шаршытопта сөйлеу мәселесін зерттеп жүрген орыс ғалымы А.А.Ворожбитова өз еңбектерінде тілдік тұлғаның өзін-өзі баптауына, психологиялық дайындығына аса мән береді.

Тілдік тұлға немесе шаршытопта сөз сөйлеуші жеке сөйлеу параметрлерін қалыптастырады. Сөйлеу параметрлері төмендегі жайттарға баса назар аударғанда дұрыс қалыптасады. Олар:

1. Этика-эстетикалық категория.
2. Риторикалық қағидалар.
3. Сөйлеу тәртібіне қойылатын талаптар.

Этика-эстетикалық категория:

- **Үйлесімділік.** («Менің сөзім құдды өнер туындысы секілді, сондықтан мен өзімнің тыңдаушыммен белгілі бір гармониялық байланыста боламын»).

- **Мойынсұну.** («Менің сөзім өзгелердің пікірімен санасу мен мойынсынудан тұрады»).

- **Әлемді сүйю.** («Менің сөзімнен әлемге деген сүйіспеншілікті байқауға болады және мен дау-жанжалдардан аулақпын»).

- **Ашуға бой алдырмау/байсалдылық.** («Мен ешқашан ашуға бой алдырмаймын, менің сөйлеген сөзімнен байсалдылық, бірдоғалық, салмақтылықты байқауға болады»).

- **Қуаныш.** («Менің сөйлеген сөзім тыңдаушыма қуаныш сыйлайды, мен тілдік тұрғыдан алғанда оптимистпін, мен өзім қолданатын сөздердің бәрін бақылауда ұстаймын»).

Риторикалық ұстанымдар:

- **Аз сөйлеу.** («Мен көп сөзділіктен аулақпын, қысқа әрі тұжырымды сөйлеймін, сондай-ақ қайталауларға жол бермеймін»).

- **Ақиқат пен шынайылық.** («Мен өтірік сөзден өзімді аулақ ұстаймын және барынша шынайы сөйлеймін»).

- **Сабырлық пен мейірбандылық.** («Мен барынша сабырлы сөйлеймін, менің сөздерімнен, дауысымнан, бет-әлпетімнен мейірбандылық көрініп тұрады»).

- **Айқай, жанжалдан аулақ болу.** («Мен ешқашан ұрыс пен жанжалға жол бермеймін»).

- **Жала жабу, өсек, айыптаушылық пен мінеушіліктен бас тарту.** («Жала жабу, өсек айту, дәлелсіз кінәлау – адам бойындағы ең жаман қасиет деп ойлаймын»).

Сөйлеу тәртібіне қойылатын талаптар:

- мен әрқашан лайықты адамдармен әңгімелесемін;
- мен сұхбаттасушының немесе әңгімелесушінің сөзін зор ынтамен тыңдаймын;

- әрқашан сабырлық сақтаймын;
- көп сөзділіктен, бос сөзділіктен адамын және дөрекі сөздерді қолданбаймын;

- біреуді пікірі үшін жамандаудан және зиянды өтіріктен аулақпын;
- мен жақсы сөздерді жиі айтамын, бірақ асыра мақтаудан және жағымпазданудан бас тартамын;

- мен ең мықты тілдік тұлғаларға еліктеймін, олардың жақсы жақтарын өзіме сіңіруге тырысамын [76,с. 54-56].

Яғни шаршытопта сөз сөйлеуде айтар ойың анық әрі нәтижелі болу үшін біріншіден өзін баптау керек.

Кез келген сөйлеу стратегиясының түпкі мақсаты – бұл адресат әлемінің үлгісін түзу. Мұнда сөйлеу тактикасы ерекше рөл атқарады. Сондықтан басқа да тактикаларды жүзеге асыру құралы ретінде коммуникативтік қадамдар секілді коммуникативті әдістер қолданылады.

2.4 Шаршысөз дискурсының түрлері, ұлттық коммуникативтік мәдениетке тән ерекшеліктері

Қашанда «Өнер алды – қызыл тіл» деп санайтын қазақ халқы үшін шешендік өнер жат емес. Шешендік өнер – қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір

жанры, қазақ халқының атадан балаға мұра болып келе жатқан рухани құнды мұрасы, асыл қазынасы. Қазақ шешендік сөз өнерінің көшбасына Майқы би мен Аяз билерден басталып, Жиренше шешен, Асан қайғы, Бұқар жырау, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, т.б. есімдерін жатқызуға болады.

Шешендік сөздерді зерттеп, түрлі қырынан қарастырған Б. Адамбаев, Н. Төрекұлұлы, Т. Кәкішев, М. Әлімбаев, С. Дәуітов, Р. Сыздықова, Г. Қосымова т.б. секілді әдебиетші, тілші ғалымдардың еңбектерінде бұл өнерге қатысты түрлі материалдар өте бай. Солардың еңбектерін оқып отырғанда, тек қазақ даласында өз кезінде белгілі болған, халық жадында мұрасы сақталған дана билер мен ділмәр-шешендердің өздері ғана мыңдап саналатынын көреміз. «Осылардың әрқайсысынан ондаған, мыңдаған ақыл-нақыл сөз қалған» деп есептегеннің өзінде қаншама шешендіктің кілті бар екені түсінікті. Мысалы, ұлы Абайдың әкесі – Құнанбай да кезінде аузы дуалы, сөзге шешен, сұңғыла айтқыш болған. Сонау Жиренше шешеннен тартып, бүгінгі даналық сөз тудырудың биік тұғырынан көрініп отырған дарынды ақын Қадыр Мырзалиевке дейінгі зерделі ұрпақтың мұрасында әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнның, халықтық-психологиялық пішіннің қаншама шындығы, үздік ойлары жатқандығы белгілі. Сөз тапқыш шешендер, айтқыш ақындар шығармашылығы міндетті түрде ел арасындағы дау-дамай, талас-тартыстарға, жер дауы мен жесір дауына, барымта, қарымталарға байланысты билік айту, қазылық жасау мақсатында, өзара сөз сайысына түсуге, ақыл-парасат сынасуға, жұмбақ шешімін табуға т.б. осы сияқты ситуацияларға қатысты туындап, дамып отырған.

Мәселен, аты алты алашқа әйгілі Жиренше шешенді Жәнібек хан сапарға бірге ала шықпақ болып, тез келсін деп, қызметкерін жібереді. Ол:

- Ау, Жиренше, хан жолаушы шығайын деп Сізге тез келсін деп жатыр, - дейді. Сонда Жиренше:

- Ханның жеккені не? – депті.
- Жеккені қып-қызыл алты нар, әзір тұр.

Жиренше сонда:

- Қазір барамын, ханға сәлем айт, күн бұлт екен де, – депті.
- Тақсыр, Жиреншені шақырдым, ол «ханға сәлем айт, қазір барамын, күн бұлт екен» деді, – дейді.

Айтылған сөздің астарын түсіне қойған хан:

- Алты нарды доғарып, арбаға алты тұлпар жегіндер! – деп бұйырады. Тұлпарлар жегіліп, әзір болған кезде Жиренше де келеді. Сөйтіп, хан екеуі жолға шығыпты. Жолда құбыладан қара бұлт пайда болып, жаңбыр құйып, жер батпаққа айналыпты, соған қарамастан олар сыдырта желіп отырады. Сонда Жиренше ханға қарап:

- Жылқы – малдың патшасы, түйе – малдың қасқасы, түйе малының мынадай ми батпақта жүруі қиын, мен соны ойлап айтқан едім, – депті. Жиренше шешеннің ханға айтқан осы ұтқыр жауабы әлеумет тілінде қанатты сөзге айналып, ел жадында сақталып, нағыз шешендіктің үлгісін танытып келеді.

Зерттеуші Г. Қосымова: «Соңғы жылдары, яғни еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап шешендік өнердің қажеттілігі күн санап артып келеді. Елдің тәуелсіздігі өзімен бірге ойлау тәуелсіздігін, санадағы, танымдағы тәуелсіздікті, тіл тәуелсіздігін қоса алып келді. Демократиялық қоғам өмірдің барлық саласында сөйлеу еркіндігін қамтамасыз етті, әртүрлі саяси көзқарастағы топтар қалыптасты, дін тақырыбында шешіліп сөйлеуге мүмкіндік туды. Еліміздің конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып қабылдануына байланысты сот істері қазақ тілінде жүргізіле бастады. Республикадағы телеарналар мен радиохабарлардың тең жартысы қазақ тілінде дайындала бастады, қазақ баспасөз басылымдарының тілі өткірлене түсті. Осының бәрі қазақ тілінде шешен сөйлеу талабын күшейте түсері анық», – деп атап көрсетеді [64,б. 181].

Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: *«Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын»*, – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Шешендік сөздердің шеберлігі, құндылығы сөз сайысында, алқа топтың алдында сыналып, бағаланған. Бұл өнер қазақ халқының сан ғасырлық тарихының, бостандығы мен бақытты болашағы үшін жүргізген күресінің айнасы, айғағы есепті. Ғасырлар бойы жинақталған, сығымдалған, сұрыпталған шешендік өнер нұсқаларынан халықтың тіл байлығын, ақыл-ой қорын және шебер сөйлеу мәнерін үйреніп үлгі алуға болады. Халықтың тілінде шешендікті «шешеннің сөзі мерген, шебердің көзі мерген» деп шеберлікпен салғастырып бағалаған. Халық түсінігінде шешеннің сөзі қынаптан суырылған қылыштай өткір, соқырға таяқ ұстатқандай анық, бойға қуат, көңілге медет болатындай терең мағыналы, көркем болуға тиіс. Тіл өнерінің салтанатты думаны сондай шешендік алаңында қызады да, оның от ауызды, орақ тілді шеберлері сол думанда көзге түседі. Соларды қазақ «шешен» деп атап, тілдің терең қыр-сырын аса меңгерген дарын иелері деп құрметтеген. Сондай ерекше шешендік қабілеті бар кісілер елді аузына қаратып, ел алдында «отағасы», «биағасы», «ауыл ақсақалы», «ру басы» сияқты атаққа да ие болған.

Шешендік сөз өнерінің әлеуметтік сипатын көрсететін жағдайдың бірі – шешендік өнердің тарихи құбылыс болуы. Себебі ол – шешеннің шебер сөйлеу өнерін тарихи кезеңде қалыптастыратын дәстүр, ол – сөз жарыстыру, сөзбен айтысу ақылдың ұшқарлығы мен ойдың тереңдік тұрғысынан сайысқа түсу өнерін және интеллект сайысына түсу өнерін қалыптастыру дәстүрі болып табылады.

Шешендік – қазақ сөз өнері салаларының халықтық көркемдік ойлау денгейін танытатын байырғы үлгілерінің бірі. Қазақ халқының қалыптасуы мен дамуы кезеңдерінде тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынастардың аса маңызды

мәселелерін, жеке адамдар мен халықтың тағдырын шешетін сын сәттерінде би-шешендердің шешімдері негізгі ықпалды құқықтық, тәлім-тәрбиелік қызмет атқарған. Би-шешендердің қызметі қазақ халқының барлық әлеуметтік топтарының адамгершілік-имандылық мінез-құлық дағдыларының ата-баба қалыптастырған жүйемен жүріп отыруын қадағалаған, елді басқарып отырған хандарды да, қол бастаған батырларды да, мыңғырған малы бар байларды да, дәулеті жоқ кедей шаруаларды да, ел ісіне араласа бастаған бозбалаларды да – барлық жастағы адамдарды адамгершілік ұлағатымен тәрбиелеген. Қазіргі заманғы ғылыми-зерттеулер нәтижелеріне негізделген анықтамалар бойынша би-шешендердің әлеуметтік қызмет салалары сан алуан дәстүрлерді қамтыған (Ана тілі газ.) (<https://anatili.kazgazeta.kz/search?search>).

Ақындық, шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне қажетті жағдай еркін сөйлеу, сөз бостандығы. Қазақ қауымында сөзге тыйым салынбаған, сынға шек қоймаған. Тілімізде «би», «шешен» деген сөздердің бір мағынаға бірігіп, кірігіп кеткені белгілі, би болу үшін бір ғана сөзге шеберлік жеткіліксіз. Бұл, ең алдымен, елдің шежіресін, тарихын ұлылы-кішілі ел басынан өткен уақиғаларды, тарихи қайраткерлерді, әсіресе дау-дамай, әдет-ғұрып заңын жетік білуге тиіс. «Ойлансақ мың бір пәле тілден туған, шешендер топ ішінде белді буған», – деп Шал ақын бекер айтпаса керек. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» дегендей көп ішінен дарынды шешендер шыққан. Шешендердің басым көпшілігі билеуші тап өкілдері болған. Көбінесе шешендер жер дауы немесе жесір дауы немесе ердің құнымен байланысты айтылған билік төрелік сөздер. Ақындар сияқты шешендер арнайы өнер жарысына түспеген, олардың шешендігі белгілі бір дауларды шешу үстінде көрінген, шешендік – тапқырлық сөздері белгілі бір мақсатпен байланысты туған. Олардың дауласқан, айтысқан мәжілістеріне екінің бірі араласа алмаған. Алайда үстем тап өкілдері: ру басы – билер шешендік өнерді өзінің шын иесі халықтан бөліп-жарып әкете алмаған. Қазақтың шешендік өнері үш жүздің басын қосқан Тәуке ханның тұсында, ханның ордасы Түркістан қаласында жанданған, ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген даңқты дала Демосфендері мен Цицерондары, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би және қара жігіт Әйтеке шешендердің атақ-даңқтары да осы кезде шыққан.

Жалпы шешендік өнер мен қазақ шешендік өнеріне қатысты мәселелер, соның ішінде оның тарихы, шешендік өнердің ерекшелігі, шешенге тән шеберліктер, ұлттық шешендік өнердің негіздері, шешен сөздің жанрлық түрлері, шешендік сөздің тектері, шешендік өнердің сан салалы мәселелері А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ә.Мәметова, Б.Адамбаев, академик Р.Сыздықтың «Шешендік сөз», С.Негимовтың «Шешендік өнер», Г.Қосымованың «Шешендік өнердің негіздері» атты зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған.

Шешендік өнердің негіздерін саралап, пайымдау белгілі бір дәрежеде шешендік өнердің қалыптасу тарихына және қазақ шешендік сөздерінің табиғатын тануға жетелейді. Шешендік сөздердегі тілдік таным шешендердің

ойлау қабілеті дүниені танып-білуде ең пәрменді құрал болғандығын дәлелдейді.

Шешендікті тілдік тұрғыдан зерттеген ғалым Г. Қосымова «Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы» деген еңбегінде бұл пікірді дұрыс емес деп қарайды. «Егер қазақтың феодалдық қоғамында шешендік өнердің басты иелері ру басы – билер болды десек, ежелгі дәуір шешендігі атап өткен тараудағыдай, қол бастаған батырлардың, ел басқарған көсемдердің, халықтың рухани демеушісі болған ақын-жыраулардың, халық арасынан шығып, артына өшпес мұра қалдырған ғұлама ғалымдардың даналығын қайда қоямыз?» – дейді зерттеуші. Сондықтан шешендік – тек тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық құбылыс. Түрлі тарихи қиын кезеңдерде шешендік қоғамға, әлеуметке қызмет етті.

Осындай пікірді айта келіп, ғалым өзінің «Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы» атты еңбегінде басқа еңбектерде бұрын-сонды сөз болмаған негізгі мәселелерді көтереді. Олар:

1) шешендік тарихын көне түркіден бастап қоймай, ежелгі дәуірден басталатыны жайлы сөз қозғау;

2) шешендік деген ұғымның тарихи категория екендігі. Ол халықтың қоғамдық, әлеуметтік өміріне, саяси-экономикалық жағдайына байланысты дамып, көсемденіп, марқайып отырған. Осыған орай дамуы кейде қарқындап, кейде бәсеңдеп, қоғамдық қызметінің шеңбері кейде кеңейіп, кейде тарылып отыруы мүмкін. Бұл жоғарыдағы сыртқы экстралингвистикалық факторларға байланысты. Бірақ қандай жағдай болмасын, ол қозғаушы түрткі болушы қызметін атқарып отырған. Қазақ шешендігінің тарихын кезеңге, дәуірге бөлуде белгілі бір шарттылық жоқ емес. Кезінде қазақ әдеби тілінің ұзақ тарихын ұлттық сатыға дейінгі және ұлттық сатыдан кейінгі деп 2 кезеңге бөліп қарастырған сияқты, шешендікті де осылайша екі кезеңге бөліп қарастырған жөн сияқты. Бұл қағида қоғамдық формацияның ауысуы мен халықтың азаматтық тарихын ескеруден келіп шығады. Ал ол дәуірлерді іштей жіктеуге келгенде, басқа да факторлар ескерілуі тиіс.

3) Қазақ халқының шешендік өнерінің тарихы сол халықтың әдеби тіліне қатысты болуы мүмкін екендігі. Бұл қатыстылық, ең алдымен, шешендіктің әдеби тіл байлығы арқылы жүзеге асатындығынан туындауы қажет. Тарихымыздағы әдеби тілдегі шешендік ауыз әдебиетіміз, сондай-ақ авторы белгілі жазба мұраларымыз, билер сөзі, ақын-жырау шығармалары арқылы көрінеді [64,б. 5]. Сондықтан да шешендіктің тарихын зерттеу барысында әдебиеттану ғылымы мен тарих ғылымын ұштастырып зерттеу қажеттігі туындайды. Өйткені қазақ шешендік өнерінің жеткен шыңы мен басып өткен жолының қыр-сырларын тек әдеби тілдің тарихын сөз ете отырып, тарихи тұрғыдан қарастырған жөн. Шешендік өнердің қалыптасу жолын тарих көшінен іздеу барысында, әдебиет туралы және сол әдебиеттің – әдеби тілі туралы айтқан зерттеушілердің пікірлеріне сүйенеміз. Бұл ретте ең бастысы әдеби тілге берілген анықтама. М.Томанов, С.Исаев, Ә.Ибатов «Түркі әдеби тілі мен қазақтың жазба әдеби тілінің сабақтастығы» деген баяндамасында «әдеби

тіл деп айтылу және жазылуы өңдеуден өткен тілді түсінеміз» деген еді [77,б. 54].

Бірқатар ғалымдар әдеби тіл дегеніміз жалпыхалықтық тілдің өңделіп, қырланған түрі деп таныса, енді бірсыпырасы жалпы хатқа түскен дүниелердің тілін әдеби деп табады. Сондықтан орыс әдеби тілінің тарихын сөз еткен бірқатар мамандар жазусыз әдеби тілдің болуы мүмкін емес деп санайды. «Әдеби тіл дегеніміз – жалпыхалықтық тілдің хатқа түскен, белгілі бір дәрежеде өңделген ерекше түрі» [78,с. 24]. «Әдеби тілдің тарихы – жазба ескерткіштердің тарихы» [79,с. 213]. «Жазу – әдеби тілдің ең маңызды және қайткенде де болуға тиісті белгісі» [80,с. 12]. «Тіл білімі тарапынан алғанда «әдеби тіл» деп тек көркем әдебиет емес, ғылыми зерттеулердің, саяси трактаттардың, газет-журналдардың тілін де, қысқасы, жазба тілді атаймыз» [81,с. 116].

Қазіргі әдеби тілді кейбір ғалымдар стильдердің жиынтығы деп атап жүр. Әдеби тілдің стильдері тілдің көп функциялылығы қалыптасқанда, тілдік элементтердің қоғамдық қызметі кеңейген кезде туындайды. Әдеби тіл болудың басты белгісі – оның сол тілде сөйлеушілерге түгел түсінікті ортақ болып келуі. Негізінен, көркем поэзия түрінде қалыптасып, дамыған ертерек кездегі тіл қоғам мүшелеріне түгелдей дерлік түсінікті бола бермеді және соларға қызмет етпеді деп айтуға болмайды. Ал қазақ тілінің тарихында жазба тіл қалыптасқанға дейін мұндай қасиетке ие болған ауыз әдебиеті тілі болды. Ауыз әдебиетінің тілін Р.Сыздық «ауызша әдеби тіл» деп атауды ұсынды [30,б. 41].

Бұдан кейінгі кезеңде жалпы шешендік өнер аясында пайда болған шешендік сөздердің үлгісі ретінде қандай жәдігерлер қарастырылуы керектігін Әуезовтен кейін тағы да атап көрсетіп, әдебиет тарихының тұтас бір дәуіріне арнаған еңбек С. Сейфуллиннің М. Әуезов айтқан ой-пікірлермен астасып, шешендік сөздердің негізі ретінде дау-дамайда, талас-тартыста туған билер сөзі алынуы керектігін зерделеген ой-әлемі жанрға “билер сөздері” деген термин – атау ұсынғандығынан аңғарылады. Сондай-ақ С. Сейфуллиннің ғалым ретіндегі ой-тұжырымдарының құндылығының тағы бір қыры мынада: автордың қазақ билерінің болмысының халық өмірінің сан-алуан қырларымен байланыстылығын, билердің көп қырлы қызметі туралы айта алғандылығында.

Әдебиетші ғалым С. Негимов бұл турасында “бұған қоса ол әрі батыр, әрі әнші-ақын, жыршы, сыншы, сәуегей, шежіреші, ғұлама, бір сөзбен айтқанда, әмбебап дарын екендігін ескертеді”, – деп пайымдайды.

Қазақ тіл білімінде кез келген салада Ахмет Байтұрсынұлының есімі аталмай өтпейді. Олай болса, шешендік өнер жөніндегі пікірлеріне де көз жүгіртіп көрейік.

«Шешен сөз қара сөз шығармалардың бөлектей бір түрі емес, бұнда пайымдама болады. Мұның пайымдамадан бөлектенетін жері мынау ғана:

Пайымдама жазушының пікірі – негізгі пікірін баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, иман келтіру болады.

Оны істеу үшін шешендер сөзі адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді, сөз қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кетуге ыждаһат етеді. Сондықтан шешен сөздің «қыздырма», яки «қоздырма» деген айрықша бөлімі болады. Оның қызметі адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру.

Шешен сөздің бұл бөлімі пікірді дәлелдеп, сипаттап болғаннан кейін келеді. Өйткені пікірді баяндап, түсіндіріп, дәлдеп, сипаттап, ақыл жағы қанағаттанғаннан кейін жүрек жағына әсер етіп, бойын балқыту жеңіл болады.

Осы айтылған мақсаттарға орай шешен сөздің тілі уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді тіл болады.

Шешен сөздің зор мүшелері бесеу: а) бастамасы, ә) ұсынбасы, б) мазмұндамасы, в) қыздырмасы, г) қорытпасы [82,б. 353].

Одан әрі қарай шешен сөздерді бес топқа бөліп жіктейді. Олар:

а) шешендер жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығару мақсатпен сөйлегенде, **саясат шешен сөзі** деп аталады.

ә) шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау, иә қаралау мақсатпен сөйлегенде сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері **билік шешен сөзі** деп аталады.

б) біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізге қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі **қошемет шешен сөзі** деп аталады.

в) білімділердің, ғалымдардың, пән мазмұнды сөйлегені **білгір шешен сөзі** деп аталады.

г) дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі – **уағыз** деп аталады [82,б. 354].

Шешендік сөзді жіктеу мәселесіне өзінің оқулығында С. Садырбаев та орын бөліп, оны төмендегідей жіктейді:

А) саяси әлеуметтік шешендік сөздер;

Ә) шешендік дау сөздер;

Б) тұрмыс-салтқа байланысты айтылатын шешендік сөздер [83,б. 79].

Жалпы алғанда, көркем сөздің (шығарманың) бірнеше қабаты, жүйесі бар. Олар: а) образды-эстетикалық; ә) идеялық-мағыналық; б) этикалық-философиялық. Осы деңгейлер арқылы шешендіктің де көркемдік дәстүр іздерін анықтауға болатын сияқты. Бұл орайда бұрынғы кезеңдердегі шешен тілді ақын-жырауларымыз бен қазіргі ел басқарған азаматтарымыздың шешендігі ғасырлар бойы халқының рухани қорегі, нәрі, ләззаты болып келе жатқан сөз асылдарына құрылған шешендік үлгілердің (бата сөздер, жоқтау сөздер, магиялық-мифтік сипаттағы дұға сөздер, мадақтау, арнау, бағалау т.б.) бесігінде тербеліп өсті. Сол себептен олар айтқан әрбір сөз шешендік сөздер қатарына айналып, тілімізді үнемі нақыл, ділмәр сөздермен, бейнелі суретті тізбек-оралымдармен байытуға нақты үлес қасып келеді.

Шешендік өнерді әдеби тұрғыдан қарастырып, шешендік өнерді жинақ етіп құрастырған Б.Адамбаев болды. Оның «Алтын сандық» деп аталатын

еңбегінде дәстүрлі шешендік деп айтыс-дауларда туып, дамитын шешендік дауларды, адам қарым-қатынасқа негізделген шешендік арнауы, халықтың философиялық көзқарасын көрсететін шешендік толғауларды атайды да, бұларды халық ауыз әдебиетінің бір түрі ретінде қарастырады

Осы пікірін одан әрі «Шешендік сөздер» деп аталатын кітабында жалғастырып, шешендік сөздердің ақындық айтыс секілді қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін, көркемдік қасиеттерін көрсететін жанр екендігіне тоқталады. Б.Адамбаев осы аталған жинақта билердің шешендік сөздерін шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау, сөздер деген топтарға бөліп, билер айтқан даналық сөздерді топтап жинақтап береді.

«Шешендік өнер» деп аталатын соңғы зерттеу еңбегінде шешендік сөздердің зерттелуіне үлес қосқан ғалымдар деп Ш.Уәлиханов, В.В. Радлов, Ы.Алтынсарин, А.Васильев, Ә.Диваев, М.Көпеев, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Ә.Мәметова есімдерін атап, олардың би-шешендер жөнінде айтқан пікірлері мен жинастырған шешендік сөздер нұсқаларына тоқталады. Одан әрі шешендік дау, шешендік толғау, шешендік арнауға сәлем, сын, әзіл, батаны; шешендік толғауға нақыл, мақал, жұмбақ және шешендік жауапты; шешендік дауларға жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал және ар дауын жатқызып, әрқайсысына билер сөзінен мысалдар келтіреді [84,б. 31]

Одан кейін қазақ шешен сөздерін арнайы зерттеген ғалым – Әмина Мәметова. Ол өзінің “Қазақстан шешен билерінің сөздері және қазақ әдебиетіндегі оның орны” атты кандидаттық диссертациясында белгілі қазақ билерін атап, олардың аттарынан айтылатын сөздердің әдеби мәнін толығырақ анықтай түседі. Сонымен, ана тілі сабақтарының танымдық мақсатына мыналар ескерілу қажет:

1. Шешендік сөздерді халқымыздың қадір тұтуы.
2. Шешендік сөздердегі ұлттық мәдениет және парасаттылық.
3. Асыл сөздің астарындағы ұлағатты сөздер.
4. Дау-жанжалдардың бітімін екі-ақ ауыз сөзбен шешіп, ел мен елді бітістіріп, жарастырып келелі мәселелерді тындырып отыратындығы.

Билер мен шешендердің көрегендігін, даналық сөздерін оқытып, жатқа айтқызу жас ұрпақты шешендікке, ата-бабадан қалған мол мұраны игертуге баулиды.

Қазақ шешендік сөздері – бастау алар қайнар бұлақтарын түркілік танымнан түптен тартып, өзіндік ұлттық ерекшеліктерді, қасиеттерді бойына жинақтап, көркемдік қуатымен, ғибраттық сарынымен дараланған, сондай-ақ, аса бай поэтикалық тілімен өзгеше қалыпта көрінген, халқымыздың рухани азығына айналған көркемдік құбылыс.

Профессор С. Негимов «Шешендік өнер» атты кітабында би-шешендердің «Есту, еске сақтау, көру, түйсік қабілетінің күштілігінің арқасында небір ойлар, сөздер тіріліп, оянып, дауыстап, құйылып кететініне» баға бере келіп, осы өнер иелері сөздерінің тәлім-тәрбиелік ұлағатын ерекше атап көрсетеді: «Қазақ қоғамында шешендік өнердің алатын орны зор. Ұрпақ тәрбиесінде, ел басқару жүйесінде, елді сәулелендіру жолында, әрине, халықтың сан ғасырлық

тәжірибесінде қорытылып екшелген, жинақталып жүйеленген ақыл-нақыл, өсиет-насихатқа негізделген отты да нақышты, шебер де шешен айтылатын ауызша сөздің тағылымдық-танымдық әрі тәрбиелік мәні айрықша» [85,б. 56].

«Қазақ халық әдебиеті» атты зерттеуінде Х. Досмұхамедов халық әдебиетін қырық алты түрге жіктей отырып, соның бір үлгісіне, жанрлық түрге «Билік сөз» деп шешендік сөздерді жатқызады. “Әртүрлі сот істері кезіндегі билердің тамаша үкім сөздері, екі жақтың ұтымды даулары мен тапқыр жауаптары, әдетте, ұйқасты мәтел не өлең түрінде айтылады. Поэзияның бұл түрі билік сөз (замечательные приговоры судей биев) деп аталады” – деп атап көрсетеді.

Шешендік сөздің астары тек тапқырлықтан тұрмайды. Ол ой салу мен ойлантудан, насихат пен даналықтан тұрады. Бұл орайда профессор Г.Қосымованың жаңа пікірін назарға аламыз: «...тыңдаушысын толғандыру, одан соң ойландыру, бұдан кейін еліктіріп әкету, ақырында дәлелді уәжге бас қойғызу – шешендік сөздің ерекше қасиеті болды. Уәж сөзге келерде, үкім-кесім қабылдағанда халықтың мораль кодексі іспетті мақал-мәтелдеріне жүгініп, өсиет, мәтел үлгілес афоризм сөздерді жиі қолданып отырған» - деп түйіндейді [64,б. 296].

Шешендік өнерді тілтанымдық тұрғыда зерттеу арқылы шешен сөздің коммуникативтік акт барысындағы берілуін, шешендік ойдың қуаттылығын, шешендік сөздің стилистикалық бояуын, этика-эстетикалық ерекшелігін, шешендіктен туған ой мен сөздің астарындағы танымдық ойдың қатпарларын тануға болады. Шешендік сөз ой тасқынынан табиғи түрде туындайды. Ал шешендікке талпыныс жасағандар әрине жаттайды, жаттығады. Шын мәніндегі шешен адам ой қуаты мен философиялық білім тереңдігі арқылы шешендік сөзді өз жанынан шығарады. Алайда шешен адамда өз білімін жетілдіру арқылы да шешендікке қатысты ойы мен сөзін шымырлап отыруы заңды құбылыс.

Қазіргі таңда ақпараттық қоғам өмірде жаңа үрдістерге жол ашты. Шешендіктің жаңа түрін туғызды. Жаңа шешендіктің міндеті тіліміздегі барлық сөздерді өмірдің барлық саласына қолдана білуді жүктейді. Қазіргі шешендіктің басты міндеті – терең ойлап, ақылға салуға айтылған сөзді тез қабылдап, оның мағынасын дұрыс түсінуге, өзіне керек емес ортаның әсеріне түсіп қалмауға үйретеді. Бұл – монолог құрай алу, басқалармен диалогқа түсе алу, іскерлік жағдайында, түрлі қарым-қатынаста сөз жүйесін басқара алу деген сөз. Қазіргі шешендік тұлғаны этика нормаларына баулып, сөз мәдениетін жетік меңгерту, ұнамды да сенімді сөйлей білуге үйретуі тиіс.

Сөйлеу, сөйлеу әрекеті көптеген ғалымдардың зерттеулерінің негізгі нысандарының бірі болды және бұл терминдерге түрлі тұжырымдар жасалды.

А.Е. Супрун атап көрсеткендей, біздің өміріміздің маңызды бөлігі сөйлеу әрекетіне толы, «егер санап көретін болсақ, біздің өміріміздің жартысына жуығы немесе төрттен бірі сөйлеу әрекетінің қандай да болсын формаларынан тұрады» [86,с. 95].

Қазіргі ғылымда қабылданған сөйлеудің дәстүрлі анықтамасы төмендегіге саяды: «сөйлеу – бұл уақытпен өтетін және дыбыспен немесе жазбаша формамен «қаумаланған» нақты айтылым». Сөйлеу деп айтылым үдерісінің (сөйлеу әрекетін) өзін де, оның нәтижесін де (жадымен немесе жазумен тіркелген сөйлеу туындылары) түсінеді [87,с. 64]. Әдетте сөйлеудің сипаттамасы оның объективті өмір сүретін, әлеуметтік тұрғыдан бекітілген таңбалар негізі ретінде түсінілетін тілге (кодқа) қарама-қарсы қойылуы арқылы беріледі. Тіл мен сөйлеуарасындағы айырмашылықтарды айқындауда әдетте тіл – таңбалар жүйесі ретінде ұғынылады, оның бірлігі және олардың арасындағы қатынастар иерархиялық тұрғыдан тәртіпке келтірілген құрылымды көрсетеді (салыстырыңыз: қазақ, ағылшын, орыс және т.б. тілдер жүйесі), ал «сөйлеу» термині адамның коммуникативтік әрекетінің бір түрі ретінде қолданылады. Оқу әдебиетінде «тіл» және «сөйлеу» сөздері синоним ретінде жиі қолданылып жүргендігін айта кету керек. Бұл екі ұғым арасындағы толық дәлелді айырмашылықтар ретінде олардың функционалдық дифференциацияларын айтуға болады. Әдетте тілдің негізгі қызметі ретінде коммуникативтік қызмет аталады. Когнитивтік қызмет те тілдің маңызды қызметінің бірі, ары қарай түрлі зерттеушілер ақпараттық, үгіт-насихаттық, эмотивтік, метатілдік қызметтерді бөліп көрсетіп жүр. Бұдан басқа коммуникативтік диалог үшін қатынасқа түсушілер арасында қарым-қатынас орнатуды білдіретін фатикалық қызмет те маңызды болып есептеледі.

И.А. Зимняя сөйлеу әрекетін сипаттай келе, сөйлеу әрекеті адамның қатынас жасау үдерісінде коммуникативтік-танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған тұжырымдалған және тұжырымдалмаған ойын тіл арқылы беру немесе қабылдаудың белсенді, мақсатты бағытталған, уәжделген, заттық (мазмұндық) үдерісі болып табылады деп көрсетеді [88,с. 78]. Сөйлеу әрекетінің психологиялық механизмдерінің неғұрлым толық сипаттамасы ресейлік «Артемов – Жинкин – Зимняялардың» психолингвистикалық мектебінде көрсетілген. Н.И. Жинкин мен И.А. Зимняяның жұмыстарында сөйлеу әрекетінің психологиялық механизмдерінің тұтас ғылыми тұжырымдамасы берілген, олардың негізгілері ой қорыту, сөйлеу жадысы, сондай-ақ сөйлеуді болжау механизмдері болып табылады. Бұл И.А. Зимняяның «Лингвопсихология речевой деятельности» атты еңбегінде толығырақ берілген.

Сөйлеу әрекеті сөйлеуді тудыру және қабылдау үдерістері ретінде психолингвистикада сөйлеу әрекетінің негізгі (айтылым, тыңдалым, оқу, жазу) және көмекші түрлерінің жиынтығы болып саналады, олар ауызша, жазбаша түрде жүзеге асырылады. Сөйлеу әрекеті әрекеттің «классикалық» түрлеріне (танымдық, ойындық, еңбектік) тікелей қатысы жоқ қайсыбір абстракция ретінде (А.А. Леонтьевтің термині) еңбекпен немесе ойынмен салғастырыла алмайды, ол – жекелеген сөйлеу әрекеттері түрінде әрекеттің аталған барлық түрлеріне қызмет етеді, сөйтіп сөйлеу әрекеттері мен сөйлеу операциялары басқа да әрекет түрлеріне кіре алады, ең алдымен – танымдық әрекетке [72,б. 6].

Қазіргі қоғамда шешендер мен шешендік сөздердің, шаршы топтың сипаты өзгерді: шешендер білім-ғылым, оқу-ағарту, тәлім-тәрбие, мәдениет-өнер тақырыптарын қозғаған көркем сөз иелері ақындар мен жазушылар, ғалымдар, журналистер болса, тыңдаушы топ – білім-ғылым, оқу-ағарту, мәдениет саласындағы көпшілік. Кейінгі қоғамда шешендік өнердің көрінетін орындары – жоғарыдағы көрінетін тақырыптарға арналған жиналыс, конференция, съезд, симпозиум, семинар, диспуттар болды.

Шешендік өнерді зерттеп, қарастырған ғалым Г.З. Апресян қазіргі шешендікті мазмұнына қарай бес топқа бөледі. Олар мыналар:

1. Әлеуметтік-саяси мәндегі шешендік;
2. Академиялық шешендік;
3. Сотта айтылатын шешендік;
4. Әлеуметтік тұрмыста қолданылатын шешендік;
5. Діни қызметте қолданылатын шешендік [89,с. 62-63].

Бұлардың әрқайсысы қолданылатын орнына қарай төмендегідей жіктеледі:

1) Әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөздерге:

- әлеуметтік-саяси және саяси-экономикалық тақырыптарға жасалатын баяндамаларды;

- конференция, съездердегі есептік баяндамаларды;
- саяси сөздер мен саяси шолуларды;
- дипломаттық сөздерді;
- әскери-патриоттық сөздерді;
- митингіде сөйлейтін сөздерді;
- үгітші сөздерін жатқызады.

2) Академиялық шешендікке:

- жоғары оқу орындарындағы лекцияларды;
- ғылыми баяндамаларды;
- ғылыми шолуларды;
- ғылыми хабарламаларды жатқызады.

3) Сотта қолданылатын шешендікке:

- айыптаушының айыптау сөзін;
- әлеуметтік айыптау сөздерді;
- қорғаушының сөзін;
- әлеуметтік-қорғану сөзін;
- айыпкердің қорғану сөзін жатқызады.

4) Әлеуметтік-тұрмыстық шешендікке:

- мерейтойларды айтылатын мақтау сөздерді;
- дастарқан басында айтылатын тілек сөздерді;
- қабір басында айтылатын аза сөздерін жатқызады.

5) Діни шешендікке:

- діни уағыздарды;
- шіркеуде айтылатын сөздерді жатқызады.

Әлеуметтік-саяси мәндегі шешендік. Жаңа заманның келуімен жаңа лексикалық бірліктердің пайда болатыны белгілі. Сол сияқты жаңа заманның

келуімен жаңа қоғам орнаса, жаңа қоғамның орнауына жаңа саяси жүйе мен құрылым әсер етеді. Ал қоғамдық-саяси өмірде орын алып отырған саяси құбылыстар мен саясат бағыттары тілдік лексиканы қалыптастырады. Соған байланысты лингвистикада қоғамдық-саяси лексика мен көшбасшылар тілін қарастыру үрдісі пайда болды. ҚР мемлекеттік тілі – қазақ тілі саяси басшылықтың негізгі функционалды тіліне айналуына байланысты саяси саладағы қалыптасып келе жатқан мемлекеттік тілдің сипатын ашу қазіргі лингвистиканың маңызы болып табылады.

Тіл – саяси мәдениет элементі, ол белгілі бір ережелерден тұрады: қандай да бір тілдік тыйым салулар (мысалы, ережеге сай келмейтін балағат сөздерді пайдалануға болмайды); нақты экспрессия ережелерге сай, көркем шығармадағы бейнелер мен идеоматикалық сөздерді (мақал-мәтелдерді) қолдану. Саяси мәтіндердің сендіру қызметінің мәні зор. Сонымен бірге саяси тіл саяси фактілерді тіркеу мен өзгерту қызметтерін де атқарады. Саяси мәтін – билік пен азаматтар арасындағы байланыс тәсілі. Ол журналистика, публицистика, насихат және саяси ғылым тілін анықтайды. Мәдениетте саяси мәтіндердің көп болуы – билік пен азаматтар арасындағы байланыста ресми емес жағдайдың болмауының белгісі; саясатты бюрократияландыру шарасы» [90,б. 30].

Саяси тіл мен саяси шешендік өзара тығыз байланысты болғандықтан, саяси шешендікке де тоқтала кетсек.

Шешендік – ұшқыр ойдың қас қағымда тілге оралымдылығы мен байламы, дер кезінде дәл мағынасын дөп басып бейнелейтін мәнді, ойлы сөздердің мәйекті мақал мен мәтелге айналуы. Тіпті дау-дамайда қазылық пен мәмілегерлік орнатып, арақатыста елшілік, жаугершілікте бітімгерлік жайлатып, ұрпаққа, қалың қауымға нақыл мен өсиет үгіттейтін қазақ «Алажағым кетсе де, айтажағым кетпесін» деп сөзге тоқтаған халық.

«Батыс мәдениетінде шешендік үш қайнардан: адамның табиғи қабілет-қасиетінен, теориялық қисындармен қаруланудан және тынымсыз, толассыз еңбектен нәр алған. Ертедегі Римде шешендік өнер саяси тақырыптағы сөйлеу, салтанатты мәслихатта сөйлеу және соттағы сөйлеу тармақтары бойынша жіктеліп, әрқайсысының өз мақсат-міндеті болды. Мысалы, саяси тақырыптағы шешендік – саяси жиындағы тыңдаушылардың көңілінен шығуды, сотта әділеттілік пен әділетсіздікті, халық кеңесіндегі пайдалы және пайдасыздықты айқындап, саралауды негізге алды.

«Саяси шешендік – (грек. Rhetorike) саяси элита немесе саяси институттар субъектілерінің саяси қарым-қатынас үрдісінде өздерінің тыңдаушыларын нақты идеологиялық қағидалардың қажеттілігі мен ақиқаттылығына сендіру өнері. Саясаткердің ерекше сөйлеу мәдениетінің сипаты. Саяси шешендік саясаткерлердің бұқара халыққа және бәсекелестерге ықпал ету құралы ретінде қолдануға ғылым және өнер, оған арнайы кәсіби дайындық қажет. Оның өзіндік лексикалық, семантикалық, коммуникативтік, психологиялық және мәдени сипаттағы заңдары бар» [74,б. 25].

Әлеуметтік-саяси шешендіктің мақсаты – тыңдаушылардың қоғамдық пікіріне қозғау салу, саяси көзқарасын қалыптастыру. Сондай-ақ идеологиялық бағыттарға қырағылықпен қарауға үндеу. Ел басына күн туғанда халықты сабырға шақырып, бірге екендігін көрсету – кез келген саяси тұлғаның негізгі міндеті. Бұған дәлел, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Мәтінге назар аударайық:

«Құрметті отандастар! Құрметті Парламент палаталарының төрағалары, депутаттар, Үкімет мүшелері!

Парламенттің кезекті сессиясының жұмысы күрделі кезеңде басталып отыр.

Елімізде жер-жаһанға зор қауіп төндірген пандемияға қарсы күрес әлі де жалғасуда. Біз азаматтардың өмірін және денсаулығын қорғау үшін бар күш-жігерімізді біріктірдік. Осындай сын сағатта ынтымағы жарасқан халқымыз жсұдырықтай жұмылды.

Идетпен күрес дана халқымызға тән асыл қасиеттердің арқасында жүзеге асты. Өзгеге қолұшын созып, тілеулес болу, тосыннан келген кеселге қарсы тұру маңызды екені анық байқалды.

Дәрігерлерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, еріктілерге, кәсіпкерлерге және осындай шақта бейжай қалмаған барша азаматтарға шын жүректен алғыс айтамын. Сіздер айрықша табандылықтың және зор жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсеттіңіздер.

Бұл Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктің көрінісі деп санаймын» (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020> Ұлттың жаңа болмысы.).

Тілдің, оның ішінде көркем тілдің шырайын келтіріп, ажарын түрлендіретін құбылыстардың бірі – халықтың этикалық дәрежесі, адамгершілік қағидаларының жүйесі. Бұл ретте қазақ халқының тұрмыстық өлең-жырларының бірсыпырасы, атап айтқанда, естірту, көңіл айту, қоштасу, жоқтау т.б. соншалықты кісілік, имандылық, әдептілік, сыпайылық қасиет-белгілерге құрылған шешендік сарын болып табылады.

Жалпы, әлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шешендік сөздер қазақ халқының бұрынғы дәуірінде де, қазіргі кезеңімізде де молынан кездеседі. Осы шешендікке бұрынғы дәстүрде *әлеуметке қаратыла айтылған бата-тілектер, нақыл сөздер, қаралы күндердегі жсұбатулар, жоқтау өлеңдер* жатса, бүгінгі қоғамымызда мұндай шешендік сөздерге *ірі мемлекет, қоғам, ғылым, өнер, әдебиет қайраткерлерінің мүшел тойларына арналған құттықтаулар, мадақтау, бағалау сөздері, халықтың жүрегінен орын алған ардақты азаматтардан айрылған күндегі аза сөздер* жатады. Бұлардың қай-қайсысында да, Р. Сыздық айтқандай, әлеуметтік үн-мүдде, логика мен аргумент, тыңдаушыға әсер ететін тілдік аксессуарлар молынан орын алады. Шешен мадақтап не жоқтап отырған адамның қадір-қасиеті, болмысы қоғамдық өмірмен, халықтың мұң-мұқтажымен байланыстырылады да, әлеумет үшін еткен еңбегі дәлел ретінде алынады. Бағалау мен жоқтаудың өзі – ақыл мен сезімнің әрекеті, тұғыры биік тұлға екенін не орны толмас өкініш болғанын жай

баяндаулармен, хабарламалық деректермен халыққа жеткіземін деу мүмкін емес, қалың көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөлендіретін немесе көзіне жас келтіріп егілдіретін әсерлі де айшықты тіл керек [91,б. 58].

Шешендіктің осы түріне Ә.Кекілбаевтың айтқан отты сөздері мысал бола алады. Ел есінде нақыл ретінде жатталған сөздері қаншама. Мысалы:

1. Ақиқаттың мекені – жүрек. Оған мына кеңістіктің бетінде бардың бәрі сияды. Құдірет жетсе, ерен болмысты түгел сыйғызып алуға болады.

2. Өмір құбылыстарына психологтің көзімен қарайтын адам, ең алдымен, сол құбылыстың барша озғыны мен тозғынын, кемелдігі мен келеңсіздігін көре білетін кейіпкерді табуы, тануы қажет.

3. Жазушының, ақынның қоғамдық болмыстың тұңғыығына да, асқарына да бірдей ұмтылған өзгеше еңбегінің жалғыз-ақ өлшемі бар. Ол – оның адам жүрегіне қаншалықты жақындай алғаны.

4. Өткенге әртүрлі қарауға болады. Өткенге өскенді дәлелдеп қарау бар да, өшкенді дәлелдеп қарау бар. Тарихқа өткенде мынандай керемет едік деп қарайтын көз ұлтшылдықтың сырқаты. Ал, енді өткеннің бәрін қу тақырға жорып, қуратып қоятын бір көзқарас тағы бар. Ол адамзаттың ежелгі тарихын айналасы бес-алты ұлттың еншісіне беріп, өзгені шөміштен қысатын шовинистердің жанына майдай жағады. Тарихқа деген шын көзқарасқа бұлардың екеуі де атымен жат.

5. Өнерде шәкірттік сезімін жоғалтқан адам ұстаз бола алмайды.

6. Тарих қанмен жазылып, қанмен түзетіледі.

7. Өмір бойы алысып-жұлысып жүріп пысықайлықпен табылатын өтірік даңқ араға жыл түспей жатып, көшкен жұрттағы күл төккен төмектей жермен-жексен шөгіп, жұтап шыға келеді.

8. Өмір сүйген ақын азаматтық ақтық демі таусылар сәттің өзін әзірейіл көргендей шошына суреттеп, күңірене күйзелмей, парасатты бейнелейді. Бұл құбылыс – оның дара таланты.

9. Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ.

10. Арлы адам – ең күшті адам. Өйткені, ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойын ұсынбайды. Сондықтан да оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуы мүмкін, өкінішті болуы мүмкін емес (Әбіш Кекілбаевтің ел есінде қалған 10 нақыл сөзі NUR.KZ).

Сенатор Қуаныш Сұлтанов: «Бірде, Әбекең Еуразия университетінде жаһандану құбылысы туралы лекция оқыды. Үлкен зал толы студенттер мен оқытушы, профессорлар, ғалымдар сілтідей тынып, қызығушылықпен тыңдады. Лекция біткен соң тыңдаушылар жұмыла ризашылықпен қол соқты. Соңыра, тіл білімінің профессоры Мырзатай Серғалиев Әбекеңнің лекциясына өте жоғары баға беріп, орыс мәдениетінің көрнекті қайраткері А.Луначарскийді еске алып: «Біздің Әбекең қажет болса – сайтан туралы да бір сағаттық лекция оқитын шығар», – дегенде залдағылар серпіліп, ұзақ қол шапалақтады. Шынында да кезінде ғұлама Мұхтар Әуезовтің лекцияларынан нәр алған Әбіш Кекілбаев – ғасырлар тереңінен келе жатқан даналардың заңды жалғасы, жаңа

заман зиялыларының көш бастаушысы десек, артық айтқандық болмас (Кемеңгер Кекілбаев кеңістігі (egemen.kz)).

Академиялық шешендік. Шешендік өнер – тіл мәдениетінің, сөйлеу мәдениетінің шыңы. Шешендік өнері алдымен ауызекі тілге тән. Жұрт алдында қағазға қарамай сөйлейтін кісілер сол өнеріне сүйеніп айтатын ойын да, айтар сөздерін де табан астында «суырып салып» сөйлейді [92,б. 119].

Академиялық және педагогикалық шешендіктің бір түрі – лекция. Ол жөнінде А. Б. Темірболат “Риторика” (2005) атты оқу құралында студенттердің өткен материалды игеру негіздерін қалыптастыру мақсатын көздейтін дидактикалық лекцияның ғылыми (нақты ғылым саласынан түсінік беру), дүниетанымдық (ғылыми дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыру), әдіснамалық (нақты ғылым саласын зерттеудің әдістері туралы түсінік беру), ұйымдастырушылық (семинар, лабораториялық сабақтарға, коллоквиум, СӨЖ сияқты басқа оқу-жаттығу түрлеріне негіз болады), тәрбиелік (ғылым-білімге қызғушылығын ояту) қызметтерін көрсетеді. Әрине, лекция - жоғары оқу орындарында оқытудың дәстүрлі түрі. Лекция оқу бағдарламасына және оқулықтың (бар болса) мазмұнына сәйкес оқылады. Осы орайда, аталмыш оқу құралы авторының айтуынша, лекцияның мазмұны нақты ғылым саласының қалыптасқан негіздерін қамтиды, ғылыми мәселені шешудің міндеттері мен әдіс-тісілдерін белгілейді, ұғым-түсініктерді талдайды, ғылыми мәселенің болашақ дамуы мен қазіргі жағдайына баға береді, теориялар мен концепцияларға, тарихи құбылыстар мен заңдылықтарға талдау жасайды. Лекцияда айтылған әрбір тұжырымға мысалдар арқылы көз жеткізеді. Лекцияда оқытушының өз тәжірибесінен байқағандары мен байламдарын да ортаға салуға мүмкіндігі бар [93,б. 86].

Академиялық шешендіктің іргетасы ҚазҰУ-да ұлы жазушы, ғұлама ғалым М.О. Әуезов ұстаздық еткен сонау алыс жылдарда оның өз қолымен қаланғанын бүгінде жиі сөз ете бастадық. Дегенмен, кемеңгер тұлғаның жазбаша шешендігін былай қойғанда, ауызша лекторлық шешендігі қандай еді?! Әрине, ол жайлы мәліметтер көп емес. Әйтсе де, бұл мақсатта аз да болса, саз жазылған естелік сынды ой-толғамдар жоқ емес. Соны бірі – ұлы Әуезовтің аса дарынды шәкірті болған, өзі де өмірінің соңына дейін ҚазҰУ-да ұстаздық еткен академик, жазушы Зейнолла Қабдоловтың «Ғұлама» атты мақаласы. Бүгінде бұл мақала тұңғыш қазақ университетінде академиялық шешендік негізін қалаған М. Әуезов екенін айғақтап, оның лекторлық шеберлігі мен шешендігін жалпақ жұртқа танытқан құнды жазба десек болады. Тағы бір байқайтынымыз, осы шағын естеліктің бойына көркемдік-эстетикалық, философиялық, этнопсихологиялық, этнопедагогикалық сипаттар тоғысқан [94, б. 186].

Ұлттық саясаттың қайнар бұлағы да осы университет болды. Ұлттық ғылым мен білімнің іргетасы да осы шаңырақта қаланды. Әлемдік деңгейдегі ғылымның үздік жаңалықтары да осы университет те бастау алып жатты. Бір ғана ұлтымыздың кемеңгер қаламгері, әлем таныған саңлақ жазушы Мұхтар Әуезовтің отыз жылға жуық табан аудармай университетте сабақ бергендігі

неге тұрады?! Осы университетке сабаққа келіп жүріп әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясын жазды. Қазақ фольклорының тарихынан қайталанбас лекциялар оқыды, «Абайтану», «Әлем әдебиетінің тарихы», «Алаштану» атты жаңа ғылыми курстың негізін қалады. Факультетте сол 50-60 жылдары оқыған, Әуезовтің алдын көрген, дәрісін тыңдаған, тағылым-тәрбиесін алған қаншама буын қазақ жастары кейін қазақтың қабырғалы қаламгерлері атанды. Олардың ішінде мемлекет және қоғам қайраткерлері қаншама.

Айталық, дүниеден озған академик-жазушы, профессор Зейнолла Қабдолов «Менің Әуезовім» атты романында осының барлығын бейнелі тілмен төгілте суреттеді. Бүгінгі классик қаламгер Әбіш Кекілбаев Әуезов тағылымын тереңнен тартып, өз мақалаларында қаншама рет толғанды. Әуезов қаламының өз шығармашылығына тигізген игі әсерін айтты. Ә.Қайдар, М.Жолдасбеков, Ә.Нұршайықов, Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, Ө.Айтбайұлы сынды белгілі тұлғалар Әуезов дәрістерін әрдайым сүйсіне еске алады. Әуезов салған ұлы жол, Әуезов екен дән қазақ руханиятының бүгінгі тыныс-тіршілігінде де жарқырап көрінеді. Қазақ әдебиетіндегі Әуезов мектебінің, Әуезов дәстүрінің әсер-ықпалы әлі талай жүздеген жылдарға өз жарығын түсіреді [«Дала мен қала» газеті 14 қыркүйек 2009 ж. Қансейіт Әбдезұлы (dereksiz.org)].

Ұлы Мұқанның, Мұхтар Әуезовтің алдын көрген, дәрісін тыңдаған, сүйікті шәкіртіне, жылдар өте келе дос-інісіне айналған Зекеңнің таланты, дарыны ұлы суреткердің назарын бірден өзіне аударып, ғұлама ғалымның ұзақ жылдар бойында терең ілтипатына бөленді. Шәкірт Зейнолла Қабдолов та өз кезегінде ұзақ жылдар бойында Ұлы ұстаз еңбегін бір сәтке де көзден таса қылмай, әрдайым Мұқанның, Мұхтар Әуезовтің әр жанрдағы, әр жылдардағы шығармашылық мұрасын жинаумен, жазумен, зерттеумен, насихаттаумен ғұмыр кешті. Осы еңбегінің түйіні ретінде Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығына орай қаламгер Ұлы ұстазының рухына бағыштап өзінің ұзақ жылдар бойы қимас асылындай жан дүниесінде тербетумен, ұштаумен, шындаумен келген еңбегін «Менің Әуезовім» атты романына ұластырды.

«...Көрген жерден көзді арбап, көңілді қоса баурап әкететін ғажайып сурет – тағы да айтайын, - Әуезовтің өлшеусіз кең, керіле жарқыраған әжімсіз жазық маңдайы мен жалтыр төбедегі тайғанай сусып барып самайға ұйлығып қалған – оң шекеде бір уыс, сол шекеде бір уыс – шөкім-шөкім бұлт тәрізді көк мамық шашы. Сократ-маңдай деген маңдай болады деуші еді, сол осы екен ғой деп сүйсіндім ішімнен, кеудемдегі күллі діріліммен түйсініп...», - деп алғашқы әсерді суреттеуден басталатын көп қырлы, қымбат дүниесі – роман-эссесі арқылы өзінің ұстазына мәңгілікке қалатын көркем сөзден ескерткіш соқты (З.Қаб.)

Әуезовке шәкірт болу бақытына ие болған, оның лекцияларын құлақ құрышын қандыра тыңдаған Қабдолов ұлы ұстазының шешендік қасиеттерін тап басып тани отырып, жалпы мәнде қысқа ғана оймақтай ойып, әсерлі де әдемі айшықтағанын, шешендікпен толғағанын көруге болады: *«Алысқа шабатын жүйрік, алдымен, біраз кібіртіктеп барып көсіледі деседі ғой. Сол секілді Мұқаң да басында біраз барлау жасайтындай немесе неден бастауды*

ойлағандай қайта-қайта іркіле беріп, тамағын кенеп, үздік-создықтау тұратын да, бірер минуттан кейін нәсерлете жөнелетін. О, енді бітті... Енді сіз уақыттың өткенін білмей қаласыз, шешеннің ой ағымымен жер дүниені шарлап кете барасыз» (З.Қаб.) З. Қабдолов суреттеп отырған бұл сипат аудиторияның психофизиологиялық ерекшеліктерін, көңіл-күй ауанын, интеллектуалдық дәрежесін, қызығушылығын бет-жүз құбылыстарынан алдына ала зерттеп-барлап алу да шешендікке тән сипат болғанменен, «бірер минуттан кейін нәсерлете жөнелу» сирек құбылыс.

Сотта айтылатын шешендік. Сотта қолданылатын шешендіктің иелері прокурорлар, адвокаттар, қоғамдық айыптаушылар мен қорғанушылар, айыпкерлер болады. Сотта қолданылатын шешендік сөздерді екіге бөліп қарастыру керек: феодалдық қоғам тұсындағы қазақтың әдет-ғұрып заңы бойынша жүргізілген дау-дамайларда орын алған шешендік сөздер және біздің дәуіріміздегі сот жұмысында айтылатын айыптаушылар мен қорғанушылардың сөздері. Сот процесіне анық сөздер керек. Тыңдаушылар істің барысына жете еріп отыруы қажет. Сот сөзінде сарабал сыншының, сазды шешеннің, үміт пен үмітсіздік араласқан үкімнің үні болса игі. Сот сөйлеп тұрған заты жайында жан-жақты, анық-қанық білмесе болмайды. Сол мәселенің жағымды, жағымсыз тұстарын жақсы білуге мүдделі. Бұның бәрінен тіл байлығы ғана алып шығады. Туған тілін терең меңгермеген сотты жұртшылық тыңдамайды, сыйламайды. «Қазақтар шешен келеді, олар мақалдап сөйлейді, жай сөзінің өзі өлең боп құйылып жатады» деп, немістің білгір академигі В.В. Радлов айтса, оның өзін қазақ арасында көп болған поляк азаматы Адольф Янушкевич: «дала Демосфендерінің кейбіреулері мені сөздерінің мазмұндылығымен баурап алады», - дейді [95,б. 180].

«Үздік, үлгілі сөздер қарапайым, анық түсінікті және ойға тұнып тұруы тиіс» депті атақты А.Ф.Кони [96,с. 69]. Егер шешендік сөз «жанды тербететін дарын» болса, ондай қасиет барлығына бірдей тән болуы қажет. Әртүрлі процестің тілі түрлі-түрлі болып келуі мүмкін. Аудиторияны билеудің жолы әртүрлі, әрқалай толып келеді. Прокурор тілі қалай болмаққа керек, сот – медицина сарабының тіліне шешендік қажеті не деген ой туды.

Сотта жақсы сөйлеу дегеніміз – істің түбегейлі түбірін тереңдеу танып білу, көзді көңілді жеткізіп сөйлеу хұқ нормаларына сүйену, әдеби тілмен сөйлеу деген сөз соттағы шешеннің сөзі қазыны да, қараушыны да, халықты да өзіне қаратып сендіре алса, құба құп, нұр үстіне нұр демекпіз. Ал, аудиторияны меңгеруі сөздің жетуіне, жетелеуіне байланысты екені хақ.

Қылмыстың ашылуы, егжей-тегжейлі талқыға түсуі қылмыскер әрекетіне баға берілуі, қылмыстың туу себебі және оның салдары ортаға түскенде сот мәжілісіне айтылатын сөздер ондыққа дәл тиіп жатуы тиіс, өйтпейінше процестің бүге- шегесі ашылмай, анықталмай қалуы ғажап емес. Ендеше сотта сөйлеу де өнердің бір түрі деп білуіміз заңды.

Шешендіктің барлық түрі сотқа келе бермейді, соттағы шешендіктің өзіндік ерекшеліктері бары даусыз нәрсе. Айталық, мұғалімдер алдында сөйлеу мен сотта сөйлеу бірдей көрініс емес. Қай жерде қай кезде де біліп, тіліп

сөйлеген абзал. Дәл, шын, тура айтып жеткізу, білікті маманның, жүйрік заңгердің тұрғысынан сөйлеу нағыз шебердің үлесі екені айғақ. Бұның үстіне білікті білімділік қосылады.

«Дала өмірінде көптеген ғасырлар бойы астан-кестен оқиғалар және өзгерістер болды. Осындай қилы тарих шырмауынан көне дәуірдің мұрасы ретінде ұрпақтар үшін қазақтар екі мәңгі құндылықты сақтап қалды – ол сөз құдыреті мен заң құдыреті. Ең бастысы осы екі құндылыққа негізделген билер әділ соты өзінің реттеушілік мәнін жойған жоқ. Билер әділ соты жалпы адами құндылықтарын өмір ағысының қатаң талаптарына қарамастан сақтап, жаңа дәуірге дейін жеткізді. «Қазақтар ерте кезден бастап-ақ шешендікті өнердің ең биік шыңы деп бағалады. Өйткені, шешендік сөздер – елдің әлеуметтік өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде маңызды рөл атқарды» [97,б. 10].

Билер шешендік өнерінің айырмашылық ерекшеліктеріне тек қана соттың ауызша өткізілуі ғана емес, сондай-ақ олардың сөздерінің айтыскерлігі, поэтикалығы, аллегориялылығы; халықтық-поэтикалық шығармашылыққа сүйенуі, даулы мәселелерді шешуде ақылдылық, өткірлік және философиялық шешімдер, кейбір күрделі мәселелерді шешуде Төле би айтқан ескертпелер кейіннен қанатты сөздерге айналды: «Егер де тек мақтаншақ адамдарды жинасаң, халық алдында күлкіге қаласың», «Бай халық үшін емес, би – халық үшін», «Досыңды алдама- сенімділікті жоғалтасың», «Жауыңа шындықты айтпа – ол сені жеңіп кетеді». Даулы мәселелерді шешу мысалына келесі аңызды келтіруге болады. Бала кезінде Төле би әкесіне қой бағуға көмектескен. Бір күні оның жанына екі атты кісі тоқтады. Төле бидің олардың әңгімесінен түсінгені әкесінің шешіміне разы еместігі. Сонда кішкентай Төле оларға жақындап сұрады: «Сіздер менің әкемнің шешіміне разы емес көрінесіздер. Мен Әлібектің атын естідім – ол менің әкемнің аты». Атты кісілер жауап берді: «Біз сол шешім жайлы айтысудамыз. Біз шешімге разы емеспіз». Сонда кішкентай Төле әкесіне барып, болған жайды баяндайды. Әкесі баласын тыңдап, былай деді: «Балам, әділ шешімін өзің бер». Ал анау екеуі не істің мән-жайын айтып берді. Олардың біреуі, жас жігіт айтты, көпес (сатушы) оның ботасын ұрлап алған, өйткені ол өзінің ботасын көпестің керуенінен табады. Екіншісі, көпес, бота өзінікі екенін дәлелдейді. Сонда Төле ойланып, былай деп сұрайды: «Ботаның шешесі бар ма?». – «Ия», - деп жас жігіт те, көпесте жауап береді. Төле екі түйені де алып келуін сұрайды. Сөйтіп оларды жіппен байлауды сұрайды. Ботасын көрген кезде түйе, жас жігітке тиесілі, орнында тұра алмай, босағысы келіп, көздерінен жас ағады. Ал көпестің түйесі бір орнынан қимылдамай тұрады. «Бота жас жігіттікі»- деп шешті Төле. «Көпес, шындықты айтшы»,- деп сұрады Төле. Көпес шынын айтты: «Бұдан бес жыл бұрын мен алыс елдерден өз қалама келе жатып жолда жаңа тұған бота мен түйені көрдім. Сөйтіп мен ботасын алып кеттім. Енді, сіздер өздеріңіз мені не істейтіндеріңізді шешіңіздер». – «Төленің өзі шешсін», - деді қатысып тұрғандар. «Өздеріңіз көріп тұрғандай, бұл жас жігіт өзінің адал еңбегімен табады, ал көпес ботаны ұрлап, елдің алдында масқарасы шықты. Абыройынан айрылып, масқарасы шыққаннан үлкен жаза жоқ», - деп шешті Төле.

Атақты заңгер, академик С. Зимановтың зерттеуіне көз жүргіртсек: «Ерте және кейінгі жазба деректерге қарағанда ұлттық және аймақтық әділ сот тарихына енген билер саны жүзден астам. Ол билердің ішінде заңдылық пен әділ соттың «Алтын ғасырының» дәстүрлерін ғасырдан-ғасырға жеткізіп, сақтаған және оны әркез уағыздап отырған билер де көп болатын. Мысалы, Майқы би, Аяз би, Едіге би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Жәнібек би, Тіленші би, Есет би, Әнет баба би, Сырым би, Саққұлақ би, Бала би, Тоқсаба би, Шоң би, Бала би, Досбол би, Ақтайлақ би, Мөңке би, Байдалы би, Тоқсаба би, т.б. таңғаларлығы олар ұлан-байтақ қазаққыпшақ даласының әр түкпірінде өз руластары арасында, өз ауылдарында өмір сүргенімен, олардың атағы бүкіл Ұлы далаға әйгілі болды. Қазақ билерінің барлығы қай ғасырда, қай жерде, қай рулы елде өмір сүргендігіне қарамастан қазақ әділ сотының атасы атаған Майқы биді пір тұтқан. Орталық Азияның ұлан-байтақ аумағының әртүрлі бөліктерінде орналасқан қазақтардың этникалық, тілдік-мәдени және идеялық-психологиялық бірлігін түсіндіретін құпиялардың бірі дәл осы қазақ құқығы мен әділ сотының жүйесінде деп есептеуге толық негіз бар» деп тұжырымдайды [98, с. 105-10].

Жұрт алдында сөйлеудің мәдениеті жайында аз айтылып келе жатқан жоқ. Әсіресе, соттағы сөз оймен, мөлшермен, нақты айтылуы ләзім. Сөз көбейіп кетсе, оның арты суға ұласып кетеді. Прокурордың немесе адвокаттың сөзі дәлелсіз, дәмсіз, құрғақ боп келсе сот процесінің ұтары шамалы болмақ.

Айыпталушының, ақтаушының да, соттың да тілі таза, түсінікті әрі заңға сүйеніп тұрса әділет салтанат құрады.

Қоғам дамып жаңғырған сайын әлеуметтік қажеттіліктерге байланысты жаңа инновациялық теориялар мен концепциялардың ғылыми ағымын қажет етіп отыратындығы белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, заң қызметкерлері мен құқықтық қоғам құрудағы жалпы мемлекет арасындағы байланысты қалыптастыруда юрислингвистиканың немесе заңна малық лингвистиканың алар орны ерекше. Демократиялық құқықтық мемлекет құруға талпынған әрбір мемлекеттің басты мақсаты да, заңнамалық құрылымдарды жетілдіруде жатыр.

Заңнамалық лингвистиканың ғылым болып қалыптасуына мен дамуына Ресей елінің ғалымдары А.Н. Баранов, Н.Д. Голев, П.А. Катышев, Т.В. Чернышев т.б. ғалымдары мол еңбек сіңірген [99].

Ғалым Н.Д. Голев: «Юрислингвистиканың объектісі – тіл мен құқықтың өзара байланысы. Тілдің заңға қатысын юрислингвистика, ал заңның тілге қатысын – лингвоюристика зерттейді» деп бұл екі ғылым арасында диалектілік байланыс бар екендігін анықтаған болатын [100, с. 43]. Заңнамалық лингвистика саласы – қазақ тіл білімінде әлі де қарастырыла қоймаған өзекті мәселе. Көкейтесті сауалдарды қарастыру үшін заңнамалық лингвистиканың анықтамасын, нысанын, субъектісін және түрлерін айқындап алу қажет.

Шешендік өнердің көптеген сұрақтары Ежелгі Грек шешендерінің теориялық жұмыстарында бірінші рет қаралған: сөздің нанымдылығы

(сенімділігі), шешен міндеттері, сөз классификациясы, сөз композициясы және басқалары. Ежелгі гректердің пікірі бойынша шешен міндеті үш жақты: 1) түсіндіру, 2) оятушы (қозғаушы), 3) қанағат алып келу. Сөздерді ақылдасуға (саяси), сот және мадақтау түрлеріне бөлу де осы кезеңге жатады. Көне Грекияда сот тілі ең көп таралған жанр болды, саяси және салтанатты сөздер сот тілі үшін үлгі болып танылды.

XVII-XIX ғасырларда Қазақстандағы сот сөз ділмарлығының өзіндік сот түрі – билер сотымен анықталған. Сот билігі кейбір сұрақтарды шешуде халықтық судьяларға: билер мен қазыларға жүгінген. 1871 ж. Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф. Баллюзектің басып шығарған қазақ құқығы материалдарында сол сот түрінің ерекшеліктерін көрсете отырып, осыны растайды: «Билер соты – ауызша сот, өзіне тән шындықтары мен жарияланымдары бар, сот – бұл жерде әр түрлі іс қаралады, адамды сөзбен ренжіткен кездерінен бастап ең үлкен қылмыс - өлімге дейін, ең төменгі ұрлықтан ең жоғары қылмысқа дейін істер ауызша қаралып, ешқандай да қағаз бен жазу құралынсыз сотталған» [101].

Әлеуметтік тұрмыста қолданылатын шешендік. Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шешендіктің айтылу тілі, жеткізілу стилі оның басқа мазмұнды түрлеріне қарағанда бірден оқшауланып, дараланып тұратын секілді. Онда тұлғаны құттықтау кезінде айтылатын мадақтау, бағалау сөздеріне лайықты балама (синоним) тілдік бірліктер молынан қолданылады. Мұндай сипаттағы үлгілерді қай шешеннің аузынан естіп, қаламынан таба аламыз. Мысалы, белгілі ақын, от ауызды, орақ тілді шешен Исраил Сапарбай шығармашылығы осыған жауап бере алады. Ақынның халқымыздың өнер жұлдызы Хабиба Елебекованың 90 жылдығына арнап жазған құттықтауына зер салсақ:

«Апа!

Сіз Тоқсандасыз, Тоқсандасыз!

Шыңдасыз! Шығандасыз! Оқшадасыз!

Отыз бен Жиырманың арасында,

Талайдың жүрегіне *от салғансыз.*

Апырай, сол бір мөлдір қайда күндер,

Лағыл нұр, Лала дала, Ләйла-гүлдер?!

Қызығып кім көз салмас қыз балаға,

Сүзіліп қарамайды Айға кімдер?..

Апа! *Сіз арда жансыз,*

Арман - әнсіз.

Арусыз, Қардан да аппақ *арлы адамсыз.*

Тілегін жүз жігіттің тыңдай жүріп,

Жүрегін Жүсекеңнің *таңдағансыз.*

...Атыңнан айналайын, Қарқаралы,

Өзіңнен *қаншамааққу – ән тарады!..*

Сол әннің, сол аққудың бірі емес пе,

Қазақтың Хабибидай қалқалары?!

Апам тұр, сенесіз бе, шың басында!
Ойнайды Күннің нұры сырғасында.
Тоқсанға келген де бар, келмеген де,
Ар жағы...

Алыс емес бір ғасыр да!» («Қазақ әдебиеті», 2006, 27. 01.)

Қазақ тіліндегі кішірейту, сыпайылату, еркелету мәніндегі *-сыз, -сіз* жалғаулары құттықтау мазмұнындағы шешендікті тудырудың бірден-бір тілдік-стильдік белгісі екендігі осы мәтіннен де анық көрінеді. Мұндағы «Тоқсандасыз, Шыңдасыз! Шығандасыз! Оқшаудасыз! жансыз, әнсіз, арусыз, адамсыз, жүрегіне от салғансыз, таңдағансыз» сөздеріндегі *-сыз, -сіз* жалғаулары бірде үстеу сөздерге, бірде есім сөздерге, бірде етістіктерге жалғанып, кісі қасиетін ашудың, оның жеткен шыңын бағалаудың таптырмас нұсқалары болып шыққан.

Рухшыл ақын М.Шахановтың «Адамзаттың Айтматовы» атанған Шыңғыс Айтматовты жерлеу кезінде айтқан сөздері қай жанды болсын тебірентпей кетуі мүмкін емес. М.Шаханов бұл жайында өзінің шағын мақаласында: «...Бішкек қаласында мемлекеттік тулар төмен түсіріліп, бүкіл қырғыз елімен бірге, әлемдік кеңістікте рух парасатын ардақ тұтар өзге халықтар да мұң құшағында тұрған сәтте, Айтматовты жерлеуге әкетіп бара жатқан сан мыңдаған қалың топтың алғашқы легінде, ағайын-туыстарының арасында, нақ бір есі кіресілі-шығасылы адамдай есенгіреп мен де қозғалып бара жаттым. Енді оның пенде көздер қанша жерден тырысса да аласарта алмайтын екінші ғұмыры, мәңгілікке ұласқан мазмұнды ғұмыры басталды. Сондықтан да осы шағын мақаламды Бішкекте, 2008 жылдың 14 маусымы күні Шыңғыс Айтматовпен азалы қоштасуда оқылған «Екі Шыңғыс өнегесі және мәңгүрттік қасірет» атты өлеңімен аяқтағым келеді:

*Екі Шыңғыс ғұмыр кешті мына ұмытшақ ғаламда,
Екі дара із қалдырды олар елге, заманға.
Екеуі де дарынымен, жалынымен лаулады,
Бірі қылыш, найза кезеп, бірі рухпен баурады.
Екеуі де сан миллион адамдарды жаулады,
Екеуін де еске сақтап қалды қырғыз таулары.
Оның бірі – даңқ көгіне зорлығымен тырмысқан,
Жарты әлемді қан қақсатқан бас қолбасшы Шыңғыс хан.
Екіншісі – қару еткен рухи-намыс қанатын,
Қара күшке қарсы қойған адамдықтың санатын,
Әр жүректін айдынында ізгілік боп жанатын,
Жаңа Манас – ұлы Шыңғыс Айтматов болатын...
Иә, екінші Манассың сен, Манаспен тең данасың.*

*Күнде рухпен, сөзбен емдеп мәңгүрттердің санасын
Және ана-табиғатпен тауып мәңгі жарасым,*

Енді Алатаудан да зор ШЫҢҒЫС-ТАУ боп қаласың!» - деп екі халыққа ортақ дара тұлғамен қимай қоштасқан еді (М.Шах.).

Билердің риторикалық мәдениетінің философиялылығы мен поэтикалылығы Келдібек би мен Шоқан Уәлихановтың әкесінің арасындағы әңгімеден көруге болады. Шоқан Уәлиханов қайтыс болады. Шоқанның әкесіне сүйікті ұлының өлімін сөз шеберлігі арқасында жеткізу үшін адам қажет болды. Сол кезде таңдау Келдібекке түсті. Келдібек би сұрайды:

- Төре, өмірде не қымбат?
- Адам, - деп жауап берді Шоқанның әкесі.
- Адам үшін не қымбат?
- Сүйеніш бола білетін бала.
- Тастар арасында не асыл?
- Алмас.
- Теңіз түбінде жатқан алмастың егесі бар мекен?
- Бұл өмірде барлығы да біреуге бағынышты.
- Жаны бардың, жансыздың да барлық уақытта егесі болады. Егер де олар өмірдегі ең асыл – адам үшін күреске шықса, кім жеңеді?
- Ең мықтысы, күштісі, - деп жауап береді Шоқанның әкесі және өзінің кімді жоғалтқанын түсінеді.

XVII – XIX ғасырлардағы атақты билердің ауызша сөз ділмарлығы тарихи-құқықтық және тарихи-филологиялық тұрғыдан ғана қызығушылық тудырмайды, сондай-ақ қазіргі кезеңде алып қарасақ, суырып салма (импровизациялық) жария сөзге шығудың ең таңдаулы үлгілерін көрсетеді.

Діни шешендік. Қазақтың діни шешендігінің пайда болып, дамуы ортағасырлардағы ислам дінінің таралуымен тығыз байланысты. Оны таратушы қожа мен сопылардан бастау алады. Сыр өңіріне келіп, қоныстанып қалған арабтардан қалған белгі – Қожа Ахмед Яссауи, әкесі Ибрахим, оның әкесі Баба түкті шашты Әзіз, рухани ұстазы Арыстан-бабтарды, батысымыздағы – Пір Бекетті қазақтың діни шешендігінің негізін қалады деуге толық негіз бар. Арғынның арғы аталары Дайырқожа, Қарақожа аталуы тегін емес. Бертінде Жүсіпқожа, Күдеріқожа, Қожамбет, Қожағұл, Майлықожа Сұлтанқожаұлы атанған ақын-жыраулар діни шешендіктің іргесін қалады. Әдебиетімізге діни аңыз-дастандарды әкеліп, діни айтыс секілді өз алдына бір бөлек әдеби жарларды қалыптастырды. Кітаби ақындардың көбі діни тақырыпқа шығармалар жазды.

Өркениетті елдерде мемлекетті діннен бөліп қарамайды. Қандай жүйемен өмір сүрсе де, онда бәрінің шығар қайнар көзі дінге тіреледі. Дін – қасиетті құндылық ретінде ұғынылады. Ұлы Абай: «Ынталы жүрек, шын көңіл, Өңгесі хаққа қол емес» немесе «Иман деген – Алла тағаланың шәриксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа һәр неге бізге пайғамбарымыз саллала Аллаһу халайһи уа саллам арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын сұнып, инанбақ» – дейді (Абай). Жан баласының көкірегіне құнарлы, ажарлы нәрін құятын діни шешендіктің бастау бұлағы – дін. Дін – адам бойындағы жағымсыз дерттерден тазартуға мүмкіндік береді. Өтірік айтпауға, кісіні сыртынан жамандамауға, нақақ ғайбаттамауға, ұрлық-қарлық істемеуге үндеп, кісінің көкірегіне жарық сәуле түсіріп, жанның таза болуына шақырады. Адамгершіліктің қадау қазығы.

Ой құсасы жүрегін тескен адамдардың көңіліне демеу болады. Осының бәрі көкірегіңе ұялар әдемі, негізді сөзбен жүзеге асырылады. Дүниедегі тілі ең көркем кітап – Құран Кәрім. Мысалы, Ахзап сүресінде (33): «1. Ей, пайғамбар, Алладан қорқыңыз және кәпір, фықтарға бойынсұнбаңыз! Әлбетте, Алла білуші және даналық иесі болған зат. 2. Және, (тек қана) сізге Раббыңыз тарапынан уахи етілетін аяттарға ілесіңіз! Әлбетте, Алла – сендер істеп жатқан амалдардан хабардар. 3. (Жалғыз) Аллаға тәуекел етіңіз! Алланың Өзі жетерлі уәкіл-сақтаушы. 4. Алла біреудің ішінде екі жүрек жасаған емес, (сондай-ақ), сенде зихар еткен әйелдеріңді де сендерге ана еткен және асыранды балаларыңды да өз балаларың еткен. (Бұл Яғни әйелдеріңді «ана» деулерің, асырандыларыңды «бала» деулерің) сендердің ауыздарыңдағы сөздерің. Жалғыз Алла шындықты айтады және Оның Өзі (тура) жолға салады» (Құран-кәрім).

Билер шешімдерінің құқықтық негізі дәстүр бойынша кәдімгі құқық (адат) және ислам шарттарының негізіне (шариғат) байланысты. Соңғысының түпнұсқасы – бұл араб заңгерлері енгізген Құран және оның қосымшасы. Құранның бір сүресінде былай айтылады: «Мұхаммед, біз саған шындық жазылған, адамдарды соттау үшін кітапты жібердік». Шариғат құқығы негізі болған – отбасы-неке қатынастары мәселесі. Қазақстанда хандық билік кезінде (XV-XIX ғғ.) көптеген мәселелерді шешуде кәдімгі және шариғат құқықтарының тоғысулары әдеттегідей болған.

Соңғы жылдары дін тақырыбында сөз қозғайтын бұқаралық ақпарат құралдары көбейе бастады. Әр түрлі тақырыпта берілетін бағдарламалар, мақалалар, аудио және видео уағыздардың қоғамды ізгілендіруде атқарар қызметі зор. Бұған діни шешендіктің озық үлгілерін көрсетіп жүрген М.Тазабековтың мына сөздері дәлел бола алады.

Кезекті бір сұхбат барысында журналистің: *«Жалпы, дін жолында жүрген жандарды біздің қоғам артық қадам жасамайтын, шалыс баспайтын, айналасындағыларға тым қатты қарайтын адам ретінде елестетеді. Осы пікірді қалай жоққа шығаруға болады? Мәселен, сіз үй шаруасына көмектесетін шығарсыз немесе көпшілік біле бермейтін, сүйіп істейтін шаруаңыз бар шығар...?! – деген сауалына: – «Мұсылманның амалы сөзінен алдын жүруі керек. Пенде жақсы көрген адамынан ғана дін үйренгісі келеді. Алла Елшісі пайғамбар (с.ғ.с.) сондай еді, өз киімін өзі жасамайтын, үй шаруасына көмектесетін. Көбінде мұсылман адамның сөзі емес, ісі насихатқа айналуы керек. Жетпей тұрған жері ғана сөзбен айтылады. Бірінші кезекте үйіңде жақсы көретін жарым деп әйелің күтіп отырса, ұл-қызың әкем келді деп қуанса, туысың сенің жанашырлығыңды сезініп жүрсе, іс-әрекетіңмен айналаңды сүйсіндіре алсаң, міне, сен нағыз мұсылмансың», – деп тапқыр жауап берген.*

Заманауи шешендердің шебін бастап тұрған тұлғалардың бірі – Бекболат Тілеухан. Елде болып жатқан мәселелерді мінбердегілерге шебер жеткізуді игерген қоғам қайраткері ретінде мәлім. Қай сұхбатын алып қарасаңыз да, әрбір сөзі тәрбиелік мәнге ие. Махаббат дегеніміз не? - деген сауалға: «Жалпы

махаббат деген не? Сүю. Махаббат деген сөзді біздің қолданбайтын жеріміз жоқ. Оның жалпы атасы – мейірім. Махаббат та, мейірім де Аллаға тән нәрсе. Махаббат дегеніміз – өте бір терең ұғым. Мысалы үшін, біз үлкен иттен болсын қорқамыз. Пәленбай атмосферамен сүйегінді уатып тістейтін иттен кейде зәре – құтымыз қалмауы мүмкін. Енді сол ит келіп сенің жақынына, сүп – сүйкімді балаңа келіп басын қажап талап жатса не істейсіз? Бағанағы қорқыныш қайда кеткенін білмей қаласыз, итке ұмтыласыз. Сол сізді итке жүгіртіп қойған – балаға деген мейірім, балаға деген махаббат. Махаббат дегеніміз соншалықты үлкен дүние. Дүниенің бәрі махаббаттан тұрады. Қашан иман жүректен кетеді, махаббат жүректен кетеді. Қашан махаббат жүректен кетеді, адам адамдық сипатынан айырылады. Ол хайуан болады. Сондықтан қоғамның бірден – бір емі ол – иман, махаббат, мейірім», – деп түйіндейді.

Қай салада болмасын сөзін елге тындата білетін, оны тындаушысының жүрегіне жеткізе білетін шешендер қоғамда өзіндік орын алып отырған.

Шешендік өнер, әлеуметтік феномен тұрғысынан алғанда, белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамдық кеңістікте, қалай да бір адам мен оқиғаға байланысты қалыптасып, ерен тапқырлықпен, көркем тілмен айтылатын және әлеумет қабылдап, мойындаған үлгі ойлап, идеялап тұжырымдау үрдісі, рухани әлеуметтік құндылықтар жүйесі тарихи-мәдени тұрғыда қалыптасқан әлеуметтік шындық. Шешендік сөз өнерінің әлеуметтік-мағыналық табиғатын айқындайтын социумдық жағдайлар мыналар: а) шешендік өнердің қалыптасуы мен қоғамдық үдерістердің қалыптасып дамуы арасындағы тығыз байланыстылық; ә) би-шешендердің жеке даралығы мен әлеуметтік үрдістердің астамығы; б) қоғамдағы рухани-мәдени сабақтастықтың шешендік өнердегі көрініс табуы; в) шешендік өнердің қоғамда атқаратын қызметі. Шешендік сөздер мен қоғамдық үдерістер арасындағы тығыз байланысқа келсек, ең алдымен, тіл мен қоғам арасындағы өзара тәуелді байланысты көрсететін ғылыми дәлелдеуге сүйену қажет.

Шешендік өнер мен қоғамның тығыз байланысын толықтыра түсетін мәселе – әлеуметтік жүйенің шешендік өнер үшін өмір сүру ортасы, оның ұрпақтан-ұрпаққа берілу механизмі болады. Шешендік өнердің жасалуы әлеуметтен тыс болмайтындай, оның өмір сүруі де әлеуметтен тыс бола алмайды. Яғни шешен сөйлеу құбылысын шындаудың қатысынсыз адам өзі жеке дара жасайды да, оны өзгерте де алмайды. Шешендік сөз дәстүрі тек белгілі бір адамдар арасындағы келісімін мойындаудың нәтижесінде ғана өмір сүреді. Шешендік сөзді ұрпақтан-ұрпаққа ауысып жетуін тарихи-мәдени феномен деп қарауға болады. Себебі оны ауызша нұсқада беру тәсілінің өзі үшін белгілі бір әлеуметтік ортаның қажет болғанын көрсетеді. Демек, шешендік өнер – қоғамдық тіршіліктің бір саласы да, ал әлеумет – шешендіктің өмір сүру ортасы. Шешендік өнер әлеуметсіз өмір сүре алмайды. Әлеуметтік орта – шешендіктің дамуы үшін қажетті негіз.

2.5 Елбасы дискурсы, оның өзіндік сипаты

Соңғы жылдары лингвистикалық әдебиетте мәтін терминімен қоса дискурс (фр. discours – сөйлеу) термині пайда болды. Дискурс-экстралингвистикалық факторлар жиынтығындағы байласымды мәтін; оқиға аспектісінде алынған мәтін; нысанды әлеуметтік іс-қимыл ретінде қарастырылатын сөйлеу; адамдар мен олардың сана механизмдерінің әрекеттестігіне қатысушы компонент, яғни «нақты өмірмен байланысты» сөйлеу.

Қазақ тіл білімінде дискурстың кейбір негізгі белгілерін Қ. Жұбановтың 30-жылдардағы зерттеулерінен аталмыш терминді қолданбаса да кездестіреміз. Ғалым: «Сөз бұйымын жасап шығару үшін де оның жасалу жолын, материалының сыр-сипатын білу керек. Сөзді дұрыс құраудың жолын білу – жазылатын сөзге ала-бөтен қарау. Өйткені, ауызекі сөйленетін сөздердің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар. Дауыстап сөйлеген сөздердің олқысы көбінесе ыммен толады. Дұрыс айтылмағанын сезсе, сөйлеушінің өзі де сөзін қайта түзеп айтып, түсінікті қылады. Мұның бәрі де жеткіліксіз болса, ауызба-ауыз сөйлескен адам қайта сұрап алуына болады. Жазулы сөзде бұл кемшіліктердің бірі де жоқ. Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады, солай түсініледі немесе түсініксіз күйімен қалып қояды. Мұнда жазған кісіден қайта сұрап алуға болмайды. Жазылған сөздің бөлшек-бөлшегін және тыныс белгілерін өте сақтықпен өз орнына қоймасаң, мұнда оның олқысын толтыратыным да, дыбыс әні де жоқ. Сондықтан әсіресе жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте қажет. Сөзді қалай құрудың тетігін білу ауызекі сөз үшін де аса керекті. Өйткені, топта сөйленетін сөз де жазу тілі сияқты. Мұнда да екі кісі отырып сөйлескендегі кеңшілік жоқ», – деп көрсетеді [102,б. 149].

Дискурс – тақырыптық тұрғыдан арақатынасы белгіленген мәтіндер жиынтығы: бір ортақ тақырыпқа жүйеленген дискурста жинақталатын мәтін. Дискурстың мағынасы жеке дара мәтін көмегімен ашыла қоймайды, ол интермәтіндік деңгейде, яғни көптеген мәтіндер жиынтығының арақатынасы негізінде ашылады. Басқа сөзбен айтқанда, дискурстың бұл анықтамасы бір коммуникативтік сала аясында қызмет ететін мәтіннің көптеген түрлерінің арақатынасын меңзейді. Лингвистикалық тәжірибеде адам танымы мен қарым-қатынасының жеке бекітілген әлеуметтік-тарихи саласы ретінде дискурстың медициналық, заң, саяси, жарнамалық және тағы да басқа түрлерін қарастыру қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, дискурстық анализ дискурстың тақырыптық бірлестігі қалай қамтамасыз ететіндігі, жеке мәтіннің/дискурстың қай элементтері дискурсқа ортақ, тән болып келетіндігі және қандай мәтін түрі қандай дискурс түрін анықтайтындығы жөніндегі зерттеулерге бағытталған [83, б. 77].

Шешендік сөздердің ішінде саяси мәнді мәтіндерде сөйлеу стратегиялары мен тактикалары мейлінше көп қолданылады. Саясат пен жеке тұлғаның ұстанымын байланыстыратын да біз жоғарыда тоқталып өткен дискурс.

Дискурс жөніндегі теориямен тығыз байланысты ұғымдарға саяси ұстаным мен әлеуметтік ұстаным жатады. Мәселен М. Фуконың тұжырымдамасында

дискурс ұстанымның сыртқы ұйымдастырушысы болып табылса, ал Ю. Хабермастың тұжырымдамасына сәйкес дискурс агенттің саяси және әлеуметтік ұстанымдарының ерекшеліктерінде көрініс береді. Негізінде, дискурс ұғымын ғылыми айналымға лингвист Ролан Барт енгізді. Оның: «Болашақта біз шығармаларды дискурс, пікір айту деп атаймыз және бұлар ауызша немесе визуальды екендігіне қарамастан барлығы да бір мағынада болады», – деген сөзінен кейін дискурс концептісі саяси сипатқа ие болды [71, с. 74].

Саяси мәтінді жазушы адам дәл осы саяси көзқарастарға қатысты өзінің саяси пікірін білдіреді. Бұл саяси мәтін, бір жағынан, қоғамның белгілі бір мүшелеріне ғана әсер етуі мүмкін, ал екінші жағынан, кең түрде алып қарасақ мемлекет халқының барлығына әсер етуі де мүмкін.

А.М.Нехорошева «Особенности языковой личности политического лидера германии Ангелы Меркель» атты зерттеу жұмысында саясаткерлердің тілдік типтерін жасайды. Ол бойынша нақты саяси қайраткердің когнитивтік, вербальды, прагматикалық жүйесі сараланады. Мұнда Н.Назарбаевтың тілдік тұлғасының когнитивті жүйесінің зерттелгендігін айтып өтеді. Демек, Н.Назарбаевтың негізгі тілдік-типтік бейнесін когнитивті ұғымдар жанында ашыла түсетініне көз жеткізуге болады [104,с. 2].

Соңғы жылдары саяси коммуникацияға байланысты көптеген еңбектер жазылды. Солардың бірі – Ж.Қ. Ибраеваның «Психолингвистика негіздері» деп аталатын еңбегі. Аталмыш жұмыстың 3-ші тарауы «Ықпал ету психолингвистикасы» деп аталады. Бұл тарауда саяси коммуникациядағы сөйлеу ықпалы мен бейвербалды ықпал, психолингвистика және саяси технологиялар: саяси пиар коммуникативтік менеджмент мәселесі, сондай-ақ ықпал ету психолингвистикасы аясындағы қазіргі саясаткер имиджіне қатысты көптеген деректер беріледі » [72,б. 75].

Қазіргі таңда саяси сипаттағы мәтіндерді зерттеу шеңбері кеңейіп, өзінің түрлі бағыты белгіленген ғылым саласы болып табылады. Түрліше зерттеліп жүрген бұл саланың маңызды бөлшегін **саяси тұлғалардың** тілдік қолданыстары мен іс-әрекеттері құрайды. Бұл тұста, ең алдымен, мемлекет басшылары, саясаткерлер, мемлекет қайраткерлері, жалпы ел алдында жүрген танымал тұлғалар, көркемсөз шеберлері, ақын-жазушылар мен беделді кісілер ойымызға түседі. Халық ондай тұлғаларды, еткен еңбегімен қатар, көпшілік алдында сөйлеген сөзі, берген есебі, жүргізген келіссөзі, басқаша айтқанда, бүкіл сөзжұмсамдық әрекеті тұрғысынан бағалайтыны белгілі. Сондықтан бұл мәселені қазіргі ғылыми әдебиетте жиі қолданылып жүрген «тілдік тұлға» ұғымымен байланыстыра зерделегеніміз жөн.

Жалпы тіл білімінде «тілдік тұлға» феномені дербес ұғым ретінде жан-жақты қарастырылып жүргені мәлім. Көптеген зерттеушілер Ю.Н.Карауловтың үш деңгейлі тілдік тұлға концепциясын басшылыққа алатыны жоғарыда айтылды [31,с. 49]. Ол бойынша, *бірінші*, лексика-семантикалық деңгейде тұлғаның белгілі бір тілді грамматикалық, лексикалық, семантикалық жақтарынан жақсы меңгеруі, сөз мағыналарын ажырата білуі, тілдік бірліктерді

әдеби тіл нормасына сай қолдана білуі ескеріледі. *Екінші*, лингвокогнитивтік деңгейде тұлғаның аялық және энциклопедиялық білімдер қоры, ел мәдениеті мен ұлттың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, материалдық және рухани мәдениетін жақсы білуі есепке алынады. Ал *үшінші*, лингвопрагматикалық деңгейде тұлғаның өз білім қорын қатысым жағдаятына өзі сөзін арнап отырған адресатқа әсерін тілдік бірліктерді сөйлеу мақсатына сай іріктеп, екшеп ала білуі және жалпы түпкі прагматикалық ниетіне орай сөз саптай білуіне, шеберлігіне мән беріледі. Осы үш критерийді тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш Президентінің **саяси тұлғасына** қатысты пайдалануға болады деп ойлаймыз» дейді зерттеуші Қ.Есенова «Лингвосаясаттануға кіріспе» атты еңбегінде [б. 125-126].

Мәселен, **лингвистикалық тұрғыдан алғанда Елбасының сөйлеу мәдениеті жоғары**, қазіргі шешендік өнердің қыр-сырын меңгергендігі, өзі сөз ететін саланың барлық қырынан хабардарлығы, әрбір сөзін нақты аргументтермен дәйектеп алатындығы, ойын қысқа да нұсқа етіп жеткізуге тырысатындығы анық байқалады.

Екінші, лингвокогнитивтік тұрғыдан алғанда, Елбасының туған халқының ғана емес, басқа да көптеген ұлттар мәдениетінен хабардарлығы, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жақсы білетіні, әсіресе алыс және жақын шетелдерге жасаған іссапарларында сөйлеген сөздерінен айқын аңғарылады.

Үшінші, лингвопрагматикалық деңгейге қатысты айтар болсақ, Елбасы көпшілік алдында өзін-өзі ұстау мәнерінен, сөз саптауынан, бірінші тіл қатуынан-ақ нақты аудиторияға лайықтап, бейімдеп ойластырып алатындығы, Яғни **шаршысөзге** үлкен жауапкершілікпен қарайтындығын көрсетеді. Әсіресе көп ұлтты мемлекет халқына арнаған сөзін «Құрметті Қазақстандықтар!», «Қадірлі Отандастар!» деп бастауын оның ұлтаралық келісімді жоғары қоюынан туындаған уәж деуге негіз бар. Сондай-ақ тікелей эфирде көрермендердің сұрақтарына берілген қысқа да нұсқа жауаптары, оның қатысым мәдениетін де жоғары деңгейде меңгергенін көрсетеді. Бұл айтылғандар Елбасының жан-жақты саяси тілдік тұлға ретінде қалыптасқандығын танытады.

Н.Ә. Назарбаевтың әлемдік имидж қалыптастыруда ұлттық мүддені бірінші орынға қоя білуі – негізгі ерекшелігі деп тануға болады. Ол әлемдік тұлға ретінде мемлекеттің мүддесін танытады, ішкі жағдайлар мен үдерістерді көрсетеді.

Н.Ә. Назарбаев өзінің сөзінде рухани құндылықтарға (тәуелсіздік, білім, бейбітшілік, тұрақтылық, интеграция, мәдениет, тіл), материалдық құндылықтарға (мұнай-газ, қазба байлық, табиғи қорлар), әлеуметтік құндылықтарға (қоғам, отбасы, мемлекет, ұлт) баса назар аударады. Сонымен қатар еуразиялық одақ мәселесін көтеріп жүруі біртұтас кеңістікке ұмтылуға деген әрекеті ретінде мемлекеттік негізгі толеранттылық құндылығын танытады.

Н.Ә. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» (Н.Н. 2003 ж.) кітабында қозғалатын КСРО-ның құлауы туралы айтылған ойлары мен идеялары, өзінше

жасаған тұжырымдары саяси басшының зерттеуші-ғалым, сарабдал сарапшы екенін көрсете түседі. КСРО-ның құлауына себеп болған жағдайларды талдай келе: «Үлкен мемлекеттің құлауына технологиялық, стратегиялық мешеулік, бәсекестік қабілетінің төмендеуімен қоса, ұлт мәселесі аз себепші болған жоқ», – дейді. Аталған кітапта Н.Назарбаев тек қана саяси, геосаяси-стратегиялық жағдайларды ғана талдап қоймайды, сонымен қатар толғанысты ойларына, өзіне қатысты фактілерді де айтып отырады. Мәселен, «1984 жылы 22 наурызында мен Қазақстан Министрлер Кеңесінің Төрағасы боп тағайындалдым. КСРО-дағы ең жас премьер мен боп шықтым. Билікке бұлай жақын араласу екі ұдай сезімге бөледі. Бір жағынан өз тәжірибемді Қазақстанның экономикалық ахуалына жұмсағым келді. Өйткені өмірдің біршама жақсы мектебінен өткен сияқтымын. Екінші жағынан, ашық айтуым керек, билеуші элита мен ел билеудің жаңа қырларын тек сол жылдарда ғана аңғардым», – дейді. Бұл мәтіндерден Н.Назарбаевтың тұлғалық қасиеттері мен жаңа идеяның адамы ретіндегі қырларын көре түсеміз. «Мен» сөзін қолдана отырып «мендік психологияны» қалыптастырғанын байқай аламыз.

2003 жылы жарық көрген «Тарих толқынында» атты еңбегінде ұлттық-тарихи мәселелерді қозғай отырып, үлкен ұлттық тарихи концепцияны жасап шығуға тырысады. «Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі», «қазақ болмысының келесі бірі ерекшелігі – оның тарихшылдығы» тәрізді сөйлемдер арқылы «қазақ» болмысының характерін жасауға тырысады. Аталған кітапта қазақ тарихына қатысты ойлар айта отырып, қазақ болмысын жасайды:

1. Қазақ – ғажайып тілді жасаған ұлт: «Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі».

2. Қазақ – жады мықты халық; шежіресі, тарихи шежіресі: «Қазақ болмысының келесі бірі ерекшелігі – оның тарихшылдығы», «ал біздің жеті аталық ұстаным, рулық байланыс институттары, белгілі дәрежеде сол желілік типтегі далалық биокомпьютердің рөлін атқарып, күн сайын өз жадын өзі мыңдаған есе кеңейтіп отырған»,

3. Қазақ – парасатты халық: «мұндай дүниетанымның негізі – сахара тұрғыны күнделікті өмірде байтақ кеңістіктің табиғатымен және әр түрлі адамдарымен сан-сапалы байланысқа түскенде үнемі тыңнан туындап отыратын ахуалға сай әмбебап қисынды тауып отырудың қиындығында болса керек. Осындай жағдайға орай қазақтардың бұқаралық санасы ұдайы ақыл-парасатты басшылыққа алып, әбден сыннан өткен аталы сөзге ден қойып отырған».

4. Қазақ – рухани текті халық: «Жеті аталық ұстаным әрбір қазақтың, бүкіл халықтың құлағына күн сайын бабалары туралы тек жақсылықты құйып, рухани тектілігін дәріптеп, ұлттық сенімін орнықтырып отырған.

5. Қазақ – арсыз мінез-құлықтан ада халық: «Түркілер кек қууды, жалған жарамсақтықты, екіжүзділікті, қулық-сұмдықты, өсек-аяңды, достарына

менмендікпен қарауды, көршілеріне паңдана тәккапарлық танытуды білмейтін халық».

Аталған еңбекте Н.Назарбаев түркі дәуірінен бері қалыптасып келе жатқан этногенезі тым тереңде жатқан қазақ халқының тарихи болмысы мен қазіргі халықтық бейнесін жасауда үлкен концептуалды идеяларды тоғыстыра білген. Саяси қайраткердің тарихи зерттеу шығармасын ойтолғау түрінде жазуы ұлттық идеологияны қалыптастыруға, түзуге деген саясатын танытады. Н.Назарбаевтың бұл еңбегінде қолданып отырған түйін сөздер: *Ұлы дала, ру, дала дүниетанымы, жеті ата, алып сахара, жад, Рух, Сана, Ар-ұят, Аруақ, ұлан-байтақ дала, ата-баба, түрік, қара шаңырақ, көшпелілер әлемі, Бірлік, Тәңір, атты әскер, Еуразия, әскери өнер, Адам (түркі рухының қасиетті жиынтығы), аңыз, түйсік, тұтастық.* Аталған тілдік бірліктер Н.Назарбаевтың тілдік тұлғасының когнитивтік белгілерін көрсетеді. Оны кез келген ұлттық ұғымды концепті дәрежесіне жеткізуге құштар қайраткер деп тануға толық негіз бар.

Н.Назарбаевтың тілдік портретін сипаттауда жыл сайын жарияланатын «Қазақстан Халқына Жолдауының» мәтіндерінің маңызы зор. Аталған жолдауда саяси лидердің саяси манипуляциясын, ұстанған саясатын ғана емес, сонымен қатар тұлғалық қасиетін де тілдік ерекшеліктерін де байқай аламыз. Ұстанып отырған саясаты мен жасап отырған әрекеттерін, жоспарлап отырған стратегияларын қандай тілдік модельдер арқылы беруге тырысады – барлығын дәл осы жолдау мәтіндерінен аңғаруға болады. Саяси қайраткердің тілінің негізгі ерекшелігі – үміт пен сенімге толы болуында.

Көпшілікпен, аудиториямен жақын қатынаста отыру үшін мынандай тілдік бірліктерді қолданатындығын жиі аңғаруға болады: *Қымбатты қазақстандықтар! Құрметті депутаттар! Құрметті отандастар! Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз! Өз жұмыс орындарыңызда отырып, осы жұмысқа әрқайсысыңыз атсалысыңыздар. Немқұрайлылық танытпаңыздар. Елдің болашағын барша халықпен бірге жасаңыздар! Қадірлі халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!*

Мұндай стилистикалық мәндегі тілдік бірліктер, лепті құрылымдар мен экспрессивті сөздер Н.Назарбаевтың эмоционалдық сөйлеу ерекшелігін танытады әрі халықтың, тыңдаушының адресатына дәл жеткізуді, жұмылдыруды мақсат етеді.

Н.Назарбаевтың имидждік қабілетін аша түсетін тағы бір еңбектерінің бірі – афоризмдері. Саяси лидердің афоризмдері қоғамда кең қолданысқа ие әрі кез келген баяндама мен БАҚ беттерінде көп кездеседі. Н.Назарбаевтың бұл нақыл сөздері көптеген қолданыстарда тіректік қызметті, ой қорытудың іргетасы ретінде іске асырылады. Саяси басшының афоризм қолданыстары Елбасының абыройы мен танымалдылығын одан әрі асырып, имидж қалыптастыру мәнін арттыра түсетіндігі белгілі. Әрі ел Президентінің философиялық сөздері үлкен қоғамдық үрдіске, феноменге айналған.

Саяси қайраткердің афоризмдерінің тақырыптық топтамасын былай көрсетуге болады:

1. Отан хақында. *Отанды сүю – өркениеттіліктің бірінші белгісі.*

Отаншылдық рух бізге ауадай қажет.

2. Тәуелсіздік жайында. *Тәуелсіздік Туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек.*

3. Халық жайында. *Көп ұлтты ел болу – біздің байлығымыз, мақтаншымыз. Кез келген халыққа бәрінен бұрын асқақ рух керек. Қазқатың ұлттық рухы оның ерлігінде жатыр. Кез келген мемлекеттік қуаты – халқында. Біз – қашанда өткенге салауат айтып, жарқын болашақтан жақсы үміт күткен халықпыз.*

4. Ел бірлігі жайында. *Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ – тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық. Ел бірлігі – ең үлкен қасиет. Бірлік – біздің қасиетті туымыз.*

5. Нұрсұлтан қаласы жайында. *Жаңа Астана- Нұрсұлтан қаласы – ежелгі қазақ жерінің төрі. Нұрсұлтан қаласының келбеті – ұлт келбеті. Астанасына қарап елін таны.*

6. Экономикалық ұстанымдар. *Теңге – ел тұрақтылығы мен тәуелсіздігінің белгісі. Кәсіпкерлік – азаматтық қоғамның тірегі, тұрақтылықтың кепілі.*

7. Демократия, қоғамдық қатынас. *Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқандай міндеттерді шеше алмаймыз. Мемлекеттік идеологияның бізге керек аса қажет бір бұтағы, қомақты тармағы – халықты, ұрпақты патриотизмге отаншылдық рухқа елді, жерді сүюге, қорғауға жұмылдыру. Саясат безбеншісі – халық. Демократия – әлемнің өркениетті елдерінің таңдауы, яғни біздің де таңдауымыз. Парламент – саяси мәміле мектебі. Оппозиция – демократияның бір белгісі.*

8. Тіл жайында. *Ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады. Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.*

Елбасының тілдік қолданысында ұлттық құндылықтарды танытатын сөздерді өте көп кездестіруге болады. Сөзіміздің дәйегі ретінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» деп аталатын мақаласынан үзінді келтіруді жөн деп санадық. Мақала тұтастай қазақ халқының лингвомәдени бейнесін ашуға арналған. Мақала қорытындысында:

«Осыдан бір жарым жыл бұрын менің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақалам жарыққа шықты.

Жоғарыда аталған жобаларды «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде қарастырамын.

«Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және

болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы», дейді – [Ұлы Даланың жеті қыры / М. Асан // Егемен Қазақстан: Жалпыұлттық республикалық газет.- 2019.- №33(29512)].

Өзінің «Тәуелсіздік толғауында» әрбір адамның рухын асқақтатын, намысын қайрайтын сөздер мен тіркестер өте көп. Мысалы: «Ұлы тарих», «рухы биік», «еңсесі тік», «еңбегі ерен, әбірлігі мығым», «мәрт, асқақ», «ұлан ғайыр жер», «ұлы мұратты ел» т.б. Қаратпа ретінде айтылған сөздері: «Қадірлі халқым! Менің бата дарыған халқым» - деген сөздері кімді болса да елітері анық. Мәтіннің өн бойынаарқау болған «Тәуелсіздік» сөзінің мәнін тереңдете түсу үшін бірнеше синонимдік қатарды қолданады, мысалы: «Ұлы күн», «Ұмытылмас күн», «Ұлағатты күн», «Ардақты күн». Сондай-ақ, Елбасының тілдік қорындағы «Алтын параграф», «Кіндік уақыт» тіркестерін автордың жеке қолданысындағы сөздер деп пайымдауға болады.

Н.Назарбаевтың белгілі бір тілдік бірліктерді қолдану себебі тілдік бірліктердің, тілдік түйдектердің барлығы халықты рухтандыру, жайлы психологиялық жай-күйді туғызу қызметін атқарып отырған құрылымдар. Сөйлемдердің бұлай құрылу себебі белгілі бір ұғымға, берілу керек ақпаратқа акцент түсірудің, теманы актуалдаудың амалы. Н.Назарбаевтың сөйлеу тіліндегі ақпаратты жеткізудің тәсілі баяндауышы заттанған сөйлемдерден тұратынын байқадық. Ақпаратты нақты, тың, анық, айқын, дәл беру үшін мұндай құрылымның бірден әсер ететінін де байқауаса қиын емес. Бұл аталған тәсіл – Н.Назарбаевтың коммуникативтік тактикасы. Ал жоғарғы реңк пен бояуы басым тілде сөйлеу – тілдік-саяси стратегиясы десек болады

2.6 Инаугурациялық дискурстың қоғам өміріндегі рөлі

Инаугурация (лат.*inauguro* – арнаймын; ағылшынша *inauguration* – қызметке кірісу) – мемлекет басшысының мәртебелі лауазымды атқаруға кірісуін атап өтетін салтанатты рәсімі. Әр президент ұлықтау рәсіміне жаңа дәстүр қосуды жөн көреді. Осылайша, әр президент өз жаңалығымен тарих беттеріне мәңгі жазылып қалмақ.

Тарихтағы ұлықтау рәсіміндегі ең қысқа сөз Дордж Вашингтонға тиесілі. Америка Құрама Штаттарының алғашқы президентінің анты 135 сөзден тұрған. Ал Авраам Линкольн ұлықтау рәсіміне алғаш болып афроамерикандықтарды шақырса, Вудро Вильсон – бұл тізімге әйелдерді қосқан алғашқы көшбасшы.

Гарри Трумэннің ұлықтау рәсімі теледидарлардан көрсетілген алғашқы президент. Билл Клинтон болса, ұлықтау рәсімі тікелей эфирден көрсетілгенімен тарихта қалды.

Ал Францияда ұлықтау рәсімінде елдің бұрынғы және жаңа сайланған президенттері кездеседі. Бұрынғысы өз ізбасарына сөмке табыстап, сарайды босатады. Содан соң жаңа басшы мәңгілік алау жағып, бейтаныс жауынгердің мазарына гүл шоғын қояды. Франциядағы рәсімнің ерекшелігі – президент халқына ант бермейді.

Ал АҚШ президенті Дональд Трамп ант бергенде, әйелі Мелания Трамп Инжіл кітабына қолын қойып тұрған болатын.

Чехия заңы тіптен қатал. Жаңа мемлекет басшысы ант беру кезінде сөзінен жаңылса, рәсімді тоқтатып, сайлау нәтижесін дұрыс емес деп танып, қайта сайлау жүргізеді.

Ежелгі Рим империясында қайсыбір лауазым алған адамның қызметке кірісуі салтанатпен атап өтіліп тұрған. Монархтардың тәж кию сәттері де арнайы салтанатпен рәсімделген. Алайда қазіргі монархияларға тәж кию салтанатының орнына инаугурация келді (Ұлыбританияны санамағанда).

Елбасының (қағанның, ханның) жаңадан билікке келуін салтанатты түрде айғақтау дәстүрі қазақ халқында да болған. Әдетте хан сайлауға қатысқан игі жақсылар тандап алынған жаңа елбасын салтанатты түрде ақ киізбен көтеріп, таққа отырғызған. Қазақ елі тәуелсіздігінен айырылып, Ресей империясының отарына айналуына байланысты, бұл дәстүр жойылған болатын. КСРО кезінде мемлекет басшысының қызметке кірісуін салтанатпен ұлықтау дәстүрі болған жоқ. Шет елдерде, мысалы, демократия үлгісі іспетті АҚШ-тағы бүкілхалықтық сайлаудан кейін президент инаугурациясын өткізу дәстүрі біздің еліміздің және өзге де ТМД елдерінің өміріне 20 ғасырдың 90-жылдары енді.

Қазақстандағы алғашқы инаугурация 1991 жылы 1 желтоқсанда өткен жалпы халықтық сайлауда басым көпшілік дауыспен Н.Ә. Назарбаев ел Президенті болып сайланғаннан кейін өткізілді. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті егеменді елдің Туы астында, Конституцияға қолын қойып тұрып, Қазақстан халқына қалтқысыз қызмет көрсетуге салтанатты түрде ант берді. Инаугурация кезінде ұлттық дәстүр де пайдаланылды. Елбасы аяғы астына ақ киіз төселді, қарт ақын Шәкір Әбенев тұңғыш Президентке бата беріп, дәстүрлі ұлттық киім кигізді.

ҚР Президенті инаугурациясының қарсаңында ҚР Президенті лауазымына кірісудің рәсімдерінің тарихына тоқтала кетейік. Негізінде, бұл рәсім монархтардың тәж кию салтанатынан алынған. Қазақстанда Елбасының инаугурациясы – ҚР Президенті лауазымына ресми кірісу рәсімі.

Салтанатты рәсім барысында Нұрсұлтан Назарбаев оң қолын Конституцияға қойып, халыққа ант береді. Одан кейін Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Елбасыға Қазақстан Республикасы Президентінің куәлігін тапсырады. 1990 жылғы 24 сәуірде Қазақ КСР-нда Президент лауазымы енгізілді. Қазақ КСРО Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылдады. Осы күні Жоғарғы кеңес Нұрсұлтан Әбішұлын Президент қылып сайланған кезде, ол 1989 жылдың 22 мауысымынан бері Қазақстан КП ОК-нің бірінші хатшысы ретінде ел басқарып отырған. 1991 жылы 10 желтоқсанда Алматы қаласындағы Республика сарайында Нұрсұлтан Назарбаевтың алғашқы инаугурациясы өтті. Осы кезде электораттың 98,7% пайызы Елбасыға дауыс беріп, ол сайлауда жеңді.

1999 жылғы 10 қаңтарда өткен сайлаудан кейін 1999 жылы 21 қаңтарда Астанадағы Конгресс-Холлда инаугурацияның екінші рәсімі өтті. Сайлаушылардың 80% пайызы өз даусын Нұрсұлтан Әбішұлын берген еді.

Үшінші инаугурация 2006 жылдың 11 қаңтарында Ақорда сарайында болып өтті. 2005 жылғы 4 желтоқсанындағы Президенттік сайлаудың нәтижелері бойынша Елбасы 91,15% дауыс жинады. 2011 жылдың 8 сәуірінде Тәуелсіздік сарайында төртінші инаугурация өтті. 2011 жылғы 3 сәуірдегі Президенттік сайлауда Нұрсұлтан Назарбаев 95,55% дауыс жинады.

Қазақ халқының тарихында елеулі оқиғалардың бірі – Тоқаев Қасымжомарт Кемелұлының президент болып сайлануы.

Ұлықтау рәсіміне Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттары, Үкімет мүшелері, Жоғарғы сот судьялары, Конституциялық Кеңестің мүшелері, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңесінің өкілдері, орталық мемлекеттік басқару органдарының басшылары, Орталық сайлау комиссиясы мен Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшелері, діни конфессия өкілдері, облыстар мен Нұрсұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, Қазақстандағы дипломатиялық өкілдіктердің басшылары, президенттікке үміткер болғандар, «Nur Otan» партиясының басшылығы, Республикалық және аймақтық қоғамдық штабтардың мүшелері, қоғамдық ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, іскер топтар өкілдері, көрнекті ғалымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері, жастар ұйымдарының көшбасшылары қатысты. Рәсімге барлығы 2500 адам қатынасты.

Саяси дискурсқа лингво-танымдық талдау жасайтын ресейлік М.Н. Гаврилова президенттік дискурсты күрделі және көп өлшемді тілдік білім ретінде анықтайды, онда әр түрлі жанрдағы тілдік құрылымдардың оларға тән тарихи өзгергіштікке, мәдени-ұлттық шарттылыққа және жеке артықшылықтарға байланысты өзара іс-қимыл процесі байқалады. Қазіргі уақытта президенттік дискурстың зерттелуі танымал болып келеді. Президент дискурсын талдап, сипаттамалар берілген дайын жұмыстар бар [105]. А.П. Чудинов пен Е.В. Будаев президенттік дискурс құндылықтарын, аудиторияға ықпалын анықтайтын тілдік құралдар туралы бірлескен еңбек жазды [106]. Сондай-ақ, осы салада О.В.Спиридовскийдің президенттік дискурстың түрлі жанрлардағы риторикалық ерекшеліктері зерттелген диссертациясын [107], орыс және американдық дискурста метафоралық модельдерді салыстырмалы түрде зерттеумен айналысқан А.А.Каслованың еңбектерін [108]; А.М.Стрельниковтың Ресей мен АҚШ президенттерінің дискурсындағы метафоралар түрлері мен пайдаланудың жиілігін салыстырмалы зерттеуін [109]; президенттік дискурсты институционалдық дискурстың бір түрі ретінде қарастырған А.В.Худяковтың зерттеу жұмысын [110] және басқа да тілші ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Президенттік дискурсты зерттеудің екі тәсілі бар: саяси жетекшінің идеологиялық стилін, оның сөйлеу тактикасын, ақпарат пен бағалауды білдіру құралы, шығармашылық құралдар; президенттік идеялық стилдің нақты

аспектілерін, оның сөйлеу белсенділігін және бүкіл халықтың санасында бейнені құруды. Президенттік биліктің институты тұтастай ел мен қоғамның қалыпты қызметі үшін маңызды. Президенттің жеке басы бүкіл мемлекеттің нышаны болып табылады, оның үстіне президент шетелде ел келбеті болып табылады. Президенттің күші әртүрлі қоғамдық конференцияларда, сөз сөйлеулерде, кездесулерде, сондай-ақ әртүрлі қаулыларда, халыққа үндеуде жүзеге асырылады. Ол ел мен бүкіл халықтың тағдырын және болашағын анықтай алады. Біздің жұмысымызда дискурс В.И. Карасиктың жіктелуі негізі ретінде қарастырылады, сондықтан біз президенттік дискурсты институционалдық дискурс ретінде қарастырамыз. Президенттік дискурс саяси билікті жаулап алуды, сақтауды және жүзеге асыруды көздейді. Президенттің сөйлеген сөзіне президенттің өзі ғана емес, президенттік «команда» да, президенттің имиджіне қатысқан адамдар, тығыз қарым-қатынас жасатын адамдар, БАҚ, сайлаушылар, сондай-ақ саяси қарсыластар мен одақтастар қатысады. Негізінен президенттің жеке басы жасырылған, бәрі саяси билік арқылы жүзеге асырылатын «әмір» ұсынысы бойынша жүреді. Бұқаралық ақпарат құралдары белгілі бір трансформатор рөлін атқарады: түсіндіруді, бағалауды және сөйлеуді әртүрлі контекстте қарайды. Президенттік дискурстың қорытынды қатысушысы – электорат редакцияланған нысанда ақпаратты ала алады. Осыған сүйене отырып, президенттік дискурс деп қалыптасқан президенттің өзіндік институтын айтуға болады. Институционалдық дискурстың жеке ерекшелігі бар – бұл сөз тіркестерінің күллілігі және қарым-қатынастың реттелуі. Осы немесе басқа Президенттің сөйлейтін қызметі көбінесе түрлі іс-шараларда, конференцияларда және бейресми кездесулерде көрінеді. Осындай іс шаралар үшін президент жауаптарды алдын-ала дайындай алмайды, ол өзі үшін тән болатын сөйлеу бұрылыстарын қолдана отырып, өз сөздерін өзі жасайды. Президенттің жеке басы президенттік дискурсқа үлкен әсер етеді.

Саяси дискурстың бұл түрі тұтастай саяси дискурсқа, сондай-ақ оның сипаттамаларына қатысты бірқатар сипаттамаларға ие. Олардың ішінде – бұқаралық ақпарат құралдары маңызды. Бұл президенттік институт пен БАҚ пайда болуынан туындайды. Президенттің айтқан сөздері адамдарға баспасөзде, интернетте және теледидардағы басылымдар арқылы жеткізіледі. Басқа бірдей маңызды ерекшелігі – интертекстік. Д. Коварт бұл құбылысты мәтіндік симбиоз деп атады [111,р. 105]. Басқаша айтқанда, кез келген жаңа мәтін әлдеқашан жасалған мәтінге әсер етіп, адресатқа өз ойларына қайта оралуға мәжбүрлеп, қазірдің өзінде танымал және жаңа мәндерді анықтауға көмектеседі. Осылайша, «ескі» және «жаңа» мәтіндер бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл қосылулар анық, жасырын, нәзік болуы мүмкін. Бірақ мұндай байланыстардың болуы мәтіндерді құруға және түсінуге мүмкіндік береді. Президент тағайындайтын және нақты ережелерге ие болған президенттердің айтқан мысалы, осы ерекшелікті керемет түрде суреттейді. Президенттік дискурс – бұл қоғамның, адамның, табиғаттың және артефакттардың көздері болып табылады. Ол сондай-ақ басымдықты мәдени ұлттық дәстүрдің,

оқиғалардың, мифологияның, өнер және әдебиет ескерткіштерінің көрініс беру процесі ретінде анықтайды. Өздеріңіз білетіндей, мемлекет басшысы тұтастай саяси пікірге ықпал ете алатын адамдардың өкілі болып табылады. Президенттік дискурс – бұл тарихи өзгерістерге ұшырайтын және мәдени және ұлттық тұрғыда жеке ерекшеліктерге ие белгілі бір президенттердің сөйлеген сөздерінің күрделі жиынтығы. Институционалдық дискурстың бұл түрі бірқатар тән параметрлерге ие: 1) президенттің сөйлеуінің ресми стилі; 2) өз сөзінде президент мәртебелік рөлді белгілейді; 3) сөйлеу саяси әрекетке қатысты; 4) дискурс коммуникациялық функцияларды, қоғамдық пікірді, нормативтік-құқықтық және когнитивті әсер етуді жүзеге асырады; 5) Бұдан басқа, сөйлеу коммуникацияның нысанын білдіреді; 6) салдарынан сөйлеу мен жазудың өзара байланысы қажет; 7) президенттің жолдауы әдетте мұқият дайындалған; 8) президенттің мәтіні бұқаралық ақпарат құралдарына беріледі; 9) сөз сөйлегенде белгілі бір ремаға сүйенеді. 10) сөйлеу актісіндегі негізгі қатысушы ретінде президент кең мүмкіндіктерге ие. Президенттің сөз сөйлеу формасы мен мазмұнымен ерекшеленеді. Егер пішін туралы айтатын болсақ, ол ауызша болуы мүмкін, яғни көбінесе бұл мазмұнның қатаң түрде құрылымдалған және ұйымдастырылған, өздігінен жүретін және қайтымсыз және жазылған, және нақты жоспар бар. Мазмұн туралы сөйлескенде, олар жағдайға және кітаптың стиліне байланысты ресми тілді ажыратады. Сөйлесу, кітап мәтінінен айырмашылығы, адресатқа сөйлеу әсерін арттырады.

Президенттік дискурстың жанрлық ерекшеліктері бар. Президенттік дискурс, кез келген дискурс сияқты, қоғам мен ел өміріндегі, сондай-ақ мемлекет басшысының саяси мүдделерінде орын алатын бүкіл саяси үдерістегі өзгерістерді көрсететін өз жанрларына ие. Қазіргі президенттік жүйе 18 ғасырдың соңында батыста пайда болды. Ол президенттік дискурстың жанрлық қалыптасуына әсер етті. ХХІ ғасырдың басталуымен президенттің дискурсында жаңа басылымдар: баспасөз конференциялары немесе интернеттегі онлайн сұхбаттар, жыл сайынғы конференциялар, еліміздің түрлі өңірлерімен тікелей байланыс, президент мемлекеттік кеңестің отырыстарында сөйлеген сөздері, президенттің сөйлеген сөздері артып келеді. ХХІ ғасырдың басында президенттік дискурстың мұндай жанрлары әңгіме, сөз сөйлеу, сөйлеу, сұхбаттасу, әртүрлі мәлімдемелер, халыққа үндеу, БАҚ сұрақтарына жауаптар, пресс-конференциялар, құттықтау сөздер, мақалалар. Ресейде саяси пікірталаста тек елдің президенті ғана пайдаланатын жанрлар бар, мысалы: президент қана соғыс жариялай алады, қоштасу сөзін айтады, федералды ассамблеяға жүгінеді, президенттің антын қабылдайды. Президенттік дискурстың жанрлары көлемі мен оқиғалар компоненті бойынша бөлінеді. Томдармен анықталатын жанрлар, өз кезегінде, кішігірім бөліктерге бөлінуі мүмкін: конференциялардың немесе келіссөздердің басталуында сөз сөйлеу, құттықтау, телефонмен сөйлесу; орта: әртүрлі сөйлеген сөздер, адамдарға үндеу, журналистермен, мақалалармен, пресс-конференциялармен әңгімелесу немесе сұхбат; басты: тікелей желі, жыл сайынғы сұхбат және конференциялар, онда президент сөйлеседі және көптеген журналистерге сұрақтарға жауап

береді, хаттар. Президент сөз сөйлеу құрылымын икемді түрде құрастырады, өйткені сөздің кейбір құрылымдық компоненттері (мысалы, құттықтау) бекітілген және пайдалану үшін міндетті болып табылады. Басқа құрылымдық компоненттердің болуы, мысалы, елдер арасындағы қарым-қатынас деңгейін атап өту міндетті емес. Өз сөзін айқындау үшін президент өз сөзінде риториканы қолдануы керек: метафоралар, сөйлеу фигуралары (көпсалалы, синтаксистік параллелизм, бірлестік, риторикалық сұрақ, эллипс, қайталау). Дискурс айқын құрылымдалған: 1) сәлемдесу; 2) шағымдануға; 3) мақсаттар енгізілген кіріспе бөлім, елдегі оқиғалар синтезі жүреді, жыл ішінде қол жеткізілген нәтижелер бағаланады; 4) елдегі және әлемдік деңгейдегі Ресей істерінің жай-күйін, Ресейдің алдында тұрған проблемаларды, мақсаттарды қою және проблемаларды шешу мәселелерін қамтитын негізгі бөлігі; 5) соңғы бөлік; 6) назар аударғаны үшін рахмет [112].

Президенттік дискурс көбінесе теріс қабылдаудың логикалық мазмұнының (терроризм, қауіп, экономикалық және әлеуметтік проблемалар) қақтығысына және бүкіл дискурстың оң мәнін қабылдауға негізделген. Бұл президенттер үшін мәселелерден қашу емес, оларды шешу жолдарын қарастыруымен сипатталады.

Президенттік дискурста кеңінен қолданылатын әдіс-тәсілдердің бірі – естеліктердің көмегімен риторикалық жағдай туғызу, мысалы, көрген фильм немесе басқа эпизодтар туралы айту. Бұл жағдайда президент өзінің басынан кешкендері туралы емес, көрген немесе естігендері туралы баяндайды және осылайша көпшілікті өз сөзін одан әрі қабылдауға дайындайды.

Президенттің сөйлеген сөзі мақсатына, тақырыбына, өтетін орнына байланысты мазмұны әр түрлі болып келеді. Президенттер әр түрлі жағдайларда, Яғни қуаныш пен қайғыда немесе жеткен жетістіктерге мақтаньш сезімін білдіріп, жоғалтқан қайғыға ортақтасу керек. Президент кез келген маңызды оқиғаға байланысты көпшілік алдында сөйлеуі керек. Қазіргі таңда президенттік басқару риторикалық сипатқа ие бола бастады.

Президенттің көпшілік алдында сөйлеген сөзін жалпы халыққа тартуы ретінде қарастыруға болады. Президент өзінің сөйлеу мақсатына байланысты нұсқау береді: олар ұсынады, жариялайды, атап өтеді, құттықтайды, төрағалық етеді, сендіреді, ақпараттандырады. Әрбір жаңа әлеуметтік рөл президентке жаңа міндеттерді, жаңа жауапкершілікті жүктейді.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Тіл қызметі – басқа қызмет түрлеріне сіңіскен мәтін қызметі. Мәтін – қарым-қатынастың негізгі бірлігі. Адамдар жекелеген сөздермен, сөйлемдермен емес, мәтіндермен қарым-қатынас жасайды. «Мәтін» ұғымы ертеден болғанымен, терминологиялық ұғымда бертінде қолданыла бастады.

Мәтіннің коммуникация актісімен шендесуі, оның сөйлеу тудырушы сипаты, мәтіндік қызметтің функционалды қызметі мәтіннің сөйлеу және тек сөйлеу құбылысы екеніне сендіреді.

Коммуникативтік лингвистика мен әлеуметтік зерттеулерде дискурстың орны ерекше және дискурс өзекті мәселелердің бірі болып табылады. «Дискурс» терминіне берілген анықтамалар көптігі оны зерттеудің түрлі бағыттарымен – формалдық, функционалдық, жағдаяттық (ситуативный) және когнитивтік бағыттардың болуымен байланысты.

Шаршытопта сөйлеудің ерекшелігі – ол сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынасқа тән сипаттамаларды бұқаралық ақпарат құралдарына тән қасиеттермен біріктіреді. Бұл спикердің және адресаттың өзара әрекеттесу сипатында және сөйлеушінің сөйлеу тактикасында көрініс табады.

Сөз тактикасы, сөз стратегиясындағы амал-тәсілдердің орындалуын жүзеге асырады. Сөз тактикасы бағалау, ұнатпау, қуану, ренжу т.б. модальдық реңктерден тұрады. Мысалы, міндетіне алған нәрседен бас тарту стратегиясы қолынан келмейтіні, уақыт жоқтығы, тура жауаптан жалтару, кейінгі сілтеу, міндеттен бас тартатынан тікелей айту т.б.

Кооперативті стратегияда фатикалық қатынас ерекше орын алады. Байланыс жасауға тілдік, қарым-қатынас жасауға деген коммуникативтік мүдделілік коммуниканттардың бір-біріне деген назарын күшейтеді. Сөз тақырыбына, арқауына қызығушылық туғызады. Коммуниканттың назарын өзіне қарату мен сөзге тарту алдымен фатикалық қатынас арқылы жүзеге асып, әңгімеге қолайлы атмосфера қалыптасады.

Түрлі зерттеулерге сүйене отырып, стратегияның төмендегі түрлерін көрсетуге болады:

Шешендік өнердің тарихы тереңде, таралу түрі әрқалай. Оны танымдық қызметі жағынан ғалымдар – пікірталас, ойжарыс, тойтарыс, ұнқатыс деп, идеялық жағынан – сырласу, сұхбаттасу, рухани ілгерілеу деп, әлеуметтік-құндылық жағынан – шешім табыс, қадым алыс, тұлғамен табысу деген кезеңдерге жіктеп қарастырылады.

Көпшілік алдына шығарда сөйленетін сөздің тақырыбын, мақсатын айқындап алып, сөйленетін сөздің кіріспесін, негізгі бөлімін, қорытындысын түзу – шешенді табысқа жеткізетін талаптар.

Монолог пен диалогтың түрлері бұрынғы шешендікте кеңінен орын алды. Қазіргі шешендікте бұлардың қолданылатын орындары мен түрлері көбейді. Монолог баяндама, мақала, саяси шолу сияқты түрлерімен толықса, диалог адамдардың белгілі бір топтарының арасында болатын ойбөліс, пікіралмасу, ойталқы, айтыс, пікірталастың түрлерімен кеңейді.

Шешендік өнерді зерттеп, қарастырған ғалым Г. З. Апресян қазіргі шешендікті мазмұнына қарай бес топқа бөледі. Олар мыналар:

1. Әлеуметтік-саяси мәндегі шешендік;
2. Академиялық шешендік;
3. Сотта айтылатын шешендік;
4. Әлеуметтік тұрмыста қолданылатын шешендік;
5. Діни қызметте қолданылатын шешендік.

Қазіргі таңда саяси сипаттағы мәтіндерді зерттеу шеңбері кеңейіп, өзінің түрлі бағыты белгіленген ғылым саласы болып табылады. Түрліше зерттеліп жүрген бұл саланың маңызды бөлшегін саяси тұлғалардың тілдік қолданыстары мен іс-әрекеттері құрайды.

Н.Ә.Назарбаевтың әлемдік имидж қалыптастыруда ұлттық мүддені бірінші орынға қоя білуі – негізгі ерекшелігі деп тануға болады. Ол әлемдік тұлға ретінде мемлекеттің мүддесін танытады, ішкі жағдайлар мен үдерістерді көрсетеді.

Н.Назарбаевтың белгілі бір тілдік бірліктерді қолдану себебі тілдік бірліктердің, тілдік түйдектердің барлығы халықты рухтандыру, жайлы психологиялық жай-күйді туғызу қызметін атқарып отырған құрылымдар. Сөйлемдердің бұлай құрылу себебі белгілі бір ұғымға, берілу керек ақпаратқа акцент түсірудің, теманы актуалдаудың амалы.

3 ҚАЗІРГІ ШАРШЫСӨЗ ДИСКУРСЫНЫҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ, СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ПРОСОДИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

3.1 Шешен имиджі және стилі

Әр заманда шешендер саны, шешендік өнер динамикасы және шешендік өнер туралы түсініктер әрқалай өрбіген. Ежелгі шешендік ел басқарудың айнасындай, адамның өзін ұстаудың айғағындай көрінеді. Адамдықтың өтімді құралы ретінде танылған.

Тарихи мәліметтерге қарағанда, сонау көне дәуірдегі үйсін қауымдастығында ел басқарып абырой-атағын арттырғандарды «гунь го», «гунь ми», яғни «күнбиі» деп марапаттаған. «Күнбиі» өзінің қабілет-қасиетімен өзгеден бөлек, биік, әрі беделін жүргізе білген қайраттылар, қолбасшылар болған. Олар елін мекенге топтастырумен, мекенде тұрақтандырумен көзге түскен, көптің көңілінен шыққан. Беделдінің айтқаны алғыс та, қарғыс та біржақты болған.

Ғалым Н. Төреқұлов «Даланың дара ділмарлары» еңбегінде 100-ден астам шешендердің аты-жөні мен еңбектерін тізіп әйгілеп берді [113,б. 135]. Мақсаты ортақ, тілегі бір асылдардың саны мұнымен шектелмейтіні хақ. Шешендердің өсу эволюциясын тарихи кезеңмен сараптасақ, онда бұл еңбекке шешендердің б.д.д. – үшеуі, XII-XIII ғғ. – екеуі, XIV-XV ғғ. – алтауы, XVI-XVII ғғ. – алтауы, XVII ғ. екінші жартысы мен XVIII ғ. бірінші жартысына – жиырма алтысы, XVIII ғ. екінші жартысы мен XVIII ғ. бірінші жартысына – қырық жетісі, XIX екінші жартысынан - XX ғ. бірінші жартысы – он бірі енген екен [114,б. 131].

Халқымызда шешендер қаншама көп болмасын, олардың, біріншіден, орны сыйлы, қоғамдағы әлеуметтік рөлі жоғары бағаланған; екіншіден, қазақ елдігін қалыптастырған сайын олардың саны да, қызметі де артып отырған; үшіншіден, қызметі шектеулі емес. Ол:

- өз мәртебесін сырт келбетімен, жан дүниесімен, отбасындағы мінез-құлқымен, әлеуметтік рөлімен көрсетеді немесе көтермелейді;
- адамның дүниедегі орнын, дүниенің адамға тигізер ықпалын өзі арқылы ажырата, айқындай білетін сезімтал, сергек жан;
- тұтас дүниеде адамның өзін тануды жоғары құндылық деп есептейтін, сол бағдарынан ауытқи бермейтін қайсарлы да, өнерлі;
- ақиқатты тануға қабілетті, ақылы мен арын соған жұмылдыратын білгір, сол үшін адалдығын зерделі тазалық деп ұғатын азамат;
- өз пиғылы мен ниетін ұлағатты да ізгілікті іске жұмылдырудан тайынбайтын жайсаң және тәжірибелі ел перзенті. Шешен алдымен соған талпынатын талапкер.

Қазақ тілінің бір томдық үлкен түсіндірме сөздігінде: «Шешен: 1. Сөзге ағып тұрған, қызыл тілді, тілге жүйрік адам. 2. <лат. orator>Шаршы топ алдында тапқырлық танытып, нанымды шебер сөйлеуші адам. 3. э т н. Би, ділмар. // Домбыраға қатысты әуезді деген мағынада», – деп көрсетеді [115,б. 1408].

Ал «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» мынандай түсіндірме берілген: «Шечан (сәсән) сөзі қырғыз, қарақалпақ, өзбек, башқұрт тілдерінде де қазақ тіліндегідей мағынада қолданылады. Түркі тілдерінің бұл тобында шешен сөзінен туындаған *шешенсу*, *шешенсіну* сөздері кездеседі. Өзбек тілінде чечан сөзінің «неге болса да ұста, шебер», тува тілінде (*чечен*) «әдемі көркем» деген қосымша мағыналары бар. Моңғол, бурят-моңғол, қалмақ тілдерінде *кәкән*, *сәсә(н)*, *цэцэ* сөзінің данышпан «данышпан, ақылгөй, дана, тапқыр» деген мағыналармен қатар «мерген», дәл тигізетін, дәл басатын» деген мағынасы бар. Чечен (*сасан*) сөзінің бұл мағыналары алтай, якут, тува тілдерінде де кездеседі [116,б. 222].

Сонымен мамандардың тоқтамы айқын: *Шешен сөзі* – шеш (*чеч*, *сәс*, *цэс*, *цэц*) түбірі мен қосымшасынан тұратын *түркі-моңғол тілдеріне ортақ сөз*. Шешен сөзінің халықаралық баламасын *оратор* дейді. «Оратор» латынның «*очаче*» – «айту», «сөйлеу» деген сөзінен шыққан. В. Дальдің сөздігінде мынандай қосымша түсіндірмелер берілген: *оратор* – *вития* (ділмар), *краснослов* (қызыл сөз), *речистый человек* (сөзшең адам), *мастер говорить* (сөйлеудің шебері).

Қазіргі орыс тілінде шешен сөзі көп мағынада қолданылады: шешендік өнермен айналысатын адам; көпшілік алдында сөйлейтін адам; қызыл тілді меңгерген, тауып сөйлеуге қабілетті адам. Ол еңбекқорлығымен, естілігімен, еріктілігімен көбірек білді, тереңірек көрді, нәзік сезінді, жиірек ойланып-толғанды. Сонымен *шешен дегеніміз ой-санасымен белсенді, мінез-құлқымен төзімді, өмірлік пайымы мол, әсерлі, әдемі, бейнелі көркем тілімен оқырмандарының бойын билеп әкetterлік әсер ететін, тыңдарманды бір нәрсеге сендіріп, бір нәрсеге ұмтылдыратын, ойлы сөзге тапқыр, талпынысқа ынта-ықыласы басым тұлға*. Шешен өз тоқтамын – әрекет тәсіліне, тәсілді жеке басының өмірлік тәжірибесіне айналдыра алатын іздемпаз, іркілмейтін кісі.

Шешен шебер сөйлеумен ғана емес, әсерлі, мәнерлі жеткізе білу қабілетімен де ерекшеленуі керек. Баяндамасын немесе басқа да сөйлер сөзін басынан аяғына дейін мықтап дайындаумен қатар, мінбеде өзін-өзі еркін, мәдениетті ұстауға тиіс, ашық та айқын даусы, ым-ишараты, сәнді қимыл – қозғалысы, аудиториясың ішкі атмосферасын қадағалайтын қырағы көзі, өз ерік-жігеріне бағындыратын қасиеті болса, тыңдаушыларын жалықтыруы мүмкін емес.

Шешен бейнесі жеке тұлғалық ерекшеліктермен шектелмейді. Ол ел-жұрттың өмір-салтынан, замана талабы секілді көптеген факторлардың ықпалдардың нәтижесінде қалыптасатыны айқын. Әр заманда шешендердің өз келбет-кейпі, бейнесі жасалғаны шындық.

Шешен болмысы, қызметтің қос түрінен – іс-әрекет жиынтығы мен қимыл-істің жиынтығынан құралады. Қасиет жүйесі – бейнені, іс-әрекет жүйесі – белсенділікті құрайды. Бәрін қосқанда шешен келбеті қалыптасады. Ол дегеніміз:

- ақыл еркіндігінің иесі, өзіндегі күйді қорғай алатын және оны оқиғаға айналдыратын қайырымды кісі, өмірдегі түсінікті, татулықты және тәртіпті, үйлестік пен бітімді бетке ұстаған белсенді, байсалды жан;

- адам бойы мен ойындағы жасампаз күшті қолданушының, адал ниетті адамның тұлғалық бейнесі және дінгегі;

- жаңа мәліметті, әдепті мінез-құлықты қабылдайтын қасиетімен бітімгер және тәжірибелі қабілетімен өнегелі;

- жаны жайсаң, көңілі ақ, пейілі кең қайырымды қасиетімен бітімгер және тәжірибелі қабілетімен өнегелі [114,б. 146].

Шешеннің беделі шешендік өнерінде, адамдық жаңғыртар қабілетінде. Ол адамдық қабілетімен құнды. Шешен адамдық қабілет-қасиетті жағымды нәтиже енгізумен абыройлы.

Жаңа заман шешеннің жаңа бейнесін жасады, шешендікке тың талаптар қойды. Шешеннің адамдық қасиеті өткір де өтімді, бекем де жоғары өлшеммен бағаланды. Шешендік – ойланудың келбетін келтірген және қоштаған, қабілеттің қисынын іріктеген және қадағаланған, ойлану қисынына ережені ендірген өнерге айналды. Шешендік ендігі ойды парасаттау, парасатты қисындау, қисынның құндылығын айқындау және әспеттеу ретінде қабылданды. Танымдық қабілет пен ойлану қисынының тоғысында шешендік дәстүрі мен шешендік шеберлігі әрқалай қарқындады.

Шешенде көсемдік, әділдік, адалдық, имандылық қасиет болса тереңнен толғап, құштарлықпен сөйлесе, қандай аудиторияны болса да жетектеп әкетеді. Өңменіңе қанжардай қадалған көп көз шешенді сескендірмей қоймайды [85,б. 37].

Шешендікте тілдік құралдарға жасалатын талдау лингвистикалық, грамматикалық, стилистикалық талдаулардан өзгешерек. Лингвистикалық талдау мәтінде қолданған сөздердің тізімін қарастырады, топ-топқа бөліп сипаттайды, грамматикалық жүйеге түсіреді. Лингвистикалық тілдік құралдарды сипаттағанда стилистикамен бірігеді, яғни сөздерді қолданысы тұрғысы жағынан жалпыхалықтық, диалектілік, кәсіби, т.б. сөздер деп топтайды. Сөйтіп, стилистикалық белгісі жағынан сөздерді талдап, тіл тазалығы туралы ойлайды. Міне, осы жерде лингвистика стилистикамен жақындасады.

Авторлық сөз қолданыстарды талдау кезінде лингвистика автор қолданған сөздердің сөздігін жасайды. Сөздікте автор қолданған көркемдегіш тілдік құралдарды қарастырады. Осы жағынан лингвистика шешендікке жақындайды.

Жаңа зерттеу аспектілерін құрайтын соны ізденістер қатарында стилистика ғылымын прагматикалық тұрғыдан қарастырудың қажеттілігі, маңыздылығы айрықша. Бұл бағытта зерттеген ғалым Д.Әлкебаева: «...прагматиканың «іс-әрекеті мен бітім, болмысын» айтушы мен тыңдаушының қарым-қатынасы арқылы тану стилистиканың жаңа бағытының пайда болуына негіз бола алады. Кез келген айтылым адресаттарға (қабылдаушыларға) ақпарат берумен қатар, оның қабылдауына ықпал ететін тілдік бірліктерді таңдайды және оның реакциясын тудырады. Прагматика адамның белгілі жағдайда

қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын қоса қарастырады. Адресант пен адресат арасындағы қарым-қатынас аясындағы тілдік бірліктердің ықпал ету және әсер ету мақсатынан пайда болған туынды мәтін прагмастистика деп аталады», - дей келіп, стилистиканың жаңа бағытын сипаттай отырып, өзіндік қорытынды, тұжырымдар жасайды [117,б. 41].

Ал стилистика шешендікке қай жағынан көмектеседі десек, біріншіден, шешендік сөздің стильге қатысты толықтық, қысқалық, тазалық тәрізді талаптарын көрсетеді. Шешендік сөздің толықтығы дегеніміз – ойдың толық қамтылып, баяндалуы, ал қысқалығы дегеніміз – ойдың мейлінше үнемделіп берілуі, тазалығы дегеніміз – басы артық сөздің қатыстырылмауы. Екіншіден, стилистика мәтінді стильдің түрлеріне қарай шешен баяндама, шешен тілді мақала, шешен әңгіме, т.б. деп жіктейді: ғылыми, ауызекі, публицистикалық, т.б. шешендік сөздерді әсерлілігіне қарай рационалды стиль, романтикалық стиль, орта стиль деп айырады. Рационалды стильді – төменгі, романтикалық стильді жоғарғы стиль деп те атайды. Рационалды стиль дегеніміз – ойдың қатаң тәртіппен, байыпты талдаумен, эмоционалды-экспрессивті сөздерсіз «салқын қандылықпен» ұсынылуы; ал романтикалық стиль дегеніміз – тыңдаушылардың сезіміне, көңіл-күйіне әсер ететін көркемдеуіш құралдардың, эмоционалды-экспрессивті сөздердің молырақ жұмсалуды; орта стиль дегеніміз – жоғарыдағы екі стильдің де элементтерінің қолданылуы. Осылайша, шешендік тілдік құралдарды зерделегенде лингвистика мен стилистика жетістіктерін пайдаланады. «Шешендік пен лингвистиканы кез келген сөйлеудің түсінікті болуын қадағалау міндеті біріктіреді, ал стилистиканы шешендік пен авторлық даралыққа ұмтылу мақсаты біріктіреді. Шешендік лингвистика мен стилистика жетістіктеріне сүйеніп, ол өзіндік мақсатына қарай тілдік элементтерді грамматикалық мағыналардан тыс қызметте де жұмсай алады» [64,б. 289]. Мысалы, сөйлемнің айтылу сазына қарай бөлінетін түрлерін өз мағынасында жұмсаумен қатар, сұраулы сөйлемді сұрау мағынасынан бөлек риторикалық сұрақ түрінде көркемдегіш тәсіл ретінде пайдаланады. Сол сияқты шылауларды да өзінің қызметінен (септеулік, жалғаулық) басқа, бір нәрсеге ұқсату, теңеу қызметінде (гүл тәрізді, теңіз сияқты, т.б. түрінде) қолдана алады. Немесе сөз тіркестерін заңды грамматикалық байланысында жұмсап қана қоймайды (мысалы, анықтауыш), даралық қолданысқа түсіріп, арнаулы мақсатта (эпитет) жұмсайды. Сондықтан шешендік талдауда жалпы лингвистикаға, жалпы стилистикаға тән категорияларды түгендемей-ақ, авторлық қолданысқа тән ерекшеліктерді талдау қажет.

Шешендік сөз тыңдаушылардың санасына да, сезіміне де әсер етуді көздейді. Эмоционалдылық – шаршы топ алдында сөйленер сөздің рационалды мазмұнын қабылдауға және меңгеруге көмектесетін аса табиғи, сонымен бірге өте қажетті сапалық белгі. Ғалымдардың анықтауынша, сөздің эмоциональдылығы ойлау, назар аударту механизмдеріне жағымды әсер етеді. Кейде бұл коммуникативтік сапаны «сөз бейнелігі» немесе «мәнерлігі» деп те атайды.

Сөйленер сөздің эмоционалды, мәнерлі болуы шешеннің аудиторияға беруге ұмтылған сезімді өзінің де сезіне білуіне бірден-бір байланысты. М.М.Сперанский «Правилах высшего красноречия» еңбегінде осы заңдылықты былайша түйіндейді: *«Основание красноречия... суть страсти. Сильное чувствование и живое воображение для оратора необходимо совершенно... Оратор должен быть сам пронзен страстью, когда хочет родить ее в слушателя»* [118,с. 81-85].

Шешен өзінің стилін, имиджін қалыптастыру үшін мынадай машықтық кеңестерді ескерген жөн. Мәселен, сөйлеу мәдениетін көтеру үшін аса қажетті дағдылар мыналар:

- әдеби тіл стильдерін таразылай отырып, өз бетінше оқу шеңберін ұлғайту;
- атақты актерлер мен дүлдүл шешендерді жиі әрі мұқият тыңдау, еліктеу;
- өзінді үнемі бақылауда ұстау, күнделікті сөйлеу стилін қадағалау;
- шаршы топ алдына шығып сөз сөйлеуге көбірек машықтану, ол үшін сөз сөйлеу мәтінін күні бұрын жазып әзірлеп, мұқият редакциялау керек;
- сөйлеу мәдениетіне мәселесіне байланысты арнайы әдебиеттерді оқу, үнемі қазақ тілінің сөздіктерімен санасып отыру.

Шешендік сөзде ескерілетін тағы бір жайт, шешеннің сөйлеу техникасы. Сөз сөйлеу үдерісінде аудиторияға әсер ету барысында шешен лингвистикалық, паралингвистикалық және кинетикалық құралдардың тұтас кешеніне жүгінеді. Сөзсіз, қай уақытта да ең бастысы сөз болып қала береді. Сөз арқылы түйінделген ой қаншалықты маңызды болса да, ол тыңдаушыларға тек шешеннің сөздерді нақты да түсінікті, айтуы арқылы ғана әсер ете алады. Сөйлеу техникасының басты мақсаты – барлық сапалық белгісі мен мүмкіндіктерінің жиынтығы негізінде шешенді өз дауысын менгере білуге үйрету.

Дауыс – адамның аса маңызды белгілерінің бірі. Кез келген адам өз дауысын жұмсақ, қаттырақ және түрлі құбылмалы қалыпқа келтіре алады. Бірсарындылық, тұншыға, қамыға сөйлеушілік, мінгірлеушілік, жекелеген дыбыстарды жұтып қоюшылық және артикуляцияның анық болмауы ең жақсы сөзді бүлдіруге, шешеннің беделіне нұқсан келтіруге бейім.

Сөйлеу техникасының құрамды бөліктері – бұл дыбыстық қойылымы, сөйлеу сәтіндегі дауыстың, диуциясының, орфоэпиясының дұрыс қойылымы. Сөйлеу техникасының мәні дыбыстау, нормаларын сақтауда артикуляция, дыбыс, тыныс бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Дауыс және тыныс алу барысы бойынша жұмыс үстінде сөйлеу саздылығы мен толықтылығының психологиялық алғышарттары барлығын есте ұстау жөн. Бұлар – шешеннің өзіне сенімділігі, рухтың жоғарылығы, әңгіме тақырыбына еліту. Шешеннің әзірлігі өте жақсы болса, ол өзін сенімдірек сезінеді, өз дауысына ұшқырлық, саздылық, мәнерлілік беру де жеңіл болады [92,б. 137].

Көпшілік алдында сәтті сөйлеп шығу үшін материал жинау жеткіліксіз. ол материалдарды қалай орналастыруды ойлау керек: неден бастау керек, қалай жалғастырған дұрыс, немен аяқтау қажет, аудиторияны жалықтырмай, сөзді

аяғына дейін тыңдатудың қандай амалы бар дегенді ойластыру үшін, сөйленетін сөздің құрылымын түзу, сөздің жүйесін анықтау маңызды.

Көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымы төмендегідей болмақ:

1. **Жоспар** – мазмұнның қысқаша бағдарламасы, жинақталған, содан кейін сұрыпталған материалдардың орналасу тәртібі.

2. **Кіріспе** – шешен сөзінің басында тыңдармандарын қаншалықты қызықтыра алса, соншалықты табысқа жетеді. Кіріспе сөз сәтсіз болса, тақырыпқа тыңдармандардың қызығушылығын, көңілін аудара алмайды.

3. **Негізгі бөлім** – сөйлеушінің міндеті тек тыңдаушылардың назарын аударып қана қою емес, сол қызығушылықты сөздің аяғына дейін сақтау. Сондықтан сөйленетін сөздің негізгі бөлімі де маңызды. Негізгі бөлімде материалдың негізі беріледі. Негізгі бөлімге енген материалдар жүйелі орналасқанда, бір ой екінші ойды жетектеп отырады. Сол тірек сөздер арқылы мәтіндегі ойлар бір-бірімен параллельді байланысқа түседі.

4. **Қорытынды сөз** – кез келген сөйлеудің маңызды бөліктерінің бірі – қорытындысы. Қорытынды істің біткенін көрсетеді. Сенімді әрі сәтті жасалған қорытынды сөз тыңдаушылардың есінде ұзақ қалады, жақсы әсер тудырады. Сәтсіз қорытынды жап-жақсы сөйленген сөздің шырқын бұзады [92,б. 228].

Шешен, біз үшін нақты дара тұлға, жинақталған тарихи бейне, тіпті іріктелінген әлеуметтік бедел. Шешеннің заман байыбына барсақ, оған үш ерекшелік тән. Шешен біріншіден, әр заманда өз-өзімен қалған, өз талғамын сақтай білген тұлға. Екіншіден, өзінің жақсы жақтарын көрсете және дәйектей білген тұлға. Үшіншіден, түрлі қауымдастық пен елдің арақатынасының демеушісі, дәнекері, реттеушісі, билеушісі болған қайраткер. Бірден, біртекті қалыптаспаған қабілеттер, жан-жақты талданбаған қасиеттер. Шешеннің өткен тәжірибесіне көз салсақ та, оның болашағына көз жүгірте бермейміз.

Шешеннің құралы – сөз өнерінде, шешен сөзінде. Шешендік сөздің мақсаты – тыңдаушысының сезімін толғантып, жанын тебіrentіп не түршіктіріп, жүрегін лүпідетіп не шошытып, ойын оятып не серпілтіп, оны ақырында өз сөзіне сендіру. Өмір құбылыстарының мазмұнын айқындау – басты шарт. Оған эмоциялық мазмұн қажет. Шешен сөзі шын болса да, салқын болмауы керек. Ол эмоцияға, сезімге толып тұрғанда әрлі, әсерлі болады, айрықша дараланады.

Осы бөлімде сөйлеу нормалары мен шешенге қойылатын талаптарды қарастырдық. Бөлімнің қорытындысы ретінде шешенге қойылар талаптарды төмендегідей етіп көрсетуді жөн деп санадық.



Сурет 4 – Шешенге қойылатын талаптар

Көрнекті қазақ ғалымы М.Арын өзінің ғылыми толғамдарында грек ғұламаларының ой-пікірлерін негізге ала отырып адамның белгілі 1) ұлттың тілін жақсы білу; 2) ұлттың дінін терең меңгеру; 3) ұлттың дәстүрін толықта бойына сіңіру; 4) ұлттың тарихын бес саусағындай білу; 5) ұлт мекендеген жердің ой-шұқырын жақсы білу [119,б. 13].

Шешендік өнер үшін де шешеннің бойындағы осы бес анықтың орны жоғары. Бұларсыз мәні бар шешендік сөз де, іс те жоқ. Қазақ шешендерінің бойында да, сөздерінде де осы бес анық мейлінше кең және терең көрініс тапқан, жай емес, мейлінше жоғары деңгейде, философия мен сөз өнері, халықтық заң мен шешендік өнер билігінде көрініс тапқан.

Шешеннің таланты деген не, айналып келгенде кісінің ақыл-ойын байыту, сезімін сергіту, сөйтіп өз дегеніне көндіру таланты. Бұл – шешендік өнердің бір-бірімен байланысты үш міндеті. Бұларсыз шешендік өнер де, шешен де дәрменсіз [120,б. 128].

Жоғарыда көрсетілген артықшылықтар шешен бойында туа бітеді. Оны шешен әрі қарай дамытып, жоғары прагматикалық қасиетке ие болады. Оны харизма деп те атайды.

Харизма (грекше: *çhāgīsmā* - шапағат, рақым, құдай сыйы) - белгілі тұлғаны немесе құбылысты, ерекше қасиетке теңеп, оған Әулие ретінде қараған. Харизматикалық көсем деп өте мықты беделге, ақылгөйлікке ие, шексіз тартымды, батыр адамдарды айтады. Харизма атауы алғаш рет Э. Трельч пен М. Вебердің Әлеуметтанулық тұжырымдамаларында қолданған.

Харизмалық адамдар өз мақсаттарына жету және идеяларды жүзеге асыру құралы ретінде практикалық шешендік дағдыларды пайдалана алады. Харизма – адам талантының жеке ерекшелігі. Бірнеше кітапты оқығаннан кейін супер харизматикалық адам бола алатын иллюзияны бағаламаудың қажеті жоқ. тым, мұнда жұмыс істемейді және харизма біле аласыз – Көптеген атақты адамдар мен материалдық іс-әрекеттерін және сөз сақтауға қажет деп ойлауы мүмкін. Дегенмен, әр адам жетілдірілген деңгейге жетуге мүмкіндік береді.

Харизматикалық тұлғаның 7 қасиеті

1. Табиғи және ыңғайлы болу керек

Сіздің әріптесіңізбен сөйлескен кезде аяқ киіміңізге қарамаңыз, оны тікелей көзге қарау керек. Сондай-ақ, сіз иығыңызды қысып алмайсыз немесе бәрібір басыңды шайқаудың қажеті жоқ. Харизматикалық адам өте сыпайы және мейірімді.

2. Сенімді түрде әрекет етіңіз

Әрқайсысы өздерінің хабарларын түсінеді, себебі харизмалық адамдар қарапайым, әдеттегі тілде күрделі ойларды / идеяларды жеткізе алады.

3. Олар кез келген тақырып бойынша сұхбаттасуды ұнатады

Сізде миллиондаған идеяларыңыз болуы мүмкін, бірақ оларды білдіруге және оларды айтуға болмайтынын кім біледі? Харизматикалық тұлғалар жақсы сөйлесе және адамдармен оңай қарым-қатынаста болуы мүмкін.

4. Жақсы тыңдаушылар

Сирек үйрену және сирек тәжірибе, тыңдау, дегенмен, қарым-қатынас кілті болып табылады және басқалар сіздің қатысуыңызда ерекше сезінеді.

5. Ғарыш пен уақыт туралы біліңіз

Бұл көбінесе назардан тыс қалады, бірақ мұндай кеңістіктік және уақытша кен орындарын осындай адамдар қолдануы басқалармен қарым-қатынас жасауы және тоқтатуы мүмкін.

6. Кез келген ортаға оңай бейімделу

Оларды басқаларға түсіністік пен құрметпен қарауға, олардың жеке басын қарастырады. Олар осы адамдарға өздерінің мінез-құлқын бейімдейді, олармен тез байланыста болады.

7. Олар әрдайым тамаша идеяларға ие

Олар әрдайым бірдене айтуға әрдайым өз теориясын немесе идеясын талқылау үшін. Олардың идеяларын әрдайым жарқын және жұмыс істемейтін болсын, бірақ олар әрқашан бар!

Осы орайда «Ғылым мен өнерде шешеннің талантымен тең түсер талант жоқ. Шешендік өнердің биіктігі мен тереңдігіне тең түсер басқа биіктік пен тереңдікті табу қиын» [121,б. 75], – деген пікірде үлкен шындық жатқанын айтқанымыз жөн. Осы пікірге сүйене отырып, біз шешендік өнердің ақыл-ойды дамытып, байытудағы эстетикалық мәнінің зор екендігін айқын көреміз.

3.2 Шаршысөздің адресатқа әсер етуіндегі просодикалық, кинесикалық құралдардың рөлі

Тіл – «дайын ойды» жеткізу құралы ғана емес. Сонымен бірге ол ойдың пайда болу, қалыптасу құралы. Көрнекті орыс психологы Л.С. Выготский, ой сөз түрінде айтылып қана қоймады, сондай-ақ сөз түрінде іске асады десе, XIX ғ. бірінші жартысында дүниеден өткен немістің аса ірі тілші ғалымы Вильгельм Гумбольдт тілді «ойды құраушы орган» – деп, оның дүниетанымдық функциясы мен ақпараттық қызметі туралы айтады [122,с. 33].

Қатынастың негізгі теориялары интерактивтік, коммуникативтік, перцептивтік болып табылады. Қатынастың және коммуникацияның өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. Қатынас бұл адамдар арасында байланыстың өрбуі мен күрделі көпжоспарлы үдерісті анықтау. Қарым-қатынасты анықтаудың күрделі үдерісіне мына үш құрам кіреді: 1. Коммуникативтік қатынас (адамдармен ақпарат алмасу). 2. Интерактивтік қатынас (жеке адам мен ұйым арасындағы әрекет). 3. Перцептивтік қатынас (серіктестер қатынас кезінде өзара түсінісуі мен өзара түсінушілікті орнату). Перцепция латынның perception – «қабылдау, түйсіну» деген мағынасын береді. Бұл терминді американдық психолог Дж. Брунер енгізген.

Коммуникативтік үдерісіне негізінде вербалды және бейвербалды коммуникация деп екіге бөліп қарайды. Вербалды коммуникация қатынастың сөйлеу арқасында жүзеге асырылады. Сөйлеу арқылы біз табиғи тілдік дыбыстарды сондай-ақ, фонетикалық белгілерді, оның екі негізгі лексикалық және синтаксистік белгілерін түсінеміз. Сөйлеу коммуникацияның универсалды құралы болып табылады, яғни ақпарат беру кезінде оның көмегімен хабарламаның мағынасы беріледі.

Интерактивтік қатынас психологиялық әсер етуге байланысты, басқа адамның ықпалымен жеке адамда өзгеріс болуы (көзқарастың, қатынастың, мотивтің, хал жағдайдың, құрылғылардың өзгеруі). Басқа адамның ықпалымен жеке адамның өзгеруі уақытша, өтпелі және тұрақты болуы мүмкін. Қатынастың интерактивтік жағы мыналарды сипаттайды: басқару шешімін орынды қабылдау, қызметкерлер арасында міндеттерін анық бөлу, дау-жанжалды ақылмен шешу.

Перцептивтік қатынас – қатынасқа түсушілердің бір-бірін түсінісуіне жағдай жасау, яғни қабылдау процесі, адамдардың бір-бірін өзара жете түсініп алмай әрекетке бармауы. Жеке тұлға аралық перцептивтік анықталған механизмінің арқасында өзін басқа адамдар арқылы танып біледі. Оған тану және адамдардың бір-бірімен түсінісуі (идентификация /теңестіру, эмпатия, аттракция), қарым қатынас кезінде адам өзін өзі тануы (рефлексия), серіктесінің мінез-құлқын болжау (каузальная атрибуция) жатады.

Идентификация (теңестіру, ұқсату) – қарым-қатынас кезінде басқа адамды тану тәсілі, яғни серіктесінің орнына қойып өзін сынау, салыстыру негізінде оның ішкі хал-жағдайына болжам жасау. Эмпатия басқаның күйзеліс сезімін бірге өткізу, басқа адамды тану формасы. Ал, бейвербалды қатынас құралын оқып үйренуде төмендегі ғылымдарға жүгінеміз: 1. Кинесика – адамның ішкі сезімі және көңіл күйі; ым-ишара, бет құбылыстары, дене мүшелерінің қозғалыстары (пантомимика), бүкіл дене қозғалысы қимыл мен ым арқылы

ғана жасалатын қозғалыс, дене тұрысы, қалып, кейіп, бас ию, жүріс, келбет. 2. Такесика – жанасқан қарым-қатынас жағдайында болатын құбылыстар: қол алысуда, сүйісуде, тиіп кеткенде, сипағанда және т.б. 3. Проксемика – кеңістікте болған қатынаста адамдардың орналасуын зерттейтін ғылым саласы. Жалпы адамдардың қарым-қатынасына қатысты әрекеттер екі үлкен тармақтан тұрады. Оның бірі – тілдік қатынас, екіншісі – тілсіз қатынас. Тілдік қатынас пен тілсіз қатынастың ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар. Бұл қатынастардың сәйкес жақтары: олардың екеуі де, біріншіден, адамдардың бір бірімен байланысын қамтамасыз етеді. Екіншіден, тілдік қатынаста да, тілсіз қатынаста да белгілі бір дерек, ой, мағлұмат хабарланады, бірақ тілсіз қатынаста хабар шартты түрде болуы мүмкін. Үшіншіден, тілдік, тілсіз қатынаста адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады. Ұғынысу тікелей жолмен емес, сырттай болуы да мүмкін, мұндай жағдайда да адамның белгілі бір хабарды ұғып, соған қатысты іс әрекет жасауына мүмкіндік туады.

Қазіргі лингвистикада дискурсты жан-жақты қарастыруға болады. Коммуникативтік жағдаят барысында түзіліп, диалогтық тұтастықта берілген дискурстың ерекшелігіне оның фонетикалық деңгейіндегі интонация параметрлерімен (дауыс тонының өзгерісі мен айтылым жылдамдығы) айқындалатын табиғилығы да жатады. Дискурста әсерлі реңк үстеп, эмоционалдық қанық бояу беруде интонацияның әуені мен қарқыны, кідірісі, дауыс диапазоны сөйлеу кезінде айтар ойдың маңызды, маңызсыз тұстарын ажыратып берсе, үдемелілік компоненті – логикалық екпіннің түсуін, акценттелу арқылы ойдың тұтастығын көрсетіп, дауыс реңкі – адамның әр түрлі жағдаятқа байланысты көңіл-күйін сипаттайды [123,б. 81].

Дискурс барысында адамның ойлаған ойын ауызша ықшамдалған түрде жеткізуде оларға үстеле жүретін әдіс-тәсілдердің орны ерекше екендігі белгілі. Бұл сөз ағымында просодикалық құралдар арқылы көрініс береді. Просодикалық құралдар ерекше тәуелсіз құбылыс ретінде дискурс бірліктерінің үстінен параллель келіп, тілдік қатысымның коммуникативтік мақсатының жүзеге асуына қызмет жасайды. Сондықтан мұндай құралдарды суперсегментті просодикалық құралдар деп айтуға әбден болады [124,б. 120-122].

Просодикалық (паралингвистикалық) қарым-қатынас құралдары тілдің ырғақты-интонациялық жағын (дауыс тембрі, екпіннің күші, дауыс үнінің жоғарылығы, қаттылығы) қарастырады.

Фонетика және фонология, сингармонизмнің көптеген аспектілері, сонымен қатар просодика мәселелері Ә.Жүнісбеков, З.Базарбаева, Н.Авазбаев, С.Исаев, Ж.Әбуов, А.Айғабылов, С.Мырзабеков, А.Қошқаров және басқа түркі тілдерін зерттеген Т.Ахматов, Т.Талипов, Т.Сыдықов, А.Дәулетов, К.Бичельдей сияқты ғалымдардың еңбектерінде айтылады. Просодика (құрау) дегеніміз – тілдегі сөздің айтылуын реттейтін буын құраушы, сөз құраушы фонетикалық бірлік. Просодология – фонетиканың просодиканы зерттейтін саласы. Қазақ тілінің сөз просодикасы үндесімнен туындаса, орыс тілінің просодикасын динамикалық екпін анықтайды.

Сөздің просодикалық белгісі бірбуынды және көпбуынды сөздерге тән болғандықтан, оны бірбуынды түркі сөзіне де жатқызуға болады.

Просодика туралы ғалымдар түрлі пікірлер айтады. Ә.Жүнісбек «акцентуация» терминін «просодия» терминімен ауыстыруды жөн деп есептейді. Акцентуация – екпін арқылы арнайы элементтердің сөзде және фразада көрініс табуы, ал просодия фонемадан үлкен бірліктердің фонетикалық белгілері, сөйлеудің жоғары сегментті қасиеттерінің жалпы атауы, оған сингармонизм кіреді дейді [125,с. 42].

Қазақ сөзінің просодикасы үндіеуропаның сөз екпініне негізделген. Нәтижесінде сингармонизм фонологиялық жағынан нақты емес, «дауыстылар үндесімі» деген терминмен айтылды, жалпы тіл біліміндегі просодикалық бірліктер жүйесінен түсіп қалды. Бұны В.Б. Касевич екпін мен тонды негізгі «субинтонациялық» просодикалық құралдар деп тұжырымдады [126,с. 148]. Бұндай қорытынды жасауға түркі тілі фонетикасын зертеушілерді еңбектері себеп болды деп болжауға болады, олар басты, негізгі просодикалық бірлік – сөз екпіні деп есептеді. Тонмен салыстырғанда екпін жалпы тіл білімінде кеңірек зерттелген.

Қазақ тілі білімінде сөйленім синтезін құру үшін де просодикалық құралдарды қолдану қажеттілігі туындайды. Интонацияны кейде просодика немесе просодия деп те атайды [127,с. 123]. Просодика мен интонация бір ұғымды білдіргенімен, өзара іштей айырмашылық бар. Просодика кеңірек ұғымды беріп, буын, сөз, ритмикалық топ, синтагма, сөйлесім деңгейінде болса интонация синтигма мен сөйлесімді (высказывание) қамтиды. Просодика мен интонация хабардың не туралы, кім айтқандығы және қайда, кімге арнап айтылғандығы жөнінде мәлімет береді. Яғни интонация – сөйлесімнің құрылуымен бірге туындайтын құбылыс. Сондықтан сөйленім синтезін құру үшін тек дыбыстарды өзгеріске ұшырауын, яғни вариант, вариациясын қарастыру жеткіліксіз. Сөйленім мәнерлі мағынасы анық болу үшін оның просодикалық өзгерістерін де ашып беру қажеттілігі туындайды. Ол үшін ең алдымен интонация компоненттерінің (әуен, дауыс, үдемелігі, кідіріс, қарқын) көрсеткіштерін белгілеп алып, мәтінді іштей синтагмалар бөліп, фразалар жігін айқындап алу қажет.

Акустикалық жағынан әуені, яғни негізгі тонның жиілігі, ұзақтылық пен кідіріс, дыбыс сигналдарының амплитудасы көрсеткішімен беріледі. Бұл көрсеткіштер сөйленім синтезінің сигналдарына просодикалық тұрғыдан сипаттама жасау үшін қажет. Яғни мәтін бойынша сөйленім синтезін құру үшін әуеннің, дауыс үдемелігінің көрсеткішін және фонема мен кідірістің ұзақтығын анықтап алу қажеттілігі туындайды.

Сөйленім синтезі табиғи шығу үшін ең алдымен синтезатор орфография бойынша жазылған мәтінді орфоэпия, яғни айтылымы жағынан ажырата алуы қажет. Дауыстың толық акустикалық жағынан ерекшелігін, фонетикалық жағынан айтылымы мен екпінін, сондай-ақ жеке-жеке сөйленімнің просодикалық ерекшелігін анықтап алған дұрыс. Мәтіннің өзі фразадан, синтагмадан, сөзден, буыннан және дыбыстан тұратынын ескерер болсақ,

синтезаторға әр бірінің сөйлеу кезіндегі қызметін анықтап берген жөн. Соның ішінде синтагманы просодикалық тұрғыдан қарайтын болсақ, сөйлеу кезінде синтагма 1-5 сөзден тұрып (ең жиісі 6 сөз), мағыналық жағынан дұрыс жеткізуді көздейді. Өйткені, егер синтезатор тұтас сөйлемді ешқандай синтамаларға бөлмей, бір деммен үзіліссіз оқып шығатын болса, айтылған сөз түсініксіз болған болар еді. Сондықтан бірнеше мәтінді оқып шығып, араларына синтагма белгісін қойып шығу керек. Сонан соң әрбір синтагманың әуеніндегі өзгерістерді, яғни ойдың аяқталғанын немесе аяқталмағандығын, лепті немесе сұраулы сөйлем екендігін білуге болады.

Интонациялық жағынан мәтінді автоматты түрде синтездеу үшін қазақ тіліндегі: тиянақты, тиянақсыз, лепті сөйлем, жалпы сұрақ, арнайы сұрақ, қатал бұйрық, сыпайы бұйрық және қыстырма сегмент интонемаларын анықтап, оны модельдеп алу қажет. Өйткені қазақ тіліндегі интонемалар айтылғандығын көрсетеді. Сондықтан сөйленім синтезаторына сөйлемнің аяғында тональді деңгейдің міндетті түрде төмендейтіндігін, ал сөз ортасында көтеріңкі тональді деңгейде айтылып, ойдың аяқталмағандығын көрсететін модель арқылы бейімдеп беру қажеттілігі туындайды.

Ең алдымен, интонациялық модельді түзуде сөйленімді синтездеу үшін интонациялық жағынан фраза аралығындағы шекараны анықтап алып, фонетикалық жағынан сөйлеу кезінде өзгеріске ұшырайтын дыбыстарға сипаттама беріледі [128,б. 241-244].

Кез келген тілдің фонетикалық жүйесі оның бөлшектерінен, яғни сөздердің дыбыстарынан ғана тұрмайды (дауысты, дауыссыз) ол тілдің күрделі суперсегменттік деңгейін, мәтіннің жалпы интонациялық сипатын да қамтиды.

Әуелде «интонация» термині латынның «қатты сөйлеу» деген сөзінен пайда болғанымен, бұл терминнің қазіргі мағынасы әрі күрделі, әрі сан қырлы. Әуен (мелодика), пауза, қарқын (темп), интенсивтілік, екпін, ырғақ, просодикалық тембр интонацияның компоненттері болып табылады. Сонымен, интонация – көп функциялы күрделі құбылыс. Тілдің басқа элементтерімен салыстырғанда интонацияның өзіне ғана тән қасиеттері мен ерекшеліктері бар.

Интонация тонының (тональность) адамдардың қарым-қатынасында үлкен орын алатыны мәлім. Бір сөздің айтылу интонациясына қарап, ол сөздің қандай сезіммен айтылып тұрғанын білу адамға қиын емес. Сондықтан интонацияның сөйлеуден, сөзден бұрын пайда болғанын мойындай отырып, оның кейінгі сөйлеу тіліндегі мәнінің зор екенін де баса айту керек.

Интонация сөйлеу тілінде естілуімен қатар жазба тілде (сөйлемде, мәтінде) де оқылады. Мысалы, жазушы жазғанының басқалар оқығанды қалай естілетінін, оның қандай интонациямен айтылатынын ескеріп, тиісті тыныс белгілерін қойып отыруының себебі сонда болса керек.

Сөйлеу тіліндегі интонацияның жазба мәтінде көрініс табуы табиғи нәрсе және жазылған мәтінді мазмұнына қарай дұрыстап, мәнерлеп оқу да оның интонациясына байланысты. Егер мәтіннің интонациясын өзгертіп, яғни қатар тұрған сөздердің ырғақтық топтасуын, сонымен байланысты паузасын жылжытса, оның стилистикалық реңкі ғана емес, сөздерінің грамматикалық

мағынасы да өзгеріп кетуі мүмкін. Демек, интонациялық құбылыстар мен грамматикалық құбылыстардың арасындағы байланыс өте күрделі және құбылмалы болып келеді. Күрделі мәтіндердегі интонацияның компоненттерін, оның көріністерін оған мейлінше үңіліп, экспериментті зерттеу арқылы ғана анықтауға болады. Қазақ тілі жүйесіндегі сан алуан синтаксистік-коммуникативтік құрылымдарда интонация және оның единицалары мен компоненттері өзара әр қилы күрделі қатынастарға түсіп отырады. Түрлі синтаксистік құрылымдарда интонациялық компоненттердің алатын орын ерекше. Оның сөйлемдегі сөздерді семантикалық-құрылымдық топтарға бөлуде, оларды бір-бірімен байланыстыруда мәні зор. Күрделі мәтіндердегі сөйлемдердің түрлеріне қарай интонация әр түрлі коммуникативтік, эмоциялық мазмұнға не болып, өзара түрлі қарым- қатынастарға түсіп, мәтіннің жалпы мазмұны мен эмоциялық реңкін түрлендіруде айрықша қызмет атқарады.

Жалпы тіл білімінде интонация сөйлемді сомдайтын ең маңызды универсалды факторлардың бірі саналады, оның компоненттерінің сөйлемнің әр алуан түрлерін түзіп, дифференциялауда және бір-бірімен айырып ажыратуда орны ерекше.

Интонацияға ертеден, көне замандардан көңіл аударылған. Байырғы замандарда интонацияның ерекшеліктеріне мән берген зерттеушілер оны сахна өнерімен, шешендер сөзімен және өлең оқу өнерімен байланысты қарастырған. Интонацияның логикалық және эмоциялық қасиеттерін зерттеудегі ең көне деректер ежелгі Эллада мен Римде кездеседі. Онда сөйлеу тіліндегі әуен, кідіріс, қарқын, ырғақ туралы алғашқы түсініктер берілген.

Сөйлемнің ырғақты құрылымының ерекшеліктері туралы пікірлерді Аристотельдің, Деметрияның, Цицеронның, Трасимахтың еңбектерінде кездестіруге болады. Ырғақ туралы ең толық түсінік Цицеронның «Оратор» деген еңбегінде кездеседі. Онда автор ырғақтың ерекшеліктеріне тоқталып қана қоймай, оны шешендердің сөзіне қалай, қай мөлшерде қолдану керектігін де айта отырады. Сөйлеу тілі интонациясы туралы пікірлер М.В. Ломоносов еңбектерінде де баршылық. Интонация деген ұғымның жалпы тіл білімінде әр түрлі түсіндірілуі оған ғалымдардың әр қырынан қарауына байланысты болса керек. Басқа сөзбен айтқанда, зерттеушінің оның сыртқы формалық жағына, не мазмұнына, не функциясына ғана көңіл аударғанынан болар. Басқа фонетикалық құбылыстармен салыстырғанда интонация жалпы мазмұнмен өте тығыз байланысты және синтаксистік тұрақты құрылымдарға қарағанда, онда абстрактілік сипат айқынырақ.

Соңғы кезде интонацияның жалпы тіл жүйесіндегі дербес бір құбылыс ретінде танып, оны өз алдына жеке алып зерттейтін білім саласын интонология деп атап жүр. Интонологияның өзіне тән зерттеу нысаны мен әдістері бар.

Тіл жүйесінде дербес бір құбылыс ретінде интонацияның өзіндік спецификалық мағынаға ие болатын бірліктері бар. Қай тілде де олардың саны белгілі бір мөлшерден аспайды. Ол бірліктерді тіл білімінде суперсегменттік фонема, интонациялық конструкция, интонома, интонациялық морфема деп әр түрлі атайды. Себебі, интонация өз алдына дербес құбылыс саналғанымен, ол

тілде әр түрлі өрнектеледі, әр тілдің форма және мазмұн категорияларымен тығыз байланысты болады. Жоғарыдағылардың ең қолайлысы – интонаема. Сегменттік бөлшектерді – фонемаларды зерттейтін фонология болса, суперсегменттік бөлшектерді – интономаларды интология зерттейді.

Қай тілде де сөйлеушінің жадында сол тілдің негізгі интономалары сақталады және олар сөйлеудің эталоны болып табылады. Интономалар фонемалар сияқты өзінің просодикалық өлшемдері және ерекшеліктерімен варианттарында көрініс табады. Интонаема әрқашан синтагмада көрінеді. Синтагма қай тілдің болса да сөйлемдерінің синтаксистік құрылысы мен оның мағынасын терең зерттеп түсінуге көмектеседі. Ең шағын синтаксистік мағыналық сөз, сөз тіркесі және сөйлем синтагма түрінде интонациялық формаға ие болады. Синтагмалар – үлкенді-кішілі паузалармен бөлінетін тілдің интонациялық мазмұндық үзінділері ретінде жай сөйлемде, құрмалас сөйлемде, сондай-ақ бір тақырыпты күрделі синтаксистік тұтастықтарда сөзді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді қамтып, оларды бір интонациялық жүйеге бағындырып ұстап тұратын тәсіл.

З.М. Базарбаева «Қазақ тілінің интонация жүйесі» деген еңбегінде А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінде күні бүгінге дейін жете көңіл бөлінбей келе жатқан интонация жайындағы пайымдауларына сүйене отырып, қазақ прозасы мен поэзиясынан алынған тілдік материалдарға жан-жақты эксперименттік талдау жасайды. Сонымен қатар, экспериментті-фонетикалық талдаулар арқасында қазақ тілінде сегіз түрлі интонаема бар екені анықталады. Олар:

1. Тиянақсыз интонаема
2. Тиянақты интонаема
3. Жалпы сұрақ
4. Арнаулы сұрақ
5. Қатал бұйрық
6. Сыпайы бұйрық
7. Лепті
8. Қыстырма

Қазіргі таңда интонология фонетикадан бөлініп, өз алдына жеке ғылым болды [129,б. 138].

Шешендік сөзде ескерілетін басты жайт шешеннің сөйлеу техникасы. Сөз сөйлеу үдерісінде аудиторияға әсер ету барысында шешен лингвистикалық, паралингвистикалық және кинетикалық құралдардың тұтас кешеніне жүгінеді. Сөзсіз, қай уақытта да ең бастысы сөз болып қала береді. Сөз арқылы түйінделген ой қаншалықты маңызды болса да, ол тыңдаушыларға тек шешеннің сөздерді нақты да түсінікті, айтуы арқылы ғана әсер ете алады. Сөйлеу техникасының басты мақсаты – барлық сапалық белгісі мен мүмкіндіктерінің жиынтығы негізінде шешенді өз дауысын менгере білуге үйрету.

Сөйлеу техникасының құрамды бөліктері – бұл дыбыстық, тыныстық қойылымы, сөйлеу сәтіндегі дауыстың, дикциясының, орфоэпиясының дұрыс

қойылымы. Сөйлеу техникасының мәні дыбыстау, нормаларын сақтауда артикуляция, дыбыс, тыныс бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

Белгілі Римдік сот шешені Марк Туллий Цицерон «Шешен» трактатында былай деп көрсетеді: «Дауыстың жақсы болғаны дұрыс, бірақ ол біздің билігімізде емес. Дауысты меңгеру біздің билігімізде. Сондықтан үлгілі шешен дауысын өзгертіп, түрлендіріп отырады. Дыбыстау дәрежесін жұмсартып әрі қатаң етіп реңк береді».

Шешеннің дауыстық бетпердесі көбіне тыңдаушылардың эмоциялық тұрғыдан қабылдауына арналады да, ал заңгердің көпшілік алдында сөйлеу техникасы екінші дәрежелі сипатқа ие болады, тіпті артық актерлік әрекет деп танылады.

Дәстүрлі түрде сөйлеу техникасына мыналар енеді: а) бірқалыпты тыныс алу; ә) мәнерлі дауыс; б) жатық дикция; в) екпінге және сөздің айтылуына көңіл аудару.

Сөйлеу техникасы ішінде тыныс алу мен дауыс таза физиологиялық табиғатқа ие, қажет жағдайда түзетіліп отырады.

Әдетте, кәдімгі және сөйлеу кезіндегі тыныс алу түрлері болады. Егер біріншісінде дем алу – дем шығару – кідіріс кезектесе келсе, екіншісінде терең дем ала отырып, аз ғана кідіріс жасайды. Содан соң баяу дем шығарады. Орташа есепте дем толқыны 8-10 секундты алады, тәжірибелі шешендерде ол 20 секундқа дейін жетеді.

Дауыстың кәсіби қасиеттеріне дыбыстылық, жеңілділік, икемділік, жатықтылық, әуенділік жатады. Сөйлеу мазмұнына сай келетін сөз тиімді болып келеді. Сөйлеу кезінде интонацияны өзгерту арқылы тыңдаушылардың қызығушылығы артады, шешеннің ой жүйріктігі көрінеді.

Өткен ғасырда өмір сүрген ағылшын адвокаты Рихард Гаррис «Адвокатура мектебінде» дауыс модуляциясын «шешендік өнер ішіндегі ең кереметі» деп атаған.

Тыныс алу мен дауыстың ерекшелігі, дикция – дыбыстардың ашық, жатық әрі түсінікті айтылуы – табиғи (физиологиялық) қасиеттерге онша тәуелді емес. Оны арнайы жаттығулар арқылы түзетуге немесе жақсартуға болады: жаңылтпаштар, өлеңдер оқу, фонетикалық тренинг т.б.

Сөйлеушінің дикциясында жиі кездесетін, оңай түзетілетін қателіктерге мыналар жатады: сақаулану, дыбыстарды ауыстырып алу, буындарды дұрыс қоймау. Мәселен, балалар – балдар, керісінше – кесінше т.б.

Екпінді дұрыс қою және сөзді дұрыс айту заңгердің жалпы мәдениетіне жатады. Орфоэпиядағы қателіктен сөз дұрыс қабылданбайды. Бұл туралы П.С.Пороховиков былай дейді: «Сотта нағыз айыптаушы немесе қорғаушы болу үшін, сөйлей білу керек» [130,с. 234]. Сондықтан «Орфоэпиялық сөздікке» көңіл бөлген дұрыс.

Өз дауысымен, дикциясымен және орфоэпиямен жүйелі жұмыс істегенде ғана, сөйлеу техникасы тыңдаушыларға әсер ететін шынайы құралға арналады. Сондықтан А.Ф.Конидің кеңесіне құлақ салыңыз: «Дауыстап ашық, жатық,

мәнерлеп сөйлеу керек. Дауыс реңкінде сенімділік болуы қажет. Сөйлеу тонын айтылатын ойға қарай қатты әрі баяулатуға болады» [131,с. 15].

Адам даусының мәні өте зор. Дауыс қою – адамның белгілі бір жағдаяттарға қандай сөздік мәселені шешуіне байланысты өзінен-өзі өтіп жатқан процесс. Физикалық мағынасына терендесек, дауыс – дыбыс желбезектерінің тербелісі нәтижесінде пайда болатын әр түрлі дыбыстардың жиынтығы. Дауысты игере білу – шешендік шеберліктің маңызды көрсеткіші. Кәсіби сөйлеу дауысының негізгі қасиеттері деп төмендегі қасиеттерді атауға болады.

Дыбыс күшінің жеткіліктігі. Шешеннің даусы тіпті күшейткіш техника құралдары жоқ болғанның өзінде де кез келген аудиторияда естіліп тұруы керек. Бұл қасиетті дауыстың динамикалық диапазоны деп атайды. «Дыбыстың күші» мен «қаттылығы» деген ұғымдарды шатастыруға болмайды. Дыбыс күші – бұл децибелмен өлшенетін энергия. Қаттылық – бұл әркімнің дауысты қабылдау ерекшеліктеріне байланысты субъективтік ұғым. Ерлер мен әйелдердің дыбыс желбезектерінің ұзындықтары мен жуандықтары әр түрлі болып келеді, сондықтан да олардың дауыстарының жоғарылығы да әр түрлі: ерлерде, орташа есеппен алғанда, 100-250 Гц, әйелдерде – 200-400 Гц. Диапазондардың айырмашылық шектері әншілер дауысында байқалады (бас және меццо сопрано). Сонымен, төменгі және жоғары дауыстардың күші бірдей болса, онда жоғары дауыс қаттырақ естіледі. Сондықтан да дауысы жоғары әйелдер сөйлегенде олар айғайлап немесе дауысын көтеріп сөйлеп тұрғандай әсер қалдырады.

Дауыстың жіберілуі – дауыстың қажетті нысандарға, әрбір тыңдаушыға барып жете алатын қасиеті. И. Андрониковтың «Алғашқы рет эстрадада» деген әңгімесінде бүкіл әлемге атақты ғалым-музыкатанушы И.М.Соллертинскийдің оны сахнада қалай өнер көрсетуге үйреткендігі туралы әңгімеленеді: «... дыбыс күші. Егер сені бірінші қатардағылар естісе, ол сені отыз екінші қатардағылар естіді деген сөз емес. Ал отыз екінші қатардағылар естіді мен бірінші қатардағылар арасындағы айырма, міне, осында жатыр. Сонымен қатты сөйлеу керек».

Дыбыстың жылжымалылығы, икемділігі сөйлеушінің ойын толық және реңкімен беруге көмектеседі.

Дауыс тембрі – бұл дауыстың «бояулары», яғни анықтығы, сыңғыры, жұмсақтығы, жылылығы, т.б. Дауыстың тембрлік реңіне қарай тыңдаушылар айтушының ойын әр түрлі түсінеді. Дауыстың алғашқы тембрін резонаторлардың көмегімен өзгертуге болады. Біз тембрді жағымды не жағымсыз, жұмсақ темірдей, сықырлаған, шаңқылдаған деп қабылдаймыз. Әр адамның даусының тембрі әр басқа. Тембр тек адамның жасына қарай ғана емес, оның көңіл-күйіне, денсаулық жағдайына байланысты да өзгеріп отырады. Дауысына қарап адамның сау, науқас, тың не шаршағандығын білуге болады. П. Тарановтың «Сендірудің 1000 тәсілі» деген кітабында мынандай мысал келтірген. «Театр және кино артисі Василий Ливанов – көпке танымал әрі атағы жер жарып тұр. Шерлок Холмс туралы белгілі сериалдан кейін оны

білмейтін көрермендер аз-ау деп ойлайсың. «Бұл оп-оңай, Ватсон!» Осы сөздерді ести сала Ливановты бірден танысың. Оның даусын ешкімдікімен шатастыруға болмайды, ол өзгеше – бейне бір қу бұтақты сырт еткізіп сындырғандай. Оның даусын қандай бір болмасын у-шудың ішінен айнытпай тануға болады. Дауысының мұндай тембірінің пайда болуының артист былай деп әңгімелейді: «Менің дауысым орташа баритон болатын. Мен оны «Жіберілмеген хат» фильмін түсіру үстінде жоғалттым. Режиссер Калатозов тәжірибе жасауды ұнататын, сөйтіп оның басына 40 градус аязда дауысты табиғи жолмен шығару керек деген ой келіпті. Техника жолымен бұл мүмкін болмай шықты: микрофонға бұм-бұм дейсің... Сөйтіп дауыстан айырылдым. Біраздан соң қайта қалпына келді, бірақ, міне, осындай сықырлағыш болып тынды. Құдайдың мұнысына да шүкір! Менің дауысым – жейтін наным. Ұлы Сальвини айтқандай: «Актер дегеніміз – дауыс, дауыс, тағы да дауыс» [132,б. 204].

Тембр – адамның әр түрлі көңіл-күйін, эмоциясын білдіретін интонациялық тәсіл. Тембр арқылы қуаныш реніш, ашу мен ирония, көңілдену мен мейірлену, сықақ пен мысқал сияқты сезімдер беріледі. Интонацияның басқа компоненттерімен салыстырғанда тембр аз зерттелген. Мұның себебі тембрдің сөйлесімдегі таза мағыналық рөлінің жоқтың қасы болуымен байланысты. Ол көбінесе сөйлемнің эмоциялық мазмұнын беруге қатысады. Ал акустикалық деңгейде алып қарасақ, тембр спектрге сәйкес келеді. Тембрдің лингвистикалық функциясы әлі жете зерттелмегендіктен, оның барлық қызметі толық сараланбаған.

Интонацияның компоненттері тіл-тілдердің бәрінде қолданылатын универсалды просодикалық тәсіл болып табылады. Бұл компоненттер негізінен тілдердің қай-қайсысында да сөйлемдері айтылу мақсатына қарай ажыратуға болады.

Дауыс тембрі тынысқа байланысты. Тынысы терең, бірқалыпты, ұйымдасқан адамда үннің ырғағы ширатылып, шоғырланып, ұзаққа созылып, әр күйде шығады. Тыныс алуды жаттықтыру – дауыс үнін айшықтаудың, күшейтудің, реттеудің кепілдігі. Тыныстауды жаттықтыруды – дауыстағы дыбыстың күшін ашуға, құлаққа жағымды тембрін анықтауға, дауыстың икемділігін, шырқауын ұзақтылығын арттыруға септігін тигізеді. Бұл дыбысты арнайы шығару, дауыс динамикасын дамыту қабілеттерінен білінеді [114,б. 218].

Сөйлеудің әуені (тембр) «жайдары», «жігерлі», «баяу» болып бөлшектенеді. Сонан соң дауыс әуені және дыбыс әуені бар.

Дауыстың ұшқыштығы, бұл оның басқа дыбыстардың, шудың арасында еш нәрсемен араласпай, жоғалмай, сақталып қалуы.

Шыдамдылығы – бұл дауыстың ұзақ уақыт сөйлегенде өзінің негізгі қасиеттерін жоғалтпай, көпке шыдап, аз шаршауы. Арнайы жаттығулар жасай отырып, дауысты жаттықтыруға, оны көп жүктемелерге шыдамды етіп қалыптастыруға болады. Жүйелі түрде жаттыға отырып, оны дамытуға,

диапазонын кеңейтіп, резонаторларды дыбыстауға мәжбүр етіп, тембрін жақсартуға болады.

Шаршытопта сөйленетін сөзді дайындау барысында шешен орфоэпиялық, орфографиялық заңдылықтар, әдеби норма, сөйлеу мәдениеті сияқты маңызды жайттарға назар аударғаны абзал. Әрбір сөздің дыбысталуы мен айтылуындағы ерекшеліктерді ажырата білуі керек. Орфоэпиялық дағдылардың қажеттілігі тек сөйлеумен шектелмейді. Егер тыңдаушының дұрыс қалыптасқан фонетикалық дағдылары болмаса, онда ол тыңдағаны мен естігенін дұрыс түсіне алмайды. Оның себебі, адам басқа біреудің сөзін тыңдағанда, өз санасындағы дыбыс жүйесімен салыстыра отырып, сөз сөйлемнің мәнін, ойын таниды, түсінеді. Демек, фонетикалық дағдылар тек сөйлеу үшін ғана емес, басқаның сөзін тыңдап-түсіну үшін де үлкен рөл атқарады. Яғни шешендік өнердің антропоцентристік парадигмаға негізделуін адресат пен адресент арасындағы қатынасты дамытып, сөз құдыретін тану басты бағыт етіп алынады. Әрбір сөздің сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы қатынасты жоғары сапаға көтеру үшін екі жақтың да білімділік, адамгершілік, этикалық әлеуетінің теңдей дамытылуы көзделеді. Себебі, адам баласы сөйлеуші ретінде де, тыңдаушы ретінде де ол тілдік және танымдық кодтарды меңгеруі қажет. Шешендік өнердің коммуникативтік сапаларының ішіндегі ең маңыздысы сөз қысқалығы. Мәселен тілдік таңба – стимул, тыңдаушы санасындағы білімнің мәні (реакциясы) күшті болса, аталған тілдік код пен когнитивтік код ұштаса келе, сөз субъектілірінің арасында тілтанымдық диалог орнайды. Ал тілтанымдық диалог – адамзат қоғамы өмір сүруінің басты көрсеткіші. Сондықтан шешендік өнер нормаларын меңгеру, сөз сапасына қатысты аялық білімді қатысымдық тұлғалардың өмірлік дағдыларына тірек етіп ұстану – бүгінгі антропоцентристік парадигманың басым бағыты болып табылады [133,б. 25].

Белгілі тілші ғалым Р.Сыздық сөйлеу үстіндегі (актісіндегі) сөздердің дұрыс айтылып, құлаққа жағымды естілуін сөз сазы деп атайды. Ал сөздерді дұрыс айту дегеніміз – тілдің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтау болып табылады.

Қазақ тілінің, өзге де ұлттық әдеби тілдер сияқты, екшеленіп, қырланған, тұрақталған, жалпыға ортақ заңдылықтары, яғни нормалары бар. Ол заңдылықтардың бір бөлігі сөздерді дұрыс тандап, орнымен жұмсауға қатысты болып келеді, оны лексикалық нормалар деп атаймыз, енді бір саласы сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөйлемдерді құрастыра білуге қатысты болып келеді, оны грамматикалық нормалар дейміз. Дұрыс жазу заңдылықтарын орфографиялық нормалар, ал дұрыс айту (дыбыстау) заңдылықтарын орфоэпиялық нормалар деп атаймыз. Бұлар – ғылымдағы атаулар.

Соңғы орфоэпиялық нормалар деп отырғанмыз – жоғарыда айтылған «сөз сазы» деген ұғымға қатысты. Бұл нормалардың барлығының да тіл үшін бір-бірінен артық-кемі жоқ, маңызы бірдей. Сауатты, мәдениетті адам үшін дұрыс сөйлеп, қатесіз жазу – қандай міндет болса, сөздерді дұрыс айтуы (дыбыстауы) – сондай шарт. Бұл нормаларды берік сақтап, іс жүзінде ұстану

білу «тіл мәдениеті» деген үлкен бір әлеуметтік мәні бар құбылысқа, талапқа барып тіреледі. Осыдан барып «тіл мәдениеті» дегеннің ішінен «ауызша сөйлеу мәдениеті» деген саланы бөліп әңгіме етуге болады.

Алдымен, ауызша сөйлеу мәдениеті мен сөйлеу техникасы дегендер – бір нәрсе емес екенін ескеру қажет. Сөйлеу техникасы сөйлеушінің, яғни актердің, диктордың, мінбеден сөйлейтін шешеннің, кафедрадан сөйлейтін мұғалімнің өз даусын меңгеруіне байланысты сөз болады. Адамның өз даусын меңгеруі оның тынысына, сөйлеу мүшелерінің қызметіне, интонацияға, сөйлеу шапшандығына (темпоритмге), паузаға, дикцияға байланысты болады.

Сөйлеу мәдениеті дегеніміз – ауызша сөйлеудің жалпы тіл мәдениеті қойылатын талаптармен қатар, өзіне тән нормаларды сақтауы болып табылады. Бұл нормаларға сөйлеу үстіндегі сөздерді дұрыс дыбыстау, сөздің сазын келтіріп айту тәртібі жатады [12,б. 217].

Шешендік өнер сөз мәдениетіне тікелей қатысты жанр. Тіпті шешендік өнерді сөз мәдениетінің ең жоғарғы көрсеткіші деп тануға болады. Тіл білімінде «сөз мәдениеті» дегенде «тіл мәдениеті» деп атау орын алған. Бұл мәселе жөнінде тілшілердің арасында орныққан тұжырым әлі қалыптаса қойған жоқ. Дегенмен де «тіл мәдениеті» дегенге қарағанда «сөз мәдениеті» деп атасақ, мәдениеттің неге қатыстылығын және «тіл мәдениеті» негізінен «сөз мәдениеті», «сөзді орынды қолдану» деген ұғым-түсінікті білдіреді. Ал, «сөз мәдениеті» дегеннің ғылыми анықтамасына келетін болсақ, бұл мәселені қазақ тіл білімінде арнайы зерттеген ғалымдардың ғылыми пікірлерін басшылыққа алуға болады. М.Балақаевтың тұжырымы бойынша, «Тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар, ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы» [134,б. 17] десе, Н.Уәли өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде, «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық» [20,б. 24], – деп анықтама береді. Жоғарыда аталған ғалымдардың тіл мәдениетіне қатысты анықтамаларына көз жүгірте отырып, лингвистикалық нормаларды сақтаған сөзді дұрыс айту мен дұрыс жазуды берік ұстанған, сол арқылы көңілдегі көрікті ойдың айқын, әсерлі жетуі мен екі ұдайы ойдың болмауы шешендікке тән көрсеткіштер екендігін анық байқауға болады.

Сөздің сазын келтіріп айту әсіресе шаршытоп алдына шыққандарға қойылатын талап. Шаршытоп алдында сөйлеушілердің өзі бір келкі болмайды. Жиналыстарда ойын ауызша білдіретіндер мен жазып алып оқып бертіндер, спектакльдерде ойнайтын актерлер мен табан аузында репортаж жүргізетін журналистер, комментаторлар, дикторлар мен интервью берушілер – әрине, бірдей емес. Бірқатары – жазылғанды оқитындар болса, енді бірқатары – ауызша сөйлейтіндер. Бірақ барлығы да – топ алдына шығатындар болғандықтан, олардың ауызша сөйлеу нормаларын, оның ішінде орфоэпиялық заңдылықтарды сақтаулары қатаң талап етіледі.

Әдетте актер жазылған пьесаның сөздерін айтады, диктор жазылған материалды оқиды, лекторлар көбінесе жазылған текстке қарап сөйлейді. Демек, олар – әдеби тілде дайындаған сөзді ауызша айтып жеткізушілер ғана сияқты. Сырт қарағанда, бұларға тіл мәдениеті жөнінен көп салмақ түспейтін тәрізді болып көрінеді. Ал, шындығында, тілге қатысты ең үлкен талаптар бірі осыларға қойылады. Өйткені сөйлеу мәдениетінің бір шарты – жазылған материалды немесе айтылмақ ойды дауыс ырғағын дұрыс келтіріп, табиғи түрде оқып немесе айтып беру, яғни сөз сазын келтіріп дыбыстау болса, бұлардан сол талап етіледі.

Сөздің жеке тұрғандағы дыбысталуы мен сөйлеу үстіндегі айтылуы әрдайым бірдей болып келмейді. Сол сияқты сөздердің жазылған түрі мен оның оқылуы да үнемі бірдей түсе бермейді. Сөйлеу үстінде немесе жазылған оқып беру процесінде сөздер бір-бірімен «тіл табысып», үндесіп, үйлесіп жатады. Сол үйлесімдік үшін кейбіреулер сөздердің бір-екі дыбысын «сындыруға», өзгертуге, кейде тіпті жоғалтуға дейін барады. Мұндай үйлесімдік – қазақ тілінің ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи заңдылықтары.

Әрбір тілдің өзіне ғана тән дыбыстау ерекшеліктері – сол тілді өзге туыс тілдерден бөлек дербес тіл етіп тұратын белгілері бірі. Ол ерекшеліктер сақталмаса, сол тілдің табиғатына нұқсан келді деген сөз [12,б. 218].

Дауыс ырғағы – демге байланысты. Сөзді дұрыс айту (орфоэпия) және дұрыс жазу (орфография) түсінікті тереңдететін, еңсені көтеретін, ойды жүйелейтін тілдік нормалар және тарихи-әдеби талғамдар. Бұл талаптар мен талғамдар ғасырлар бойы сөйлеу практикасындағы қатаңдықты, біржақтылықты қатаң сақтауда.

«Дыбыстардың ретті жиілігі арқылы поэзия сазы, өлең ырғағы туындап өмірлік толғамы терең ой қабысқанда даналық тебіреніс, қанатты сөз, мақал-мәтелге айналады», - дейді Ж.Баласағұн. Шынымен де, шешендіктің басты шарты дыбыстың реттілігі.

Сөйлеуші сөйлеу техникасы мен сөйлеу мәдениетін қатар меңгерген кезде дауыс сапасын жоғарлата алады. Сөйлеу техникасы дегеніміз сөздерді тыңдаушысына жеткізе білетін дауыс құбылыстарын меңгеру. Дауыс құбылыстарына дауыс көлемін кеңейту, оған музыкалық үн беру, дыбыс ырғақтарын дамыту жолдары жатады.

Интонация – сөзді айтудың көркемдік стилі. Ол адам санасына пікірдің сезімдік серпілісімен және жігерлік екпінімен әсер етеді, айтылмақ пікірдің логикалық мән-мағынасын жеткізуге мүмкіндік ашады.

Әуен, қарқын, ұзақтылық, пауза, интенсивтілік, тембр интонацияның негізгі компоненттері болып табылады. Интонацияның компоненттері кейде просодикалық тәсілдер деп аталады. Сөйлеу тілінде интонацияның аталған компоненттері бір-бірімен тығыз байланысты болады. Бірақ олар сөйлемнің барлық түрлерінде әр уақытта бәрі бірдей орын алады және бәрі бірдей тыңдаушыға анық естіледі деп айту қиын. Олар өзара түрлі қарым-қатынасқа түсіп, сөйлемнің әр алуан түрлерін түзуші, оларды бір-бірінен ажыратушы қызмет атқарады.

Барлық тілдердегі интонацияның ең басты да универсалды компоненті – әуен. Себебі қай тілдің болса да басқа тілдерден айырмашылығын білдіруде әуеннің рөлі ерекше және олардың басын қосатын да – әуен және онымен қоса пауза. Екіншіден, сөйлемдердің коммуникативтік түрлерін анықтауда, яғни олардың айтылу мақсатына қарай (хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті) бөлінуінде үлкен қызмет атқарады. Төртіншіден, сөз тізбектерінің синтагмалық акценттелуімен қосылып, сөйлемнің логикалық және эмоциялық мазмұнын жеткізуде мәні зор болып келеді.

Көпшілік алдында еркін сөз сөйлей алу, өзін ұстауды үйрену – жинақтаған өмірлік тәжірибеге, теориялық білім мен арнайы дайындыққа, талғампаздық пен талпынысқа байланысты. Мәнерлеп сұлу, әрі қарапайым сөйлей білу – өзіндік ережелері бар үлкен өнер. Сөз өнеріндегі дауыс ырғағын, дауыс сазын, дауыс әуенін қалпына келтіріп, сол заңдылықты дұрыс пайдаланғанда тіл мен ой өрнектері көңілден шығады. Шешен «қисынды екпін», «қисынды кідіріс» арқылы сөзбен жұмыс істей біледі, яғни анық, айқын, ашық сөйлесе біледі.

Әр сөздің дыбысы, әр адамның дауысы айқын күмбірлеп тұрса, оған құлақ салмайтын жан бола қоймас. Дауыс үні – организмнің күш-қуаты. Сол дауыстың қуаты, тембрі, ауқымы сөздік дыбыстарды, олардың таралу жылдамдығы мен аясын қалыптастырады.

Мұндай сөз ойды ғана емес, сезімді, ерікті, түсінік жағдайын анықтайды. Өтімді сөз адамның өзіндік сезім әлемінің қалыптасуына ұйытқы болады. Сонымен сөз бен түсінік арасындағы байланыс сөздің мәнерлілігін, түрлі бейнелілігін, тиянақтылығын, нақты әрекеттігін түсінуге көмектеседі. Сөз түсінік арқылы тыңдаушы мен оқырманның көңілін аулап, қызығушылығын тудырса, онда ол – мәнерлі [151,б. 285].

Аудиторияға ең алдымен әсер ететіні – шешеннің дауыс ырғағы. Егер дауыс ырғағы көңілден шықпаса, айтайын деген ойдың бәрі пайдасыз болуы мүмкін. Осы орайда, профессор Г.Қосымова келесідей пікірді айтады: «Шешеннің дауыс ырғағы, күшті шешендік сөздің мазмұнын тыңдаушылардың дұрыс түсініп қабылдауына әсер етеді. Өте тез қарқынмен сөйлеу анықтықты күшейтеді, қатты дауыспен сөйлеу айқындылықты өсіреді, жай, бәсең дауыспен сөйлеу айқындылықты кемітеді. Үзіп-үзіп сөйлеу көңіл бөлуді әлсіретеді, үзіліссіз сөйлеу көңіл бөлуді күшейтеді. Тыңдаушылар жиналған орынның акустикалық мүмкіншілігінен тыс дауыс қаттылығы немесе мейлінше ақырын дауыс айқындылықты азайтады, бірақ шектен тыс қатты дауыс көңіл бөлуді әлсіретсе, баяу, ақырын сөйлеу көңіл бөлуді күшейтеді» [64,б. 18].

Сөйлеу актісінде сөйлеу мүшелерінің барлығы артикуляторға айналады. Жекелеген дыбыстардың анық айтылуы үшін тіл, кішкене тіл, көмей, дауыс шымылдығы, қызыл иек, төменгі жақ сүйегі, ерін, таңдай аса зор қызмет атқарады. Халық тіліндегі «бал көмей», «күміс көмей», «жез таңдай», «таңдайында бұлбұлдың ұясы бар» деген тіркестер жайдан жай тумаған, заттық негізі бар.

Бұның сыртында қазақ тілі сингармонизмге негізделген, музыкалы-тоникалық, лебізді-динамикалық сипаты күшті. Осылардың ішіндегі икемдісі

және белсендісі – тіл. Оның қимыл-әрекеті де сан алуан. Ол көтеріледі, төмендейді, алға серпіліп созылады, артқа қарай жиырылады, тілдің ұшы сүйірленеді немесе білеуленіп жуандайды.

Дыбыстау мүшелері – күрделі жүйе. Ол – тыныстау, вибратор, резонатор және артикулятор аппараттарынан құралады. Осылар дауыстың 1) әуезділігіне, 2) орындау жылдамдылығына (темп), 3) жоғарылығына, 4) дыбытың ерекше естілуіне және 5) дыбыстау мүшелерінің қызметіне әсер етеді.

Дыбыстардың акустикалық тұрғыдан мінездемесін еске, есепке алған орынды.

I. Дыбыс ырғағы – фразалардың үрлеріне, эмоциялық бояуына, экспрессивтік мәнерлігіне тәуелді.

II. Дыбыс күші – уақыт мөлшерінің ішіндегі дірілдің амплитудасы яки қарқыны.

III. Дыбыстың созылымдылығы.

IV. Дыбыс әуені.

V. Дыбыстардың негізгі мынадай қасиеттері бар: а) жоғарылығы (биіктігі), ә) ұзақтығы, б) дыбыстың ерекше естілуі, дауыс құбылысының сүйкімділігі, әдемі, әсерлі бояуы (тембрі), в) күші. Музыкалық дыбыстар дегеніміз сұлу, әсем, мәнерлі дыбысталатын, өзара үйлесімді дыбыстар яки жүйелі дыбыстар келісімі [85,б. 122].

Тілдің әуені индивидуалды сөйлеу ерекшеліктеріне қарай құбылуы мүмкін. Бірақ та мұндай жағдайда ол құбылту сол тілдің әуенінің негізгі формаларынан тыс, өзгеше ауытқи алмайды. Өйткені ондай кезде сөйлемнің негізгі мазмұны өзгеріп, тыңдаушыға түсініксіз болып қалуы мүмкін.

Акустикалық жағынан қарағанда, әуен сипаты әр уақытта өзгеріп тұратын негізгі тон жиілігіне сәйкес болады. Сөйлеу тілінің негізгі тон жиілігінің сөйлеу процесінде ұдай өзгеріп тұруы оның бір өзгешелігі болып табылады. Тілдегі негізгі тонның мазмұны сөйлеушінің дауысының жоғары не төмен болуымен байланысты. Бірақ дауыс аппараттарының ерекшеліктерімен байланысты ер адамдардың жуан, яғни төмен дауысының немесе әйелдердің жіңішке, яғни жоғары, дауысының интонациялық мазмұнының өзара лингвистикалық айырмашылығы жоқ екені анық. Қазақ тіліндегі үндестік заңына бағынатын ашық жуан дауыстылардың негізгі тон жиілігі арасындағы айырмашылығының елеусіз болуы мұндай интонацияның және лингвистикалық мазмұны шамалы факторлардың тағы бірі ретінде қаралады.

Интонация компоненттерінің бірі – интенсивтілік. Интенсивтілік басқа компоненттермен бірігіп қана мазмұнға ие болады. Интенсивтілік көбінесе дыбыстардың тон жиілігімен қосылып, сөйлемдегі сөздердің акценттелуіне қатысады. Сөйлемдегі сөз тізбектерінің бір сегменті акценттелу керек болса, сөйлеуші сол жердегі интенсивтілікті күшейтіп үдетеді. Бірақ интенсивтіліктің күшейтілгені құлаққа көбінесе дауыстың қатты шыққанындай болып естіледі. Дауыстың қатты шығуы тек интенсивтілікпен ғана емес, дауыстың негізгі тоны көтерілуімен де байланысты. Дауысты дыбыстардың интенсивтілігінің абсолюттік мәніне олардың артикуляциялық ерекшеліктері де әсер етеді. Қысаң

дауысты дыбыстармен салыстырғанда ашық дауысты дыбыстардың интенсивтілігі мол екені экспериментті әдспен дәлелденген.

Интенсивтілікке әсер ететін екінші фактор – дауыстың синтаксистік сегменттегі орны. Сөйлемнің әр түрлі синтагмағарындағы интенсивтілікті зерттеу барысында мынадай жағдай анықталған. Мысалы, синтагманың аяғында дауыстылардың интенсивтілігі оның басындағы дауыстылардың салыстырғанда кем екені байқалады. Дауыстылар неғұрлым синтагманың аяғына жақын тұрса, оның интенсивтілігі соғұрлым азая түседі. Бұл жағдай сөйлемдегі интенсивтіліктің жалпы контурының әдетте жоғарыдан төмендейтінін көрсетеді. Егерде сол жалпы контурдың сызығында акценттелген сөздер болса, олар сонымен байланысты күшейеді. Содықтан сөздің сөздің акценттелуі мен интенсивтілігі де мол болады. Бірақ сөздің логикалық акценттелуін интенсивтілік қана көрсетпейді, мұның басқа да фонетикалық тәсілдері бар. Оларға тонның көтерілуі мен ұзақтылық та жатады.

С.Негимовтың пікірінше, сөз өнерпазы даусының әдемілігі, кең тыныстылығы, жағымдылығы үшін жанын аямайды. Сөзді анық, түсінікті, ажыратып айтуға, гармониялық келісім тудыруға, сөйлемнің ырғағын, екпінін, өлшеуін өзгертіп, көркемдеп түрлендіруге күш салады. Сөйлеу тілі мәдениеті дегенде, алдымен айтатын нәрсе, «әрбір сөйлемнің өз орайында әр алуан ырғақты үн, тиісті әуені, музыкалық сазы болады. Сондықтан айтылған сөз бен жазылған сөз тепе-тең бола алмайды. Әрбір сөзді, сөйлемді, сөз тіркесін айтылмақ ойдың мазмұнына сәйкестендіріп айту сөйлеу тілі мәдениетінің басты талабының бірі болмақ».

Мақамды (дикцияны) жетілдіріп, оған сүйкімділік дарыту үшін жаңылтпаш жаттап жаттығу керек.

Тыныс пен дыбыстың үйлестігінен сөздің айқындылығы, дауыстың дикциясы құралады. Дикция деп отырғанымыз тілдің фонетикалық нормасына орай сөздің дыбыстарын анық, айқын айту. Сөз дыбыстарының нақты, айқын айту. Сөз дыбыстарының нақты, айқын айтылуы тіл мен еріннің үлес қимылына байланысты. Тіл мен еріннің қимылдарын арнайы жаттықтыра отырып, тыныс пен дыбыстың үйлестігін, содан кейін дикцияны аша түсуге болады.

Дикция дауыстың интонациясын, яғни дауыстың ырғағынғ дыбыстың күші мен икемділігін, қарқыны мен ұзақтығын, тембрі мен ұзақтығын анықтайды, солардан құралады. Дауыс интонациясының осы құрылымдарын және олардың қолдану аясын игерген адам – өзін-өзі ұстай алатын, өзін таныта алатын сауатты да, ықпалды.

Анық сөйлеу кеңістікке де байланысты. Кең залда баяу, сабырмен сөйлесеніз, сөзіңіз нақ естіледі. Таза мақамға ие шешен баппен сөйлесе де, аудитория анық естиді.

Егер шешеннің интонациясы сөзінің мазмұнына сай келмесе, онда тыңдаушылар алатын мағлұматтарының 30%-40%-ін игере алмайды.

Сондықтан сөйлеуші сезіммен, ойлы сөйлесе, даусы да күмбірлеп шығады. Дауысты біртіндеп күшейту және бәсеңдету абзал.

М.В.Ломоносовтың түсіндіруінше, риторика – төрт бөлімнен құралады. Олар 1) ойлап табы, ойдан шығару яғни шығарымпаздық, 2) әшекейлеу, 3) орналастыру, 4) айта білу, орындай білу.

Шаршытопта сөйлеудің бір қыры – сөзді әсем, әуенмен, көркем, келісті айта білу. Сонда ғана тыңдаушының жүрегіне рухани шәрбат құясыз, жігерлендіріп құлшындырасыз.

«Егер менімен жұрт тек бір қалыпты дауыспен сөйлесетін болса, мен бір жылдан кейін дарға асылып өлер едім» - деген екен атақты ұстаз А.С. Макаренко.

Ұлт, заман атынан сөйлеген би-шешендердің толғаныстарын сазына келтіріп, түрлендіре айту үшін – оның көркемдік қасиеттерін дұрыс түсіну, шапшаң қабылдау қажет. Сөздің мағынасын, ішкі астарын, ішкі рухын сұңғылалықпен сезіне білу абзал. Шынайы екпін қоя білу өнер. Алдымен, билердің, шешендердің өрнекті сөзінің ырғағын ұйқасымен, түйінді төжырымдарын келісті айту әрі дауыс толқынының кейде бәсең айтылуын қадағалау жөн. Сонан соң ірі тармақтың соңынан дауыс толасы болады. Әрі қарай жекелеген түйдектерден кейін ұзағырақ кідіріс болғаны шарт [85,б. 124].

Зерттеушілер шешендік өнерді басқа сөйлеу түрлерінен айыратын белгілері ретінде мыналарды атайды: сөйлеудің ұйқасты-ырғағы, сөздерді таңдау талғамы, сөйлеудің көркемдегіш тәсілдері.

Сөйлеудің ұйқасты-ырғағы ойдың бірнеше үзіктерге тыныс арқылы бөлінуінен туындайды. Бірғақтың негізі – айтылудағы үйлесім және тыныс кідірісі. Цицерон шешендік сөздегі тыныс кідірісін үшке бөледі: аз кідіріс – сөз және сөз тіркесі аралығында жасалады, ғылымда оны фраза деп атайды, орташа үзіліс – тармақтар аралығында болады, үлкен пауза – ой аяқталған жерде жасалады, жазуда оны абзац деп атайды [64,б. 19].

Дауыстың ырғағы, интонациясы дыбыстағы үзіліспен паузамен жалғасып жатады. Пауза дегеніміз музыкалық тыныс, үзіліс. Бұл – дем алысты жеңілдетеді, ойлануға мүмкіндік тудырады, ойды, пікірдібөліп, ерекшелеп айтуға қолайлы жағдай жасайды.

Дыбыс үзілісі – дауысты уақытша тоқтату. Сөздегі үзілістің – үнсіздіктің өзіндік танымдық, арнайы бағытталған маңызы бар. Сөздегі үнсіздіктің мән-мағынасы, әсіресе сұхбаттасуда айқын білінеді. Сөз арасында білместіктен, мәселені ұқпағандықтан туындайтын үзілістер болады. Ол күтпегендік және көңіл басатын жайлар. Біздің айтып отырғанымыз – сөздің бір ырғағынан басқа жаңа ырғағына көшер сәттегі – ырғақты-қисынды (интонациялық-логикалық) және ырғақты-синтаксикалық үзілістер.

Шешендік өнердің қыр-сырын зерттеп жүрген ғалым С.Негимов паузаның бірнеше түрін ажыратып көрсетеді. Біріншісі, тыныс белгілеріне орай грамматикалық кідіріс жасалынады.

Екіншісі, әсер ала білу қабілетіне, ойлау парасатына байланысты психологиялық пауза туындайды.

Үшіншісі, сөздің, сөйлемнің, абзацтың мағынасына қарай логикалық пауза пайда болады. Және де ырғақтық, физиологиялық паузалар бар.

Сөйлеу келте, қысқа үзбелерден, дыбыс шумақтарынан құралады. Олар: 1) фраза, 2) такт, 3) буын [85,б. 125].

Сөйлеу мәнерін жетілдіру үшін мамандар төмендегідей кеңес береді.

1. Демді әбден менгеріп алу үшін қажетті жаттығуларды ерінбей жасау керек.

2. Дауысты дыбыстардың шығуына кедергі келтірмейтіндей, дыбыс тамақта тығылмай еркін шығатындай тіл мен көмекейді икемге келтіру керек.

3. Денеді әрқашан еркіндік болуы керек.

4. Дауыстағы төменгі регистр, жоғары регистр түгелімен пайдалануы қажет.

5. Сөйлегенде дауысты дыбыстарға ұқыпты бола отырып, анық және созыңқырап айту керек.

6. Шыққан демді ұстап қалмай, дауысты дыбыстармен сөздің мағынасына қарай шығару керек.

7. Иек пен жақ еркіндікте болып, тіс ашық болуын қадағалау керек.

8. Тамаққа ерекше күтім жасау керек. Өте ыстық, өте суық, ащы және тұщы тағамдар тамақты ауруға шалдықтырады.

9. Темекі тарту, арақ ішу – дауысқа кедергі келтіріп, құртатын бірден-бір кесел болып табылады.

Бұл ережелер дұрыс орындалса, онда жинақы күйіңіз бен сөйлеу мәнеріңіз ортаның талап деңгейінен шығуға үлкен септігін тигізеді. Одан өзіңіз шабыттанысыз, сөйлеу мәдениетін игересіз. Сөйлеу үстінде тұтығып қалу, кекештену, сақаулану, мінгірлеу сияқты жағымсыз қылықтар шешендікке, сөйлеу өнеріне ашық түрде кедергі жасайды. Тіл мүкістері орын алғанда шешендік өнерге айналмайды. Сөзді бұрмалау дауыстың екпінін дұрыс қоймағандықтан басталады. Екпін сөздің, күрделі сөздің қай бөліміне, яғни негізгі буынына, жұрнағына, қосымшасына және т.б. бөлімдеріне қалай және қашан қойылатынын білу үшін, тілдік грамматиканың арнайы бөлімдерін, немесе арнайы тілдік әдебиеттерді оқып білімді толықтырып отыру қажет. Сонымен шешеннің дикциясын қалпына келтіру қажетті жұмыс [114,б. 287].

Кинесика – адам сезімдері мен эмоцияларының сырт көріністерін зерттейтін ғылыми білім аумағы. Оның ғылыми объектісі ретінде ым-ишара, қимыл-қозғалыс, пантомимика және көз арқылы білдіру (көз арқылы контакт жасау) шығады.

Қазақ кейде ым, ишара арқылы "сөйлесіп" болған жай, іс-қимылды осы арқылы түсіне береді.

Жұдырық түю, саусақ безеу – сесті, танауына қос саусақ тығу – түк бітірмегені, көз қысу – ішкі сезімді, бас шайқау – істің орындалмағанын білдіреді. Халық арасында ым мен ишараның түрлері өте көп. Бұл негізінен сөзді шығындамай-ақ, болған істі баяндаудың немесе жеткізу, түсіндірудің бір жолы. Мұндай тәсіл көптеген халықтарда бар. Ым-ишара қатынасы алғашқы кезде қорқыныш үрейді, қуанып мерейленуді, тоқтатып тиым салуды немесе

ұйғарып қолдауды меңзеген жалпылама түрде санаулы ғана ойды білдірсе, кейінгі даму кезеңдерде барған сайын жетілдіріле түскен.

Шаршысөз дискурсының ақпараттық ықпалының пәрменін арттыруға сөзден тысқары (невербаль) құралдардың атқаратын рөлі айтарлықтай. Ондай құралдар түріне негізінен сөйлеу ырғақтылығы (мелодика речи) деген ұғымға жатқызылатын ритм, қуаттылық, пауза, логикалық және сөздік екпін, дауыс келбеті, ым мен ишара, қол сермеу қимылдары секілділер кіреді.

Ым-ишара (мимика, жест) адамзаттың өзара ақпарат алмасқан көне формаларының бірі. Соған қарамастан, ол қазірге дейін адамдар қатынасында сақталды және кей жағдайда мәдени дәстүр сипатында да көрініс табады. Ым-ишара қатынасы алғашқы кезде қорқыныш үрейді, қуанып мерейленуді, тоқтатып тыйым салуды немесе ұйғарып қолдауды меңзеген жалпылама түрде санаулы ғана ойды білдірсе, кейінгі даму кезеңдерде барған сайын жетілдіріле түскен. Айталық, ақпарат жеткізуге бағытталған адами әрекеттердің негізінде бет-әлпет, қас-қабат, көз-жанар құбылулары мен қимылдарының көбейгендігіне байланысты ішкі ой мен түрлі мазмұнды айқындауға көшкен. Қазіргі ғалымдардың ым-ишараны қарым-қатынастың салыстырмалы түрдегі дербес құралы, адамдардың өзара байланыстарының сөз қолданбайтын қатынас түрі деп тұжырымдаулары кездейсоқ болмаса керек. Бүгінгі таңда түрлі халықтар арасында кеңінен тараған қонақ күту, шығарып салу, сәлемдесу, сый-құрмет көрсету, Жаратушыға табыну, ойнап-күлу, шаруашылық жүргізу, аң аулау секілді рәсімдерде қолданатын дәстүрдің дені ежелгі ым-ишараның жалғасы деуге болады. Сөзден тысқары құрал дегеніміздің өзі, белгілі бір туынды тақырыбының, мазмұнын, жанрының ерекшелігін айқындау үшін тележүргізуші тарапынан жасалатын түрлі әрекеттердің қилы қимылдарының кешені. Әңгіме барысында сөзден тысқары құралдарды қаншалықты дұрыс әрі тиімді қолданса соншалықты нәтижелі болмақ.

Ым-ишара – хабар алмасуда аса үлкен роль адамның ішкі эмоциялық жағдайын бет бұлшықеттерінің қимыл-қозғалысы арқылы бейнелеуге байланысты. Адамға әсер ету құралы болып табылады. Оған қуану, таң қалу, ашу-ыза, қайғыру, қорқыныш эмоциялары жатады. Жағымды эмоциялар (махаббат, қуану, т.б.) нақты білдіріледі және оңай танылады. Жағымсыз эмоциялар (ашу, жиіркену, қайғыру) қиын танылады. Ым-ишараның анағұрлым мәнерлі элементтері қас пен ерін болып табылады. Олардың қалпының немесе пішінінің шамалы ғана өзгеруінің өзі эмоцияның түбегейлі өзгеруіне әкеледі. Осыған байланысты адамның жүздеген эмоциялардың реңктерін өзгерту мүмкіндіктері бар. Мысалы, Л.Н. Толстой күлкінің 97 түрлі реңін айырып жазған.

Адамның көзі ым-ишара бұлшық еттерінің жұмысымен тығыз бірлікте қызмет етеді. Адам көз қарашығының мөлшерін, көздің маңайындағы бұлшықеттердің жұмысын басқара аламайды. Қарым-қатынас серігінің шынайы сезімдері мен ой-толғаныстары жайлы маңызды хабарлардың бұлағы көз болып табылады. Мысалы, егер де серіктес әңгімелесушінің көзімен әңгіменің үштен бір бөлігінен аз уақыт байланыс жасаса, онда ол қандай да бір

хабарды жасырғысы келетіні немесе өзін кінәлі сезінетіні немесе ұят, сенімсіздік білдіретіні анықталды.

Бейтаныс адамның көзбен байланысының ұзақтығынан оның әлеуметтік статусын анықтауға болады. Жоғары әлеуметтік сатыда тұрған адамдар (басқарушы, лидер) қарым-қатынас серігне ұзақ уақыт қарайтыны дәлелденген. Сезімдердің, көңіл-күйлердің көптеген көріністері адамның қимыл-қозғалыстарынан анықталады. Қимыл-қозғалыс «алфавитін», «грамматикасын» білу адамды кітап сияқты оқуға мүмкіндік береді. Мұндай мүмкіндік қимыл-қозғалыстар, ым-ишараларға қарағанда аз мөлшерде сапалы түрде бақылауға алынады.

Вербальдық емес қарым-қатынас саласындағы мамандар А. Пиц, Дж. Ниренберг және Г. Калеро қимыл-қозғалыстардың толық классификациясын береді.

1. «Ашық қимыл-қозғалыстар» және «сенім, ықылас қимыл-қозғалыстары» алақанның визуалдық бақылауы үшін жеңілдігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ, қандай да бір аяқ-қолды айқастырудың болмауымен ерекшеленеді, қолды кеудеге қою мен серіктесіне қолды тигізумен ерекшеленеді. Мұндай қимыл-қозғалыстар серіктестің психологиялық ашықтығы мен адалдығын дәлелдеп, оның тең құқылы өзара әрекеттесуге дайын екендігін көрсетеді.

2. «Жабық қимыл-қозғалыстар» немесе «адал емес қимыл-қозғалыстар» жоғарыда суреттелген. Олар қарым-қатынаста екінші (жасырын) мақсат бар екендігін көрсетеді, серіктестің қарама-қайшы психологиялық міндеттерді шешкелі тұрғандығын көрсетеді.

3. «Бағалау қимыл-қозғалыстары» (иекті қасу, сұқ саусақты беттің бойымен созу, тұрып ары-бері жүру және т.б.) серіктестің сенімсіздік білдіріп тұрғандығын көрсетеді.

4. «Сенімділік қимыл-қозғалыстары» (орындықта отырып ары-бері теңселу, саусақтарды күмбез түрінде біріктіру, мұрынның ұшына қол тигізу) серіктестің өз мүмкіндіктеріне өте сенімді екендігін көрсетеді, өзін жақсы, жайлы сезініп тұрғанын және өзін басқалардан жоғары сезініп тұрғандығын көрсетеді.

5. «өзіне сенімсіздік және шыдамсыздық (неврозность) қимыл-қозғалыстары» (қол саусақтарын алықастыру, алақанды шымшылау, саусақтармен үстелдің бетін ұру және т.б.).

6. «Күту қимыл-қозғалыстары» алақандарды үйкелеу, ылғал алақандарды матаға сүрту, т.б.

7. «Мойындамау (отрицание) қимыл-қозғалыстары» (денені артқа еңкейту, қол мен аяқты айқастыру, мұрынның ұшына қол тигізу және т.б.) серіктестің сенімсіздігінің тұрақты көрініс тапқандығын көрсетеді және фактілер мен дәлелдерге негативті қатынастың деңгейіне жеткендігін көрсетеді [135,б. 89].

Шешен ақпаратты терең, жан-жақты меңгеріп, мақсаткерлік пен икемдікке бейім болу керек. Икем-бейімнің баяндылығы жүйелі жаттығулармен, қажырлы ізденістермен жүзеге асады. Шешеннің өзгеге өзгеше ықпалын ескерер болсақ,

ол – қоғамның көсемі. Шешен сөйлеудің жоғары мәдениетін, атап айтқанда, тілдің жазба түрін (үнділік, үйлесімдік қасиеттерін мұқият сақтау) егжей-тегжейлі меңгеруге тиісті. Тіл құралдары арқылы ой-пікірді дұрыс, дәл, айқын жеткізуге білу талап етіледі. Әдеби тіл нормалары мен сөз қолдану ерекшеліктерін қатаң сақтау, сөздің стилистикалық бояуын шебер қолдану, фразеологиялық оралымдарды ұтымды пайдалану – дарынды, ағынды шешенге тән сипат-белгілер.

Сөйлеу барысында сөйлемнің мән-мәйегін жарқыратып көрсету үшін, сөздің мәнерлі әрі экспрессивтік бояуын түрлендіріп беру үшін, дыбыстың мейлінше айқын, мөлдір, таза естілуі үшін, көркемдік ерекшеліктерін жетік жеткізу үшін шешеннің дыбыстау мүшелер аса жетілген, дамыған болуы керек. Сонда ғана тыңдаушының әдемілік, сұлулық, эстетикалық ой-сезімін оятып, қалыптастырады.

3.3 Шаршытоптағы таныстырылым прагматикасы

Бүгінгі таңда қарым-қатынастың тиімділігі мен көпшілік алдында сөйлеу шеберлігі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы жылдары адамның жетістікке жетуінің басты шарты – аудиториямен сауатты сөйлесу мүмкіндігі талап етілдетін мамандықтар сұранысқа ие. Бұл тек журналист немесе мұғалім мамандығы емес. Бұл экономика, бизнес, саясат, менеджмент және басқа да көптеген адамдармен байланысты қызмет түрі. Сөйлеуді жақсы білетін адам басқалардың құрметіне бірден ие болады. Ол адам әрқашан басқалардың қызығушылығына ие бола отырып, әңгімелесушілерге әсер ете алады. Шешендік өнерді сезімге де, санаға да әсер ететін өнердің бір түрі деп санауға болады. Егер шешеннің сөзі тек құбылыстарды логикалық қабылдау және бағалау қабілетіне ғана ықпал етсе, ол адамның сезіміне әсер етпейді.

Көпшілік алдында сөйлеу шеберлігі адамның ойлауының екі түрін де шебер қолданудан тұрады: логикалық әсер ету және кері әсер ету. Жалаң логикалық конструкциялар адамға эмоционалды әсер ете алмайды, сөйлеу идеясы, оның мазмұны санаға эмоционалды сала арқылы жетеді.

Қабылдаудың рационалды және эмоционалды сфералары бір-бірімен тығыз байланысты. Көпшілік алдында сөйлеу тек ойларды ғана емес, сонымен бірге сезімге де әсер ету керек. Шаршытопта сөйлеудің негізгі шартының бірі – айтар сөзіне дәлел немесе дәйек болатын материалдарды, Яғни суреттер мен сызбаларды, кестелерді қолдану. Ғылым мен техниканың дамуы жоғары деңгейге жеткен кезеңде бұл шартты орындау өте маңызды. Тек пайымдаудан тұратын сөз – тыңдаушының жадында көп сақталмайды. Неғұрлым ақпарат визуалды түрде берілсе, соғұрлым есте сақталады [136,с. 38-44].

Қазіргі таңда кез келген тауарды немесе басқа да жаңа дүниенің таныстырылымы тұсаукесер деп те аталады. Тұсаукесер ұғымы біздің өмірімізге мықтап еніп кетті. Жалпы бұл ұғым қазақ халқы үшін жат емес. Алдымен осы сөздің түсіндірмесіне назар аударайық.

Тұсаукесер – сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Бұл ала жіп

аттамасын деген ұғымнан шыққан. Сол жіппен баланың аяғын тұсап, оны жүріс-тұрысы ширақ әйелге қидырады. Сүріншек, жайбасар адамдарға баланың тұсауын кестірмейді. Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап жүгіртеді, шашу шашылады. Баланың ата-анасы тұсау кесушіге кәдесін береді. Тұсау кесу тойының негізгі жабдықтары 1,5 м ала жіп, өткір қайшы немесе пышақ [137,б. 648]. Соңғы жылдары тілге деген ұлттық рухани сұраныстың күшеюі мен ұлттық сананың беки түсуіне байланысты қолданыста жүрген көптеген сөздер жаңа мазмұнға ие болды. Орысша баламасы бар, яғни аударуға болатын, аударылған елтанымдық терминдер бар. Соның бірі – тұсаукесер сөзі.

Ғылымда «неологизм» деп аталғанымен, тіл айналымына түсетін жаңа сөздердің өзі қолданысына, жұмсалатын өрісіне қарай, сондай-ақ әдеби тілге енген немесе еруге әлеуеті байқалған, жеке тұлғаның, ақын-жазушылардың тарапынан жасалған бірқолданыс сөздер, басқа тілдерден енген сөздер түрінде ажыратылатыны белгілі. Әлемдік ғылымда кейде олардың барлығын да «неологизм» деп танушылық бар. Осы аталғандардың нормалық және нормалану дәрежесі, сөздік құрамға қосылу мүмкіндігі әр басқа болатындығын байқап, ұстаз Р. Сыздық оларға «тілдегі жаңалықтар» немесе «тілдік жаңалық» деген нақты атау береді. Тілдегі жаңалықтарды номинация, терминология, аударма, сөзжасам және сөз мәдениеті салаларымен тығыз байланыста қарау, талдау керектігін көрсетеді. Ғалымның пікірі бойынша тілдегі жаңа қолданыстарды ең алдымен «неологизм», «аэлогизм» және «неолексизм» қатарларына топтастырып барып талдау керек. Ғалым тарапынан көңіл бөлінген өзекті мәселе – бүгінгі жаңа қолданыстардың әлеби тілге ену әлеуеті мен нормалануы [138,б. 85].

Таныстырылым, презентация (лат.praesento – тұсаукесер) – бір нәрсені көрсетуге (ұйым, жоба, өнім және т.б.) арналған құжат немесе құжаттар жиынтығы. Презентацияның мақсаты – көрермендерге ыңғайлы нысаны туралы толық ақпаратты жеткізу. Тұсаукесер – PR-дың маркетингтік құралдарының бірі.

Өнімнің жаңа түрін игеру, компания, банк, филиал немесе филиалдың ашылуы бүгін тұсаукесерсіз болмайды. Бұл мекеменің жеке имиджін, оның даму перспективаларын көрсетуге арналған ерекше жанр. Мәтін түрінде презентация жарнамалық парақшалар, хаттар немесе буклеттер түрінде таратылады. Ауызша түріне ұйымдастырушылардың слайдтарсыз, тауарлар көрмесінсіз, кестелерсіз сөйлеген сөздері жатады. Кейде презентация көптеген журналистердің қатысуымен пресс-конференция түрінде өткізіледі.

Таныстыру сөзі алдын-ала дайындалады, бірақ көпшілік алдында оқылмайды. Э.Пост өзінің әйгілі «Этикет» кітабында: «Егер қаласаңыз, сіз өз сөзіңізді жаза аласыз, бірақ ескертулерді тек дәйексөздерді пайдалануға тырысыңыз, дегенмен оларды мәтінде табу оңай емес. Егер сізге сөйлеу керек болса, оны жаттап алу үшін оны бірнеше рет айтпас бұрын оқып шығыңыз», – деп жазады [139,с. 63].

Таныстырылымды қолдана отырып сөйлеу – көпшілік алдында сөйлеудің бір түрі. Шаршытопта сөйлеудің басқа түрлері сияқты, ол да белгілі бір қағидаларға негізделеді. Олар:

- **Оңтайлы көлем.** Таныстырылымның көлемі оның мақсатына, қолданылуына өте маңызды (жаңа материалды игеру, практикалық сабақтар, аттестаттау, дәріс және т.б.), тыңдаушылардың санын байланысты (жасы, дайындығы т.б.). Жалпы алғанда таныстырылымның көлемі 8-10 слайдтан аз болмауы тиіс. Тәжірибе көрсеткендей, оқу таныстырылымның көлемі 20 слайдтан аспағаны жөн (немесе 12-15 шамасында). Егер слайд тым көп болса көрерменді зеріктіріп жібереді. Ұзақ дәрістертерге арналған танымдық сипаттағы материалы көп презентациялар бұл қатарға енбейді.

- **Қолжетімділігі.** Тыңдаушылардың жас ерекшелігі мен дайындық деңгейін ескерген жөн. Әрбір сөзді, сөйлемді, образды теңеулер арқылы қолданылған түсініктерді меңгергендігін қамтамасыз ету. Барлық жаңа терминдерге түсініктеме берілуі тиіс.

- **Ғылымилығы.** Барлық ережелер, анықтамалар, шешімдер ғылыми негізде жасалуы керек. Түрлі суреттер нақты деректерге кедергі келтірмеуі тиіс.

- **Экрандағы ақпараттың қабылдану ерекшелігінің ескерілуі.** Презентацияларда мәтіндерді аз қолданып, оның орнына сұлбалар, диаграммалар, суреттер, фотолар, анимациялар, фильмнен үзінділер қолданған жөн. Слайдтағы мәтінді көрермен дұрыс қабылдамайды. Сондықтан презентацияларда (әсіресе, гуманитарлық бағыттарда) мәтінді тек

- атаулар, қысқа нақыл сөздер ретінде қолдану керек. Сандарды көп қолданбаған жөн. Презентация элементтері мен олардың жалғасының болуы маңызды. Суреттерді, анимацияларды, видео үзінділерді кезектестіріп қолдану керек. Күтпеген және алуан түрлі анимацияларды тиімді қолданған дұрыс.

- **Әсемдігі.** Презентацияны жақсы қабылдау үшін түстердің сәйкестігі, стиль мен безендірілу әсемдігі үлкен рөл атқарады [140,с. 22].

Орыс ғалымы В.В.Айвазова Apple компаниясының негізін қалаушы Стив Джобстың компания өнімдерін таныстыру кезінде жасаған таныстырылымдарының лексика-стилистикалық ерекшеліктерін зерттей отырып, оны маркетингтік қатынастың бір құралы ретінде көрсетеді. Сондай-ақ, шешен ұсынған тұсаукесердің бағыты мен мақсатын, талданған тәжірибелік материалдардың лексико-стилистикалық ерекшеліктеріне баса назар аударады.

Стив Джобс – әлемдік бизнестегі аты аңызға айналған тұлға, оның табандылығының арқасында бүкіл әлем қарапайым адам қолданатын жеке компьютердің не екенін білді. Компьютерлерден басқа Джобс компьютерлік анимациялық мультфильмдер индустриясын құрды, аты аңызға айналған iPod-ты ұсынды, оның жетекшілігімен Apple компаниясы iPhone коммуникаторын нарыққа шығарды [141].

Стив Джобстың көпшілік алдында сөйлеген сөзі көптеген спикерлер үшін үлгі болып табылады. Әлемдегі миллиондаған адамдар Стив Джобстың Apple-дің жаңа өнімдерін ұсыну қабілетіне таңданады. Сондықтан қазіргі таңда

көптеген ғалымдар Стив Джобстың тұсаукесер мәтіндерін өздерінің зерттеу еңбектеріне талдау материалы ретінде пайдаланады.

Таныстырылым көрсетілетін арнайы жабдықты пайдалану аудиторияның эмоционалды көңіл-күйіне қатты әсер етеді. Жылдам реакцияны қажет ететін сәттерде адамға сенімді суреттердің сериясы айтарлықтай көмектеседі: үлкен экранда күрделі процестерді көрсету құбылыстың ішкі табиғатын жақсы түсінуге, ал сыни жағдайларды көрсету ақпаратты бағалауға және шешім қабылдауға көмектеседі [142,с. 78].

Стив Джобстың таныстырылымдары көп жағдайда динамикалық түрде өтеді, өйткені ол мультимедиялық презентацияларды жиі қолданады. Материалды ұсынудың динамикалық түрін пайдалану шешенге аудиторияның еріксіз назарын үнемі жандандыруға мүмкіндік береді, ал бұл тыңдаушылардың ақпаратты есте сақтау тұрғысынан тиімдірек болып келеді.

Стив Джобстың тұсаукесер мәтіндерінде қолданылатын негізгі тілдік құралдарға және аудиторияға прагматикалық тұрғыдан әсер етуге мүмкіндік беретін композициялық ерекшеліктерге тоқталайық. Тұсаукесер барысында Стив Джобс риторикалық сұрақтарды үнемі қолданады, осылайша көпшіліктің қызығушылығын тудырып және олардың назарын оңай аударады. Шешен көбінесе әртүрлі сын есімдерді салыстырмалы дәрежеде қолданады, бұл арқылы ол тауардың нақты сипаттамасын бермейді, бірақ басқа компаниялар мен олардың өнімдерінен артықшылығын атап көрсетеді [143,с. 190].

Шешеннің айтар ойының жинақы әрі өтімді болуы үшін тұсаукесерге қойылатын жалпы талаптарды орындауымен тікелей байланысты. Олар:

Таныстырылымның құрылымы. Презентация слайдтардан тұрады. Бір ережені дұрыс ұстанған жөн: бір слайд – бір ой. Егер презентацияда тезис пен бірнеше дәлел келтірілсе ол сенімдірек шығады. Слайдта отыз сөз бен бес тараудан артық қолданбау керек. Тақырыбын мазмұнды, шрифт көлемі – 18 пт. аспауы тиіс.

Әдетте таныстырылым мазмұнының жоспары төмендегідей болады:

1. Алғашқы беті (титул). Бірінші слайдта таныстырылымның атауы, автор туралы ақпарат беріледі.

2. Мазмұны. Бұл жерде жоспары, негізгі тараулары, қарастырылатын сұрақтар жазылады.

3. Тараудың тақырыбы.

4. Қысқаша ақпарат. Үшінші және төртінші тараулар қажетінше қайталаынады. Бұл жерде: тезис – дәлел – қорытынды сақталуы керек.

5. Шешімдер. Шешім бөлек слайдта анық көрсетілуі қажет.

6. Назарларыңызға рахмет. Бұл жерде де автордың нақты ақпараты жазылуы керек.

Сіз айтқыңыз келгеннің барлығын слайдқа салу міндетті емес. Бұл жерге тек аудитория жақсы қабылдайтын тезистер, термин сөздер, суреттер, сұлбалар, диаграммалар болғаны жөн.

Таныстырылымды рәсімдеуге қойылатын талаптар.

Презентацияны рәсімдеу кезінде екі блок ереже көрсетіледі:

1. Ақпаратты таныстыру.
2. Слайдтардың безендірілуі.

Таныстырылымды сапалы құру үшін оны безендіруге қойылатын бірнеше талаптарды ұстану қажет.

Ақпаратты таныстырудың көлемі мен түрлері:

- Ақпаратты баяндаудың қысқа түрі ұсынылады.
- Бір слайдқа шамадан көп ақпарат салуға болмайды: адам бір мезгілде үш дерек, шешім, анықтама қабылдай алады.
- Таныстырылымның бір слайды 1,5-2 минутқа есептеледі.
- Маңызды бөлімдер түсінікті болуы үшін әрқайсысы бөлек слайдқа жасалады.
- Слайдта бір бірін толықтырып тұратын түрлі ақпарат болғаны жөн (мәтін, сұлба, диаграмма, кесте, суреттер).
- Тақырыптар қысқа болып, аудиторияның назарын бірден аударатындай болуы керек.
- Мәтін жазған кезде қысқа сөздер мен сөйлемдер қолданылғаны абзал.
- Шылау, үстеу, сын есімдерді аз қолданған жөн.
- Кесте көрсеткен кезде бағандар мен жолдарды аз қолдану керек.
- Барлық ақпарат орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық тұрғыдан қатесіз болуы тиіс.

Таныстырылым баяндамада айтылатын ойды көрнекілік ретінде толықтырып тұруы керек. Баяндама жасалған кезде басты бөлігі болмауы тиіс, алайда материалды толық қайталамауы қажет.

Шаршытоп алдында таныстырылым жасау кезінде адамдардың түстерді қабылдауының физиологиялық ерекшеліктерін ескерген жөн. Олардың маңызды түрлеріне мыналар жатады:

- жылы түстер ретінде: қызыл, сарғыш қызыл, сары;
- салқын түстер тыныштандырып, ұйқылы жағдай тудырады: күлгін, көк, көгілдір, жасыл;
- бейтарап түстер: ашық қызғылт, сұрғылт, сарғыш жасыл, қоңыр;
- екі түстің үйлесімділігі түстің белгісі мен түстің фоны – көрермендерге жайлылық сыйлап, ал кейбір түстер көзді шаршатып, стреске де әкелуі мүмкін (мысалы, қызыл фондағы жасыл әріптер, көк фондағы қызыл әріптер);
- шрифт пен фон түстерінің үйлесімділігі: күрең көк түстегі ақ, ақ түстегі қара, көкт үстегі сары.

Мәтіндік ақпараттарды қолдану ережесі

- мәтіннің ақпараты нақты, мазмұны қысқа және түсінікті болуы керек: қысқа тезистер, есімдер, күндер, терминдер, мәтіннің негізгі тірек сөздері;
- қысқасөздер мен сөйлемдер, шылаулар, үстеулер, сын есімдерді аз қолдану;
- кестелі материалдарды қолдану;
- мәтінді безендірудің жалпы ережелерін пайдалану;
- мәтіннің, әріптердің бірізділігі;
- мәтіндік ақпараттардың көлденең жазылуы;

- әрбір ереже, идея мәтіннің арнайы азатжолы арқылы көрінуі тиіс;
- егер слайдта тек тақырып, сурет болса (фото сурет, диаграмма, сұлба, кесте) жақсы безендірілген болып есептеледі.

Дыбыстық сүйемелдеуді қолдану ережесі

- Дыбыстық сүйемелдеу слайд, презентация тақырыбының маңызы мен ерекшелігін көрсету керек, ол негізгі (маңызды) ақпараттан назарды бөлмеу керек. Егер музыкалық немесе дыбыстық сүйемелдеудің мағынасы болмаса, оны мүлдем қолданбаған жөн.

- Егер ол фондық әуен болса, тыңдаушылардың назарын бөлмей, баяндамашының сөзінің естілуіне кедергі келтірмеуі қажет. Фондық сүйемелдеу ретінде бейрелевант дыбыстарды (әуен, ән) қосу, тыңдаушылардың шаршаңқы сезімін тудырады.

- Дыбысты барлық тыңдаушыларға естілетіндей оңтайлы таңдау керек.

- Мультимедиялық блоктар (бірінші кезекте дыбыстық) таныстырылымда бір мезгілде бірнеше компьютерде отырған тыңдаушыларға көп қолданылмайды (компьютер сыныбында).

- Сонымен қатар, баяндамашы сөз сөйлейтін кезде дыбыстық сүйемелдеулерді мұқият қолданған жөн.

- Таныстырылымды дыбыстаудың негізгі ережесі: нақты уақыт кезінде дыбыс тек бір жерден шығу керек.

Анимациялық әсерлер

Слайдта ақпаратты көрсету үшін компьютерлік анимацияларды қолданған жөн. Бірақ шамадан тыс әсерлерді қолданбау керек, ол аудитория ішінде жағымсыз әсер тудырады.

- анимация жақсы ойластырылған, қысқа болуы керек;

- динамикалық үдерісті көрсету үшін;

- тыңдаушылардың назарын аудару үшін, аудиторияда жақсы орта қалыптастыру үшін;

- мәтіннің анимациясы қабылдауға жеңіл болып, білім алушылар оқып үлгеретіндей болуы тиіс.

- анимация тым тез болмауы керек. Балалар мен жасөспірімдерге арналған презентацияларда тігінен және көлденең эффекттерді қолдануға болмайды.

- адамның түпсанасына мультипликация үлкен әсер етеді. Оның жай видеоға қарағанда, әсері көбірек. Ашық, нақты, тез ауысатын бейнелер түпсанаға тез жатталады.

Алайда осы жағдайда мыналарды ескерген жөн: әрбір бейрелевант қозғалатын нысан материалды қабылдауға кері әсер тудырады, назарды бөледі.

3.4 Шаршысөз дискурсындағы қалжыңның рөлі

Әзіл – юморлық сезімнің, тапқырлықтың жемісі. Алайда, әзіл-оспақ, әзіл-қалжыңды сатира, юморға жатқызуға болмайды. Өйткені, біріншіден, сатира, юмор өмірлік болмыс-құбылыстарды ұзақ уақыт байқап-көрудің, зерттеп-білудің, ақыл-ой, дүниетаным елегінен өткізудің нәтижесінде туады. Сатира, юмор белгілі бір дүниетанымның, саяси-әлеуметтік көзқарастың көрінісі,

сәулесі ретінде, ресми шығарма түрінде, жалпы жұртқа жария етілу үшін жазылады. Ал әзіл-қалжың түріндегі шымшыма сөз кез келген жерде – отбасы, ошақ қасында, той-томалақ, әр түрлі отырыстарда айтыла салады. Онда ресми сипат, кең танымалдық болмайды. Абай мен оның айналасы арасында осындай әзіл-қалжың көп айтылған. Мысалы, Абай Қоңыркөкше болысы болып тұрған кезде, оның үйіне Байкөкше ақын келеді. Ол есіктен ене бергенде Абай оны:

Тақыр жерге қауындап шөп бітеді,

Қай адамға мал мен бақ көп бітеді, – деп іледі. Сонда Байкөкше:

Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң,

Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді, – деп, әзілге әзілмен жауап қайтарады.

Әзіл-қалжың сатира, юмор сияқты ескінің әлеуметтік қалдықтарына, қоғамның ілгері дамуына кесір-кесапат келтіретін зиянды дерттерге қарсы бағытталмайды, айтысып, қағысып отырған жеке адамдарға ғана тиістіріліп, тек соны сөзден тосу ниетімен айтылады. Сатира, юмор міні бар қоғам мүшесінің бәріне бірдей бағыттала береді, ал әзіл-оспақ дәстүрлі сөз қағыстыру реті бар адамдар арасында ғана, яғни құрбы мен құрдас, жезде мен балдыз, жеңге мен қайын, құда мен құдаша арасында айтылады [144,б. 205].

Әзіл – бір адамның екінші адамды ұялту, сөзге тоқтату үшін айтатын ұрымтал да астарлы, көңілді де күлкілі пікірі. Яғни болмысқа, құбылысқа, нақты оқиғаға қатысты көзқарасты білдірудің, баға берудің бір түрі. Әзілде де сынап-мінеу, іліп-шалып, тәлкек ету ниеті жатады. Тек сол ниет жүрекке ауыр тимейтін етіліп, қалжыңға сүйеп жүзеге асырылады. Сондықтан да қазақ мұны “әзіл-оспақ”, “әзіл-қалжың” деп қосарлап атайды. Дегенмен, ащы әзілдерде сатираның уыты, көңілге қаяу түсірмейтін әзілдерде юмордың белгілері жүреді [145,б. 296].

«Әзілің жарасса, атаңмен ойна» деседі, қазақ баласы. Расында, адам сезімі мен жүрегінің түбіне терең бойлай отырып, көңілдің нәзік те сырлы күйін асқан шеберлікпен шертетін, табиғат ананың бізге берген тамаша бір сыйы – сатира мен юмор. Өркениетті әлемде алдына жан салмай дамып келе жатқан АҚШ секілді елдердің жұмыс берушілері командаға еруге ұсыныс жасаған адамның әзіл-қалжыңға қаншалықты жақындығына аса назар аударып, егер ойларынан шықса, ол шынымен де әзілқой әрі қалжың түсінетін жан болса, міндетті түрде артықшылық беретіні кездейсоқтық болмаса керек.

Әзіл-сықақ дегеніміздің өзі айналып келгенде, дарындылық пен көркемдік ойлаудың, өткір де ұтымды сөздің, теңіздей терең ақыл-парасаттың, жібектей әсем сезімнің жиынтығы. Бұл тұрғыдан келсек, оның адам баласына дарыған аса бағалы құндылық екендігіне көз жеткізесің. Әзіл жоқ жерде әзәзіл мен ашу-ызаның орнайтыны белгілі. Сондықтан да шығар, ұлы жазушы Ф.М.Достоевскийдің «сатира – терең сезімнен туатын өткір ой» десе, ғұлама философ И.Канттың «сатира дегеніміз жайма-шуақ көңіл-күйге дарын-қабілеттің өз жөнімен оралуы» – деп, анықтама берген.

Әр адамда тіл үйірер дәмдіні, сарайды ашар жұпар иісті сезінуі санқилы болатыны секілді әзіл-қалжыңды түсінуі де тума жаратылысына, сезім-түйсігіне қатысты болатыны бар. Таланттың өзін еңбекпен нәрлендіріп

ашатыны секілді әзіл сезіну қабілетімізді де жетілдіріп, жоғарылатып отырмасак, талғамсыздыққа ұрындырмақ. Негізі, сатираға деген талғам мен талап күшейген сайын ой-өрісіміз кеңейіп, өнерге деген танымымыз тереңдей түспек. Жалпы, ойы жүйрік, санасы сергек, ақылы терең жандар ғана шебер әзілдей алатын көрінеді. Өмірде әзілдеспек тұрмақ оны ұқпайтын қабағы қату адамдар кездеседі. Қазақ ондайларды «аузында әзілі жоқтың белінде шоқпары жүреді» деп аса сақтықпен қарағаны кездейсоқтық емес. Зерттеушілердің мәлімдеуінше, әзіл-қалжыңды сезіну қабілеті артқан сайын сатираны түсініп қабылдау мен оны айтып, жазып жеткізу мүмкіндік жетілдіріле түседі екен.

Сатиралық туынды шынайы өмірден негіз алған іргесі берік, мазмұны тиімді тәсілмен айшықталған нанымды, бір деммен оқып шыққанда немесе тыңдағанда тез ұғылатын жеңіл әрі көңілге қонымды болғаны абзал. Бұл жерде қысқа да нұсқа болуы да таланттың өлшеміне айналмақ. Тауып атылған әзіл ғана соны жеткізушінің дарын-қабілетін айғақтайтыны, оны естіген немесе оқыған адамның көңілін жайландырып, жадыратыны белгілі. Сонысымен де ол жүректі иландыра ем іспетті. Әзіл-қалжыңның да өзіндік уақыты мен кеңістігі, көздейтін нысанасы болмақ. Мерзімін дәл тауып, орнын дөп басқанда ғана ол шынайы әзіл-сықақ. Егер олай болмаса, әлденені бүлдіріп, басқа пәле болып жабысуы мүмкін.

Қалай десек те, әзіл-сықақ адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналғаны ақиқат. Әр саналы азамат айналасын әзіл-қалжыңсыз елестете алмайтын шығар. Психологтардың мәлімдеуіне, адамның қуанып күлгенінен гөрі әзіл-сықақтан туған күлкі денсаулыққа анағұрлы пайдалы көрінеді. Сол сияқты ресми тұрпатта айтылған он сөйлемнен әзілдеп айтқан бір сөйлемнің әлдеқайда салмақты әрі адамға терең ой салатыны анықталған. Әзіл-сықақтың құдіретін айта берсек, көп-ақ. Ренжіскен ағайынды татуластыратын да, булыққан ашу-ызаны тарқататын да, арасы ашылған достарды жақындататын да қасиеттері баршылық.

Алайда, күлдірудің де сан қилы жолдары бар. Адамды қытықтап күлдіру үшін асқан данышпандық пен әсіре таланттылықтың қажеті жоқ. Ал, адамның ішкі әлеміне терең бойлап, көңілді тербеп-тебіренге отырып күлдірудің жөні басқа. «Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат» деп ұлы Абай айтпақшы, ол үшін ақыл, сезім және дарын-қабілеттің айырықша шешімі қажет етіледі.

Әзіл-сықақтың миссиясы тек қана күлдірумен шектелмейтіні белгілі. Оның қоғамда атқаратын өзге де қызметтері жетерлік. Қоғам өміріндегі масылдықты, надандықты және өзге де моралдық жағымсыз әрекеттерді әшкерелеп, оны күлкімен емдеудегі сатираның рөлі орасан. Сол арқылы сатира бізді ұятты істерден, жат қылықтардан құтқарады. Әр істі орнымен, жөн-жосығымен дұрыс жасауымызға бейімдейді. Сатираның көзі өткір, тілі удай ащы болғанымен тигізетін пайдасы ұшан-теңіз. Сонысымен адам баласының жадында ұзақ сақталады және тәрбиелік мәні өте зор.

Шындыққа ең жақын тұратын да осы әзіл-сықақ. Мейлі, ол қатты айтылса да көңілге терең ой салатындығымен, мініңді түзеп, мінезінді жөнге салатындығымен әрдайым тәтті. Өмірден алшақ, шындықтан қашық әзіл-сықақ

неше жерден күлкілі болса да көңілге қонбайды. Күлкіге қалудан қорқудың өзі адамды шындыққа қарай жетелейтін көрінеді. Арамдық ойлап, оны іште сақтаудың соңы іріп-шіруге әкелмек. Сондықтан, сатираны оқу арқылы әркім көңілін сергітіп, арын тазалайды. Дегенмен, ол үнемі тың ойды қаузап, жаңалықты іздемесе, бұрынғысын қайталап, бір ғана шеңбердің аясынан шыға алмаса күлдіру қабілетінен айырылып, жұртты жалықтыра түседі. Бұл туралы атақты жазушы Эрнест Хэмингуэй «Егер сатириктің әзіл-сықағы қайталана бастаса, жұртты мезі етіп жалқаулыққа қарай жетелейді» деген (<https://abai.kz/post/12331>).

Ресей ғылымында «саяси қалжың» тіркесі салыстырмалы түрде соңғы жылдары қолданылып келеді. 1990 жылдары А.Дмитриев өзінің саяси-әлеуметтік зерттеулеріне нысаны ретінде қарастырды. Өзінің көлемді зерттеуінде осы мәселеге қатысты бірқатар сұрақтардың жауабын береді. Әлеуметтік теориядағы күлкі мен қалжыңның қызметін анықтай отырып, «әзіл – сатира, ирония, пародия сияқты жанрлардың біріккен жиынтығы», - деген қорытынды жасайды [146,с. 132].

Осы тақырыпқа байланысты еңбектердің қатарына ғалым А.А. Иванюшкиннің «Политический юмор как фактор взаимодействия общества и власти» атты еңбегін қосуға болады. Ол өзінің зерттеу жұмысында саяси қалжыңды саяси ғылымға қатысты термин екендігін айта отырып, оның саяси кеңістіктегі рөлі мен маңызын анықтады. Халық пен билік арасындағы қарым-қатынасқа әсер ететін саяси қалжыңның негізгі үлгілерін сипаттап, қызметі мен ішкі мазмұнын, генезисін анықтады. Ресей саясатындағы саяси қалжыңның негізгі үрдістеріне назар аударды [147,с. 87].

Аталмыш тақырыпқа байланысты еңбектердің қатарына В.В. Разуваевтың «Политический смех в современной России» еңбегі қосылды, онда автор саяси күлкінің табиғатын, оның қазіргі қоғамдағы қызметін, орыс тіліндегі генезисін қарастырды. В.Разуваев саяси күлкіні саяси мәдениеттің призмасы арқылы анықтайды [148,с. 84]. 1999 жылы А. Дмитриев саясаттану мәселелері бойынша жарық көрген алғашқы орыс энциклопедиялық басылымында саяси әзілдің қызметі мен мақсатын анықтады.

Саяси қалжың билік қоғам арасын жалғастырушы қасиетімен сипатталатын саяси үдерістің өзгермелі әрі ажырамас бөлігі. Себебі, көтеріңкі көңіл сыйлап, агрессияны төмендетеді және көптеген тұлғааралық қақтығыстарды болуына жол бермейді.

Саяси әзіл жағымды және нәзік, сонымен бірге дөрекі әрі жағымсыз болуы мүмкін. Сондай-ақ, саяси әлеуметтену; сәйкестендіру, саралау және келісу; қарым-қатынас; қақтығыстар мен келісім сияқты бірнеше қызметті қатар орындайды. Саяси қалжыңның басты міндеттерінің бірі саясат және оның өкілдеріне деген қоғам қызығушылығын ояту [149,с. 458].

Адамзаттың қалыптасуы белгілі бір кезеңдерден тұратыны сөзсіз. Саясат та сол сияқты. Әр мемлекетте ғана емес, бір елдің өзінде әртүрлі саяси көзқарас, әр жікке бөлінген саясаткерлер көп. Саясат – ұстаным, саясат – билік,

саясат – экономика дегенімізбен ол ұстараның жүзіндей құбылып тұратын, аса үлкен сақтықты талап ететін басты құрал.

Бір ауыз сөздің бір адамды ғана жарға жығып қоймай, бүкіл бір ұлттың тағдырына әсер ететіні белгілі.

Бөтен елге елшілер жіберу, сауда, бітім жасау, соғыс ашу, бейбітшілік мәмілеге келу ежелден келе жатқан үрдіс. Сондықтан елшілердің білімділігіне, шешендігіне баса назар аударған. Мына бір әзілдің астарына көз жүгіртсек. Ресейдің бір саясаткері қазақ ғалымына: – Сіздердің аяқтарыңыз неге қисықтау болып келеді?, – деп сөз тастапты. Сонда ғалым: – Әрине, 300 жыл сіздердің мойындарыңызға мініп келмедік пе?, – деген екен.

Қалжыңның түп-төркінінен Алтын Орданың жеріндегі билік құрғаны, орыс князьдарын ашса алақанында, жұмса жұдырығында 3 ғасыр ұстағанын түсіну қиын емес.

Әрбір қалжыңда шындықтың да үлесі бар екенін саясат сахнасындағылар жақсы біледі. Ресейдің 90-жылдардағы саясаткері «Общее дело» партиясының көшбасшысы Ирина Хакамада: «Мен биліктің алдында кеудемді жалаңаштадым» деуі, өзінің «билік алдында әлсіз емеспін, бәріне де дайынмын» дегені шығар.

Ірі тұлға, кемеңгер саясатшы, қазақтың біртуар ұлы Тұрар Рысқұловтың турашылдығын, батылдығын дәлелдейтін мына бір әзілі өзіне оқ боп қадалатындығын білмесе керек. 30-жылдары Сталиннің қылышынан қан тамып тұрған шағында, Т.Рысқұлов Мәскеуде СовНаркомда істеген кезі болса керек, кезекті бір жиынға бірер минут кешігіп келген оған Сталин: – Төрлет қазақтың ханы, депті. Сонда Тұрар: – Рақмет, төрге грузиннің князі жайғасып қапты, маған осы түс жетеді, – деп, қарсы алдына жайғасыпты.

Халықсыз қоғам, ал қоғам саясатсыз болуы мүмкін емес. Алайда саясат қоғамға жұмыс жасауы тиіс. Саясаткердің міндеті – өз пікірін қорғау арқылы, қоғамның мүддесін қорғау.

1947 жылы Қаныш Сәтбаев Уинстон Черчиллмен кездесіпті. Академиктің бойының ұзындығына таңғалған Ұлыбританияның экс-премьері: – Басқа қазақтар да дәл сіздей ірі ме?, – деп сұрапты. Сонда академик: – Қазақтардың ішіндегі ең аласасы мен шығармын, менің халқым менен де ірі, - деп жауап беріпті. Әлемді аузына қаратқан ұлы адамның бұл сөзі бәзбіреулерге қалжың боп көрінгенмен, түсінгендер үшін өз ұлтын, ұлтының ұлылығын бәрінен биік қою деген ұғым.

Әлемді аузына қаратқан әйгілі тұлғалар саясатқа байлықпен немесе басқа жолмен келген жоқ. Олар білімді де, сөз өнерін де қатар меңгерген адамдар.

Үшінші бөлім бойынша тұжырым

Қазіргі қоғамда шешендер мен шешендік сөздердің, шаршы топтың сипаты өзгерді: шешендер білім-ғылым, оқу-ағарту, тәлім-тәрбие, мәдениет-өнер тақырыптарын қозғаған көркем сөз иелері ақындар мен жазушылар, ғалымдар, журналистер болса, тыңдаушы топ – білім-ғылым, оқу-ағарту, мәдениет саласындағы көпшілік. Кейінгі қоғамда шешендік өнердің көрінетін

орындары – жоғарыдағы көрінетін тақырыптарға арналған жиналыс, конференция, съезд, симпозиум, семинар, диспуттар болды.

Шешен шебер сөйлеумен ғана емес, әсерлі, мәнерлі жеткізе білу қабілетімен де ерекшеленуі керек. Баяндамасын немесе басқа да сөйлер сөзін басынан аяғына дейін мықтап дайындаумен қатар, мінбеде өзін-өзі еркін, мәдениетті ұстауға тиіс, ашық та айқын даусы, ым-ишараты, сәнді қимыл – қозғалысы, аудиториясың ішкі атмосферасын қадағалайтын қырағы көзі, өз ерік-жігеріне бағындыратын қасиеті болса, тыңдаушыларын жалықтыруы мүмкін емес.

Шешен бейнесі жеке тұлғалық ерекшеліктермен шектелмейді. Ол ел-жұрттың өмір-салтынан, замана талабы секілді көптеген факторлардың ықпалдардың нәтижесінде қалыптасатыны айқын. Әр заманда шешендердің өз келбет-кейпі, бейнесі жасалғаны да шындық.

Бейвербалды қатынас құралын оқып үйренуде төмендегі ғылымдарға жүгінеміз: 1. Кинесика – адамның ішкі сезімі және көңіл күйі; ым-ишара, бет құбылыстары, дене мүшелерінің қозғалыстары (пантомимика), бүкіл дене қозғалысы қимыл мен ым арқылы ғана жасалатын қозғалыс, дене тұрысы, қалып, кейіп, бас ию, жүріс, келбет. 2. Такесика – жанасқан қарым-қатынас жағдайында болатын құбылыстар: қол алысуда, сүйісуде, тиіп кеткенде, сипағанда және т.б. 3. Проксемика – кеңістікте болған қатынаста адамдардың орналасуын зерттейтін ғылым саласы. Жалпы адамдардың қарым-қатынасына қатысты әрекеттер екі үлкен тармақтан тұрады. Оның бірі – тілдік қатынас, екіншісі – тілсіз қатынас. Тілдік қатынас пен тілсіз қатынастың ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар. Бұл қатынастардың сәйкес жақтары: олардың екеуі де, біріншіден, адамдардың бір бірімен байланысын қамтамасыз етеді. Екіншіден, тілдік қатынаста да, тілсіз қатынаста да белгілі бір дерек, ой, мағлұмат хабарланады, бірақ тілсіз қатынаста хабар шартты түрде болуы мүмкін. Үшіншіден, тілдік, тілсіз қатынас та адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады. Ұғынысу тікелей жолмен емес, сырттай болуы да мүмкін, мұндай жағдайда да адамның белгілі бір хабарды ұғып, соған қатысты іс әрекет жасауына мүмкіндік туады.

Дауысты игере білу – шешендік шеберліктің маңызды көрсеткіші. Кәсіби сөйлеу дауысының негізгі қасиеттері деп төмендегі қасиеттерді атауға болады:

- дыбыс күшінің жеткіліктігі;
- дауыстың жіберілуі;
- дыбыстың жылжымалылығы;
- дауыс тембрі.

Презентация (лат.praesento – тұсаукесер) – бір нәрсені көрсетуге (ұйым, жоба, өнім және т.б.) арналған құжат немесе құжаттар жиынтығы. Презентацияның мақсаты – көрермендерге ыңғайлы нысанда презентация нысаны туралы толық ақпаратты жеткізу. Тұсаукесер – PR-дың маркетингтік құралдарының бірі.

Таныстырылымды қолдана отырып сөйлеу – көпшілік алдында сөйлеудің бір түрі. Шаршытопта сөйлеудің басқа түрлері сияқты, ол да белгілі бір қағидаларға негізделеді. Оған төмендегі белгілер тән:

- Оңтайлы көлем
- Қолжетімділігі
- Ғылымилығы
- Экрандағы ақпараттың қабылдану ерекшелігінің ескерілуі
- Әсемдігі

Әзіл-сықақтың миссиясы тек қана күлдірумен шектелмейтіні белгілі. Оның қоғамда атқаратын өзге де қызметтері жетерлік. Қоғам өміріндегі масылдықты, надандықты және өзге де моралдық жағымсыз әрекеттерді әшкерелеп, оны күлкімен емдеудегі сатираның рөлі орасан. Сол арқылы сатира бізді ұятты істерден, жат қылықтардан құтқарады. Әр істі орнымен, жөн-жосығымен дұрыс жасауымызға бейімдейді. Сатираның көзі өткір, тілі удай ащы болғанымен тигізетін пайдасы ұшан-теңіз. Сонысымен адам баласының жадында ұзақ сақталады және тәрбиелік мәні өте зор.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі тіл білімінде шаршытопта сөйлеуді риторикалық және тілдік құбылыс ретінде зерттеу өзекті мәселердің бірі болып отыр. Сондай-ақ, тілдік құралдардың қолданылуы мен оның көпшілікке ықпал етуі назардан тыс қалған емес. Шаршытопта сөйлеудің прагматикалық аспектілерін зерттеуде лингвистикалық және экстралингвистикалық құралдарды пайдаланудағы шешеннің рөлі маңызды болып табылады.

Шаршысөз дискурсының лингвопрагматикалық аспектісін анықтай отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

– прагматикалық деңгейде тілдік тұлға қоршаған ортамен тығыз байланысты және оған тәуелді болып келеді. Бұл объективті қажеттілік оның психикасында көрініс табады. Қажеттілік қызығушылыққа, ал қызығушылық идеалға айналады. Адам тұлға болып тумайды, тұлға болып қалыптасады. Тұлға өзге адамдармен, әлеуметтік институттармен қатынаста, әлеуметтік байланыстар жүйесінде танылады. Тілдік тұлғаның мәні қарым-қатынас құндылығы деңгейінде ашылады.

– тіл когнитивтік құрылымдардың ментальдік көрінісі көмегімен дүние туралы білімдерді концептілеу мен категориялау процесінде дүниенің ғаламдық бейнесін көрсетіп, түсіндіріп береді. Концептілер жүйесі немесе концептілік жүйе дүниенің концептілік, тілдік суретінің негізгі бөлігі, рубрикатор болып табылады. Тілдік таңбалар мен оның ішіндегі бейнеленген мәдени, әлеуметтік шындық құбылыстар арасындағы қатынас когнитивтік семантика мен вербалдану тәсілдерінің, мазмұнын құрайды.

– прагматика – бүгінде қазақ тіл білімінде өрісі кеңейіп келе жатқан салалардың бірі. Қазіргі таңда қолданыс тіліндегі стиль мәселесін стилистиканың прагмастистика саласы зерттесе, коммуникация бағытында тілдің субстанциялық және функционалдық қасиеттерін зерттеумен прагмалингвистика саласы шұғылданады.

– перлокутивті ықпал тікелей сөйлеу актісінен тыс болатындықтан, сөйлеу актілері теориясы иллокутивті күштерді талдауға бағытталған, ал «сөйлеу актісі» мен «иллокутивті акт» терминдері синонимдер ретінде қабылданады. Иллокутивті күштердің жалпыланған түрі сөйлемнің грамматикалық құрылымынан көрінеді (хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдер). Иллокутивті мақсаттар біртұтас мазмұнды диалог құру барысында айрықша маңызға ие, өйткені сұрақ жауапты талап етсе, кінәлау не ақталуды, не кешірім өтінуді қажет етеді.

– кез келген халық тілі – сол халықтың шынайы этникалық болмысының айнасы. Тілді жаңа ғасыр баспалдағында теориялық-танымдық үрдісте зерттеу қажеттігі туып отыр. Бұл үрдіс тіл мен адам санасын тұтастықта қарастырып, тілдік білімді адам миының жемісі, күрделі ассоциативті-вербальді құрылым, болмысты рух пен ой бірлестігінде танытушы жүйе ретінде кешенді сипаттауға негізделеді.

– мәтін – мағыналық және құрылымдық аяқталуымен, автордың хабарға көзқарасымен, хабардың нысандылығымен және прагматикалық ұстанымымен сипатталатын ауызша немесе жазбаша формадағы хабар.

– дискурс – сөйлесу арқылы берілетін ойдың әлеуметтік астарына талдау беретін ұғым. Дискурс адамдардың сөйлеу арқылы жасаған қарым-қатынасы нәтижесінде мән-мағыналы болады, яғни мағына мен белгі, сөз бен ойдың бірлігін айқындайды.

– қатынас стратегиясы сөз тактикаларының көмегімен іске асады. Сөз тактикасы дегеніміз – ол нақтылы жағдайда қойылған мақсаттарға жеткізетін сөздік тәсілдер болып табылады. Сөздік тактикалар тұрмыстық қатынастарда немесе іскерлік салада іске асырылып жатады. Кейде әр түрлі деңгейдегі сөздік тактикалар бір-бірін толықтырып, кірігіп жатады. Сөздік тактикалар мен стратегиялардың жан-жақты болатындығын ескерсек, әр түрлі әлеуметтік топтарға сөз арқылы ықпал жасағанда әр түрлі сөздік тактика қолдану керек;

– шешендік дискурстың басты қызметі – деректер мен дәлелдерді келтіре отырып сенімді ақпарат беру. Дәлелдеме жұмысы әмбебап сипатқа ие. Дегенмен, дәлелдемелік стратегия, дәлелдеме түрін таңдау шешеннің өз құзырында;

– сөздердің мәдени концепті қатарына енуі олардың прагма-сипаттарына байланысты. Яғни лингвомәдени концептілер тіл білімі мен мәдениеттанудың өзара сабақтасқан тұсында пайда болып, өзіндік мәнге ие болады;

– монологтың өзге сөйленістерден ерекшелігі – бір адамның ойы ғана көрініс табады. Мысалы, өзіміз күнделікті театрдан тамашалайтын сахналық көріністе кейіпкер өзімен-өзі сырласқандай болып, тыңдаушы немесе көрерменнен ешқандай жауап күтпейді;

– қазіргі шешендікті мазмұнына қарай бес топқа бөледі. Олар мыналар: 1. әлеуметтік-саяси мәндегі шешендік; 2. академиялық шешендік; 3. сотта айтылатын шешендік; 4. әлеуметтік тұрмыста қолданылатын шешендік; 5. діни қызметте қолданылатын шешендік;

– Н.Назарбаевтың белгілі бір тілдік бірліктерді қолдану себебін тілдік бірліктердің, тілдік түйдектердің барлығы халықты рухтандыру, жайлы психологиялық жай-күйді қалыптастыру қызметін атқарып отырған құрылымдар. Сөйлемдердің бұлай құрылу себебі белгілі бір ұғымға, берілу керек ақпаратқа акцент түсірудің, теманы актуалдаудың амалы;

– Елбасының әлемдік имидж қалыптастыруда ұлттық мүддені бірінші орынға қоя білуі – негізгі ерекшелігі деп тануға болады. Ол әлемдік тұлға ретінде мемлекеттің мүддесін танытады, ішкі жағдайлар мен үдерістерді көрсетеді.

– Елбасы өз сөзінде рухани құндылықтарға (тәуелсіздік, білім, бейбітшілік, тұрақтылық, интеграция, мәдениет, тіл), материалдық құндылықтарға (мұнай-газ, қазба байлық, табиғи қорлар), әлеуметтік құндылықтарға (қоғам, отбасы, мемлекет, ұлт) баса назар аударады. Сонымен қатар еуразиялық одақ мәселесін көтеріп жүруі біртұтас кеңістікке ұмтылуға

деген әрекеті ретінде мемлекеттік негізгі толеранттылық құндылығын танытады.

– Президент өзінің сөйлеу мақсатына байланысты нұсқау береді: олар ұсынады, жариялайды, атап өтеді, құттықтайды, төрағалық етеді, сендіреді, ақпараттандырады. Әрбір жаңа әлеуметтік рөл президентке жаңа міндеттер, жаңа жауапкершілік жүктейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Оразалиева Э. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2007. – 302 б.
- 2 Алефиренко Н.Ф. Фразеология и когнитивистика: в аспекте лингвистического постмодернизма. - Белгород: Изд-во Белгородского ун-та, 2008. – 257 б.
- 3 Тахо-Гади А.А. Термин «символ» в древнегреческой литературе. Вопросы классической филологии. - М., 1980. - Вып. 7. - 28 с.
- 4 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: учеб. пособие. – 3-е изд., перераб. и доп. – Минск: ТетраСистемс, 2008. – 272 с.
- 5 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Известия РАН. Сер. лит. и яз. – М., 1993. – Т. 52, №1. – С. 3-9.
- 6 Петренко В.Ф. Проблемы эффективности речевого воздействия в аспекте психолингвистики // Оптимизация речевого воздействия. – М., 1990. – С. 18-31.
- 7 Тарасов Е.Ф. Межкультурное общение – новая онтология анализа языкового сознания. Этнокультурная специфика языкового сознания. – М., 1996. – С. 7-22.
- 8 Чикилева Л.С. Когнитивно-прагматические и композиционно-стилистические особенности публичной речи: дис. ... анд. филол. наук. – М., 2005. – 496 с.
- 9 Ключев Е. Речевая коммуникация: учебное пособие для университетов и институтов. – М.: Рипол Классик, 2002. –186 с.
- 10 Әлкебаева Д. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. – Алматы, 2005. – 190 б.
- 11 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. –Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 12 Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 292 б.
- 13 Нұрмұханов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1987. – 287 б.
- 14 Еспекова Л. Қадыр Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998. – 164 б.
- 15 Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөзі материалдары негізінде). – Алматы, 2007. – 450 б.
- 16 Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: филол. ғыл. док. ... ис. – Алматы, 2001. – 206 б.
- 17 Арутюнова Н.Д. Дискурс. Языкознания. Большой энциклопедический словарь / под ред. В.Н.Ярцевой. – М.: Большая Российская Энциклопедия, 1998. – 507 с.
- 18 Саткенова Ж. Кейіпкер тілінің когнитивті аспектісі: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2005. – 127 б.
- 19 Әбікенова Г. Когнитивті лингвистика. – Семей, 2008. – 118 б.
- 20 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984. – 205 б.

- 21 Маслов А. Психология бытия / пер. с англ. О.О. Чистякова. – М., 1997. – 209 с.
- 22 Қожахметова Ф. Т. Ізтілеуовтың тілдік тұлғасының дискурстық сипаты: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 35 б.
- 23 Виноградов В.В. Избранные труды: О языке художественной прозы. М.: Наука, 1980. – 360 с.
- 24 Леонтьев А. Язык, речь, речевая деятельность. - М.: Просвещение, 1969. – 214 с.
- 25 Богин Г.И. Концепция языковой личности: автореф. ... док. филол. наук. - Л., 1982. - 31 с.
- 26 Мұратова Г. Абайдың тілдік тұлғасы: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2009. – 303 б.
- 27 Ермекова Ж.М. Жұмабаевтың тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2010, – 31 б.
- 28 Кушкимбаева А.С. М.Әуезовтің тілдік тұлғасы: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2015. – 305 б.
- 29 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 112 б.
- 30 Сыздық Р. Қазақ сөзінің әсемдік құдіретін жоғалтпалық // Мемлекеттік тіл және рухани мәдениет: профессор Ш.Сарыбаевтың 75 жылдығына арн. ғылыми-теор. конф. матер. – Алматы, 2001. – 270 б.
- 31 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М., 2003. – 261 с.
- 32 Богин Г.И. Модель языковой личности в её отношении к разновидностям текстов: АДД. – Л., 1984. – 208 с.
- 33 Сухих С.А., Зеленская В.В. Репрезентативная сущность личности в коммуникативном аспекте реализации. – Краснодар, 1997. – 174 с.
- 34 Хасанов Б. Мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасы және тілдік орта. – Астана, 2008. – 264 б.
- 35 Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы, 1998. – 182 б.
- 36 Апресян Ю.Д. Интегральное описание языка и системная лексикография // Избранные труды. – М., 1995. - Т. 2. – 147 с.
- 37 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования. – М., 1997. – 824 с.
- 38 Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Ан-Арыс, 2007. – 195 б.
- 39 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. – Алматы, 2001. - №4. – Б. 39-43.
- 40 Қасым Б. Когнитивтік лингвистика: Таным. Уәждеме. – Алматы, 2014. – б.
- 41 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингво-мәдени сараптама): филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2004. – 228 б.
- 42 Раев Д.С. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы, 2001. – 228 б.

- 43 Оспанова Б. Лингвомәдениеттану: оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2018. – 152 б.
- 44 Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
- 45 Бекмағамбетов Ш. Тілдік таным негіздері және тілдік символдар. – Алматы, 1999. – 218 б.
- 46 Топоров В.Н. К вопросу о семантических мотивированных обозначениях пространства и времени в древнегерманских языках // Известия АН СССР. Серия: литература и язык. - 1985. - Т. 44, вып. 5. - 418 с.
- 47 Нысаналин А. Әбунәсір әл-Фараби. Трактат және өлеңдер. – Алматы, 1974. – 38 б.
- 48 Төрекұлов Н. Қазақтың 100 би-шешендері. – Алматы, 1995. – 384 б.
- 49 Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері. филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2002. – 50 б.
- 50 Оңдасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы, 1974. – 384 б.
- 51 Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. – Алматы, 2002. – 109 б.
- 52 Жартыбаев А.Е. Состав и структура топонимов Карагандинской области: автореф. ... канд. филол. наук. - Алма-Ата, 1991. - 21 с.
- 53 Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы, 2006. – 280 б.
- 54 Иванова С.Ф. Искусство диалога, или Беседы о риторике. – Пермь: Западно-Уральский учебный центр, 1992. – 200 с.
- 55 Зарецкая Е.Н. Риторика: Теория и практика речевой коммуникации. – 3-е изд., испр. – М.: Дело, 2001. – 480 с.
- 56 Михальская А.К. Основы риторик: мысль и слово: учебное пособие. – М.: Просвещение, 1996. – 416 с.
- 57 Голубева-Монаткина Н.И. Классификационное исследование вопросов и ответов диалогической речи // Вопросы языкознания. – 1991. - №1. – С. 125-134.
- 58 Вольвак Н.П. Фактор адресата в публичном аргументирующем дискурсе: дис. . канд. филол. наук: 10.02.01. – Владивосток, 2002. – 189 с.
- 59 Кохтев Н.Н. Ораторская речь: композиционно-стилистическая структура: автореф. ... док. филол. наук. – М., 1993. – 49 с.
- 60 Волков А.А. Основы риторики: учебное пособие для вузов. – М.: Академический проект, 2003. – 304 с.
- 61 Фрейдина Е.Л. Риторическая функция просодии: на материале британской академической публичной речи. – М., 2005. – 407 с.
- 62 Жұмағұлова А.М. Шешендік сөздердің дискурсы. – Алматы, 2008. – 117 б.
- 63 Филиппов А.В. Публичная речь в понятиях и упражнениях: уч. пособие. – М., 2004. – 160 с.
- 64 Қосымова Г.С. Шешендік өнердің негіздері. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2007. – 296 б.

- 65 Қазақ тілі. Энциклопедия. - Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі; Қазақстан даму институты, 1998. – 509 б.
- 66 Энциклопедия / бас ред. Р.Н.Нұрғалиев.-Алматы: «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
- 67 Пірәлиева Г. Ішкі монолог. – Алматы, 1994. – 138 б.
- 68 Хализев В. Речь как предмет художественного изображения. – М., 1975. – 143 с.
- 69 Словарь русского языка // В 4 т. АН АССР / под ред. А.П.Евгеньевой. –3-е изд., стереотип. – М.: Русский язык, 1988. – 800 с.
- 70 Маслова А.Ю. Введение в прагмалингвистику: учебное пособие. – М.: Флинта; Наука, 2010. – 152 с.
- 71 Барт Р. Мифологии. Избранные произведения. – М.: Прогресс, 1994. – 96 с.
- 72 Ибраева Ж.Қ. Психолінгвистика негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 125 б.
- 73 Құдиярова А. Қарым-қатынас психологиясы (ортақтасу). – Алматы, 2006. – 182 б.
- 74 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. – 815 б.
- 75 Ахатова Б.С. Политический дискурс и языковое сознание. – Алматы: Экономика, 2006. – 302 с.
- 76 Ворожбитова А.А. Лингвориторика: самопроектирование сильной языковой личности (схемы, таблицы, алгоритмы, самонастрой). – Сочи: СГУ, 2016. – 84 с.
- 77 Томанов М., Исаев С., Ибатов Ә. Түркі әдеби тілі мен қазақтың жазба әдеби тілінің сабақтастығы. Қазақ әдеби тілі тарихының проблемалары. – Алматы, 1987. – Б. 54-69.
- 78 Будагов Р.А. Проблемы изучения романских литературных языков. - М., 1961. – 308 с.
- 79 Левин В.Л. История русского литературного языка. - М., 1957. – 204 с.
- 80 Филин Ф.П. О свойствах и границах литературного языка // Вопросы языкознания. - 1975. - №6. – С. 177.
- 81 Чикобава А.С. Введение в языкознание. - М., 1953. - Ч. 1. – 504 с.
- 82 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің онтологиясы. Мақалалар / құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.
- 83 Садырбаев С. Шешендік өнер. – Алматы, 1984. – 185 б.
- 84 Адамбаев Б. Шешендік өнер. – Алматы, 1999. – 204 б.
- 85 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 б.
- 86 Супрун А.Е. Лекции по теории речевой деятельности. – М., 1996. – 405 с.
- 87 Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. – 905 с.
- 88 Зимняя И.А. Психолінгвистические аспекты обучения говорению на иностранном языке. – М., 1978. – 220 с.
- 89 Апресян Г. З. Ораторское искусство. – М., 1972. – 304 с.

- 90 Момынова Б.Қ. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.
- 91 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы, 1997. – **160 б.**
- 92 Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы, 2000. – 270 б.
- 93 Темірболат А.Б. Риторика (основы ораторского искусства): учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 136 с.
- 94 Әбдіқұлова Р. М. Жанр және шығарма: оқу құралы. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 288 б.
- 95 Янушкевич А. Күнделіктері мен хаттары. – Алматы, 1979. – 272 б.
- 96 Кони А.Ф. Избранные произведения // В 2 т. Статьи и заметки. Судебные речи / сост. Л.Б. Амелин. - Изд. 2-дополненное. – М.: Госюриздат, 1958. – Т. 1. – 609 с.
- 97 Қаржаубаев Е.Қ. Қазақстан Республикасы сот билігінің мемлекеттік билік тармақтарымен өзара қатынасын қамтамасыз ету мәселелері: заң ғыл. док. ... автореф. - Алматы, 2009. – 40 б.
- 98 Алимжан К.А. Суд биев как обычно-правовое учреждение и институт обычного права // Право и государство. – 1998. – №2. – 79-80 с.
- 99 Саменова А.Ж. Юрислингвистика – тіл білімінің жаңа саласы. <http://www.rusnauka.com>.
- 100 Жүзбаев Б.Т. Криминалистикалық сараптамаларды жіктеу мәселелері. // ҚР Ішкі істер министрлігі Қарағанды академиясының хабаршысы. – 2011. - №4. - С. 43-45.
- 101 Баллюзек Л. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие, в Малой киргизской орде силу закона // Записки Оренбургского отдела Императорского русского географического общества. - Казань, 1871. - Вып. 2. – С. 24.
- 102 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер . – өнд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
- 103 Черняевская В.Е. Дискурс власти и власть дискурса: проблемы речевого воздействия: **уч.** пособие. – М.: Флинта, Наука, 2006. – 136 с.
- 104 Нехорошева А.М. Особенности языковой личности политического лидера Германии Ангелы Меркель. – 2013. // <https://cyberleninka.ru/>
- 105 Гаврилова М.В. Лингвокогнитивный анализ русского политического дискурса. – СПб., 2005. – 468 с.
- 106 Чудинов А.П., Будаев Е.В. Современная политическая лингвистика. - Екатеринбург, 2006. – 55 б.
- 107 Спиридовский О.В. Лингвокультурные характеристики американской президентской риторики как вид политического дискурса. – Воронеж, 2006. – 255 с.
- 108 Каслова А.А. Метафорическое моделирование президентских выборов в России и США: 2000 г. – Екатеринбург, 2003. – 207 с.

- 109 Стрельников А.М. Метафорическая оценка политического лидера в дискурсе кампании по выборам президента в США и России. – Екатеринбург, 2005. – 177 с.
- 110 Худяков А.В. Лингвокогнитивные особенности президентского дискурса конца XX – начала XXI веков: на материале дискурсов президентов России и Франции. – Тамбов, 2018. – 196 б.
- 111 Cowart D. Literary Symbiosis: The Reconfigured Text in Twentieth Century Writing. – London, 1993.
- 112 Дементьева М.К. Языковые средства выражения оценки в современном российском официальном политическом дискурсе // Политическая лингвистика. – 2009. – №4(30). – С. 82–92.
- 113 Төрөқұл. Н. Даланың дара ділмарлары. – Алматы, 2001. – 592 б.
- 114 Молдабеков Ж. Шешендік: оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2009. – 432 б.
- 115 Қазақ сөздігі (қазақ тілінің үлкен бір томдық сөздігі). – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 б.
- 116 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы, 1996. – 222 б.
- 117 Әлкебаева Д. Стилистика және оның проблемасы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2004. - №4. – Б. 41-43.
- 118 Сперанский М.М. Правила высшего красноречия. – М., 1844. – 228 с.
- 119 Арын М. Бес анық (тәрбие туралы толғамдар). – Алматы, 1996. – 282 б.
- 120 Леубаева А. Қазақ шешендік өнерінің көркемдік-тағылымдық мәні. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 136 б.
- 121 Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы, 1991. – 186 б.
- 122 Гумбольдт В. фон. Избранные труды по языкознанию. – М., 1984. – С. 307-323.
- 123 Аманбаева А.Ж. Интонациялық бірліктердің прагмалингвистикалық сипаты. Эксперименттік – фонетикалық талдау: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2006. – 119 б.
- 124 Жалалова А.М. Интонацияның дискурстық сипаты (қазақ және ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде: филос. док. PhD ... дис. – Алматы, 2016. – 187 б.
- 125 Жүнісбеков Ә. Просодика слова в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 80 с.
- 126 Касевич В.Б. Фонологические проблемы общего и восточного языкознания. – М., 1983. – 293 с.
- 127 Бондарко Л.В., Вербицкая Л.А. Гордина М.В. Основы общей фонетики. – Спб., 2000. – 160 с.
- 128 Аманбаева А., Жұмабаева Ж.Т. Просодикалық тәсілдер арқылы сөйленім синтезін құру // «Тіл біліміндегі цифрлық технологиялар: қазақ

тілінің ұлттық корпусын құру» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Тіл білімі институты, 2017. – 385 б.

129 Базарбаева З.М. Қазақ тіліндегі интонация жүйесі. – Алматы, 1996. – 226 б.

130 Пороховщиков П.С. Искусство речи на суде. – Тула: Автограф, 1999. – 320 с.

131 Кони А. Ф. Искусство речи на суде. Судебные речи знаменитых русских адвокатов / сост. и ред. Е.Л. Рожникова. – М.: Гардарика, 1997. – 392 с.

132 Әбдіхалықов М.Н. Сөздік қатынас негіздері. – Астана: Фолиант, 2007. – 374 б.

133 Елшібаева Қ.З. Шешен сөйлеудегі просодикалық құралдардың тиімді әсері // «Қазақстанның өмірі мен ғылымы» журналы. - 2018, сәуір. – Б.68-73.

134 Балақаев М. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965. – 186 б.

135 Ниренберг Дж., Калеро Г. Как читать человека словно книгу. Язык тела. - М.: Сада, 1992. – 195 б.

136 Горбанев М.А. Правила публичной речи. - М.: Флинта; Наука, 2008. - 134 с.

137 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 873 б.

138 Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаналықтар. Ғылыми танымдық зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 272 б.

139 Пост Э. Этикет. - М., 1996. - 173 с.

140 Колтунова М.В. Презентационная речь как разновидность публичной речи // Современные проблемы науки и образования. – 2016. – №3. – С. 47.

141 Айвазова В.В. Лексико-стилистические особенности презентаций продуктов компании Apple Стива Джобса как разновидности публичной речи // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2014. – Т. 20. – С. 4776–4780 // <http://e-koncept.ru/2014/55220.htm>

142 Иствуд А. Я вас слушаю. – М.: Гнозис, 2009. – 108 с.

143 Кони А.Ф. Советы лектора. – М.: Гнозис, 2009. – 201 с. Тексты презентаций Стива Джобса // <http://www.myshared.ru/theme/prezentatsiyadjobsa> (дата обращения: 10. 01.2014).

144 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010. – 915 б.

145 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.

146 Дмитриев А. В. Социология политического юмора. – М.: **Росспэн**, 1998. – 198 с.

147 Иванюшкин А.А. Политический юмор как фактор взаимодействия общества и власти: дис. ... канд. полит.наук. – М., 2006. – 154 с.

148 Разуваев В.В. Политический смех в современной России. – М.: ГУ-ВШЭ, год.2002 - 182 с.

149 Политическая энциклопедия // В 2 т. Нац. обществ.-науч. Фонд / рук. проекта Г.Ю.Семигин. – М.: Мысль, 2000. - Т. 2. - 660 с.

150 Есенова Қ. Лингвоясаясаттануға кіріспе. – Алматы, 2017. – 258 б.

151 Айтмұхаметова Қ.Ө. Сөз мәдениеті және іскерлік риторика (мемлекеттік қызметшілерге арналған): оқу құралы. ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы. – Астана, 2015. – 186 б.

ҚОСЫМША А

Тілдік бірліктер

№	Тілдік бірліктер (мысалдар)	Тақырыбы, түрі, сипаты
1.	<p>Уәлихан қайтыс болғанда Байдалы бидің оның ханымы Айғанымға:</p> <p>Қайрат деген қыран бар, Қайғыға тізгін бермейтін. Қайғы деген жылан бар Өзекті шағып өрлейтін. Мен қайғыңды қозғағалы келгенім жоқ, Қайратыңды қолдағалы келдім, – деп көңіл айтуы шешендік арнауға жатады.</p> <p>Бөлтірік шешеннің: Үлкен алдында иіліп сөйле, Кіші алдында сызылып сөйле. Иіліп сөйлегеннен белің бүгілмейді, Сызылып сөйлегеннен сөзің үзілмейді, – Күншілдік деген бар, содан сақтан, Кекшілдік деген бар, содан сақтан. Астамшылық деген бар, одан алыс жүр. Сарандық деген бар, одан қалыс жүр. Қараулық деген бар, одан таза бол, Ынсапсыздық деген бар, содан аман бол!</p>	Шешендік арнау
2.	<p>Асан қайғы:</p> <p>Құйрығы жоқ, жалы жоқ Құлан қайтіп күн көрер? Аяғы жоқ, қолы жоқ Жылан қайтіп күн көрер? Жалаң аяқ балапан Қаздар қайтіп күн көрер? Шыбын шықса, жаз болып, Таздар қайтіп күн көрер? Көлде жүрген қоңыр қаз Қыр қадірін не білсін? Қырда жүрген дуадақ Су қадірін не білсін? Көшіп-қонып жүрмеген Жер қадірін не білсін?!</p>	Шешендік толғау
3.	<p>Мөңке би:</p> <p>Бұл заманда не ғаріп? Қадірін біліп ұқпаса, Дүррі гауһар сөз ғаріп. Замандасы болмаса, Қария болар тез ғаріп. Қаз, үйрегі болмаса, Айдын, шалқар көл ғаріп</p>	
4.	«Мөңке би Кіші жүз, Шекті елі екен. Орта жүзде бір	Шешендік дау

	<p>Жәнібек, Ұлы жүзде бір Жәнібек болған екен. Екеуінің қайсысы салдырғанын білмейді, әйтеуір бір Жәнібек қажылардың барып жүрген орнына Тройцкий деген қала салдырғалы алғашқы қазықты шаныштырған екен. Мұны естіп Мөңке би бұл қай Жәнібек екен деп, Кіші жүз Шекті елінің Нұралы ханына келіп сұрайды. Бірнеше күн өткен соң Орта жүздің сәуегейі Жәнібекке кездесіп, сәлем бергесін: «Балам, қай ру, қай елсің»,– депті. Бала «Шектімін»,– дейді. – «Жылқым жоғалып,– сіздердей аталардан үміт етіп, қайдан іздесем табар екем деп келіп едім». Жәнібектің әдеті, бал ашарда атынан түсіп, ертоқымын басына жастап, орамалын бетіне жауып жатып ұйықтаса, түс көреді екен. Аз-мұз мызғып жатады да түрегеліп сөйлейді: «Жылқыңды ешкім айтпай-ақ табасың. Үшеуі жатыр, төртеуі түрегеліп тұр екен», – дейді. Сонда Мөңке «Сіз сәуегейлікпен жылқының қайда екенін білдіңіз. Сөйте тұра сіз қазақ елінің қамын неге ойламайсыз. Тройцкийге көңіл бөлгенше, кейінгі қазақ нәсілінің келешегін неге болжамайсыз?», – деген екен.</p>	
5.	<p>Мөңке би: Жақсыны алдар жезбенен, Іріткі салар сөзбенен. Өзен мен көлге атақты, Толтыра салар қаланы</p>	Шешендік дау
6.	<p>Абай: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір, бірталай өмірімізді өткіздік...» (Бірінші сөз).</p>	Монолог
7.	<p>«Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады» (Бесінші сөз)</p>	Монолог
8.	<p>«Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік», – дейді, бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады - білмейді» (Алтыншы сөз).</p>	Монолог
9.	<p>«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат, Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат...»«Ішім өлген, сыртым сау, Көрінгенге деймін-ау, Бүгінгі дос – ертең жау, Мен не қылдым, япырм-ау?!»</p>	Монолог
10.	<p>«Әрдайым осылай», «Мұнымен қадам басқан сайын кезігесің», «Бұл үнемі қайталана береді».</p>	Қорыту стратегиясы
11.	<p>«Міне, мысалы», «Мысалы, өткен аптада», «Біздің саясаткерді алыңыз. Ол...».</p>	Мысал келтіру
12.	<p>«Бұл сұмдық, ... ұят, масқара...»</p>	Күшейту стратегиясы
13.	<p>«Олардың арасында жақсы адамдар да кездеседі», «Қорқудың қажеті жоқ, бірақ...», «Саясаткерлер де осылай жасай алады»</p>	(Айқын) көну, жол беру стратегиясы
14.	<p>«Бізге көп жылдар бойы еңбек етуге тура келді, ал олар жәрдемақы алады және ештеңе істемейді»</p>	Қарама-қарсылық стратегиясы
15.	<p>«Маған жалпы алғанда бәрібір, бірақ басқа депутаттар біздің фракцияға наразылық білдіріп отыр».</p>	Жылжу стратегиясы
16.	<p>«Білмеймін», «Мен олармен араласпаймын», «Олардың не істеп жатқандығы маған бәрібір», «Менің уақытым</p>	Ауытқу стратегиясы

	жоқ...»	
17.	«Саған емес, маған»	Қарсыласу стратегиясы
18.	«Саған да жоқ, маған да жоқ».	Қашу стратегиясы
19.	«Маған емес, саған».	Жол беру стратегиясы
20.	«Саған қанша болса, маған да сонша».	Ымыра стратегиясы
21.	«Барлығы саған да, маған да»	Ынтымақтастық стратегиясы
22.	«Менің сөзім құдды өнер туындысы секілді, сондықтан мен өзімнің тыңдаушыммен белгілі бір гармониялық байланыста боламын».	Үйлесімділік категориясы
23.	«Менің сөзім өзгелердің пікірімен санасу мен мойынсынудан тұрады».	Мойынсүну категориясы
24.	«Менің сөзімнен әлемге деген сүйіспеншілікті байқауға болады және мен дау-жанжалдардан аулақпын»	Әлемді сүю категориясы
25.	«Мен ешқашан ашуға бой алдырмаймын, менің сөйлеген сөзімнен байсалдылық, бірдоғалық, салмақтылықты байқауға болады»	Ашуға бой алдырмау/байсалдылық категориясы
26.	«Менің сөйлеген сөзім тыңдаушыма қуаныш сыйлайды, мен тілдік тұрғыдан алғанда оптимистпін, мен өзім қолданатын сөздердің бәрін бақылауда ұстаймын»	Қуаныш категориясы
27.	«Мен көп сөзділіктен аулақпын, қысқа әрі тұжырымды сөйлеймін, сондай-ақ қайталауларға жол бермеймін»	Аз сөйлеу ұстанымы
28.	«Мен өтірік сөзден өзімді аулақ ұстаймын және барынша шынайы сөйлеймін».	Ақиқат пен шынайылық ұстанымы
29.	«Мен барынша сабырлы сөйлеймін, менің сөздерімнен, дауысымнан, бет-әлпетімнен мейірбандылық көрініп тұрады	Сабырлық пен мейірбандылық ұстанымы
30.	«Мен ешқашан ұрыс пен жанжалға жол бермеймін».	Айқай, жанжалдан аулақ болу ұстанымы
31.	«Жала жабу, өсек айту, дәлелсіз кінәлау – адам бойындағы ең жаман қасиет деп ойлаймын».	Жала жабу, өсек, айыптаушылық пен мінеушіліктен бас тарту ұстанымы
32.	<p>Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Мәтінге назар аударайық:</p> <p>«Құрметті отандастар! Құрметті Парламент палаталарының төрағалары, депутаттар, Үкімет мүшелері! Парламенттің кезекті сессиясының жұмысы күрделі кезеңде басталып отыр.</p> <p>Елімізде жер-жаһанға зор қауіп төндірген пандемияға қарсы күрес әлі де жалғасуда. Біз азаматтардың өмірін және денсаулығын қорғау үшін бар күш-жігерімізді біріктірдік. Осындай сын сағатта ынтымағы жарасқан халқымыз жұдырықтай жұмылды.</p> <p>Індетпен күрес дана халқымызға тән асыл қасиеттердің арқасында жүзеге асты. Өзгеге қолұшын созып, тілеулес болу, тосыннан келген кеселге қарсы тұру маңызды екені анық байқалды.</p> <p>Дәрігерлерге, құқық қорғау органдарының</p>	Әлеуметтік-саяси шешендік

	<p>қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, еріктілерге, кәсіпкерлерге және осындай шақта бейжай қалмаған барша азаматтарға шын жүректен алғыс айтамын. Сіздер айрықша табандылықтың және зор жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсеттіңіздер.</p> <p>Бұл Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктің көрінісі деп санаймын»</p>	
34.	<p>Ә.Кекілбаев: «Өмір құбылыстарына психологтің көзімен қарайтын адам, ең алдымен, сол құбылыстың барша озғыны мен тозғынын, кемелдігі мен келеңсіздігін көре білетін кейіпкерді табуы, тануы қажет».</p>	<p>Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шешендік сөздер</p>
35.	<p>Ә.Кекілбаев: «Жазушының, ақынның қоғамдық болмыстың тұңғышына да, асқарына да бірдей ұмтылған өзгеше еңбегінің жалғыз-ақ өлшемі бар. Ол – оның адам жүрегіне қаншалықты жақындай алғаны».</p>	<p>Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шешендік сөздер</p>
36.	<p>Ә.Кекілбаев: «Өткенге әртүрлі қарауға болады. Өткенге өскенді дәлелдеп қарау бар да, өшкенді дәлелдеп қарау бар. Тарихқа өткенде мынандай керемет едік деп қарайтын көз ұлтшылдықтың сырқаты. Ал, енді өткеннің бәрін қу тақырға жорып, қуратып қоятын бір көзқарас тағы бар. Ол адамзаттың ежелгі тарихын айналасы бес-алты ұлттың еншісіне беріп, өзгені шөміштен қысатын шовинистердің жанына майдай жағады. Тарихқа деген шын көзқарасқа бұлардың екеуі де атымен жат».</p>	<p>Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шешендік сөздер</p>
37.	<p>Ә.Кекілбаев: «Өнерде шәкірттік сезімін жоғалтқан адам ұстаз бола алмайды».</p>	<p>Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шешендік сөздер</p>
38.	<p>Ә.Кекілбаев: «Тарих қанмен жазылып, қанмен түзетіледі».</p>	<p>Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шешендік сөздер</p>
39.	<p>Ә.Кекілбаев: «Өмір бойы алысып-жұлысып жүріп пысықайлықпен табылатын өтірік даңқ араға жыл түспей жатып, көшкен жұрттағы күл төккен төмпектей жермен-жексен шөгіп, жұтап шыға келеді».</p>	<p>Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шешендік сөздер</p>
40.	<p>Ә.Кекілбаев: «Өмір сүйген ақын азаматтық ақтық демі таусылар сәттің өзін әзірейіл көргендей шошына суреттеп, күңірене күйзелмей, парасатты бейнелейді. Бұл құбылыс – оның дара таланты».</p>	<p>Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шешендік сөздер</p>
41.	<p>Ә.Кекілбаев: «Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ».</p>	
42.	<p>Ә.Кекілбаев: «Арлы адам – ең күшті адам. Өйткені, ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойын ұсынбайды. Сондықтан да оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуы мүмкін, өкінішті болуы мүмкін емес».</p>	<p>Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шешендік сөздер</p>

43.	<p>И.Сапарбай (Хабиба Елебекованың 90 жылдығына арнап жазған құттықтауы): Сіз Тоқсандасыз, Тоқсандасыз! Шыңдасыз! Шығандасыз! Оқшаудасыз! Отыз бен Жиырманың арасында, Талайдың жүрегіне от салғансыз. Апырай, сол бір мөлдір қайда күндер, Лағыл нұр, Лала дала, Ләйла-гүлдер?! Қызығып кім көз салмас қыз балаға, Сүзіліп қарамайды Айға кімдер?.. Апа! Сіз арда жансыз, Арман - әнсіз. Арусыз, Қардан да аппақ арлы адамсыз. Тілегін жүз жігіттің тыңдай жүріп, Жүрегін Жүсекеннің таңдағансыз.</p>	<p>Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шешендік сөздер</p>
44.	<p>М.Шахановтың Шыңғыс Айтматовты жерлеу кезінде айтқан сөздері: «...Бішкек қаласында мемлекеттік тулар төмен түсіріліп, бүкіл қырғыз елімен бірге, әлемдік кеңістікте рух парасатын ардақ тұтар өзге халықтар да мұң құшағында тұрған сәтте, Айтматовты жерлеуге әкетіп бара жатқан сан мыңдаған қалың топтың алғашқы легінде, ағайын-туыстарының арасында, нақ бір есі кіресілі-шығасылы адамдай есеңгіреп мен де қозғалып бара жаттым. Енді оның пенде көздер қанша жерден тырысса да аласарта алмайтын екінші ғұмыры, мәңгілікке ұласқан мазмұнды ғұмыры басталды».</p>	<p>Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шешендік сөздер</p>
45.	<p>М.Шаханов: Екі Шыңғыс ғұмыр кешті мына ұмытшақ ғаламда, Екі дара із қалдырды олар елге, заманға. Екеуі де дарынымен, жалынымен лаулады, Бірі қылыш, найза кезеп, бірі рухпен баурады. Екеуі де сан миллион адамдарды жаулады, Екеуін де еске сақтап қалды қырғыз таулары. Оның бірі – даңқ көгіне зорлығымен тырмысқан, Жарты әлемді қан қақсатқан бас қолбасшы Шыңғыс хан. Екіншісі – қару еткен рухи-намыс қанатын, Қара күшке қарсы қойған адамдықтың санатын, Әр жүректін айдынында ізгілік боп жанатын, Жаңа Манас – ұлы Шыңғыс Айтматов болатын... Иә, екінші Манассың сен, Манаспен тең данасың. Күнде рухпен, сөзбен емдеп мәңгірттердің санасын Және ана-табиғатпен тауып мәңгі жарасым, Енді Алатаудан да зор ШЫҢҒЫС-ТАУ боп қаласың!»</p>	<p>Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұндағы шешендік сөздер</p>
46.	<p>Құран-кәрім «1. Ей, пайғамбар, Алладан қорқыңыз және көпір, фықтарға бойынсұнбаңыз! Әлбетте, Алла білуші және даналық иесі болған зат. 2. Және, (тек қана) сізге Раббыңыз тарапынан уахи етілетін аяттарға ілесіңіз! Әлбетте, Алла – сендер істеп жатқан амалдардан хабардар. 3. (Жалғыз) Аллаға тәуекел етіңіз! Алланың Өзі</p>	<p>Діни шешендік</p>

	жетерлі уәкіл-сақтаушы. 4. Алла біреудің ішінде екі жүрек жасаған емес, (сондай-ақ), сенде зихар еткен әйелдеріңді де сендерге ана еткен және асыранды балаларыңды да өз балаларың еткен. (Бұл Яғни әйелдеріңді «ана» деулерің, асырандыларыңды «бала» деулерің) сендердің ауыздарыңдағы сөздерің. Жалғыз Алла шындықты айтады және Оның Өзі (тура) жолға салады»	
47.	М.Тазабеков кезекті бір сұхбат барысында журналистің: «Жалпы, дін жолында жүрген жандарды біздің қоғам артық қадам жасамайтын, шалыс баспайтын, айналасындағыларға тым қатты қарайтын адам ретінде елестетеді. Осы пікірді қалай жоққа шығаруға болады? Мәселен, сіз үй шаруасына көмектесетін шығарсыз немесе көпшілік біле бермейтін, сүйіп істейтін шаруаңыз бар шығар...?! – деген сауалына: – «Мұсылманның амалы сөзінен алдын жүруі керек. Пенде жақсы көрген адамынан ғана дін үйренгісі келеді. Алла Елшісі пайғамбар (с.ғ.с.) сондай еді, өз киімін өзі жамайтын, үй шаруасына көмектесетін. Көбінде мұсылман адамның сөзі емес, ісі насихатқа айналуы керек. Жетпей тұрған жері ғана сөзбен айтылады. Бірінші кезекте үйінде жақсы көретін жарым деп әйелің күтіп отырса, ұл-қызың әкем келді деп қуанса, туысың сенің жанашырлығыңды сезініп жүрсе, іс-әрекетіңмен айналады сүйсіндіре алсаң, міне, сен нағыз мұсылмансың», – деп тапқыр жауап берген.	Діни шешендік
48.	Н.Ә. Назарбаев: «Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі», «қазақ болмысының келесі бірі ерекшелігі – оның тарихшылдығы»	Елбасы дискурсы
49.	Н.Ә. Назарбаев: Қазақ – жады мықты халық; шежіресі, тарихи шежіресі: «Қазақ болмысының келесі бірі ерекшелігі – оның тарихшылдығы», «ал біздің жеті аталық ұстаным, рулық байланыс институттары, белгілі дәрежеде сол желілік типтегі далалық биокомпьютердің рөлін атқарып, күн сайын өз жадын өзі мыңдаған есе кеңейтіп отырған»	Елбасы дискурсы
50.	Н.Ә. Назарбаев: Қазақ – парасатты халық: «мұндай дүниетанымның негізі – сахара тұрғыны күнделікті өмірде байтақ кеңістіктің табиғатымен және әр түрлі адамдарымен сан-сапалы байланысқа түскенде үнемі тыңнан туындап отыратын ахуалға сай әмбебап қисынды тауып отырудың қиындығында болса керек. Осындай жағдайға орай қазақтардың бұқаралық санасы ұдайы ақыл-парасатты басшылыққа алып, әбден сыннан өткен аталы сөзге ден қойып отырған».	Елбасы дискурсы
51.	Н.Ә. Назарбаев: Қазақ – рухани текті халық: «Жеті аталық ұстаным әрбір қазақтың, бүкіл халықтың құлағына күн сайын бабалары	Елбасы дискурсы

	туралы тек жақсылықты құйып, рухани тектілігін дәріптеп, ұлттық сенімін орнықтырып отырған.	
52.	Н.Ә. Назарбаев: Қазақ – арсыз мінез-құлықтан ада халық: «Түркілер кек кууды, жалған жарамсақтықты, екіжүзділікті, құлық-сұмдықты, өсек-аянды, достарына менмендікпен қарауды, көршілеріне паңдана тәккапарлық танытуды білмейтін халық».	Елбасы дискурсы
53.	Н.Назарбаевтың тілдік тұлғасындағы когнитивтік белгілер: Ұлы дала, ру, дала дүниетанымы, жеті ата, алып сахара, жад, Рух, Сана, Ар-ұят, Аруақ, ұлан-байтақ дала, ата-баба, түрік, қара шаңырақ, көшпелілер әлемі, Бірлік, Тәңір, атты әскер, Еуразия, әскери өнер, Адам (түркі рухының қасиетті жиынтығы), аңыз, түйсік, тұтастық.	Елбасы дискурсы
54.	Қымбатты қазақстандықтар! Құрметті депутаттар! Құрметті отандастар! Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз! Өз жұмыс орындарыңызда отырып, осы жұмысқа әрқайсысыңыз атсалысыңыздар. Немқұрайлылық танытпаңыздар. Елдің болашағын барша халықпен бірге жасаңыздар! Қадірлі халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!	Елбасы дискурсы
55.	Отан хақында. Отанды сүю – өркениеттіліктің бірінші белгісі. Отаншылдық рух бізге ауадай қажет.	Елбасы дискурсы
56.	Тәуелсіздік жайында. Тәуелсіздік Туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек.	Елбасы дискурсы
57.	Халық жайында. Көп ұлтты ел болу – біздің байлығымыз, мақтанышымыз. Кез келген халыққа бәрінен бұрын асқақ рух керек. Қазқатың ұлттық рухы оның ерлігінде жатыр. Кез келген мемлекеттік қуаты – халқында. Біз – қашанда өткенге салауат айтып, жарқын болашақтан жақсы үміт күткен халықпыз.	Елбасы дискурсы
58.	Ел бірлігі жайында. Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ – тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық. Ел бірлігі – ең үлкен қасиет. Бірлік – біздің қасиетті туымыз.	Елбасы дискурсы
59.	Нұрсұлтан қаласы жайында. Жаңа Астана- Нұрсұлтан қаласы – ежелгі қазақ жерінің төрі. Нұрсұлтан қаласының келбеті – ұлт келбеті. Астанасына қарап елін таны.	Елбасы дискурсы
60.	Экономикалық ұстанымдар. Теңге – ел тұрақтылығы мен тәуелсіздігінің белгісі. Кәсіпкерлік – азаматтық қоғамның тірегі, тұрақтылықтың кепілі.	Елбасы дискурсы
61.	Демократия, қоғамдық қатынас. Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқандай міндеттерді шеше алмаймыз. Мемлекеттік идеологияның бізге керек аса қажет бір бұтағы, қомақты тармағы – халықты, ұрпақты патриотизмге отаншылдық рухқа елді, жерді	Елбасы дискурсы

	сүюге, қорғауға жұмылдыру. Саясат безбеншісі – халық. Демократия – әлемнің өркениетті елдерінің таңдауы, яғни біздің де таңдауымыз. Парламент – саяси мәміле мектебі. Оппозиция – демократияның бір белгісі.	
62.	Халық туралы: «Қадірлі халқым! Менің бата дарыған халқым»	Елбасы дискурсы
63.	«Тәуелсіздік» сөзінің мәнін тереңдете түсу үшін бірнеше синонимдік қатарды қолданады, мысалы: «Ұлы күн», «Ұмытылмас күн», «Ұлағатты күн», «Ардақты күн». Сондай-ақ, Елбасының тілдік қорындағы «Алтын параграф», «Кіндік уақыт»	Елбасы дискурсы
64.	Абай Қоңырқөкше болысы болып тұрған кезде, оның үйіне Байкөкше ақын келеді. Ол есіктен ене бергенде Абай оны: “Тақыр жерге қауындап шөп бітеді, Қай адамға мал мен бақ көп бітеді”, – деп іледі. Сонда Байкөкше: “Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң, Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді”, – деп, әзілге әзілмен жауап қайтарады.	Шаршысөз дискурсындағы қалжың
65.	Ресейдің бір саясаткері қазақ ғалымына: – Сіздердің аяқтарыңыз неге қисықтау болып келеді?, – деп сөз тастапты. Сонда ғалым: – Әрине, 300 жыл сіздердің мойындарыңызға мініп келмедік пе?, – деген екен.	Шаршысөз дискурсындағы қалжың
66.	30-жылдары Сталиннің қылышынан қан тамып тұрған шағында, Т.Рысқұлов Мәскеуде СовНаркомда істеген кезі болса керек, кезекті бір жиынға бірер минут кешігіп келген оған Сталин: – Төрлет қазақтың ханы, депті. Сонда Тұрар: – Рақмет, төрге грузиннің князі жайғасып қапты, маған осы түс жетеді, – деп, қарсы алдына жайғасыпты.	Шаршысөз дискурсындағы қалжың
67.	1947 жылы Қаныш Сәтбаев Уинстон Черчиллмен кездесіпті. Академиктің бойының ұзындығына таңғалған Ұлыбританияның экс-премьері: – Басқа қазақтар да дәл сіздей ірі ме?, – деп сұрапты. Сонда академик: – Қазақтардың ішіндегі ең аласасы мен шығармын, менің халқым менен де ірі, - деп жауап беріпті.	Шаршысөз дискурсындағы қалжың

ҚОСЫМША Ә

Көркем әдебиет

- 1 Есенберлин І. «Хан Кене». – Астана: Фолиант. – 2009.
- 2 Бөкей О. Кербұғы: Әңгімелер мен повесть. – Алматы: Атамұра, 2003. – 204 б.
- 3 Мақатаев М. «Өмір-өзен». – Алматы, 2016.
- 4 Қабдолов З. Әуезов. – Алматы: Санат, 1997. – 225 б.
- 5 Шаханов М., Айтматов Ш. Ғасыр айырығындағы сырласу (Құз басындағы аңшының зары). – Алматы: 2008. – 512 б.
- 6 Абай. Қара сөздері мен поэмалары. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.
- 7 Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Бішкек, 2001, – 610 б.
- 8 Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Атамұра, 2003.– 256 бет, суретті.
- 9 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
- 10 Назарбаев Н. Туған елім – тірегім. Құраст. М.Қасымбеков, Қ.Әлімқұлов. – Алматы: Рауан, 2001. – 128 б.
- 11 Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік толғауы. Елбасының 2014 жылғы Қазақстан халқына жолдауы.

Электронды ресурстар

- 1 <http://anatili.kazgazeta.kz/news/48855>
- 2 https://www.inform.kz/kz/abyz-abish-abish-kekilbaevtyn-senatta-soylegen-songy-sozi-10-12-2015-zh-audio_a2849106/
- 3 <https://egemen.kz/article/158544-dala-danagoylei-mayqydan-monhkegedeyin> © egemen.kz
- 4 <https://anatili.kazgazeta.kz/search?search>
- 5 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020>
- 6 Әбіш Кекілбаевтың ел есінде қалған 10 нақыл сөзі | NUR.KZ
- 7 Кемеңгер Кекілбаев кеңістігі (egemen.kz)
- 8 «Дала мен қала» газеті 14 қыркүйек 2009 ж. Қансейіт Әбдезұлы (dereksiz.org)
- 9 «Қазақ әдебиеті», 2006, 27. 01.
- 10 Ұлы Даланың жеті қыры / М. Асан // Егемен Қазақстан: Жалпыұлттық республикалық газет.- 2019.- №33(29512)
- 11 Abai. kz Қуандық Шамахайұлы. «Әзілің жарасса...» <https://abai.kz/post/12331>.